

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ
АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

А.З. Жуманова

**КЕҢЕС ҮКІМЕТІ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛ САЯСАТЫ
(1917-1991 ЖЖ.)**

Монография

Қарағанды
2019

ӘОЖ 81'272(574) «1917/1991»

КБЖ 81.2

Ж88

Баспаға академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесімен ұсынылған

Сын пікір бергендер

А.Б. Қалыш, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті археология, этнология, музеология кафедрасының профессоры тарих ғылымдарының докторы;

Т.А. Алимбаев, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Қазақстан тарихы және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының профессоры тарих ғылымдарының докторы

Жуманова А.З.

Ж88 Кеңес үкіметі жылдарындағы Қазақстандағы тіл саясаты (1917–1991 жж.): монография / А.З. Жуманова. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2019. — 250 б.

ISBN 978-9965-32-652-3

Монографияда 1917–1991 жылдар аралығындағы кеңестік үкіметтің Қазақстанда жүргізген тіл саясатының кезеңдері, олардың мазмұны мен ерекшеліктері зерттеледі. Ұлттық тіл мәселесі және оның сыртқы түрлі экспансиялар жағдайындағы өмір сүру мүмкіндігі көтерілген. Кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы тілдік реформа тәрізді күрделі үрдістің саяси, әлеуметтік және мәдени аспектілер тұрғысынан қарастырылған.

Басылым студенттер, магистранттар және оқытушыларға, Қазақстан тарихына қызығушылық танытатын оқырмандарға арналған.

ӘОЖ 81'272(574) «1917/1991»

КБЖ 81.2

ISBN 978-9965-32-652-3

© Жуманова А.З., 2019

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	4
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	7
КІРІСПЕ	8
1 XX ғ. 20-30 жж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕҢЕСТІК ТІЛ САЯСАТЫ	34
1.1 Тіл мәселесін шешудегі тиімді жолдарды таңдау тәжірибесі	34
1.2 Кеңес үкіметінің тілдік дамуды орталықтандырудағы іс-қызметі: латын графикасы	60
1.3 XX ғ. 30-ж. ортасындағы орыстандыру саясатының жолдары.....	79
2 1940-1980 жж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛ САЯСАТЫНЫҢ СИПАТЫ	111
2.1 Ұлттық тіл мен орыс тілінің даму арақатынасы.....	111
2.2 Білім беру жүйесіндегі тілдік реформа және оның жүзеге асуы.....	147
3 1980 ж. –1991 ж. ТІЛ САЯСАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	166
3.1 XX ғ. 80-жж. Қазақстандағы тілдік ахуал	166
3.2 Тіл мәселесін шешудегі үкіметтік ұстанымдар	189
ҚОРЫТЫНДЫ	225
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	233

АЛҒЫ СӨЗ

Оқырманның назарына ұсынылып отырған монографияда PhD диссертациясын қорғаумен аяқталған ғылыми ізденістердің нәтижелері мен қорытындылары берілген. Автор отандық тарихнамадағы өзекті мәселелердің бірі - Кеңес үкіметі жылдарындағы Қазақстандағы тіл саясатын (1917-1991 жж.) зерттейді.

Посткеңестік елдердің арасында кеңестік тіл саясатының зардабын сақтаған қазақ халқы және оның ана тілі, қазақ тілі болып табылады. Мұны қазақстандық қоғам мен ғылыми ортадағы қазақ тілінің мәртебесінің өз деңгейіне көтерілмеуінен айқын аңғаруға болады. Мемлекет құраушы ұлттың тілінің рухын көтермейінше, сол ұлттың өзі де, оның мемлекеттілігі де өркендеу жолында түрлі кедергілерден ада болмайтыны хақ.

Қазірге дейін тіл мәселесіне қатынастың біржақтылығы толық жойылған жоқ деп айтуға негіз бар. Бұған қазақ тілінің ресми биліктің тіліне айналмауы, қазақ тілін оқып-үйренуге деген қажеттіліктің жоқтығы, т.б. қордаланған түйткілді жәйттер жетерлік.

Сондықтан Қазақстандағы тіл мәселесі туралы тарихи аспектіде зерттеу жұмыстарын жүргізу өте өзекті және уақыт талабы. Ізденушінің қазақ тілінің өмір сүруінің өзі зәру ділгірлікке айналған кеңестік кезеңдегі жағдайын арнайы зерттеу нысанасына айналдыруы осындай толғақты мәселені ғылыми тұрғыдан көтеруге ұмытылысы екені даусыз.

Қазақ тілінің өмір сүру құқығының аякасты болуы 1731 жылдан бастау алатын монархиялық отарлық билік тұсында басталды. Тіл мәселесін XX ғасыр басында қазақ зиялылары көтергені мәлім. Бірінші орыс төңкерісі жылдарында Ресей империясындағы аз ғана демократиялық көңіл-күйді қазақ зиялылары тиімді пайдалануға тырысып,

тіл, дін мәселелерін көтеріп, билікке түрлі ресми хат-шағымдар, петициялар жазғаны мәлім. Кейін кеңестік биліктің орнауы, 1917 жылы 15 қарашада атақты «Ресей халықтары құқықтарының декларациясын» қабылдауы кеңестік ұлт саясатын әсірелеуге жол ашып берді. Большевиктік ұлттық саясаттың негізгі қағидасы жарияланды: барлық ұлттардың тең құқылығы, оның ішінде ұлттың тегіне қарамастан өз ана тілін қолдану еркіндігі. Бұл көп ұзамай кеңестік қос тілділік, үстем орыс тілі, тілді реформалау мен кирилл әліпбиімен тұрақтану сияқты мәселелердің пайда болуына әкелді. Әсіресе үстем орыс тілінің құдіреті кеңестік билік өмір сүрген барлық дәуірде сән-салтанат құрды. Орыс тілінің ұлылығы дәріптеліп, тіптен «Тіл туралы жаңа ілімдермен» жалғасып жатты. Жұмыста осы сұрақтар жан-жақты зерттеуге алынған. Кеңестік биліктің өне бойында, яғни 1917-1991 жж. қазақ зиялыларының ана тілі үшін күресі жұмыста кеңінен қарастырылады. Зерттеуді оқи келе, тоталитарлық жүйенің орыс тілді бір ғана кеңестік ұлт жасау саясатының бүтін болмысы қазақ халқының тіл тарихынан толықтай көрініс табатынына көзіміз жетеді және күйзелісті ойларды туғызады. Жұмыстың ғылыми нәтижелері тіл мәселесінен ешбір ұлттың сырт қала алмайтынын, оның сол ұлттың өмір сүруінің басты кепілі екендігін ұқтырады. Сондықтан тіл үшін күрестің ешбір саясатқа бағынбайтын табиғилығын алдымызға жайып салады. Отандық тарих ғылымында осындай тақырыптың айқындалып, жеке дара зерттеуге алынуы сонысымен өзекті және құптарлық іс болып саналады.

А.З. Жұманованың «Кенес үкіметі жылдарындағы Қазақстандағы тіл саясаты (1917-1991 жж.)» тақырыбындағы монографиялық жұмысында ұлттық тіл мәселесі және оның сыртқы түрлі экспансиялар жағдайындағы өмір сүру мүмкіндігі көтерілген. Бұл

жұмыстың аталмыш сұрақтар бойынша теориялық тұрғыдан қажеттілігін көрсетеді. Оның үстіне аса күрделі мәселенің нақты тақырыпқа ие болып, кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы тілдік реформа тәрізді күрделі үрдістің саяси, әлеуметтік және мәдени аспектілер тұрғысынан қарастырылуы теориялық методологиялық пайымдамаларға да әсер ете алады.

Жұмыстың тәжірибелік маңызы аса елеулі. Тіл мәселесі бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мемлекетінде өзінің өзектілігін сақтап қалып отыр. Ұзақ уақытты қамтыған қазақ тіліне деген отарлық саясат өз зардаптарын тигізіп бағуда. Бұл орайда аталмыш жұмыстың қолданыстық маңызы айқындала түседі.

Мемлекеттік тіл – еліміздің, ұлтымыздың, халқымыздың ең басты діңгегі, тәуелсіздігіміздің нышаны, егемендігіміздің белгісі.

Автор монографияның негізіне алынған PhD диссертацияның ғылыми кеңесшілері профессор Жұмашев Рымбек Мұратұлына, профессор Бейсенбекова Нұрсахан Ахметовнаға және Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың Қазақстан тарихы және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының ұжымына ақыл-кеңестері және қолдау танытқандары үшін үлкен алғысын білдіреді.

Сонымен, автор материалдарды жинақтау, PhD диссертацияны жазу және қорғау барысында моральдық, материалдық көмек көрсеткендері үшін отбасы – жолдасы Ахметов Рустем Әбдіжаппарұлына, ұлдары – Мұхамедәлі, Рамазан және қызы Кәусарға ерекше алғыс білдіреді.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АКСР	– Автономды кеңестік социалистік республика
б	– бет
БК(б)П	– Бүкілодақтық коммунистердің большевиктік партиясы
ЕСЕП	– Елін сүйген ерлер партиясы
ЖӘҚ	– Жаңа әліппешілер қоғамы
жж.	– жылдар
К(б)П	– Коммунистердің большевиктік партиясы
КОКП	– Кеңес Одағы коммунистік партиясы
КП	– Коммунистік партия
КСР	– Кеңестік социалистік республика
КСРО	– Кеңестік социалистік республикалар одағы
КСРО ҒА	– Кеңестік социалистік республикалар одағының Ғылым Академиясы
ҚазМУ	– Қазақ мемлекеттік университеті
ҚазОАК	– Қазақ Орталық Атқару Комитеті
ҚКСР	– Қазақ кеңестік социалистік республикасы
МТС	– Машина - трактор станциясы
ОАК	– Орталық атқару комитеті
ОК	– Орталық комитет
ОХК	– Оқу - ағарту халық комиссариаты
РК(б)П	– Ресей коммунистердің большевиктік партиясы
РКФСР	– Ресей кеңестік федерациялық социалистік республикалары
т.б.	– тағы да басқа
Халком	– Халық комиссары
Халшарком	– Халық шаруашылық комитеті

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысы 1917 - 1991 жылдар аралығындағы кеңестік үкіметтің Қазақстанда жүргізген тіл саясатының кезеңдері, олардың мазмұны мен ерекшеліктері зерттелінеді.

Зерттеудің өзектілігі. Кез келген қоғамның дамуындағы күрделі құбылыстардың бірі – тіл мәселесі болып табылады. Қай уақытта болмасын тіл құрлысының қоғамдық және мемлекеттік маңызы жоғары болған. Соған сәйкес, тіл - халықтың тұтастығының негізі. Тілдің адам өмірінің философиясы мен ойлау жүйесін қалыптастыратындығы белгілі.

Кеңес дәуірі кезіндегі коммунистік партияның ұлттардың қосылуы, тілдердің бірігуі сияқты міндеттері аз уақыт аралығында одақтағы жалғыз халық – кеңес халқын жасауға, соның негізінде ұлттық ерекшеліктерді жоюға бағытталды. Қазақ халқының тарихында кеңестік дәуір уақытындағы тіл саясатының әсері қазақ халқының, сонымен қатар республикада тұратын және көшірілген басқа да ұлттардың табиғи даму заңдылықтарының бұзылуына алып келді. Әрине, бұл жерде басқа ұлттармен салыстырғанда, қазақ халқының тілі, ұлттық тарихы мен мәдениетінен айырылу қаупі басым болды.

Кеңестік жылдардағы саясат бойынша коммунизмге жету үшін барлық халықтың бір тілді болуы басты шартқа айналып, соның нәтижесінде орыс тіліне ерекше мүмкіндік беріліп, оны игерудің маңыздылығы жоғары тұрды. Нәтижесінде, сол дәуірдегі қазақ қоғамында халықтың дүниетанымы өзгерістерге ұшырап, қазақтардың өз тіліне, салт-дәстүрі мен әдет-құрпына немқұрайлы қарау құбылысы байқалды. Кеңестік дәуірдегі Қазақстанда жүргізілген тіл саясатының теріс салдары әлі де жойылған жоқ. Сондықтан, тіл саясаты тарихын зерттеу, оның мән-

мағынасын түсіну бүгінгі күні қоғамда туындап отырған мәселелердің шешімін табуда бағытбағдар беретіндігі анық.

Ұлттың дамуындағы аталған ауытқушылықтар бүгінгі таңда мемлекеттің алдында ұлт және тіл саясаты бойынша ауқымды міндеттердің жүзеге асырылуын талап етеді. 2014 жылдың 17 қаңтарында Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауы барысында «Қазақ тілі мәселесіне келетін болсақ, бүгінде біздің тіліміз ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын артып келеді. Еліміз бойынша мемлекеттік тілді оқытатын 57 орталық жұмыс істейді. Одан мыңдаған азаматтар қазақ тілін үйреніп шықты және әлі де үйренеді. Былтырға қарағанда биыл қазақ тілін білемін деген өзге ұлт өкілдерінің саны 10 пайызы өсті. Бұл да біраз жайттан бізге хабар береді», - деп тоқталды. Президенттің сөзіне қарағанда, тек соңғы үш жылда мемлекеттік тілді дамытуға республика бойынша 10 миллиард теңге жұмсалған. «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік Тіл болды. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн. Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін, барлық жерде керек болуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек және осыған өзіміз атсалысуымыз қажет» [1], - деді Елбасы Н.Ә. Назарбаев.

Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ бөліміне жатады және шамамен 8-8,3 миллион адамның ана тілі болып табылады. Қазақстанда 2009 жылы жүргізілген санақ бойынша 9 982 276–дай қазақ ана тілі ретінде қазақ тілін белгілеген. Сонымен қатар, республикада тұратын 1,8 миллионға жуық басқа халықтар да қазақ тілін белгілі бір деңгейде меңгерген. Қазақстанда 2025 жылға қарай жазуды латыншаға көшіру жоспарлануда [2].

Мемлекеттік тіл – еліміздің, ұлтымыздың, халқымыздың ең басты діңгегі, тәуелсіздігіміздің нышаны, егемендігіміздің белгісі. Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай, «Қазақстанда мемлекеттік тілдің болашағы зор».

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында: «Егер біз қазақ тілі ғұмырлы болсын десек, оны жөнсіз терминологиямен қиындатпай, қазіргі заманға лайықтауымыз қажет. Аудармаларды негіздеу тәсілдерін қайта қарастырып, терминология тұрғысынан қазақ тілін халықаралық деңгейге жақындату керек»[3], - деді. Сондықтан қазақ тіліне жанашырлықпен қарап, жаңа бағыттағы терминологиялық түсіндірмелі сөздіктер жасау қажет.

Яғни, мемлекеттік тіл саясатының ең бастысы – қазақ тілін ғылым мен техника тіліне, интернет тіліне айналдыру. Интернет тілін, әр саладағы терминологияны бірізділікке келтіру күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап даму кезінде, жаһандану заманында қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру көштен қалмай ілесіп, сұранысқа ие болу үшін қажет.

1998 жылдың 22 қыркүйегі Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Тілдер күні болып жарияланды. Соңғы жылдары Қазақстанда республикада тұратын халықтардың ана тілін дамыту назарға алынып, әсіресе мемлекеттік тіл – қазақ тіліне ерекше көңіл бөліне бастады. Бұл шынында өте маңызды мәселе. Кеңестік дәуірде Қазақстан толықтай орыстандыруға ұшырап, соның негізінде тәуелсіздік алғаннан кейінгі жиырма жылдан астам уақыт ішінде кеңестік тіл саясатының салдарын жою қиынға түсуде. Тәуелсіздік алғанға дейінгі кезеңде қазақтардың 25 пайызы

(кейбір мәліметтерде 40 пайыз) өзінің ана тілін білмейтіндігі айтылған болатын. Қазірдің өзінде қазақтарды өзара қазақ тілінде сөйлесуге шақырған өтініштер аз емес. Мысалы, Алматы қаласының бір демалыс орынында «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген жазуы бар тақтайшаны кездестіруге болады [2, 2 б.]. 1999 жылы 17 қарашадағы ЮНЕСКО Бас конференциясында қабылданған шешімге байланысты, 2000 жылдың 21 ақпанынан бастап дүниежүзі Халықаралық ана тілі күнін атап өтеді (International Mother Language Day).

Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарындағы қоғамның барлық салаларындағы өзгерістері тәуелсіз мемлекеттің жаңа бағытын қалыптастырып, дамыту қажеттілігін көрсетіп отыр. Осындай маңызды мақсатты жүзеге асыру қазақ ұлты мен қазақ тілінің қоғамдағы орнын нақтылаумен тығыз байланысты. Бүгінде Қазақстандағы тілдер арасындағы коммуникативтік қызметтің орындалу көлемі мына ретте бейнеленеді: қазақ тілі – 20–25 %; орыс тілі – 75–80 %; басқа тілдер – 5% - дан көп емес [4]. Осы келтірілген көрсеткіштерде кеңестік тіл саясатының ізі жатқандығы белгілі. Қазіргі уақытта қазақ тілінің мәртебесін көтеруде қазақтардың ауызбіршілігінің болуы маңызды. Себебі, кеңестік дәуірде насихатталған бір ұлт, ортақ тіл саясатының салдары қазақ ұлтының арасында әлі де жойылмай отыр. Оны Х.М. Әбжановтың сөзімен айтсақ: «Ең ауыры – барша қазаққа тән дүниетанымдық, менталитеттік, рухани, этникалық сәйкестік бұзылып, «біз» және «олар» ұғым-түсінігінің аражігін ажырата алмайтын халге жеттік. Біріміз – орысшыл, екіншіміз – батысшыл, үшіншіміз – исламға жат діншіл, төртіншіміз – қытайдың (моңғолдың, өзбектің, түркіменнің...) ықпалы бойынан тарқамаған оралман, бесіншіміз – рулық-тайпалық психологияда қалған трайбалист, алтыншымыз –

жекешелендірудің арқасында жеті атасынан бері бітпеген байлықтың буына піскен «жана қазақ», жетіншіміз ғана – нағыз қазақпыз» [5]. Қазақ халқының аталған жіктерге бөлінуін біртұтас ұлттық идеологияның болмауымен, ана тілінің әлі де мемлекеттік деңгейде өз орын ала алмай отыруымен байланыстыруға болады. Ол туралы Г. Бельгер де мынадай пікір білдірген болатын: «Одно время я отчаянно искал национальную идею. В чем ее суть? Чтобы объединить народ, сберечь. Я думал и пришел к выводу, что наша национальная идея – это казахский язык. Сейчас, честно говоря, в этом весьма сомневаюсь, язык национальной идеей стать не смог. Мы живем без национальной идеи, смотрим то на американцев, то на россиян, то на китайцев – не знаем, к кому приладиться» [6].

XXI ғасырдағы Қазақстанның тіл мәселесі өзінің өзектілігімен ерекшеленеді. Қазіргі уақыттағы қазақ тіліне байланысты туындап жатқан мәселелердің себеп-салдары тікелей кеңестік дәуірмен ұштасатындығы сөзсіз. XX ғасырдағы кеңестік жүйенің ұстанған ұлт саясаты одақ құрамындағы ұлттардың даму заңдылықтарына әсер етіп, олардың ұлттық тілі, тарихы мен мәдениетінде көптеген өзгерістер туғызды. Сондықтан, қазіргі қоғамдағы тіл мәселесін түсіну үшін, кеңестік басқару жүйесі жағдайындағы тіл саясатының тарихын терең меңгеру маңызды болып табылады.

Тарихнама. Қазақстандағы кеңестік тіл саясаты тарихының зерт телуін үш топқа бөліп қарастыруға болады: 1. Кеңестік тарихнама. 2. Отандық тарихнама. 3. Шет елдік тарихнама.

Осы үш топтың ішінде *кеңестік тарихнама* өзінің көлемділігімен және күрделілігімен ерекшеленеді. Оның себебі де түсінікті, кеңестік дәуірдегі тіл және ұлттық саясат мәселесі XX ғасырдың 20-жылдарынан кеңестік биліктің

басты назарында болып келді. Бұл мәселе бойынша көптеген пікірлер айтылып, зерттеулер шығарылды. Әсіресе, тіл мәселесі қамтылған ұлттық мәдениеттің формалары мен мазмұны мәселелерінің мағынасының отандық тарихнамасы көптеген онжылдықтар бойында қалыптасты.

Ұлттық – мәдени даму мәселелері партия ішкілік ортада да даулы мәселелердің пәніне айналады. 1917 ж. кейін ұлттық өмірге қарай ұмтылған Ресейдің көптеген халықтары үшін ағарту мен мәдениет ұлттық дамудың басым міндеттері болып табылды. Мұны И.В. Сталин айқын түсінді: «сол себепті ол 1925 ж. ұлттық мәдениет ұғымын ақтады». Ол мұнда сонымен қатар ұлттық мәдениетте ұлттық шеткі аймақтарды кеңестендірудің құралын көрді. 1925 ж. 29 мамырда Қазақстанның басты партиялық комитетінің органы - «Ақ жол» газеті туралы өзінің хатында жазды: «Мен партиялық емес интеллигенттер қырғыз (қазақ-авт.) жастарын саяси және идеологиялық тәрбиелеумен айналысуына қарсымын. Біз билікті жастарды саяси және идеологиялық тәрбиелеуді буржуазиялық партиялық емес интеллигенттерге беру үшін қолға алған жоқпыз. Бұл майдан толығымен коммунистерде қалу керек» [7].

Ұлттық мәдениетті И.В. Сталиннің көзқарасымен көруін Т.Ю. Красовицкая өз түсініктемесінде Сталиннің 2 категорияны - форма мен мазмұнын қолдануымен негіздейді. Оның жазуынша, ол социализм жағдайында ұлттық мәдениеттің мазмұны өзгереді: буржуазиялық және буржуазияға дейінгі - социалистікпен шегеріледі және алмастырылады, ал ұлттық мәдениеттің тек формасы ғана қалады деп ойлаған [8]. Одан әрі қарай ұлттық мәдениет ұранының трансформациясы ашылады: «ұлттық мәдениет ұраны, бұрын ұлтшылдықпен байланыстырылып келген, енді қолданбалы болып табылады, себебі кеңес билігі туы

астында ұлттық мәдениет пролетарлық мазмұнмен толықтырылады (социалистік, интернационалдық, жалпы адамзаттық – Сталин үшін мұның барлығы бір болды). Басқаша айтқанда, Сталин үшін жаңа жағдайларда ұлттық мәдениеттің дамуы мазмұны бойына бірігу болып көрінді. Сталин барынша терең іс жүзінде саяси міндетті шешті – оған «пролетарлық мәдениетті» жақтаушылардың көбеюі қажет болды, олар Сталинмен жасалғанды партияның атынан ұлттық орта мазмұнына жеткізетін еді» [8, 355 б.]. Т.Ю. Красовицкаяның еңбегі қазіргі тарихнамада 1925 ж. жалпы партиялыққа айналған сталиндік формуланы іс жүзінде алғашқылардың бірі болып талдауға ұмтылғандардың бірі екендігін атап өту керек. Бұл талдау сонымен қатар жалпы теориялық пікірталасты да, сол уақыттағы фракциялық қарама-қайшылық жағдайын да көрсету негізінде жасалған.

Ұлттық мәдениеттің басты тасымалдаушысы тіл болып табылды, алайда мәдениеттің ұлттық формасын тек тілге ғана қатыстыру мүмкін еместігі айқын болды. Ұлттық тіл әдетте көркем әдебиеттің ұлттық формасының бастапқы негізі болып есептелді. Алайда тек бір ғана тіл әдебиеттің ұлттық спецификасын айқындау үшін жеткіліксіз екендігіне 1938 ж. А.А. Фадеев назар аударды [9]. Ұлы Отан соғысынан кейін әдебиеттанушы Д.Д. Благой әдебиеттің ұлттық спецификасы тек қана тілден ғана құралмайтындығына, оның ұлттық тақырыпта көрінетіндігін, ұлттық өмір, ұлттық болмыста көрінетіндігін атап өтті. Әдебиеттің ұлттық спецификасын ол «берілген ұлттың психикалық мінез-кұлқының өзіндік болмысымен, бұл оның мәдениетінің өзіндік келбетінде көрінеді, демек оның көркем әдебиетінің өзіндік келбетінде де көрініс табатындығымен» байланыстырды [10].

Ұлттық мәдениеттің мазмұнын ашу бойынша жалпыодақтық тарихнамада іргелі теориялық немесе

нақтылы тарихи еңбектер 1920, 1930, 1940, 1950-ші жж. жазылмады. Ұлттық мәдениетті дамыту, іс жүзіндегі мәдени теңсіздікті жоюдың партия мен мемлекеттің бағыты әдетте Қазақстандағы партия басшыларының сөздерінде, насихаттаушылық жетістікке теңгерілген 1929 ж. И.В. Сталиннің айтқан «ұлттық мәдениеттердің өркендеуі» формуласына сайып келді. Алайда ұлттық республикаларда мәдениеттің дамуының өзі, пісіп-жетілген ғылыми-теориялық ой елегінен өткізу оны өзекті мәселеге айналдырды, бұл ұлттық мәдениеттің формуласы мен мазмұны туралы формуланың тұрақтанған түсіндірмелерін туғызды. «Мәдениет» ұғымының өзі әдетте рухани құндылықтардың жиынтығы ретінде ғана түсіндірілді, бұл әрине ұлттық мәдениеттің формуласы мен мазмұны мәселелерін өңдеу мүмкіндіктерін шектеді.

1961 жылы қабылданған партияның жаңа бағдарламасының адамдардың санасына әсер еткен уақыты болды. Біз ұлттардың бірігуі қарсаңында тұрмыз, ұлттық тіл жойылады және ұлттық мәдениеттер бірігеді деген көзқарастар пайда болды және насихатталды. Ұлттық мәдениет мазмұнымен формасы бойынша бірегей деп бекітілді. Мәдениеттің «ұлттық формасы» ұғымы формасынан бас тартып, оны «интернационалдық форма» түсінігімен алмастыру қажет болды.

Ұлттық мәдениеттің мәселелері туралы пікірталас және «социализмнен коммунизмге өту жағдайында» ұлттық қатынастарды дамытуды талқылауға арналған конференция барысында да көтерілді. 9-12 қазанда «Социализмнің дамуы мен коммунизмге өтудің заңдылықтары» кешенді мәселесі бойынша Фрунзеде КСРО ҒА жанындағы Ғылыми Кеңеспен шақырылған жиналыс өтті. Онда ұлттардың мәдени жақындасуы «социализм мен коммунизм құрылысының объективті заңдылығы» ретінде жарияланды. М.Д. Каммаридің баяндамасында «КОКП XXII съезіне

дейін КСРО халықтары мәдениетінің интернационалдық негіздері жеткіліксіз зерттелгендігі және ұлттық белгілері салыстырмалы жағдайлармен қарастырылмағаны көрсетілді. Бұл қисынды түрде ұлттық форманың гипертрофиясына әкелді және КСРО халықтары мәдениетін жалпы адамзаттық үдерістерден, ұлтаралық қатынастар мен ықпалынан бөлек», - делінді [11]. М.С. Джунусов өзінің баяндамасында, ұлттардың астасуы күрделі және ұзақ үдеріс екендігін және «ұлттардың бірігуі жекелеген халықтармен жинақталған барлық нәрсенің толықтай терістеу ретінде қарастыруға болмайтындығын» көрсетті [11, 212 б.].

Ұлттық мәдениеттердің мазмұнымен формасы мәселесін нақтылы тарихи шешу туралы Н. Джусойттың айтқан ойы қызығушылық тудырады. Ол мәдениеттің тарихын «оның қиғаш бөлігінде басқа ұлттық мәдениеттермен салыстырумен қатар» қарастыруға мүмкіндік беретін салыстырмалы-тарихи талдауды қолдануды ұсынды [12]. Дегенмен, мұндай көзқарас ұзақ жылдар бойы іске асырылмады, бұл туралы 1984 жылы В.Т. Ермаковтың мақаласында айтылды [13].

КСРО халықтарының ұлттық мәдениетінің тарихы бойынша зерттеулерде салыстырмалы талдау әдісі Ю.В. Арутюнян мен Л.М. Дробижеваның «Многообразии культурной жизни народов СССР» деген кітабында табысты қолданылды [14]. Сол жылдардағы оқырмандардың әдеби-көркем талғамдарындағы ана тіліндегі және орыс тіліндегі көркем әдебиеттердің арақатынасы, өмірлік ұстанымдар жүйесіндегі білімнің орны мен мағынасы, кеңестік халықтардың өмірлік салтына урбанизацияның ықпалы бұл еңбекте көрініс тапты. Этно-элеуметтік сауалнамалардың берілгендігіне, халық санағының материалдарын терең талдауға негізделген бұндай зерттеулер қазақстандық тарихнамада жүргізілген жоқ.

1970–1980-ші жж. тарихнамада көбінесе декларативті, КСРО халықтарының ұлттық мәдениетінің мазмұны мен формасы мәселелерінің «болымсыздығы» туралы мәселелер қарастырылды. Ұлттық мәдениеттердің мазмұнында ұлттық құрамдас туралы мәселенің қойылуының өзі мәдениеттегі идеялық құрушыны төмендетуге жетектейтін, таптықтың ұлттыққа айналуы ретінде қарастырылды [15].

1960-шы жылдардың ортасындағы пікір таластың жауабы болмағанына қарамастан мәселеге деген қызығушылықты арттырды. Әдебиетте «мәдениет - мазмұны бойынша - социалистік, формасы бойынша ұлттық» формуласының бұрынғы түсініктемесін толықтай қабылдаудан бас тарту бағыты барынша анық байқалды. Оның тек мәселенің бір аспектісін ғана білдіретіні анық болды: ұлттық-таптық, таптық және ұлттық қатынастардың үйлесімділігіне ұмтылу. Бұл формуланы пайдалану тек ұлттық мәдени құрылыстың шынайы үдерісін көрсететін басқа теориялық ережелермен сәйкестендіріліп пайдалану мүмкін еді. Академик Н.И. Конрад пен әдебиеттанушы Л.И. Тимофеев бұл формуладағы ішкі әлсіздік пен нақты анықтаманың жоқтығын көрсетіп берді [16, 17].

«Социалистік мазмұн - ұлттық форма» формуласының қарама-қайшылығын жою үшін М.П. Ким КСРО халықтарының көпұлтты мәдениетіне жалпы сипаттама беру үшін «интернационалдық мазмұн - ұлттық форма» формуласын қолдануды ұсынды [18]. Алғашқыда «интернационалдық» ұғымына «ұлттық» ұғымы нақты жауап берді. Алайда уақыт өте келе «интернационалдық» ұғымы екі мағынаға ие болды:

- 1) жалпы, халықаралық, ұлтаралық
- 2) интернационалистік.

1980-ші жж. ортасында социализм жағдайында ұлттық мәдениеттің формасы мен мазмұны мәселесінің бұрынғы түсіндірмесі көптеген қарама-қайшылықтарға толы болды.

Оларға ең алдымен форманың мазмұннан алшақтауы және мазмұнның формадан алшақтауын жатқызу керек, бұл туралы В.Т. Ермаков: «егер мәдениеттің мазмұнында ешқандай ұлттық белгі болмаса, онда ол формада қайдан болады?» - деп, жазды[19].

1980-ші жж. этностардың рухани, материалдық өміріндегі этномәдени белгілердің тұрақтылығын көрсететін зерттеулер жарық көрді[20 21]. «Социально-культурный облик советских наций» кітабында жарық көрген этноәлеуметтік зерттеулердің нәтижелері[22] кеңестік халықтардың мәденибілім беру ландшафтындағы түбегейлі алға жылжулар туралы, бұл үдерістегі мәдениеттің белсенді рөлі мен этникалық сана-сезімнің өсуін көрсетіп берді. Ұлттық мәдениет мәселелерін зерттеу ғылыми ізденісті саяси тәртіптілігін күшейтуді талап етті, бұл КСРО халықтарының ұлттық мәдениеттерінің тарихи динамикасы туралы біздің түсінігімізді біршама кеңейтуге мүмкіндік беретін еді. Сонымен қатар, ғылыми басылымдардың беттерінде ұлттық – дәстүрлі және интернационалдық - заманауи (дәстүрлі мәдениет пен жаңғыртудың өзара әрекеттестігі) мәдениетті сақтау арақатынасы мәселелерін ғылыми зерделеудің шетелдік тәжірибесі мүлдем көрініс таппады [23].

Кеңестік ғылымда тіл саясаты кеңестік идеология тұрғысынан зерттелді. М. Исаевтың «Языковое строительство в СССР»[24], М. Губоглоның «Современные этноязыковые процессы в СССР»[25], К. Ханазаровтың «Решение национально-языковой проблемы в СССР»[26], Ю. Дешериевтің «Закономерности развития и взаимодействия языков в советском обществе» [27] еңбектері осындай мақсатта дүниеге келген еді.

Қайта құру жылдары публицистер, ұлттық қозғалыстың идеологтары кеңестік кезеңдегі ұлттық тіл саясаты сұрақтары туралы сөз қозғады. Осы жағдайда

ондаған жылдар бойы «тілдердің өркендеуі», «лениндік ұлттық саясаттың салтанаты», «жазудың латынға, кейін орыс әліпбиіне дер уақытында ауысуы» туралы жазған тарихшы ғалымдар және социолінгвистер бірқатар тығырыққа тірелді. Маман ғалымдар 74 жылдың ішінде түрлі кезеңде бірегей болмаған биліктің тілдік саясатын дәлелді түрде баяндаған бірлі-екілі басылымдар жарық көрді[28]. Публицистер мен ұлттық қозғалыстың идеологтары бұл саясатты ешбір жіктеусіз, негізінен орыс тілін нығайту деңгейі бойынша революцияға дейінгі биліктен асып түскен билеушілердің зұлым еркімен туындаған ұлттық тілдік қанау саясаты ретінде қарастырды. Бұндай көзқарастардың пайда болу себептері көп, оларды дәлелдейтін фактілер де аз емес. Бірақ дегенмен эмоциялар мен конъюнктурадан бас тартып, ұлттық тіл саясатының тарихи даму мәселесін, оны жүргізудегі объективті және субъективті жақтарының арақатынасын талдау негізінде қарастыру қажет болды. Қазіргі уақытта, Қазақстанға көршілес Өзбекстанда, сонымен қатар Әзірбайжанда жазудың латын әліпбиіне көшуі орын алғанда, Қазақстанда да латын әліпбиіне көшу туралы сұрақ, араб әліпбиі негізіндегі жазудың латынға, кейін орыс әліпбиіне көшу тарихы мәселелері талқылануда, бұл ғылыми орталар мен барлық қауымдастықтың күмәнсіз қызығушылығын тудырды.

КСРО халықтарының мәдениетінің мазмұнын тек бірегей идеялық-таптық негізге жатқызу мәліметінің бұрыстығы және мәдениеттің ұлттық формасын тек көркем, тілдік және тұрмыстық мәдениет саласында бекіту мойындалды. Ұлттық мәдениет мәселесінің тарихнамасының маңызды қорытындысы болып ұлттық мәдениетке деген нигилистік көзқарастан ғылыми-теориялық ойлардың бас тартуы, алдыңғы кезеңмен салыстырғанда барынша ауқымды және терең, берілген

халықпен жасалған рухани құндылықтардың жиынтығы ретінде ұлттық мәдениетті анықтау деп білу керек. Қайта құру жылдарында ұлттық қатынастардың шешімін таппауы мен шиеленісуімен байланысты билік «ұлттық мәдениеттің гүлденуі» туралы насихаттау ұранынан бас тартып, ұлттық мәселелердің бар екендігін және ұлттық мәдени дамудағы қиындықтарды мойындады.

Отандық тарихнамада Қазақстандағы тілдік қатынастардың даму тарихы толық қарастырылмаған. Қайта құру жылдарында бұл мәселелерге қазақстандық тарихнама баяу қарады. Соғысқа дейінгі кезеңде мәдени-тарихи дәстүрлердің сабақтастығында жағымсыз әсер еткен қазақтардың жазуын екі рет ауыстыру тек сирек жағдайда ғылыми талдаудың объектісіне айналды. Ғылыми мерзімдік баспасөз және публицистика барынша белсенді түрде соғыстан кейінгі кезеңді, тың игеру аудандарында қазақ тілді оқытуы бар 700-ден астам мектептер жабылған тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңін талдады. Салдарынан бұл сан өсті[29], бірақ одан әрі қарай бұл тақырып басылып шықпады. 1950–1960-шы жылдары қазақ мектептерінің санының азаюы мәселесі басқа қызығушылыққа толы тақырыппен жанама қарастырылды, бұл елді Н.С. Хрущев басқарған кезеңді бағалаумен байланысты болды. Қазақстандықтар үшін бұл кезең тек тың жерлерді игеру кезеңі болып қана қоймады. Елді Н.С. Хрущев басқарған жылдары Қазақстанның оңтүстігіндегі бірқатар жерлер көршілес Өзбекстанның құрамына берілді, көршілес Астрахань облысына батыстағы мұнай-газы бар аудандарды беру туралы шешім дайындалды. Тың өлкесін құрумен байланысты шекараны белгілеу жоспарларымен, халшаркомдарды ұйымдастырумен байланысты әкімшілік бөлу реформасы да болды.

Республиканың басшылары мен зиялы қауымы Н.С. Хрущевтың «орыс емес халықтардың КСРО халықтары

үшін іс жүзінде екінші ана тіліне айналған орыс тілін меңгеруге деген қарқынды талпынысы», «Біз орысша неғұрлым тезірек сөйлесе білетін болсақ, соғұрлым коммунизм орнайтыны» туралы мәлімдемелерінің салдарынан қауіптенді[30]. Осындай басылымдардың көптігі шегінде соғысқа дейінгі кезеңнің ұлттық тіл саясаты мәселелерінің қазақстандық тарихнамасы көп жылдар бойы «қазақ жазуының латын негізіне дер уақытында көшуі», «арабқа қарағанда латын әліпбиі барынша заманауи болғандығы», оның «мәдениетке мұсылман басшылығы мен буржуаздық ұлтшылдардың ықпалын бұзуына әсер еткендігі» және «қазақ тілінің табиғатына орыс әліпбиінің барынша сәйкестігі» туралы айтып келді[31]. Әліпбиді реформалау мәселелері қазақстандық тарихнамада мәдени құрылыс тарихы бойынша жалпылама еңбектерде қарастырылды[32, 33]. Бұл жұмыстардың барлығы үшін бір жалпыға ортақ белгі тән–авторлардың «әліпбиді іс жүзінде унификациялауға әкелген» реформалардың прогрессивтілігін дәлелдеуге және осы унификацияның негізінде «социалистік ұлттық мәдениеттердің» сатылап басымды дамуы көрсетуге талпынуы тән [8, 354 б.] – деп Т.Ю. Красовицкая атап өтеді. Тарихнамадағы ұлттық тіл саясатының мәселелеріне біржақты апологетикалық көзқарас жазу графикасын жаңғыртудың негізгі бағыттарының айналасындағы саяси күресті шиеленістіре түсуге әкелді.

Социализм жағдайында революцияға дейінгі ұлттық мәдениеттің прогрессивтік элементтерімен не болып жатыр? деген сұраққа жауап болмады. Егер жалпыодақтық әдебиетте мәдени мұрада тұрақты дәстүрлерді сақтау туралы сөз қозғалса, қазақстандық тарихнамада ол сақталған мұраның шеңберінен шықпады (ғылыми ойлар, ауыз әдебиеті, Абайдың әдеби мұрасы мен музыкалық шығармашылық) [31, 489 б.].

Қазақстандағы тілдердің дамуына байланысты зерттеулер ХХ ғасырдың 80-жылдарының соңынан бастап неғұрлым белсенді жүргізілді. Ұлттық тілдердің республикадағы дамуына байланысты Б.Х. Хасанов[34], О.Б. Алтынбековалардың [35] ғылыми зерттеулерінде қарастырылды. Соның ішінде О.Б. Алтынбекова Орта Азия республикаларындағы тіл саясаты мәселесін қарастыра отырып, Қазақстандағы көші-қон үрдістері және оның республиканың аймақтарындағы тілдік ортаға ықпал етуі, халықтың этникалық құрамындағы өзгерістерін қарастырады. Сонымен қатар, алғашқылардың бірі болып Г.В. Каннның[36] Қазақстандағы корейлер туралы еңбегі жарық көрді.

Қазақтың ұлттық мәдениеті, тіліне байланысты өзекті мәселелер Х.М. Әбжановтың зерттеулерінің басты нысаны болып табылады. Ол тілдің қоғамдағы немесе нақты мемлекеттегі саяси - идеологиялық, экономикалық, демографиялық тағы да басқа ахуалмен өсетіндігін немесе өшетіндігін айта келе, әлеуметтік дамудың жалпы екі моделінің болатындығына тоқталады. *Бірі* – халықтың өз мемлекеттілігін, шаруашылық-мәдени типін, идеологиясын, болмыс - бітімін диалектикалық байланыс және қатынастар желесінде айқындауы, *екіншісі* – өзінен күштінің қармағына ілігіп, тәуелді, отар халық ретінде өмір сүруі. Х.М. Әбжанов қазақ халқының аталған баламалардың екеуін де басынан өткергендігін атап өтеді[37].

Мәдениет тарихын зерттеуші Р.М. Жұмашев 1917-1991 жж. Қазақстан мәдениетінің тарихнамасын қарастыру барысында, кеңестік тіл саясатына байланысты 1930 жылдардың ортасынан тіл саясатындағы ұрандар сақталып, ал шынайы саясаттың өзгергендігін атап өтеді. Саясаттағы өзгерісті жазудың кириллицаға ауысқаны көрсетті. Жаңа тіл саясатының түпкілікті рәсімделуіне БК(б)П Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің 1938 жылдың

13 наурызындағы «Ұлттық республикалар мен облыстардың мектептерінде орыс тілін міндетті түрде оқыту туралы» Жарлығы нүкте қойды. Бұл шара мектептердегі тілдердің арақатынасының өзгеруіне әсер етті. Р.М. Жұмашевтың ойынша, сол жылдардағы тіл саясатының революцияға дейінгі кезеңге ұқсап кеткендігін жазады. Сонымен қатар, ол барлық халықтардың ұлтаралық байланысқа түскендігін, соған сәйкес көпшіліктің орыс тілін меңгерудің қажеттілігін түсінгендіктерін атап өтеді. Ал, 1940 жылдың 10 қарашасындағы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің V сессиясында қабылданған «Қазақ жазуын орыс графикасының негізіндегі жаңа алфавит латыншаға көшіру туралы» заңын тіл саясатының логикалық аяқталуы деп бағалайды[38].

Қазақстандағы тіл тарихын Н.Т. Жанақова[39] өз зерттеуінің негізгі нысаны етіп алды. Ол Кеңестік кезеңде қазақ тілінің өркендеуіне кері ықпал еткен мынадай ішкі және сыртқы әлеуметтік-демографиялық процестерді атап көрсетеді: ұжымдастыру немесе қолдан жасалған ашаршылық зардаптары; Кеңес Одағы бойынша, әсіресе Қазақстандағы жаппай индустрияландыру; Ұлы Отан соғысы жылдарында Ресей мен Украинадан ірі өнеркәсіп орындарының Қазақстанға көшірілуі; Кеңес Одағын басқарған Н.С. Хрущевтің тың игеру саясаты. Оның пікірінше, ұжымдастыру жылдарында жіберілген қателіктер мен ашаршылық салдары Қазақстандағы демографиялық процестердің қалыпты арнасын бұзып, қазақ тілінің дамуына орасан зор зиян келтірді.

Тіл саясатын меңгеруде өз үлесін қосатын Э.Д. Сүлейменованың тілдік үрдістер мен саясат мәселесіне арналған монографиясын атап өтуге болады. Аталған еңбекте автор тілдік идеология, тіл саясаты, тілдік жоспарлау сияқты ұғымдарға түсініктер бере отырып, әр түрлі мысалдардың негізінде тілдік идеология мен тіл

саясатының түрлерін сипаттайды. Сонымен қатар, Қазақстандағы орыстандыру және қазақтандыру үрдістеріне талдаулар жүргізеді[40]. XX ғасырдың ортасына дейінгі кеңестік биліктің Қазақстанда жүргізген тіл саясатының қалыптасуын, барысын тарихи құжаттардың негізінде Д. Махат зерттеді[41]. Зерттеуші республикадағы жергіліктендіру үдерісіне, латын әліпбиін енгізуге байланысты туындаған ахуалға, жалпы қазақ тілінің кеңес дәуіріндегі жағдайына жан-жақты талдаулар жасайды. Осы ретте латын әліпбиіне көшу мәселесі С.О. Смағұлованың зерттеуінің басты нысаны болып, ол XX ғ. 20-30 жылдарындағы латын әліпбиіне ауысу себептеріне, барысына өз көзқарасын білдіреді[42].

Кеңестік дәуірдегі тілдік ахуал, тілдік идеология және саясатын саяси факторлар тұрғысынан қарастырған еңбектер де жазылды. Оларда 1946-1960 жж. Қазақстандағы ұлттық-тіл құрылысындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары[43], тіл саясатының жағдайы мен болашақтағы даму жолдары[44] қарастырылды.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары тілдік даму, ұлт мәселесіне байланысты ғылыми зерттеулердің көлемі ұлғайды. Олардың ішінде республикадағы ұлттық-мәдени орталықтардың қалыптасуы мен дамуы мәселелеріне [45], 1956-1991 жж. Қазақстандағы ұлттық мәселенің тарихнамасына[46], 1975-1995 жж. қазақ ұлттық мектептерінің дамуына[47], 1980-1994 жж. Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар мәселесіне[48], 1985-1995 жж. республикадағы көпұлтты білім беру жүйесінің дамуына [49] арналған ғылыми-зерттеу жұмыстары болды. Сонымен қатар, Қазақстандағы тіл саясатының қалыптасу және даму жолдары А.Ә. Рамазанның зерттеуінде қарастырылды [50]. Ол кеңестік тіл саясатын қазақ баспасөзінің дамуымен байланыстыра отырып, қарастырады.

Шетелдік тарихнама. Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін тіл саясатын жаңаша тұрғыда зерттеуге алыс және жақын шетел ғалымдары тарапынан көңіл бөліне бастады. В. Алпатовтың «150 языков и политика. Социолингвистические проблемы СССР и постсоветского пространства»[51] еңбегі тіл саясаты тарихына байланысты қалыптасқан көзқарастарға үлкен өзгерістер енгізді. Кеңестік жүйенің қуғынына ұшыраған А. Авторхановтың «Империя Кремля» [52] еңбегінің Одақтың құрамында болған ұлттардың тілін дамытуға байланысты шектеулерді анықтауда маңызы зор. КСРО-дан тәуелсіздік алған республика ғалымдары кеңестік тіл саясатының жергілікті ұлт тіліне әкелген зардаптарын терең талдай бастады. Г. Асатованың «Языковая политика в Узбекистане в XX веке: суть, последствия и уроки»[53], В. Заблоцкийдің «Языковая политика в Украине: состояние и направление оптимизации»[54] тақырыбындағы кандидаттық диссертацияларында кеңестік тіл саясатының салдарлары ашып көрсетілді.

КСРО көлеміндегі тіл саясаты тарихы батыс зерттеушілерінің тарапынан да қарастырылды. Француз академиясының президенті Элен Каррер д'Анкос «Алфавитный развод» тақырыбында мақала жариялап, онда зерттеуші И.В. Сталиннің барлық КСРО халықтарына бір ғана алфавитті қабылдатып, ұлттардың тілдік және мәдени дамуын біртіндеп тоқтатуды жоспарлағанын жазады. Оның ойынша, бұл ең айлакер шешім болып табылды. Модернизацияны жүзеге асыру қолға алынғанымен (түрік реформаторы М. Кемальдың үлгісінде), бірақ, негізгі мақсат – жазу деңгейінде тілдерді орыстандыру болып табылды. Элен Каррер д'Анкосстың пікірінше, осы жан-жақты ойластырылған операция 1939 жылы, яғни орыс тілінің алфавиті барлық КСРО халықтарының міндетті жазуы ретінде белгіленген уақытта аяқталды [55].

Зерттеу нысаны – кеңес өкіметінің Қазақстандағы тіл саясаты.

Зерттеу пәні – 1917-1991 жылдар аралығындағы Қазақстанда жүргізілген тіл саясатының кезеңдерінің даму бағыттары, барысы мен нәтижелері болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – 1917-1991 жылдар аралығындағы Қазақстанда жүргізілген кеңестік тіл саясатының тарихын кешенді түрде зерттеу болып табылады.

Аталған мақсатты жүзеге асыруда мынадай міндеттерді шешу талап етіледі:

- кеңес өкіметі құрылған уақыттан бастап ХХ ғасырдың 30 жылдарының ортасына дейінгі аралықтағы, жаңа билік жағдайындағы Қазақстандағы тіл саясатының бағытын және оның нәтижелерін қарастыру;
- ХХ ғасырдың 30 жылдардың ортасынан қайта құру дәуіріне дейін Қазақстанда жүргізілген кеңестік тіл саясатының мәнін ашып, қазақ және орыс тілдерінің даму дәрежесін анықтау;
- республиканың білім беру жүйесінде жүргізілген кеңестік тіл саясаты мен оның нәтижелерінің қоғамдағы тілдік ахуалға тигізген әсерін зерттеу;
- кеңестік жылдары Қазақстанда қалыптасқан тілдік ахуалға әлеуметтік-экономикалық факторлардың ықпал ету деңгейіне талдау жасау;
- Қазақстанда жүргізілген кеңестік тіл саясатының республикадағы ұлтаралық қатынасқа тигізген әсерін анықтау;
- қайта құру дәуіріндегі тіл мәселесін үкіметтік тұрғыдан шешудегі өзгерістерге қатысты қалыптасқан қоғамдық көзқарастың сипатын қарастыру.

Зерттеу тақырыбының деректемелік негізі әр түрлі деректермен сипатталады, олардың ішінде:

1. Статистикалық жинақтар Қазақстандағы тілдік дамуды зерттеуде маңызды дерек көздері болып табылады. «Казахстан союзная республика»[56], «Итоги всесоюзной переписи населения 1970 года»[57], «Численность и состав населения СССР»[58], «Итоги всесоюзной переписи населения 1959 года»[59] «Население СССР. По данным переписи населения 1989 г.»[60] сияқты әр жылдардағы санақ мәліметтерінің жинақтары республика тұрғындарының ұлттық құрылымы, арақатынасы мен олардың дамуы бойынша көрсеткіштердің мол қорын ұсынады. Сонымен қатар, «Печать Казахской ССР за 50 лет (1917-1967 гг.)»[61] статистикалық жинағы кеңес үкіметі жылдары баспа саласы өнімдерінің тілдік жіктелу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

2. Зерттеуде мұрағат материалдары негізгі деректердің бірі ретінде саналады. Тіл саясаты тарихын қарастыруда Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатындағы құжаттар пайдаланылды. Қазақ АКСР-ның Қаржы халық комиссариатының[62], Қазақ КСР-ның Министрлер кеңесінің жанындағы Орталық статистика басқармасының [63], Қазақ КСР-ның Қаржы министрлігінің[64] Қазақ КСР-ның Оқу-ағарту Министрлігі қорларындағы сандық көрсеткіштер[65], Қазақ АКСР-ның Халық комиссарлар кеңесі[66] мен Қазақстанның кеңестік жазушылар Одағының[67] құжаттары сақталған қорлар кеңестік дәуірде республикада жүргізілген тіл саясатының белгісіз тұстарын анықтауда көптеген ақпараттар береді. Қарастырылып отырған мәселенің мәнін ашуда, мұрағат қорларындағы сандық мәліметтердің алар орны ерекше.

3. Тіл саясатын зерттеуде әр түрлі құжаттар мен материалдардың жинақтары маңызды орын алады. Ең алдымен, «Языковая политика в Казахстане» [68] атты

тарихи құжаттардың жинағын жеке атап өту қажет. Бұл жинақта кеңес өкіметінің құрылғаннан бастап, соңғы жылдарына дейін жүргізілген Қазақстандағы тіл саясатына қатысты мемлекеттік дәрежедегі қаулылар, заңнамалық құжаттар, баяндамалар топтастырылған. Аталған материалдар қарастырылып отырған кезеңдегі мемлекеттік билік пен тілдік дамудың арасындағы байланысты нақты көрсетуге мүмкіндік береді.

Қазақстандағы тіл саясаты «Қазақ тілі» қоғамына байланысты құжаттар мен материалдар жинағының орны бөлек. Онда аталған қоғамның құрылған уақытынан бастап жоспарланған мақсат-міндеттер, олардың жүзеге асуы, қазақ тілін дамыту барысында кездескен кедергілер мен қиыншылықтар және т.б. деректер жинақталған [69].

Сонымен қатар, «Культурное строительство в Казахстане (1918-1932 гг.)» [70, 71], «История советской политической цензуры» [72] жинақтарын ерекше атауға болады. Оларда топтастырылған мұрағаттық, деректі, ресми басылымдар бойынша Қазақстандағы, жалпы Одақ көлеміндегі тіл саясатына байланысты ақпараттар алуға болады.

Қазақстандағы тіл саясатының даму тарихын ашып көрсетуде, қарастырылып отырған жылдардағы мемлекеттік, партиялық жиналыстардың материалдары да құнды болып табылады. Зерттеуде ұлттық, тіл мәселелеріне байланысты мәліметтер беретін «Двенадцатый съезд РКП(б). Стенографический отчет» [73], «Резолюции 3-го Пленума Казакского Краевого Комитета РКП(б)» [74], «Директивы партии и постановления правительства К.С.С.Р. по коренизации аппарата» [75], «Отчетный доклад XVI съезду ВКП(б)» [76] сияқты құжаттарда келтірілген мәліметтер де кеңестік тіл саясаты бойынша бірқатар қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

4. Тіл саясатын зерттеуде маңызды орын алатын деректер тобы – әр кезеңдегі қазақ зиялыларының айтқан пікірлері, жазған естеліктері болып табылады. Ол деректер, ең алдымен, XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы ұлт зиялыларының қазақ тілінің кеңестік билік жағдайындағы даму жолына байланысты айтқан ой-тұжырымдары құнды болып табылады[77]. Кеңестік тіл саясатының мақсаты мен оны жүзеге асыру шаралары М. Дулатов[78], С. Садуақасов[79] және т.б. зиялылардың еңбектерінде қарастырылады.

Осы деректер тобының екінші бөлігін XX ғасырдың 80-жылдарының екінші жартысында қазақ тілінің, ұлттық сананың қайта жандануына үлкен күш жұмсаған қазақ зиялыларының естеліктері құрайды. Олардың ішінде М. Шаханов [80], Ө. Айтбайұлы [81], Ә. Кекілбай [82] және т.б. ерекше атауға болады. Аталған естеліктерден басқа деректерде жоқ фактілерді кездестіре аламыз. Сонымен қатар, олардың мазмұны сол кезеңді сезінуге мүмкіндік береді.

Жұмыстың теориялық-әдіснамалық негізі. Қарастырылып отырған мәселенің теориялық-әдіснамалық жағынан негізделуіне тілдің қатынасқұралы ретіндегі әлеуметтік маңызын тұжырымдаған [83-86] еңбектерінің әсері мол болды. Сонымен бірге тілдің қоғамға және қоғамның тілге әсерін зерттеген социолінгвистика ғылымының дамуына өз үлестерін қосқан [87-90] зерттеулерінің әдіснамалық рөлі зор. Аталған тұжырымдамалар, идеялар мен ізденістер жалпы, тіл мен қоғамның арақатынасын, тілдің әлеуметтік орынын анықтауда бағыт береді. Зерттеліп отырған тақырып бойынша жарық көрген ғылыми еңбектер мен мақалалар кеңестік тіл саясатының мән - мағынасын түсінуге жәрдемдеседі.

Тақырыпты зерттеу барысында қолданылған әдістер зерттеудің әдіснамалық негізін құрайды:

- тарихи амалдың негізінде аталған мәселенің зерттелу бастаулары мен себеп-салдарлық байланыстары анықталды;
- Қазақстандағы тіл саясатын жүзеге асыру кезеңдерін, мәселеге байланысты деректерді тереңірек тануда салыстырмалы әдістің маңызы зор болды;
- құрылымдық-функционалдық әдіс, тіл саясатын мемлекеттік биліктің құрамдас бөлігі және мемлекеттік қызметтің бір түрі ретінде талдауға мүмкіндік берді.

Жұмыстың хронологиялық шеңбері. 1917 жылдан 1991 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Зерттеу жұмысының 1917 жылдан басталу себебі, Кеңес өкіметінің алғашқы қабылданған саяси құжаттарының бірі – 1917 жылдың 15 қарашасындағы «Ресей халықтары құқықтарының Декларациясы» болып табылады. Онда большевиктердің ұлттық саясатының негізгі қағидасы жарияланды: барлық ұлттардың тең құқылығы, оның ішінде ұлттық тегіне қарамастан өз ана тілін қолдану құқығы да болды. Сондықтан, кеңестік тіл саясаты, большевиктер билігі құрылған уақытпен ұштасады. Ал, жұмыстың 1991 жылмен аяқталуы аталған жылы Қазақстанның егемендігі туралы Декларацияның жариялануымен, Кеңестер Одағының ыдырауымен, соған сәйкес кеңестік тіл саясатының да тоқтатылуымен анықталады.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы отандық тарих ғылымында алғаш рет кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы тіл саясатының тарихы 1917-1991 жылдарды қамтитын уақыт аралығында кешенді түрде зерттелінуі болып табылады. Зерттеу барысында, республикадағы кеңестік билік жүргізген тіл саясатының даму бағыттары мен негізгі ұстанымдары айқындалады. Сонымен қатар:

- зерттеуде қарастырылып отырған мәселе бойынша бұрын ғылыми айналымға түспеген тарихи және статистикалық тың деректер мен құжаттардың қолданылуы жұмыстың ғылыми жаңалығын кұрайды;
- ұлттық зиялы қауым өкілдерінің тіл саясатына қатысты ұсыныстарының кеңестік биліктің осы саладағы ұстанымдарына қарағанда неғұрлым тиімді және қазақ тілі үшін негізді екендігі көрсетіледі;
- соғыстан кейінгі кезеңдегі республикадағы жалпы білім беретін мектептердің ұлттық құрамына, ондағы тілдік ахуалға байланысты тарихи құжаттардың негізінде талдау жасалынып, кеңестік тіл саясатын жүзеге асыру тетіктерінің білім беру жүйесіне негізделгені анықталды;
- Қазақстандағы кеңестік тіл саясатының нәтижелі жүргізілуіне патшалық және кеңестік билік тарапынан ұйымдастырылған демографиялық, әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің ықпал еткендігі көрсетілді;
- кеңестік билік насихаттаған барлық ұлттар мен тілдердің теңқұқылығы туралы ұстанымның сақталмай, тіл саясатында тек орыс тілінің мәртебесін көтеру шараларының орын алғандығы әр түрлі құжаттар арқылы талданды;
- қайта құру дәуірінен кейінгі жылдардағы республикадағы тіл мәселесін шешуге байланысты қоғамдық пікірлердің жіктеліске түскендігі анықталды.

Зерттеу жұмысының қолданбалы маңыздылығы. Жұмыстың нәтижелері мен материалдарын Қазақстан тарихы бойынша оқулықтар, көмекші оқу құралдарын жазуда және дәрістер, арнайы курстар мен семинарлар оқу барысында пайдалануға болады. Сонымен қатар,

монография материалдарын кеңестік дәуірдегі Қазақстан мәдениеті мен оның жекелеген салаларының тарихына байланысты еңбектер жазуда, ұлт және тіл саясатын жоспарлау барысында, тілдерді дамыту бағдарламаларын дайындауда пайдалануға болады.

1. Қазақстан автономиялық республика дәрежесінде тұрған жылдардағы тіл мәселесін шешу іс-шаралары, одан кейінгі жылдармен салыстырғанда өзінің неғұрлым демократиялық сипатымен ерекшеленді;

2. XX ғасырдың 30-жылдарының ортасынан бастап халықтардың тең құқықтығының қағидалары өзгеріп, тіл саясатындағы орыс тілінің дәрежесін көтеру, қазақ тіліне деген немқұрайлылық – жалпы ұлттық мәдениеттің беделін түсірді.

3. 1937 жылдан кеңес үкіметінің қабылдаған партиялық - мемлекеттік қаулылары білім беру саласындағы тіл саясатына үлкен өзгерістер енгізіп, республика мектептерінде ана тілінің орынына орыс тілі басымдылық танытты. Бұл жағдай тек мектеп қана емес, барлық білім беру жүйесін қамтыды. Соның нәтижесінде, қазақ тілінің қоғамдық қызметінің аясы тарылды.

4. Кеңестік билік орнағанға дейін патшалық дәуірде қазақ тілінің дамуына кері әсер ететін факторлар қалыптасты. Әсіресе, Қазақстанға славян тілді қоныстанушылардың ағымының күшейуі, олардың құнарлы аймақтарға орналасуы, патша әкімшілігіндегі іс-жүргізудің орыс тілінде іске асуы-болашақтағы орыс тілінің мәртебесінің жоғарылауына алғышарт жасады. Дәстүрлі шаруашылығын талапқа сай жүргізе алмаған қазақтардың әлеуметтік жағдайы төмендеп, психологиялық тұрғыдан қысымға ұшырады. Патшалық дәуірдегі жағдай кеңес билігі тұсында да жалғасып, қазақтардың басым бөлігі ауылдық жерлерге шоғырланды;

5. Кеңестік тіл саясаты біртұтас кеңес халқын жасау қағидасына негізделіп жүргізілді. Аталған саясат жоспарланған нәтижелер беріп (әсіресе, Қазақстанда), тұрғындардың басым бөлігі ана тілінен алшақтай бастағанымен, әр ұлттың түпкі сана-сезімінде ұлттық негіз сақталды. Бір жағынан алып қарағанда орыстандыру саясаты ұлттарды біріктірсе, екінші жағынан ұлтаралық қайшылықтардың туындауына себепші болды.

6. Кеңес Одағында жарияланған қайта құрудан кейін, Қазақстанда ұлттық мүдде, оның ішінде қазақ тілін жандандыруға байланысты пікірлер ашық түрде айтыла бастады. Желтоқсан оқиғасынан кейін, республиканың партиялық-мемлекеттік басқару жүйесі тарапынан қоғамдағы ұлттық жандануға байланысты әрекеттерге айтарлықтай қарсылық көрсетілмеді. Қарсылық көп жағдайда халық арасындағы қазақ тілін мойындағысы келмеген белгілі бір топтардың арасында туындады.

Монографияның құрылымы. Монографиялық зерттеу жұмысы кіріспеден, жеті параграфқа бөлінген үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланған деректер мен әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

1 XX Ғ. 20 - 30 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕҢЕСТІК ТІЛ САЯСАТЫ

1.1 Тіл мәселесін шешудегі тиімді жолдарды таңдау тәжірибесі

Ақпан революциясынан кейін автономияны, тіпті тәуелсіздікті талап еткен көптеген ұлттық қозғалыстар мен партиялардың күшейгендігі белгілі. Уақытша үкімет 1917 жылдың наурыз айында Польшаның тәуелсіздігін жариялады, содан кейін көптеген ұлттар автономияның әр түрлі деңгейіне қол жеткізді. Осыған байланысты жергілікті басқару құрылымдары құрылды, орталық биліктің оларды толығымен бақылау мүмкіндігі болмады. Кеңестік билік орнағанға дейін Қазақстанда да ұлттық мемлекетті дамыту мәселесінде шектеулер болған жоқ. Алаш қайраткерлерінің қазақ қоғамын дамытудағы басты ұстанымдарының бірі – автономиялық басқару жүйесіндегі мемлекеттік құрылыс болса, екіншісі – мемлекеттік тіл саясаты еді. Алаш өкілдері ана тілінің тәуелсіз мемлекет құруда маңызды екендігін түсінді. Осыған байланысты Ғ. Қараш: «Тіл болмаса, ұлт та болмайды, яғни ұлт бүтіндей өлген, жоғалған ұлт болады. Ең әуелі ана тілі қажет. Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтындығы өзі - ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың өнері де өршімейді»[91], - деген.

Билік басына большевиктердің келуі қоғамдық жағдайды толығымен өзгертті. Кеңес өкіметінің алғашқы қабылдаған құжаттарының бірі – «Ресей халықтарының құқықтарының декларациясы» болды. Онда аз ұлттар мен этникалық топтардың еркін дамуы; жеке мемлекет құру еркіндігіне дейінгі Ресей халықтарының өзін - өзі анықтау құқығы насихатталды. Барлық ұлттық және діни артықшылықтар мен шектеулер алынып тасталды. 1918

жылдың қаңтарында бас қосқан кеңестердің III Жалпыресейлік съезінде жұмысшылар, солдаттар мен шаруа депутаттары кеңестерінің федеративті республикасының, жаңа социалистік мемлекеттің құрылғандығы жарияланды. Съезде қабылданған «Еңбекшілер мен каналушы халықтардың құқығының декларациясы» ұлтаралық өзара қарым-қатынастардың субъектісі ретінде жалпы ұлттық топтарды емес, пролетариат пен шаруаны таныды.

Ұлттық мәселеге байланысты бағдарламалық мәлімдемелері анық болғанымен, большевиктер партиясы оны жүзеге асыратын ортақ әдіс-тәсілдерді көрсете алмады. Федеративті республика талабы бойынша оның мүшелері қалыптасуы тиіс еді. Бірақ шынайы ұлттық автономиялардың пайда болуына көптеген большевизм өкілдерінің сақтықпен қарағандықтары белгілі. Көпұлтты және жартылай конфессионалды елдегі ұлттық мәдени құрылыстың жалпы барысымен де, сонымен қатар сол жылдардағы әлеуметтік және ұлттық теңсіздіктен азат ету жағдайында мәдениет пен ағарту саласының даму жолдары туралы даулы пікірталастар туындады.

Пікірталастың барысында екі тезис құрылды: біріншісі (Тер - Вагян және басқалары) социализм жағдайында ұлттық мәдениет туралы сұрақтың қойылуының өзі реакциялық болып табылатындығын көрсетті. Мұнда ол әрбір ұлттық мәдениеттегі екі мәдениет туралы Лениннің айтқандарын айқындап отырды және социализм жағдайында ұлттық мәдениеттің болуы да мүмкін еместігін атап айтты.

Екінші тезис Н.К. Крупская мен А.В. Луначарскийдің көзқарастарымен берілді. Олар ұлттық мәдениеттің өлмейтіндігін айтты. Н.К. Крупская ұлттық мәдениетсіз жасанды интернационалдық мәдениетті құру мүмкін емес: «интернационалдық мәдениет ұлттық мәдениеттердің

нақтылы бір базасында ғана өсіп шыға алады, ал оны жасанды түрде құруға болмайды... Интернационалдық мәдениет тек ұлттық мәдениеттердің белгілі синтезімен ғана пайда болады» деп көрсетті[92]. А.В.Луначарский ұлттық мәдениеттердің өзіндік келбеттерін қорғай отырып, мәдениетті интернационаландыру үдерісінің сипатын көрсетіп берді, сонымен қатар оның «ұлттық негіз, әрине, ұзақ уақытқа, мүмкін мәңгілікке қалатындығын» және «интернационализм жалпы адамзаттық симфонияда ұлттық мотивтерді жоюды көздемейді, тек олардың бай және ерікті үйлесімділігіне ұмтылатындығын» атап өтті[93].

Ұлттық – мәдени даму мәселелері партия ішілік ортада да даулы мәселелердің пәніне айналады. 1917 ж. кейін ұлттық өмірге қарай ұмтылған Ресейдің көптеген халықтары үшін ағарту мен мәдениет ұлттық дамудың басым міндеттері болып табылды. Кеңестер билігінің алғашқы жылдарында партияның алдына қойған ең басты міндеттерінің бірі - халықпен жұмылдыра отырып елдегі сауатсыздықты жою, ашылып жатқан білім беру мекемелеріне қажетті оқулықтар жазу, жазуы жоқ ұсақ халықтардың тілдерінің дыбыстық жүйелеріне сәйкес жазуларының болуына, емлесінің, жазу тілінің қалыптасуына жәрдемдесу болып белгіленді.

Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдарда ұлттардың тіліне мемлекеттік және саяси тұрғыда терең мән беріліп, ұлт тілі мен мәдениетіне оң көзқараспен қараушылық байқалады. Бұл тұрғыда В.И. Лениннің ұлттық тіл, бірнеше ұлттардан тұратын мемлекетте ұлт тілдерін дамыту мәселесіне қатысты пікірлері белгілі.

1921 жылы РК(б)П X съезінің қаулысында партияның алдында тұрған бірнеше міндеттер белгіленеді[94]: орыс емес халықтардың ұлттық тұрмыс жағдайларына сай келетін түрде кеңестік мемлекетті өздерінде дамытып, нығайту; жергілікті халықтардың тұрмысы мен

психологиясын білетін жергілікті адамдардан құралған, ана тілінде іс жүргізетін сотты, әкімшілік орындарын, шаруашылық органдарын, өкімет органдарын өздерінде дамытып, нығайтуға; ана тілінде баспасөз, мектеп, театр, клуб жұмысын және жалпы мәдени-ағарту мекемелерін өздерінде дамытуға; маман жұмысшылардың және барлық басқару саласы жөніндегі, ең алдымен ағарту саласы жөніндегі, партия кеңес қызметкерлерінің жергілікті кадрларын тез даярлау үшін ана тілінде жалпы білім беру сипатындағы, сол сияқты мамандық-техникалық сипаттағы курстар мен мектептерді кеңінен ашу ісін жолға қойды. 1922 жылға қарай кеңес үкіметінің ұлттық саясатының негізі жасалды. Мемлекет иерархиялық тәртіпке негізделген ұлттық құрылымдардың жүйесі ретінде қалыптасты. Ресми қызметтерді сол халықтың тілі жүзеге асыратын болып белгіленді.

1923 жылдың сәуірінде РК(б)П XII съезінде И.В. Сталин ұлттық тіл мәселелерін шешудің маңыздылығына тоқталды. Осы съезде орыс емес тұрғындарға қызмет көрсететін барлық мекемелерде ана тілді қолдануды қамтамасыз ететін арнайы заңдарды шығару туралы шешім қабылданды. Аталған съездің нәтижесі бойынша қаулы қабылданып, кеңестік партияның ұлттық мәселедегі жаңа саяси бағыты тұжырымдалды. Онда төмендегідей міндеттерді жүзеге асыруды көзделеді: ұлттық республикалар мен облыстық мекемелерде негізінен жергілікті тілді, дәстүрді білетін мамандар қызмет етулері қажет; жергілікті ұлттың тілін мемлекеттік ұйымдар мен мекемелердің түгелінде қолдануға жағдай жасайтын заңдар қабылдануы қажет және аз ұлттардың құқығын ескермегендердің барлығы қатаң түрде жазалануы тиіс [95].

Жалпы, қазақ тілінің мемлекеттік, саяси ауқымы патша әкімшілігінің отарлау кезеңінен назарға алына бастағаны белгілі. Дегенмен, 1917 жылғы Қазан

төңкерісінен кейін, жоғарыда аталған большевиктердің ұстанымына байланысты қазақ тілінің дамуы басқаша сипат алды. Кеңес өкіметінің Қазақстандағы тіл саясатына байланысты алғашқы шаралары елдің автономиялы республика болып құрылған уақытынан бастап белсенді түрде қолға алынды. Кеңестік дәуірдегі тіл саясатына қатысты мәселелерді қарастырғанда, қазақ тілін іс жүргізуде қолдану тәжірибесіне назар аудару маңызды. Қоғамда кеңестік үкіметтің билігі орныға түскен сайын жергілікті басқару орындарының қос тілде іс жүргізу жұмыстарына ерекше назар аударылды.

1920-жылдардың басынан барлық партиялық-мемлекеттік құрылымдарды «жергіліктендіру» саясаты енгізілді. Оның мәні жергілікті халықты әкімшілік қызметке барынша кең түрде тартумен сипатталғандығы белгілі. Барлық аймақтарда іс жүргізуді республикалық және жергілікті деңгейде ұлттық тілдерге көшіру шаралары басталды. Ол ұлттық республикалардағы орыс тілді тұрғындарды біртіндеп жергілікті тілдерді меңгерумен байланыстырылды. Ал, партиялық - мемлекеттік қызметкерлер бұл міндетті қысқа мерзімнің ішінде орындаулары қажет болды. Қазақ автономиялық кеңестік социалистік республикасының 1920 жылдың қазанында өткен I Құрылтайының декларациясында қазақ және басқа ұлт тілдеріне жете мән беру мәселесі талқыланып, соның негізінде «ҚазАКСР-нің мемлекеттік мекемелерінде қазақ және орыс тілдерін қолдану тәртібі туралы» декреті^[96] жарияланды.

Кесте 1 – 1920 - жылғы Қазақстанның ұлттық құрамы

Губерниялар	Қазақ	Орыс	Украин	Татар	Неміс	Белорус	Басқалар
Адай уезі	99 366	1 673	-	41	-	-	216
Ақмола	445 347	458 237	222 083	19 224	22 348	2 796	17 424
Ақтөбе	318 414	34 385	85 811	5 022	2 233	186	3 621
Бөкей	223 976	13 141	54	2 579	54	-	83
Қостанай	160 038	80 541	161 840	2 964	16 471	675	5507
Орынбор	20 686	543 815	74 219	58 645	12 988	2 024	25 678
Семей	565 972	380 413	68 495	14 388	7 837	-	10 699
Торғай	87 971	333	5	276	9	-	9
Орал	307 813	145 450	27 881	16 898	820	170	1517
Барлығы	2 229 310	1 657 988	640 388	120 037	62 760	5 851	64 929

Жалпы, республика кеңес билігі орнамай тұрып-ақ көп ұлттылығымен ерекшеленді. Оны 1 – кесте[97] арқылы байқауға болады. Көрсетілген мәліметтерде Қазақстанның оңтүстік аймақтары қамтылмағанмен, елдегі ұлттық құрылымның қандай жағдайда тұрғандығын көреміз. Қазақтардың басым бөлігі Торғай, Адай, Бөкей және Ақтөбе губернияларында шоғырланса, Ақмола мен Қостанайда жалпы тұрғындардың жартысынан аз болды. Ал, республиканың сол жылдардағы астанасы орналасқан Орынбор өлкесінде қазақтар халықтың 2,6%-ын ғана құраған. Тіл саясаты енді қолға алыну барысында мемлекеттің ең маңызды әрі басты құрылымдары орналасатын астанада қазақ ұлты басымдық танытпады.


Соған қарамастан, мемлекеттік қызметте қазақ және орыс тілдерін қолдану туралы қаулылар 1920 жылдан кейін бірнеше рет қабылданады. Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің Төралқасы мен Халық Комиссарлары Кеңесі конституциялық нормаларға сәйкес қазақ тілінде іс жүргізудің қалыптасуы мен дамуына жәрдемдесетін мына мазмұндағы қаулыларды шығарды: Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1921 жылғы 2 ақпандағы «Қазақ және орыс тілдерін республикалық мемлекеттік мекемелерінде қолдану туралы» декреті [68, 14 б.], 1923

жылғы 22 қарашадағы «Қазақ тілінде іс жүргізуді енгізу туралы» декреті[68, 24 б.] қазақ тілінде іс жүргізудің алғашқы заңды құжаттары болды. Онда ҚазАКСР территориясында қазақ және орыс тілдерін мемлекеттік тіл ретінде жариялау; мемлекеттік, қоғамдық мекемелер мен ұйымдардың іс-жүргізу жұмыстарында орыс тілімен қатар қазақ тілін енгізу; барлық қаулылар, заңнамалық және үкіметтік актілерді екі тілде қабылдап, жариялауды жүзеге асыру қарастырылды.

1923 жылдың 6 желтоқсанында Қазақ ОАК Төралқасының қаулысымен қазақ тілінде іс жүргізуді бақылайтын, сонымен қатар үйлестіретін арнайы комиссия құрылады. Осы жылдың 22 қарашасындағы құжаттың негізінде 1924 жылдың 1 қаңтарынан бастап, қазақ тілінде іс жүргізу Қазақстанның барлық болыстары мен мына уездеріне енгізу көзделді; Ақтөбе губерниясының Адай, Торғай, Шалқар, Темір, Ақтөбе, Ырғыз уездері; Бөкей губерниясының барлық уездері; Орал губерниясының Жымпиты және Гурьев уездері; Семей губерниясының Қарқаралы және Зайсан уездері; Ақмола губерниясының Ақмола, Атбасар уездері. Ал қалған уездер мен губернияларда қазақ тілінде іс жүргізу 1924 жылдың 1 шілдесіне белгіленеді. Декретте Орынбор губерниясы мен оның уездері аталған міндеттен босатылды. Сөйтіп, белгіленген мерзім ішінде Қазақстанның уездік және губерниялық органдары өз аппараттарын қос тілде іс жүргізуге бейімдеулері қажет болды. Аталған шараларды аяқтау уақыты 1925 жылдың қаңтары болып белгіленеді.

1924 жылдың 3 сәуірінде республиканың Халық Комиссарлар Кеңесі республикалық халық комиссариаттарынан барлық декрет, қаулы, ереже, нұсқаулықтардың жобаларын қазақ және орыс тілдерінде дайындауды талап етеді. Сонымен қатар, тек орыс тілінде дайындалған жобалардың қаралмай, кері

қайтарылатындығы ескерілді. Дегенмен, аталған шаралар қазақ тілін дамытуда оң мағынаға ие болғанымен, қарастырылып отырған жылдардағы қоғамдағы тілдік ахуал олардың жүзеге асуына қарама-қарсы жағдайда тұрды. Оны сол жылдардағы республиканың астанасы орналасқан Орынбор өлкесінің ұлттық құрамынан байқауға болады. Сонымен қатар, қаланы мемлекеттің басты әлеуетін көрсететін нысандар – өнеркәсіп пен сауданың, ғылым мен мәдениеттің орталығы деп қарайтын болсақ, 20-жылдары Қазақстанның қала халқын негізінен басқа ұлт өкілдері құрады. Оны төмендегі 1 - суреттен көре аламыз [97, 43 б.].



Сурет 1. 1920 - 1926 жж. Қазақстандағы қала халқы

Қазақтар 1920 жылы қала халқының 7,2%-ын құраса, орыстар 72,8%-ды көрсетті. Ал, 1926 жылы қазақтардың қаладағы үлесі өсіп, орыс ұлтының санының азайу үрдісі байқалғанымен, қала халқының негізгі үлесін орыстар алып жатты. Осы көрсеткіштер Қазақстандағы мемлекеттік басқару, партия органдарындағы ұлттық құрылымға да әсер етті. 1924 және 1925 жылдардағы республикадағы партиялық ұйымдардың ұлттық құрамына (сурет 2) назар аударсақ, ондағы қазақтардың деңгейі 1924 жылы – 11,6%, ал 1925 жылы - 16%-ды құрады [74, 35 б.]. Сонда, негізгі

басқарушы құрылымдарда орыс ұлтының өкілдері , ал ондағы тіл – орыс тілі болғандығы анық.



Сурет 2. 1924 және 1925 жылдардағы Қазақстандағы партиялық ұйымдардың ұлттық құрамы

Дегенмен, одақ көлемінде қабылданған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында, басқару аппаратын қазақ тілді мамандармен толықтыру шаралары үздіксіз жүргізілді. Жұмыс барысында басты назар мамандардың қазақ тілін меңгергендіктеріне аударылды. Ал, маманның кәсіби біліктілік деңгейінің маңызы ескерілмеді. Қазақ тілін қолданудағы олқылықтардың дәлелі ретінде 1925 жылдың 25 тамызында жарияланған ішкі істер комиссариатының бір жарлығының мәтінін [78, 331 б.] мысалға келтіруге болады. Қарастырылып отырған кезеңдегі қоғамдағы қазақ тілінің жағдайын терең түсіну үшін аталған жарлықтың үзіндісіне назар аудару қажет, онда былай делінген: «Ішкі істер халық комиссариатының билеу бөлімінің бастығының 70 санды 15 июльдегі: Осымен мәлім қылады қолданып орындап тұрмаққа дайындалған инстрокцияны бұл инстрокция қабылданған халық комиссар, халық соты, жер, су бөлімінен ден саулық бөлімінен I, кімге қай бөлімнен бұйыратын міндетті жұмыс Сәлсәбет, ауылатком дайындалады. Халық ортасынан міндетті жұмыс Сәлсәбет

бұйырады. Өзінің қол астындағы отырғушы граждандарға Селсәбет ауыл атком дайындалады, яки сайланады. Әр төрт айдан бұрын өзінің айналасындағылар мен екі рет бір айда бір адам екі рет сайланады... Селсәбет өзінің халқының тыныш болуы үшін нағызына қолын қойған копия дұрыс көшірілді деп Қызылорда болревком іс басқарушысы Садақбаев». Осы мазмұндас мәтіндер сол уақытта көбейе бастады. Осындай асығыс жүргізілген әрекеттер қазақ тілінің беделін одан сайын түсірді.

1924 жылдың 10 сәуіріндегі Қазақ Орталық Атқару Комитетінің жанындағы Орталық комиссияның іс жүргізуде қазақ тілін енгізу бойынша ұсынысында басқару аппаратындағы қызметкерлерді қазақ тілі мен жазуын білетіндермен алмастыруды бастаудың қажеттілігін мәлімдеді. Осы мағынадағы алмастыру шараларын губерниялық, уездік деңгейге дейін жеткізу талап етілді. Осы жылдың 26 маусымында Бүкілодақтық ОАК РКФСР-дің құрамындағы барлық автономиялық республикалардың Орталық Атқару Комитеттеріне арналған өкімін жариялайды. Онда іс жүргізуді жергілікті тілдерге көшіруге дайындық пен мемлекеттік аппаратты халыққа жақындату мақсатындағы жоспарға мынадай шараларды енгізу талап етілді: кеңестік аппараттың әкімшілік-кеңселік құрамына білікті қызметкерлерді дайындайтын курстар ашу; жергілікті тілде іс жүргізуге қажетті техникалық құралдармен мекемелерді қамтамасыз ету; жергілікті тілде іс жүргізуде басшылыққа алатын кітапшалар түріндегі нұсқаулықтар шығару; уақытша шара ретінде, кейбір мекемелерге тұрғылықты халықтан штаттық бірліктің 10 пайызынан аспайтын қызметкерлер алу. Осы құжатта орталық биліктің шығарған декреттерін, қаулылары мен кодекстерін, сонымен қатар жергілікті басқару орындарының қаулылары мен өкімдерін жергілікті халықтың арасында түсіндіру мақсатында оларды біртіндеп

жергілікті тілдерге аударудың күнтізбелік жоспарын дайындау мәселесі де қамтылды. Осындай мазмұндағы өкім, қаулылар қарастырылып отырған кезеңде үздіксіз қабылданып, жарияланды. Ол құжаттардың мазмұны арқылы басқару орындары талап еткенімен, аз уақыттың ішінде сапалы түрде қазақ тілді мамандарды дайындап шығудың мүмкін болмағандығын байқауға болады.

Соған қарамастан, қағаз жүзіндегі ресми есептерде қазақ тілін іс жүргізуде қолдану, қазақ тілді мамандардың санын жоғарылатуға байланысты оң мағынадағы мәліметтер берілді. Мысалы, 1925 жылдың басындағы республикалық Әділет Халкомының есебінде прокуратура мекемелерінде іс жүргізудің екі тілде жүргізілетіндегі мәліменеді. Сот қызметкерлерінің саны 1923 жылы 337 болса, оның 150-і, яғни 44%-ы қазақтарды құраған. Ал, 1924 жылы сот қызметкерлерінің саны 373-ке өсіп, олардың ішінде қазақтар 218-ді немесе 56%-ды көрсетті. 1925 жылы сот-тергеу мекемелерінің қысқаруына байланысты қызметкерлердің де саны 360-қа кеміп, қазақтар бұл жерде 225-і, яғни 62 -ды құраған [68, 63 б.]. Сандық мәліметтер бойынша қазақ тілді мамандардың саны жыл сайын жоғарылап отырғандығын көреміз. Дегенмен, аталған көрсеткіштердің сапалық деңгейі екінші орында қалды.

Қазақ тілін насихаттау шараларын ұйымдастырудағы тәжірибесіздік, бақылаудың әлсіздігі қазақ тілінің ресми тіл дәрежесінде дамуын тежеді. Қоғамдағы қазақ тілінің алатын орнына, оның болашағына алаңдаушылық білдірген М. Дулатов 1926 жылы «Қазақ тілінің мұңы» деген мақаласын жариялайды. Бұл мақала қазақ тілінің монологу ретінде жазылып, соның негізінде қоғамда орын алған қазақ тілін дамытудағы кемшіліктер мен қателіктер көрсетіледі. Онда тек кеңестік дәуір ғана емес, сол уақытқа дейінгі қазақ тілінің даму кезеңдері айтылады: «Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай

сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескен өткір едім. Енді қандаймын? Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым. Мен не көрмедім? Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды. Өлі де үшбақы болғыр Абайға өкпем жоқ. Тіріде маған ара түсушілер аз болды. Мен жылы сөзді, алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет деген кісіден ғана естідім. Төңкеріске шейін көрмегенім қалған жоқ. Төңкеріс болды. Қазақтың көзі ашылды. Қазақтың көзі ашылған соң, менің де күнім туды ғой деп қуанушы едім. Жаны жәндем кеткір миссионерлердің, молдалардың, тілмәштардың қолжаулығы болудан құтылдым ғой деп ойлаушы едім. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Бірақ, не керегі бар, босқа қуанған екенмін... Өзгені де қылайын, отаршылдық саясатын қолданбас-ау дейтін білім кеңесі екеш білім кеңесі де мені аямады. Кітаптарында, газеттерінде маған көрсетпеген қорлығы тағы жоқ. «Қазақыландыру» бір пәлесі шықты да көрген күнім бұрынғыдан да қараң болды» [78, 332-333 б.]. Одан басқа Б. Майлиннің «Мұсадан хат келді», «Олай емес, казахский язык!» [98], «Шәлдір-шүлдір», «Перевод», «Бидиш, шалабек занит»[99] фельетондарында, Қ. Кемеңгерұлының «Қотыр сөздер» [100] атты мақаласында қазақ қоғамында орын алған тіл тазалығын сақтамау құбылысын тоқтату мақсатында өз пікірлерін білдірді.

Жергіліктендіру бойынша атқарылған шаралар дұрыс нәтижелер шығармағандықтан, үкімет басқа жолдарды іздестіре бастайды. Осы мақсатта 1926 жылдың 27 мамырында Қазақ Орталық Атқару Комитеті төралқасының «Аппаратты жергіліктендіру туралы» қаулысын жариялайды. Онда алдыңғыларға қарағанда, неғұрлым

қатаң міндеттерді іске асыру көзделді: көрсетілген қызмет орнында жұмыс істейтін еуропалық маманның қазақ тілін білмесе қызмет орынын босатуы; техника саласына маманданған қазақтардың санын көбейту; еуропалықтарды және олардың балаларын қазақ тілінде оқытуды күшейту; еуропалықтардың балаларына 2-ші деңгейлі мектептен бастап қазақ тілін үйренуді міндеттеу; қазақ тілінде ресми терминология дайындауды қолға алу; қазақ тілінде басатын машинкаларды дайындау. Сонымен бірге, аталған қаулыда жергіліктендірудің функционалды түріне өту шешімі де жарияланады [75, 5-17 б.]. Жергіліктендірудің функционалды түріне өту әдісінің мәні – мемлекеттік аппаратты жергіліктендіруге негіз болатын қызметтерді қазақтарға немесе қазақ тілін білетін басқа ұлт өкілдеріне беру болып табылды.

Жалпы, сол жылдары жергіліктендіруді жүзеге асыру әдісі бойынша бірқатар мәселелер туындады. Осы шараны жүзеге асыруда екі әдістің болғандығы белгілі: пайыздық және функционалды. Пайыздық әдіс бойынша жергіліктендіру әдісі өз мақсатына жеткен жоқ. Себебі, осы әдістің негізінде жергіліктендіру, көбінесе, жетекшілер (меңгерушілер, орынбасарлар) мен қызмет көрсетушілер (күзетші, атшылар, еден жуушылар және т.б.) есебінен жүзеге асты. Бұл қазақ тілді тұрғындарға қызмет көрсетуде кедергі болды. Аталған кемшілікті жою мақсатында үкімет орындары басқа әдістерді іздей бастайды. Нәтижесінде, Қазақ ОАК Төралқасы мен Халық Комиссарлар Кеңесі жергіліктендірудің функционалды әдісін таңдайды. Ол әдіске сәйкес, қазақ тіліне өтуде маңызды лауазымдарды қазақ тілін меңгерген қызметкерлермен алмастыру көзделді [101]. Осыған байланысты С. Сәдуақасов 1926 жылғы Қазақ өлкелік партия комитетінің III Пленумында мынадай пікір білдірді: «Қазақыландыру ретіндегі хатты Голощекин екеуіміз жазғанбыз, менің құрған жоспарымды

комиссия нашар деп тапқаннан кейін Голощекин түрліше өзгерістер кіргізген. Өзгерістерінің ішінде қазақ жігіттерінің кейбіреулері қазақыландыру мәселесін теріс ұғынып, есепсіз, жүз процентке дейін қазақыландыру жұмысы жүзеге асын деп айтады қылып, айтып өткен» [79, 186 б.], - дей келе, сол жоспарда ұсынылған мәтінді сол қалпында былайша келтіреді: «Қазақыландыру ретінде мен былай деп жазғам: «Қазақстан республикасы сияқты республикаларда қазақыландыру жұмысын 100 процентке шейін жүргізсек, байлар үстемшілігін тудырады деушілік қата, олай қарау тиіс емес. Қолдағы бар күшімізге қарап қазақыландыру мәселесінің жүзеге асатын мезгілі жетті, мезгілі жеткендігін партиямыз да ескеріп отыр. Енді ойланудың орнына кеңес, партия орындарының қаулыларын орындауға кірісу жөн» [79, 187 б.]. Бір мақсатты жүзеге асыру барысында осындай әр түрлі пікірлердің қалыптасуы, аталған мәселе бойынша тұрақты саясаттың болмағандығын көрсетеді.

1927 жылы жергіліктендіруге жататын кеңес, әкімшілік және шаруашылық қызметкерлерінің номенклатуралық тізіміне 42 қызмет көрсету түрі енді. Бірақ, агрономдар, экономистер тіпті халықпен тікелей жұмыс жасайтын дәрігерлер мен әлеуметтік-мәдени қызмет көрсететін мекемелер қызметкерлері де тізімге кірмей қалды [41, 16-17 б.]. Осының өзі мекемелерді жергіліктендіруге билік тарапынан дұрыс көңіл бөлінбегендігін байқатады.

Қазақ тілінде іс жүргізуді дамыту мәселесі одан кейінгі жылдарда үкіметтік деңгейде одан әрі қолға алынды. Қазақ өлкелік комитетінің 1927 жылдың 20 наурызындағы мәжілісінде «Жергіліктендіру бойынша жұмыстар барысы туралы» мәселе қаралып [68, 63-66 б.], қазақ тілінде іс жүргізудің республикадағы жайын әңгімелеп, оны одан әрі жетілдіру мәселелері қабылданады. Осы отырыста

жергіліктендіру бойынша қабылданған жоспарларды орындаудағы кемшіліктер туралы мәлімденеді. Оның ішінде қазақ тілін үйрететін курстардың толық немесе уақытында ашылмауы, оқулықтардың жоқтығы, мекеме басшыларының немқұрайлылығы сияқты мәселелерге ерекше назар аударылады.

Қазақ тілінде іс жүргізудің нақты уақытын республикалық деңгейде анықтау мәселесі Қазақ АКСР-нің Халық Комиссарлар Кеңесі мен Орталық Атқару Комитетінің 1927 жылғы 17 мамырындағы қаулысында қаралып, уездер мен округтік мекемелердегі іс жүргізуді қазақ тіліне көшіруді аяқтау мерзімі бекітіледі [68, 71-73 б.]. Дегенмен, үкіметтік деңгейде қазақ тілінің ресми тіл ретінде танылуына барынша қолдау білдірілгенімен, шынайы өмірде қазақ тілінің мәртебесі күн сайын төмендей бастады.

Қазақ тіліне байланысты дұрыс ойластырылмаған тіл саясаты қоғамдағы қазақ ұлтының рухына үлкен зардабын тигізді. Қарастырылып отырған кезеңдегі Қазақстандағы ұлт саясатының сипатын Смағұл Садуақасұлының мына пікірі анық көрсетеді: «... қазақ базарға сатуға сиырын алып келді. Распискасы қазақша жазылған. Оны қазақша білмейтін милиция дұрыс деп таппады. Анаған расписканы орысша жазып әкел деді. Жай қарағанда, бұл әрине ұсақ нәрсе. Ұлттық психология жағынан тексерсек, бұл – үлкен жұмыс. Қазақша жазылған расписка жарамағаннан кейін ана қазақтың жүрегінде өз ұлтының кім екендігі сезіледі. Оның көзінде қазақтың жұмысының бәрі орынсыз, осал секілді боп көрінетін болады. Ол өзінің күшіне өзі сенбеуге айналады. Оған басқа ұлттың алдында жасқаншақтық пайда болады, ол басқа жерде кеудесі көтеріліп, аяғын алшаң басып жүре алмайды. Өз ауылында жүргенде қазақтан көп айқайлайтын халық жоқ. Қалалы жерге келгенде қазақтың үні шықпай қалады. Қаланың көшесінде қазаққа арбамен жүру үлкен азап...» [79, 260-261 б.]. Келтірілген тарихи

дерек ХХ ғасырдың 20-шы жылдарындағы тіл саясатының ұлт психологиясына, ұлт тәрбиесіне қаншалықты әсер еткендігінің нақты көрінісі болып табылады.

Қарастырылып отырған жылдары қазақтардың жартысынан басым бөлігі ауылдық жерлерде тұрды. Оны төмендегі сурет 3-гі көрсеткіштер арқылы көре аламыз [97, 72 б.]. 1920 жылы ауылдағы қазақтардың үлесі – 50,3% болса, 1926 жылы – 61,8%-ға өскен. Ал, ауылдағы орыстар 1920 жылы – 31,2%-ды құраса, 1926 жылы олардың пайыздық деңгейі 17,7-ге тең болды. Сөйтіп, қазақтар негізінен ауылда шоғырланды. Жоғарыдағы С. Садуақасұлының пікірінің негізінде тұжырымдасақ, 20-жылдары 61,8% қазақ «өзінің күшіне өзі сенбей, басқа ұлттың алдында жасқаншақтық» танытқан.



Сурет 3. 1920 - 1926 жж. Қазақстандағы ауыл халқы

Қазақ халқының рухының төмендеуіне тек, олардың ауылдық жерде өмір сүрулері ғана әсер еткен жоқ. Сонымен бірге, ауылда тұратын қазақтардың әлеуметтік жағдайының нашар болуы, жергілікті ұлтаралық қақтығыстардың орын алуына жол беріп отырды. 1925 жылы болған Қазақ өлкелік комитетінің 3-ші Пленумында ауылдық жерлердегі қазақтар мен орыс, казактардың саяси белсенділігі, наразылықтары тек экономикалық мағынада (баға, салық т.б.) ғана емес,

ұлттық теңсіздіктерге де байланысты күшейіп отырғандығына назар аударады [74, 15 б.].

Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі патша әкімшілігінің қазақ даласының ең шұрайлы жерлеріне славян текті шаруаларды қоныстандыруы орыс-казактардың әлеуметтік жағдайларының жоғарылауына жағдай жасады. Осындай өзгерістерден көшпелі қазақ қоғамының үлкен зардап шеккендігі белгілі. Қазақстандағы басқа ұсақ ұлттармен салыстырғанда қазақтар орыс отаршылдығын өз пайдасына бейімдей алмады. Ол туралы ұлы Абай өз заманында былай деп жазды: «Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе күлуші еді... ноғайды көрсе, оны да боқтап күлуші еді... орысқа да күлуші еді... Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзіменен өзі әуре болып, біріменен бірі ешбір шаһари (қала адамдары) жауласпайды. Орысқа қараған соң да, орыстың өнерлерін бізден олар көп үйреніп кетті. Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе де сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда. Оның малдыларына құзғын тамағымыз үшін біріміз жалшы, біріміз кош алушымыз. Біздің ең байымызды: «сәнің шақшы (былғаныш) аяғың білән пышыратырға қойған идән тугіл, шық, сасық қазақ», - деп, үйінен қуып шығады. Оның бәрі – бірін бірі қуып қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып зор болғандық әсері. Орысқа айтар сөз де жоқ, біз құлы, күні құрлы да жоқпыз»[102]. Қарастырылып отырған кезеңде де ауылдық жердегі қазақтардың шарушылығы малға негізделгендігі белгілі. Қазақтарға мал жаюға қолайсыз жерлердің тиюі, сонымен қатар, 1921-1923 жылдардағы жұт, аштық, эпидемия үлкен қолайсыздықтар әкелді. Демографтардың есептеуі бойынша 414 мың қазақ аштық құрбаны болған,

немесе республикадағы қазақтардың 18,5 пайызы [103]. Ауылдық жерлердегі қазақтардың келімсектермен үнемі қақтығысып отыруы жергілікті кеңес ұйымдарының партия міндеттерін өз мәнінде жүзеге асыруына кедергі жасады. Осындай ахуалға байланысты Пленум бірқатар шешімдер қабылдайды. Қабылданған шешімдерінің ішінде ұлтаралық шиеленістерге себеп болған - шаруашылық қатынастарды барынша тиімді жолмен шешуге ерекше мән берілді. Сол уақытта кеңінен таралған орыс деревняларындағы кулактардың қазақ кедейлерін қатал түрде пайдалануларына заңды түрде тыйым салынады [74, 20 б.].

Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті КСРО Орталық Атқару Комитеті Ұлттар Кеңесі Төралқасының 1927 жылғы 26 тамыздағы мәжілісінде жасаған «Республика мемлекеттік аппаратын тұрғылықтандыру туралы» баяндамасында қазақ тілінде іс жүргізудің республикадағы жайын әңгімелеп, оны одақтық деңгейде мәселе етіп көтерді. Қазақ тілінде іс жүргізуді республикалық деңгейде дұрыс шешу мәселесі Қазақ өлкелік партия комитетінің 1929 жылы 11-16 желтоқсанда өткен V Пленумында қаралып, қаулы - қарарында ерекше көңіл бөлінді [39, 77 б.].

Кеңестік биліктің республикада жүргізіп жатқан тіл саясатына сол уақыттағы қазақ зиялылары ерекше алаңдап, оған өз көзқарастарын білдіріп отырды. Солардың бірі М. Дулатов қазақ тілін жүргізетін комиссияның жұмысын бақылау барысында мынадай пікірге келеді [78, 330 б.]: «Қазақ тілі мемлекет тілі болды, енді заң - зақун, бұйрық - жарлықтың кеңсе істерінің бәрін қазақшаға айналдырамыз деп талпынғанмызға талай жыл, қазақ тілін жүргізу үшін орталықта дербес комиссия да құрылды», - дей келе, осы орталық комиссия мен оның аймақтардағы бөлімдерінің қазақ тілінде іс жүргізу жұмыстарының қалай жүзеге асу барысын тексеріп жатқандығына күмән келтіреді. Сонымен бірге, аталған комиссияның ел арасындағы істерге бақылау

жасауды есепке алмағанда, орталық мекемелердің өзінде жүйелі де сапалы жұмыстардың атқарылмай жатқандығын алға тартады.

Ал, жалпы 1920-жылдардағы Қазақстандағы халықтардың ұлттық құрылымына назар аударсақ (сурет 4), онда қазақ тілін мемлекеттік деңгейге көтеруде қолайлы жағдайдың болғандығын көруге болады [97, 41 б.]. Жалпы көрсеткіштер бойынша қазақтардың басымдылығын байқаймыз. Тіпті, 1920 жылмен салыстырғанда 1926 жылы қазақтар 11%-ға өсіп, республикадағы халықтың 57,6%-ын құраған. Ал, қазақтарға ең басты бәсекелес - орыстар 1920 - 1926 жылдар аралығында 13,8 %-ға кеміп, 1926 жылы олардың жалпыхалықтық үлесі 20,9%-ға тең болған.



Сурет 4. 1920 - 1926 жж. Қазақстанның ұлттық құрамы

Дегенмен, республикада қазақтардың көпшілік бола тұра, қазақ тілінде іс жүргізу, жергіліктендіру сияқты міндеттердің өте төмен дәрежеде іске асуы, көп жағдайда қазақтардың сауаттылық деңгейімен байланысты болды. Халықтың мәдени деңгейін көтеру және коммунистік қоғам құру мақсатында оқу-ағарту саласы басты назарда тұрды. Алғашқыда ұлттық мектептерді ұйымдастыру өз бетінше жүргізілгендігі белгілі. Бірақ, көп ұзамай ұлттардың оқу-ағарту саласы коммунистік партияның ең маңызды

міндеттерінің бірі ретінде жарияланды. Ұлттық тілде білім беретін мектептер ашу көзделді. Бірақ, мектептерді жылдам ұйымдастыруға мүмкіндіктер болған жоқ: педагогикалық кадрлар мен идеологиялық негіздегі оқу құралдары жетіспеді және мектеп құрылысын ұйымдастыру жұмыстары біраз уақытты талап етті. Сол жылдары халықтың жалпы сауаттылық деңгейі мен қазақ-орыс тілдерін жетік меңгергендер туралы ақпараттар жинақталып, осы бағытта жұмыстар жүргізілмеді.

Ұлттық - тіл саясаты үлкен көлемдегі материалдық салымдарды талап етті. Дегенмен, ең басты мәселе мектептер, оқулықтар, оқулық авторларымен, педагог кадрлармен тікелей байланысты болды. М. Шоқай 20 - жылдардың соңында республиканың қазақ ауылдарындағы білім беру мекемелерінің мәселесіне байланысты өз пікірін білдіреді. Ол билік орындары тарапынан қазақ мектептері бойынша нақты жұмыстардың жүргізілмегендігіне тоқталады. М. Шоқайдың келтірген мәліметтерге сүйенсек, 1927 жылға дейін республикада 1 600 қазақ мектебі жұмыс жасап, бірақ олардың 40-қа жуығы ғана ғимаратпен қамтамасыз етілген. Одан әрі М. Шоқай өз сөзіне дәлел ретінде И. Голощекиннің VI-партия конференциясында жасаған баяндамасынан үзінді келтіреді: «Қағаз жүзінде ауыл мектептерінің саны өте көп болғанымен, шын мәнінде ауылда ешқандай мектеп жоқ. Егер ауыл мектебіне арналған ғимарат болса, ол ғимаратта орындықтар жоқ, ал орындық болғанның өзінде, оқытатын оқулықтар жоқ»[104].

Қазақ мектептерімен салыстырғанда, орыс тілінде білім беретін мектептердің ғимаратпен қамтамасыз етілу көрсеткіштері неғұрлым алда тұрды. 1928 жылы Қазақ АКСР-ның Халық Комиссарлар Кеңесінің РКФСР-ның Халық Комиссарлар Кеңесіне республикадағы мәдени құрылыстың жүргізілу барысы туралы жасаған баяндамасында қазақ мектептерінің ғимаратпен тек 3%-

ының, ал орыс мектептерінің 20%-ы қамтамасыз етілгендігі жайлы мәлімет беріледі[105, 6-т., 20-і., 101-п.]. Басқа мектептер қойылатын талаптарға сай келмейтін, бейімделген үйлерде орналасқан. Осы деректерден шығатын қорытынды: қазақ балаларының мектеп орындарымен қамтамасыз етілуі және оқуға тартылу көрсеткіші Қазақстандағы басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда соңғы орындарда тұрды.

Ауылдық жерлердегі білім беру мекемелеріне арналған ғимараттардың жетіспеушілігі сол уақыттағы ұйымдастыру жұмыстарындағы тәжірибесіздікпен де байланысты болды. Соның бір ғана дәлелі, 20-жылдардың соңында жаңа мектеп ғимаратын салу үшін, жер таңдау кезінде көптеген қателіктерге жол берілді. Білік орындарының тұрғындары аз, бірнеше ұсақ ауылдарға ортақ бір мектеп ашу қажет деген қағидасы қате түсінілді. Соның нәтижесінде, білім беру орындары нақты ауылдың ішінде емес, сол ауылдардың барлығынан 5-10 шақырым қашықтықта жатқан иесіз далаларға салынды [106]. Қашықта орналасқан мектептерге оқушылар мен мұғалімдердің күн сайын ұзақ жол жүріп барып-қайтудың ыңғайсыздық тудыратыны белгілі. Аталған кемшіліктердің салдарынан, салынған мектеп ғимараты жарамай, қазақ ауылдары мектепсіз қалған. Қазақ балаларын оқуға тартудағы қиындықтар, жоғары оқу орындарын қазақ студенттерімен қамтамасыз етуге де әсерін тигізді. Осыған байланысты Ә. Тәкенов мынадай пікір айтады: «Оқитын да, оқытатын да қазақ болмағандықтан 1928 жылы шаңырақ көтерген ҚазМУ жабылып, ол 1934 жылы қайта ашылды. Онда да қазақтар аз болған»[107]. Қазақтарды оқуға тартуды ұйымдастыруға байланысты көптеген мәселелер, жалпы республикадағы қазақ тілінің мемлекеттік ресми тіл ретінде таралуына кедергі болды.

1920-жылдары республикада мектептермен қатар, сауатсыздықты жою нүктелері, оқу үйлері, клубтар, қызыл бұрыштар және тағы да басқа сауат ашу орындары белсенді түрде ұйымдастырылды. Мысалы, 1926-1927 жылдары Қазақстанда 48 тіл үйрету курсы ашылып, оған 1 505 оқушы, 1927-1928 жылдары 90 тіл үйрету курсы жұмыс істеп, оған 2 063 оқушы тіркелген [41, 16 б.]. Дегенмен, алдыңғы жылмен салыстырғанда, 1927-1928 жылдары 90 тіл үйрету курсы ашылғанымен, ондағы оқушылардың саны кемігендігін байқауға болады, яғни 1926-1927 жылдары әр курста – 31 адам оқыса, одан кейінгі жылы ол көрсеткіш 23-ке азайған.

XX ғасырдың 20-жылдары кеңестік үкімет партияның тіл саясатына қатысты міндеттерін жүзеге асыруда білім беру жүйесін қалыптастырумен қатар, баспа ісіне байланысты мәселелерді шешуде бірқатар кедергілерге кездесті. Қазақстандағы баспа ісінің дамуына 20-жылдардың басында қазақтың зиялы қауымы ерекше үлес қосты. Олардың оқулықтар мен ғылыми әдебиеттерді дамытудағы рөлі жоғары болды. А. Байтұрсыновтың, Қ.Кемеңгеровтың – лингвистика, тарих, әдебиеттану, әдістеме, М. Дулатовтың, Ә. Ермаковтың, С. Қожанұлының – математика, Ж. Аймауытовтың – психология; М. Жұмабаевтың – педагогика, Е. Омаровтың – физика, геометрия, Ж. Күдеріұлының – биология, Х. Досмұхамедовтың – зоология, лингвистика, анатомия, З. Оспановтың – астрономия, Т.Шонановтың – тарих, тіл, М.Әуезовтың – әдебиет, Ж. Тілеуліұлының – медицина ғылымына байланысты оқу құралдары жарық көрді. Ә. Бөкейханов бастаған ғалымдар тобы орыс тіліндегі ғылыми еңбектерді, оқулықтарды қазақ тіліне аударып бастады. Мысалы, Ә. Бөкейханов К. Фламарионның «Астрономия әліпбиі», Д.Гравенің «Дүниенің құрылысын»; М. Әуезов В. Вагнердің «Жердің жаратылысы»

жайындағы әңгімелерін», А. Байтасов В. Вагнердің «Жануарлар туралы әңгімесін», М. Есболов Д. Кудрявскийдің «Арғы мәдениетін» қазақ тіліне аударды[108]. Бұл тізімді одан әрі жалғастыра беруге болады.

Дегенмен, кеңестік биліктің орнауына байланысты баспа ісінің жұмысының мазмұны да өзгерістерге ұшырағандығы белгілі. 1923 ж. қазан айында РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің кеңейтілген 7 - пленумы полиграфиялық базаны жасап, нығайту, В.И. Ленин еңбектерін қазақша басып шығару туралы арнайы шешім қабылдады. 1924 жылдың басында облыстық партия комитеті В.И. Ленин шығармаларын қазақ тіліне аудару ісін ұйымдастыратын комиссия құрады. 20-жылдарда оның шығармаларын қазақ тіліне аударуға жазушы С. Мұқанов, Ғ.Мұратбаев, Ж. Арыстанбековтер қатысады [109]. Дегенмен, марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін қазақ тіліне аудару ісінде айтарлықтай табыстарға тек 30-жылдары ғана қол жеткізілді.

1925 жылы РК(б)П-ның Орталық Комитетінің саяси бюросы одақ көлемінде кітап саудасына ықпал ету шаралары туралы қаулысын жариялайды [72, 48 б.]. Аталған қаулыда көркем әдебиет пен өнер саласы, философия, әлеуметтану, жаратылыстану, экономикалық және балалар мен жасөспірімдер әдебиеттерінің ішіндегі кеңестік құрылыстың ілімдеріне қарсы келетіндерін толығымен жою, шектеу немесе тыйым салу шараларының тәртібі көрсетіледі. Осындай шектеулер, 20-жылдардың соңындағы баспа ісі саласының жұмысының нәтижелі дамуына кедергі келтірді.

Одақ бойынша жасалған шектеулердің негізінде Қазақстанда да баспаға ұсынылған қолжазбалардың мазмұны бақылауға алынды. 20-жылдардың соңына дейін баспаларға өз шығармаларын ұсынып жүрген жазушылар

мен аудармашылардың негізгі бөлігіне «алашордашылар» деген айып тағылып, аталған жұмыстардан аластатылады[110, 1-т., 1113- і., 41-п.]. Қазақ зиялыларының оқулықтары идеологиялық тұрғыдан жарамсыз деп танылды. Сол уақыттағы Халық ағарту жүйесін басқарған С. Сәдуақасұлы А.Байтұрсынұлының оқулықтары қанша жарамсыз деп саналғанымен, мектептерге солардың өзі де жетпей отырғандығын, Алашорда өкілдерінің жазған оқулықтарын еш негізсіз сынаудың мүлде түсініксіз екендігін айтты[111] – деп араша түскеніне қарамастан, әміршіл билік өз дегеніне жетті. Сол сияқты, республиканың өлкелік комитетінің хатшысы І. Құрамысов М.Жұмабаевтың Лениннің еңбектеріне аударма жасағандығын сынға алады [112]. Ол өзінің айыптауында, Алашорданың ең көрнекті өкілдерінің бірі – Жұмабаевтың аударған Лениннің шығармаларын, орыс тілін білмейтін қазақ жұмысшыларының оқуының қате екендігін баса айтты. Партиялық қызметкерлер тарапынан жасалған осындай мазмұндағы айыптаулардың нәтижесінде, баспалар көптеген білікті авторлардың қызметінен бас тартуға мәжбүр болды. Дегенмен де, олардың орнына сауатты да білімді авторларды табу қиынға соқты.

1928 жылы 10 қазанда қазақ өлкелік Комитетінің Бюро отырысында И.Голощекиннің қазақ тіліндегі кітаптардың таралуы мәселесі туралы баяндамасы тыңдалып, соның негізінде қазақ ауылдарына кітаптардың таралу жұмыстары әлсіз деп танылды. АППО мен Қазақ мемлекеттік баспасына, кооперативтік ұйымдарға осы мәселені оң түрде шешу жолдарын қарастыру міндеттеледі [68, 94 б.]. Бірақ, аталған кемшіліктердің баспа ісіндегі тежеліспен байланыстылығы туралы сөз қозғалмады.

Қарастырылып отырған жылдары партия талап еткен социалистік құрылысты насихаттайтын еңбектердің аздығына байланысты, ал ұлттық мағынадағы

шығармаларға шектеу қойылғаннан кейін, баспа орындары негізінен көпшілік халықты қызықтырмайтын, белгілі бір салаларға арналған өнімдер шығарумен айналысуға мәжбүр болды. Олардың тақырыптары «Почвы Джетысу», «Правила перевозки скота», «О регистрации сельхозобъединений», «Стенографический отчет орфографической конференции» сияқты мағынада сипатталды. Жоспарды орындау мақсатында аталған баспа өнімдерінің таралымы да жоғары тұрды. Мысалы, 1928-1932 жылдардағы әр кітаптың орташа таралымы шамамен 7 мыңға теңесті. Қағаз бен қаражаттың тапшы жылдарында республиканың баспа орындары осындай талан - таражға жол берді. Ауқымды қаражат жұмсап, үлкен таралыммен шыққан осы өнімдерге оқырмандар тарапынан сұраныс болмады. Қазақбаспасының 1929 жылды қорытындылау есебінде [110, 41 б.] баспадан шығарылатын өнімдердің мазмұнының біртекті болуынан, оқырмандардың таңдау мүмкіндігінің шектеліп, шын мәнінде сатуға ұсынарлық кітаптардың жоқтығы туралы ашық айтылды. Аталған есепте, республикадағы кітап шығару мен оларды сатудағы жетістіктер «тарихи аңыз» деп бағаланды. Өйткені, сол жылдардағы шығарылған баспа өнімдеріне сұраныс болмағандықтан, оның 50 пайызы зорлықпен мекемелер мен ұйымдарға сатылып, өтпей қалғандары тегін таратыла салған. Бұл жерде биліктің талабы мен халықтың сұранысының сәйкессіздігі ескерілмеді.

Сонымен, кеңестік билік белгілеген тіл саясатын жүзеге асыру барысы республикада барынша баяу жүрді. Қарастырылып отырған жылдардағы большевиктер партиясының ұлттарды дамытуда алға қойған бағдарламалары барынша оң мағынада болды. Дегенмен, ондағы жоспарланған міндеттердің дұрыс нәтижелер беруі, ең алдымен қоғамда кешенді жұмыстардың жүргізілуін талап етті. Себебі, патша өкіметінің басқаруында болған

қазақ қоғамын кеңестік бағдарламаға сәйкес дамыту үшін, сол қоғамның негізгі қажеттіліктерін игеру қажет болды. Ол тек мемлекеттік қызметті жергіліктендірумен ғана сипатталған жоқ. Жергіліктендіруді жүзеге асыру үшін республикадағы қазақ халқының әлеуметтік жағдайы қанағаттанарлық деңгейде болуы керек еді. 20-жылдардың басындағы Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік саласында тұрақсыздық, ұлттардың арасындағы әлеуметтік теңсіздіктер орын алды.

Елдегі қазақтардың саны сол уақытта жалпы халықтың жартысынан аса бөлігін құрағанымен, олардың соншама бөлігі ауылдық жерлерде мал шаруашылығымен айналысты. Осының негізінде қазақ тілі де ауылдық жерде қарапайым, ауызекі сипатындағы қолданыста болып, мемлекеттік деңгейге шыға алмады. Сонымен бірге, қазақтардың сауаттылығын көтеру, қазақ тілінде мектептер ашып, білім беру жұмыстары баяу әрі сапасыз жүрді. Қазақтармен салыстырғанда, келімсек ұлттардың басым бөлігі қалалық жерлерді мекендеп, олардың әлеуметтік - мәдени жағдайы неғұрлым қолайлы сипатта дамыды. Ол туралы XX ғасырдың басындағы «Алаштың» үні болған «Қазақ» газетінде: «Келімсек жұрт күшті болса, тұрғын жұрт аяқ асты болып азып-тозып жоғалмақшы. Тұрғын жұрт күшті болса, келімсек жұрт сіңіп, тұрғын жұрттың түріне түсіп, бөтендігі жоғалмақшы. Екеуі де тең болса, бір-бірінен кем болмай, қатар тұрып күнелтіп, әрқайсысы өз алдына ұлт болып тұрмақ... Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егер де біз қазақ деген ұлт болып қалуды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек» [113] – деп жазылған болатын.

1920-жылдардағы Қазақстандағы қазақтардың әлеуметтік-мәдени жағдайы қазақ тілінің мәртебесінің

жоғарылауына кедергі болса, сол уақытқа дейін қазақ қоғамына рухани дем беріп тұрған қазақ зиялыларының көптеген жұмыстардан шеттетілуі одан әрі тосқауыл қойды. Осы шектеу әсіресе баспа ісінің дамуына теріс ықпал етті. Кеңестік билік ұлттық зиялы қауым өкілдерінің орнына көпшілікке қажетті, сапалы шығармалар жазатын авторларды таба алмады. Бұл да қазақ халқының рухани кедейленуіне, қазақ тілінің ауызекі сипатта қалып қойуына негіз болды.

Сөйтіп, 1920-жылдардағы Қазақстандағы шынайы әлеуметтік-мәдени мүмкіндіктер мен кеңестік биліктің ұлт-тіл саясатына қатысты қолға алған міндеттері өзара сәйкессіздікпен сипатталды. Нәтижесінде, қарастырылып отырған жылдар бойында билік орындары қазақ тілін дамыту жайлы нұсқаулар бергенімен, аталған салада айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізе алмады.

1.2 Кеңес үкіметінің тілдік дамуды орталықтандырудағы іс-қызметі: латын графикасы

XIX ғасырда Қазақстанға қатысты патша әкімшілігінің тарапынан қолға алынған орыстандыру, діни бағытты өзгерту сияқты саясат кеңестік биліктің бастапқы жылдарында баяулап, ұлт мәселесін дамытуда неғұрлым қолайлы жағдай туғандай болды. Большевиктік үкімет тарапынан қабылданған одақ көлеміндегі ұлттардың тең құқылығы, ұлттық мектептерде ана тілінде білім беру жөніндегі бағдарламалар ұлттардың кеңес өкіметіне деген сенімдерінің орнығуына жағдай жасады. Ұсақ ұлттардың сеніміне кірген кеңестік әкімшілік одақ көлеміндегі ұлттардың тілдеріне байланысты реформаларды іске асыруға кірісті.

Қазақстанда тіл саясатын жүргізу барысында жазу мәселесін шешу міндеті де алдыңғы орында тұрды. Жалпы,

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда орысша - қазақша мектептердің ашылып, мерзімді баспасөздің қалыптаса бастағандығы белгілі. Аталған өзгерістер қазақ тілінің жазуының болуын қажет етті. Осындай қажеттіліктерге орай А. Байтұрсынұлы араб жазуының негізінде қазақ тілінің жазуын қалыптастыруды кеңес билігінен бұрын қолға алды. Оның жасаған қазақ әліппесі 1915-1929 жылдар аралығында кең қолданыста болғандығы белгілі. А. Байтұрсынұлының «Тіл құралы» деп аталған оқулықтары 1914-жылдан бастап 1928-жылға дейін бірнеше рет қайталанып басылды. Дегенмен, кеңес өкіметі орнағаннан кейін әр түрлі дәрежедегі білім беру орындарының үздіксіз ашылуы, аталған мекемелердегі білім беру үрдісінің әр халықтың ана тілінде жүргізілуі, ол тілдердің оқу пәндерінің бірі ретінде оқытылуы - КСРО көлеміндегі тілдердің заңдылықтары мен құрылыстарын зерттеуді, олардың іс-тәжірибелік және ғылыми тілін жазуды күн тәртібіне қойды.

Жалпы, одақ бойынша XX ғасырдың 20-30-шы жылдары кеңестік лингвистика нәтижелі жұмыстар атқарды. Аз уақыттың ішінде ондаған жазу үлгілері дайындалды, көптеген тілдер алғаш рет ғылыми және қоғамдық-саяси салаларда, іс жүргізуде пайдаланыла бастады. Осылардың барлығы терминология мен стилистика салаларындағы үлкен ізденістердің нәтижесінде іске асты.

Қазақстанда революцияға дейін де кітаптар шығып тұрды, дегенмен олар бірегей сипатта болды. Жазба тілдің диалектикалық негізі жайлы мәселе шешімін таба алмады. Қазақ тілін ғылыми тұрғыда дамыту мәселесіне кеңестерден бұрын қазақ зиялылары да назар аударған болатын. Алашорда үкіметі жетекшілерінің бірі Х. Досмұхамедұлы тіл туралы: «Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Тек сөздерін ғылым жолына салып реттесе, ешбір жұрттың тілінен кем болмайды» [114], - деген пікірді айтты.

Дегенмен, 20-жылдары орфографияны санамағанда графикалық негіз бойынша нақтылық болмады. Сондықтан алғашқы кезектегі міндеттердің бірі ретінде сауатсыздықты жоюмен қатар, алфавит жасауға ерекше көңілдің бөлінуі кеңестік тіл саясатының оң істері деп қарау орынды.

Сөйтіп, тіл саясатын жүзеге асырудың алғашқы сатысында графика мәселесі қолға алынды. Қазақстанда да барлық мұсылман халықтары сияқты араб жазуын пайдаланғандығы белгілі. Бірақ, оны классикалық қалыпта пайдалану бірқатар қиындықтар тудырды. Сонымен бірге, Құран жазуы ретінде бұл графика белгілі бір қасиетке ие болды. Араб тілін реформалау барысы негізінде үш бағыт жатты: артық графемдерді алу, араб тілінде жоқ фонемдерді белгілеуді бір тәртіпке келтіру, сонымен қатар, әріптердің жазылуын сөздегі орналасу орнына қарамай унификациялау. Сол уақыттың талабына сәйкес А. Байтұрсынов қазақ тілінің ерекшелігін ескере отырып төте жазуды дайындады. Ол сингармонизмді есепке ала отырып, қосақталған алдында және соңында жазылатын дауысты дыбыстарды бірдей белгілеуді ұсынды. Сонымен бірге, әрбір сөздің алдында сингармониялық қатарды нұсқайтын ерекше белгіні қоюды ескертті.

Тіл саласында жүргізілген оң істермен қатар, билікке тұрақты орныққан большевиктер өкіметі тілдік дамуды орталықтандыру мәселесіне де назар аудара бастады. XX ғ. 20-жж. КСРО-ның құрамындағы түркі халықтарының әліпбиін (алфавитті) алмастыру мәселесі көтеріледі. Оның себебі XX ғ. бірінші ширегінде Түркия, Иран, Әзербайжан және Орта Азияның алдыңғы қатарлы зиялылары тарихи - лингвистикалық сараптау негізінде араб жазуының олардың елдеріндегі халықтар тілінің табиғатына сәйкес келмейді деген тұжырым жасауынан болды. Алғашында кеңес өкіметінің орталықтан басқаруына тиімді кирилл графикасын енгізу туралы ұсыныстар айтылады. Бірақ,

аталған өзгерістерді енгізу үшін, кеңестік әкімшілік тіл ғылымы саласындағы ғалымдармен кеңесе отырып, қорытындылар жасайды.

1920 жылдардың басындағы билік тарапынан қолға алуды жоспарлаған әр түрлі ұлттардың жазуын кирилл алфавитіне көшіру мәселесіне тілші - ғалымдар тарапынан қолдау білдірілмеді. Тіл саласының маманы Е.Д. Поливанов сияқты ғалымдар орыстардың отарлау саясатының түрік тектес халықтардың дамуына кері әсер еткендігін атап өтеді. Соған байланысты, аталған халықтардың орыстандыру шараларына, оның құралдарының бірі – орыс жазуына оң көзқарас танытпайтындығын ескере келе, кириллицаны енгізу жайлы мәселе көтерудің дұрыс еместігі туралы пікір білдіреді [29, 119 б.]. Патша өкіметінен қалған осындай ахуалдың әлі де өз күшінде тұруы, кеңестік биліктің жазуды реформалауға байланысты жоспарларын кейінге шегере тұруға итермеледі. Сөйтіп, КСРО құрамындағы түркі халықтарының бұрынғы жазуын орыс әліпбиіне (кириллицаға) көшіру әрекеті қатты дауға айналып кету қаупі болғандықтан, оны елдің патша заманындағы ескі, орыстандыру саясатының қалдықтары деп түсінбесін деген оймен іске асырудың басқа жолдары мен сатыларын қарастырады.

КСРО көлемінде 1920 жылдардың басында латын алфавитін насихаттау жұмыстары қолға алынды. Кириллицаны ұлттардың жазуына енгізу ұсынысына теріс пікір айтқан Е.Д. Поливанов латын алфавитіне ауысу туралы бастамаға қолдау білдірді. Ол ұлттардың жазуын латындандыру олардың бір-бірімен, сол сияқты, халықаралық жазумен жақындасуына қолайлы жағдайдың туатындығына тоқталды [29, 119 б.]. Тілші-ғалымның пікірін саясатсыз, ғылыми тұрғыдан бағаласақ, шындығында латындандырудан ұлттар ұтылмас еді. Дегенмен, сол жылдары жаңа жүйеге бейімделіп келе жатқан әлсіз ұлттар

үшін кез келген тәжірибелер тиімсіз болды. Ал, кеңестік билік жағдайында араб жазуын реформалау, оны латыншамен алмастыру идеясының туындауының саяси астарының болғандығы белгілі. Олардың ішінде араб жазуын, тіпті оның реформаланған нұсқасының өзін меңгерудің күрделілігі, ең бастысы өткеннің «артта қалған» мәдениетінен, оның ішінде исламнан алшақтау, Шығысты батыстандыру мақсаттары алғашқы орында тұрды.

Араб графикасын реформалау идеясынан Әзірбайжан алғашқы болып бас тартты. Ол елде латын алфавиті 1922 жылы бекітілді [90, 112 б.]. Жаңа жазуға көшуді жүзеге асыру үшін жаңа түркі алфавитін жасау бойынша комитет құрылды (КНТА), оның басшысы болып Әзірбайжан ОАК төрағасы С.А. Агамали - оглы сайланды [115]. Алғашқы кезде араб және латын алфавиттері тең дәрежеде пайдаланылды, тек 1925 жылдан бастап қана жаңа жазу бастауыш мектептерде міндетті болды. 1926 жылы Бакуде өткен I Бүкілодақтық түркітанушылардың съезінде резолюция қабылданады, онда барлық халықтарға Әзірбайжанның тәжірибесін игеру ұсынылады. Латындандыру идеясы одақтық үкіметтің қолдауына ие болып, С. Агамали-оглының жетекшілігімен жаңа түрік алфавитінің бүкілодақтық орталық комитеті құрылады. Ол комитет 1927 жылдың маусым айында Бакуде жұмыс жасай бастады.

Әзірбайжан республикасынан басталған латын алфавитіне өту жұмыстары Қазақстанға да таралды. Жалпы, жаңа қазақ алфавитіне ауысуға негіз болған оқиға 1923 жылдың соңындағы Ташкент, Орынбор, Мәскеу қалаларындағы қазақ еңбекшілері мен оқушы жастардың баспасөз беттерінде араб алфавитіне қатысты жазылған қарсылықтары болып табылды [68, 73-77 б.]. Бұл оқиғаны билік тарапынан жүргізілген жұмыстардың нәтижесі деп шамалаған дұрыс. Дегенмен, республиканың ішінде латын

алфавитін алуға қарсы пікірлер де орын алды. Ол негізінен қазақтың зиялы қауым өкілдері тарапынан айтылды. А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Қ. Кемеңгерұлы, Е. Омарұлы бастаған қазақ қоғамының белсенді тобы латындандыру үрдісін баяулатты. Олар латын әрпіне көшу – қазақты төл мәдениетінен айыру деп, сонымен бірге тіл саясатындағы кез келген өзгерістердің болашақтағы ұлттың, мемлекеттің дамуына үлкен әсер ететіндігін түсінді.

Осындай пікірлер, тіпті, кеңес өкіметі орнамай тұрып, патша әкімшілігінің саясатына байланысты айтылған болатын. Мысалы, «Қазақ» газетінде: «...Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек» [113, 14 б.] - деп тіл мәселесіне ерекше маңыз берді. Қазақтың зиялы қауым өкілдері мен ғалымдарының бір бөлігі жаңа әліпбидің халықты мұсылман дәстүрінен, мұсылман мәдениетінен алшақтататындығын көріп, латын әліпбиін енгізуге қарсы болды. Қазақ қоғамы араб және латын әліпбиін қолдайтындар болып екіге бөлініп кетті. Белгілі түркітанушы, әдебиетші, ғалым, алаш қозғалысы басшыларының бірі А. Байтұрсынов араб әліпби үшін күресті басқарды.

1923 жылғы оқиғадан соң ҚКСР Оқу - ағарту Халық Комиссариаты ғылыми қызметкерлердің I съезінің бағдарламасына алфавитті қайта қарау мәселесі енгізіледі. Съезге дейін (1924 жылдың маусымы) Қазақстанда латын әрпінің негізіндегі жаңа қазақ алфавитінің 3 жоба - нұсқасы әзірленеді: Н. Төрешұлының (Мәскеу), М. Мурзин (Орынбор), Х. Досмұхамедов (Ташкент) [68, 73-77 б.].

Сөйтіп, Қазақстанда алфавит алмастыру бойынша алғашқы басқосу 1924 жылдың 12-18 маусым аралығында өткен Орынбордағы қазақ білімпаздарының бірінші

съезінде болды. Бұл съезде біраз уақыт бойында қолданылып, тұрақтана бастаған қазақ тілінің дыбыстық табиғатына лайықталып өзгертілген, ресми түрде қабылданған алфавиттің мәні жөнінде әр түрлі мәселелер талқыланды. Осы отырыста алфавит алмастыруға байланысты баяндаманы А. Байтұрсынұлы жасап, өзінің дайындаған қазақ алфавитінің артықшылықтарын жан-жақты талдайды. Ол алфавит ауыстыруға көп күш пен қаражаттың қажет екендігін, көз үйренген алфавитті тастап, басқаны алудың қиын жұмыс екендігін айта келе, мына мәселеге назар аударады: «Латын әліббин алғанда, келтіретін пайдасы жоқ болмақ, істейтін зияны көп болмақ зияны сол – бұл «сау басқа сақина тілеп алуда» болмай ауру үстіне ауру тілеп алу болады. Біздің осы күнгі ауруымыздың зоры: мешел өскендіктен мәдениет жүзіндегі мешеулігіміз; надандық, сауатты адамдардың, іс қыла білетін адамдардың аздығы, қаржысыздық, тағысын тағы мәдениет жағынан кемшіліктер. Сол аурудың үстіне латын әліббинің ауруы келіп жамалмақ» [77, 82 б.]. Ал, Н. Төреқұлұлы латындандырудың тиімділігін дәлелдеп, жаңа енгізілімді қолдайды. Отырыс барысында М. Дулатұлы, Х. Досмұхамбетұлы, И. Арабайұлы, М. Тұрғанбайұлы, Е. Омарұлы сияқты зиялы қауым өкілдері Ахмет Байтұрсынұлының пікірін бірауыздан қолдап, республикадағы латын мәселесін тоқтату керек деген шешімге келеді. М. Дулатов осы съезде сөйлеген сөзінде: «Латынды оңай, қазақ (араб) әрпін қиын қылып көрсету үшін латыншылдар қисынсыз мысалдар алады. Мәселен: Абдірахман өткен жолғы баяндамасында өзінің қазақша жазуды 10 жыл оқып үйренгенін айтып өтті. Бұрынғы кезде солай болғаны рас та шығар. Бірақ оған қазіргі әліпби жазықты емес, сол кездегі ескі оқудың әдісі кінәлі ғой. Қазір орысшаны да, қазақшаны да 8-9-дағы балалар 2-3 айда жазып, оқып кетеді. Үйренуге орысша да, латынша да

бірдей. Бұлай болса, «10 жыл» деген сөз қазіргі әліпбиімізге жала ғой. Латынды қолдаушылар қазақ әріптері жазуға да қиын деседі. Бұл бекер» [76, 323 б.], - деп, М. Дулатов аталған жиында қазақ сөздерін латынша, қазақша жазып салыстырып көрсетеді. Дегенмен, отырыс мүшелері съезд соңында талқылауға түскен жазу мәселесіне байланысты мынадай қорытындыға келеді: латындандыруды қолдаушылар мен оған қарсылық танытқандар сегіз де сегіз дауысқа ие болып, тең түседі. Бірақ отырысқа төрағалық еткен Н. Зәлиұлы сол күнгі мәжілісте болмаса да, латындандыруды қолдайтындығын қағаз жүзінде жазып, жоғарыдағы теңдікті өзгертіп жібереді. Соның нәтижесінде латынды қолдап – 9 дауыс, латынға қарсы – 8 дауыс беріледі [77, 93-94 б.].

Қарастырылып отырған жылдары жазу жүйесіне байланысты өзгерістерді жүзеге асыруда мелекеттік ведомствалар немқұрайлылық танытты. Қазақ білімпаздарының бірінші съезінде Оқу-ағарту Халық Комиссариатына жаңа алфавитті енгізу мәселесін зерттеу және оған байланысты қажетті құжаттарды дайындауды тапсырғанымен, аталған комиссариат 1927 жылға дейін бұл тапсырманы орындаудан жүйелі әрі табанды түрде бас тартып, ешқандай жұмыстарды бастамайды [68, 73-77 б.].

1926 жылы Бүкілодақтық түркітанушылар съезін Баку қаласында өткізу жоспарланады. Оның мақсаты - түркі-татар халықтарының жазуын латынға ауыстыру мәселесін көтеру болып табылды. Сонымен, 1926 жылдың наурыз айында Бакуде Бүкілодақтық түркітанушылардың бірінші съезі өтеді. Аталған съезде Жаңа түрік алфавитінің Орталық Комитеті құрылады. Осы комитеттің құрамы мынадай болды: С.А. Ағамалы-оғлы (төраға), В.А. Артемов, Б.М. Гранде, Л.И. Жирков, В.И. Лыткин, Н. Марр, Е.Д. Поливанов, А.А. Реформатский, А.Н. Самойлович, А.М. Сухотин, Б.В. Чобан-заде, Г.Шараф, Р.О. Шор, К.К.

Юдахин, Н.Ф. Яковлев. Аталған съезге Қазақстаннан А. Байтұрсынұлы, Е. Омаров, Т. Шонанов, Н. Төрекұлұлы сияқты қазақ зиялылары қатысады [68, 85 б.]. Кейіннен бұл комитет Бүкілодақтық Жаңа алфавит Орталық комитеті болып өзгертіледі. Аталған комитет түркі - татар халықтарының латын алфавитіне өтуін қамтамасыз етіп, жазуы жоқ халықтарға латынды енгізуді мақсат етіп белгілейді. Одақ көлеміндегі осы комитеттің жүргізген жұмыстарының нәтижесінде КСРО-дағы 20 ұлт жаңа алфавитке көшіп, ал жазуы болмаған 50 ұлт латын алфавитін қабылдады [68, 58 б.].

Жалпы, латын алфавитін қазақ тіліне бейімдеуде 3 қағида негізге алынды [68, 85 б.]:

1) ортақ алфавит жүйесін сақтай отырып, КСРО түркі халықтарының республикаларымен бірге біртекті әріптерді енгізу;

2) жаңа алфавитті қазақтың ұлттық тіліне нұсқан келтірмей, оның айтылуына сәйкес қолдану;

3) арабшаларға қарсылық ретінде, жаңа алфавитке нүктесіз, ілмексіз жеңіл әріптер енгізу. Қазақстанда 1924 жылы басталған алфавит ауыстыруға байланысты пікір таластар 1927 жылға қарай күшейе түседі. Сол уақытқа дейін осы мәселе бойынша нақты әрекет жасамаған республиканың Оқу - ағарту Халық Комиссариатында қозғалыс байқалды. Жаңа алфавитті алмастыруға байланысты көптеген шаралар мен жолданған үздіксіз сұраулардың нәтижесінде аталған мекеме жаңа алфавитке қатысты 1927 жылдың қыс айларында Қызылорда қаласында жиналыстар мен пікір таластар ұйымдастыруға кіріседі [68, 73-77 б.]. Сол жылғы Қызылордада жазу (графика) мәселесіне арналған конференцияда А. Байтұрсынов өзінің ұстанымынан ауытқымай, өз ойын былайша жеткізеді: «Түрік жұртының 90% - ы баяғыдан бері араб әрпін пайдаланып келеді. Әрқайсысының араб

әрпімен жазылған хат мәдениеті бар (хат мәдениеті – сауаттылық, оның жүзіндегі өнербілім, ілім, емле, үйрету әдісі, баспа істері, баспа мамандары, жазба мамандары, жазылған, басылған барша сөздер т.т.). Хат мәдениеті бар халыққа бір әрпін тастап, екінші әріпті ала қою оңай нәрсе емес» [91]. Осы уақытта араб жазуын қолдаған топты «байшыл», «буржуазияшыл-ұлтшыл», «алашордашыл», «діншіл» деп айыптау қалыптаса бастады. Кез келген отарлаушы елдер қолданатын бір халықты екіге бөліп, оларды бірбіріне қарсы қою шаралары тіл саясатын жүзеге асыруда да пайдаланылды. Баспасөз беттерінде латындандыруды насихаттаған мақалалар пайда бола бастады. Дегенмен, олар негізінен араб алфавитін қолдағандарды теріс мағынада сипаттап, ешқандай нақты дәлелсіз айыптаулар таққан жалаң, бос мақалалар болды. Мақалалардың авторлары негізінен қазақ ұлтының өкілдері болды. Олар сол мақалаларды жазып отырып, өздерінің ұлттық негізіне зиян келтіріп отырғандықтарын сезінбеді [116].

Қарастырылып отырған жылдардағы оқиғалар қазақ халқының сырттан келетін әсерлерге еліктегіш, оны тез қабылдағыш халық екендігін дәлелдейді. 1927 жылдың 24 сәуірінде Қазақ Республикасының студенттерінің Мәскеу қаласында өткен жалпы жиналысының резолюциясы жарияланады [68, 68-69 б.]. Ол резолюцияда қазақ алфавитін латыншаға көшіру мәселесі сөз болды. Бұл құжатта латыншаға көшуге байланысты соңғы екі жылда қазақ баспасөзі беттерінде екі түрлі көзқарастың пайда болғандығы айтыла келе, бірінші топтың ескі интеллигенция өкілдерінің қолдауындағы консервативті бағытымен байланыстылығы көрсетіледі. Сол уақытқа тән пікір бойынша аталған топтың латыншаға көшіруден қазақ халқының жалпы мұсылмандық мәдениет пен дәстүрлерден алшақтайтындығына байланысты қауіпін айыптайды.

Сонымен бірге, қазақ зиялыларының осы іске қатысты көзқарасы резолюцияда зиянды деп табылып және осы ойларын халыққа білім беру саласын дамытудағы жалған мүдделерімен «бүркемелейтіндіктері» сынға алынады.

Ал, аталған топқа қарама-қарсы пікірдегі топты резолюция бойынша көп санды жаңа интеллигенция, ауылдық мұғалімдер мен оқушы жастар құрады. Олардың ойынша, қарастырылып отырған уақытта шығыс елдерінің өзі біртіндеп натуралды шаруашылығымен, феодалдық қоғамымен, көпшілікке түсініксіз араб мәдениетімен сипатталатын ортағасырлық дәуірден еуропалану жолына шығып жатқанда Шығыстық жалпы мұсылмандық дәстүрлер туралы айту күлкілі жағдай болып табылды. Резолюцияда республика еңбекшілері сауатсыздық деңгейі әлі 2 пайыздан аспай тұрғанда жаңа қоғамның игіліктерін тек КСРО - мен тығыз байланыса отырып және батыстық мәдениетке қатаң бағыт жасау арқылы ғана қол жеткізе алатындықтарын мәлімдеді. Сонымен бірге, жаңа қазақ алфавитінің араб тілімен салыстырғанда техникалық жағынан артықшылықтарға және болашақта баспа ісін дамыту мүмкіндіктеріне ие екендігі айтылады. Резолюцияның соңында Қазақ республикасының еңбекші, оқушы жастарын Әзірбайжан, Якутия, Түркіменстан, Қырғыз республикаларының жолымен жүруге шақырады.

Республиканың рухани тұрғыдан дамуына жауапты мекемелердің бірі - Оқу-ағарту Халық Комиссариаты тіл саясатындағы жаңалықтарға бейқам қарап отырғанда, Қазақстандағы латындандыруды қолдайтын топтар белсенді шаралар жүргізе бастайды [68, 73-77 б.]. Олар Қызылорда қаласында «Жаңа әліппешілер қоғамының» Орталық комитетін құрып, оның Орал қаласында губерниялық бөлімін, «Еңбекші қазақ» газетінде латыншылдар бұрышын ашады, осы қоғамының Жарғысын дайындайды.

Бүкілодақтық түркітанушылардың бірінші съезінен кейін, 1927 жылдың 25 мамырында Қазақстанның сол жылдардағы астанасы Қызылордада «Жаңа әліппешілер қоғамы» құрылады. Жаңа алфавитті насихаттауға, таратуға бағытталған еріктілерден тұратын «Жаңа әліппешілер қоғамының» (ЖӘҚ) орталық, аймақтық, аудандық комитеттері, бастауыш ұйымдары, үйірмелері жұмыс істеді. «Жаңа әліппешілер қоғамының» Орталық комитеттің төрағасы Т. Шонановтың баяндамасының тезистерінде [68, 73-77 б.] революцияға дейін араб алфавитінің кемшіліктері көрінбегендігі, ал кеңестік биліктің орнауымен басталған баспа ісі, ұлттық мектептерді дамыту, сауатсыздықты жою, мемлекеттік аппаратты жергіліктендіру сияқты шараларды жүзеге асыру барысында педагогикалық, техникалық, мәдени-тарихи тұрғыдан араб тілінің жарамсыздығы ерекше айқындалғандығы мәлімденеді.

«Жаңа әліппешілер қоғамының» құрылғанынан кейін бір ай өткенде, 19 маусымда ҚКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысымен Жаңа қазақ алфавиті комитеті құрылады. Сол жылдың тамыз айында Қызылорда қаласына Бүкілодақтық Жаңа алфавит Орталық комитетінің төрағасы С.А. Ағамалы-оғлы келіп, аймақтағы жұмыс барысымен танысады. Төрағаның сапарынан кейін «Жаңа әліппешілер қоғамы» мен Жаңа қазақ алфавиті комитеті біріктіріледі. Сөйтіп, Халық Комиссарлар Кеңесінің 1927 жылдың 19 қарашасындағы қаулысы бойынша Жаңа қазақ алфавитінің Орталық Комитеті өз жұмысын бастайды. Аталған комитеттің құрамы мына тәртіпте сайланды: төрағасы - Н. Нұрмаков (Қазақ АКСР ХКК-нің төрағасы); комитет мүшелері - А. Тоқтабаев (ҚКСР Оқу - ағарту халкомы), О. Жандосов (БК(б) П Өлкелік комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі), Ә. Байдилдин (Оқу-ағарту қызметкерлері кәсіподағының төрағасы), Ә. Ермеков (ҚКСР ОАК мүшесі), А. Тоғжанов («Еңбекші қазақ» газетінің

жауапты редакторы), Т. Шонанов (ҚКСР Оқу-ағарту халкомының жауапты қызметкері). Сонымен бірге мүшелікке кандидаттар ретінде Ж. Орманбаев («Лениншіл жас» комсомол журналының редакторы), Б. Малдыбаевтар (педагог) тіркеуге алынады [68, 77 б.].

1928 жылдың 23 маусымында осы комитет Бүкілодақтық жаңа түркі алфавиті комитетінің төралқасында есеп береді [68, 81-92 б.]. Ол есепте аталған комитеттің Қазақстандағы жұмысының басқа республикаларға қарағанда кеш басталғандығы аталып өтті. Оның басты себебін мәдени құрылыс пен латын алфавитіне ауысу мәселелерін үнемі кейінге ысырып келген консерватор-ұлтшылдар, арабшылармен байланыстырды. Аталған комитеттің губерниялық атқару комитеттерінің жанынан ашылған бөлімшелері болды. Одан басқа республикада өз еркімен құрылған 58 қоғамдар да жұмыс жасады. Сол уақыттағы толық емес мәліметтер бойынша, 58 қоғамның 48-де 3546 мүшелері жұмыстар жүргізді [68, 85 б.]. Үгіт-насихат шараларында, аталған комитет негізінен баспасөз беттерінде араб алфавитінің кемшіліктері мен жаңа алфавиттің жақсы жақтарын көрсетуге барынша күш салды.

Араб алфавитін қолдаған қазақ зиялылары болжағандай, жаңа алфавитті үйретуде көптеген қиыншылықтар кездесіп, қаржы бөлініп, курстар ашылды. 1927-1928 оқу жылында барлық техникумдарда сабақтар латын алфавитінде оқытыла бастады. Сол уақытта республикада 29 техникум болса, оларда 2646 адам оқыды. Сонымен бірге, педагог-кадрларды қайта даярлау курстары ұйымдастырылады. Онда, 890 қазақ мұғалімдері оқыды. Бұл көрсеткіш республикадағы барлық педагог кадрлардың 44% болып табылды. Одан басқа аудандық оқу-ағарту инспекторларын, іс-жүргізуді, есепшілер мен кәсіподақ өкілдерін қайта дайындайтын курстар ашылған. Жалпы,

1928 жылдың ортасында жаңа алфавитке үйренгендердің саны - 3103 адам болып белгіленеді [68, 85 б.]. Оқытатын мұғалімдердің тапшылығы комитеттің жаңа латын алфавитін үйретуде баспасөз арқылы сырттай оқыту әдісін қолдану әрекеттерінен көрінді.

Латын алфавитін насихаттауда республиканың баспа орындары да жұмылдырылды. Соның негізінде, латынша 1500 дана метрикалық өлшемдер кестесі, 56 000 дана әліппелер және тағы да басқа насихат материалдары баспадан жарық көрді [68, 85 б.]. Сол уақыттағы техникалық жағдайды есепке алғанда, бұл қанағаттанарлық көрсеткіш болып табылды. Жазуды латындандыру жұмыстары республиканың баспа саласындағы техниканы өзгерту талабын туындатты. 1928 жылы Қазақ өлкелік комитетінің бюросында араб әріптерін латын әріптеріне алмастыру мәселесі қарастырылады. Сол отырыста жаңа әріптерге көшу негізінде баспаханалардың техникалық деңгейін жақсарту, арзандату, сонымен қатар қазақ тілінде басатын баспа машиналарын енгізу мүмкіндіктерінің бар екендігі мәлімденеді [70, 68 б.].

Билік тарапынан баспаханаларды латындандырудың тек позитивті жақтары қарастырылса, шын мәнінде бұл үрдістің көптеген теріс әсерлері болды. Әсіресе, жазудағы араб әріптерін латыншаға ауыстыру салдарынан, қазақ тілінде ұсынылған тапсырыстарды орындау көптеген қиыншылықтардың туындауымен сипатталды. Әсіресе, араб әрпінің шрифтерімен жабдықталған баспа машиналарын латын шрифтеріне өзгертуге гарт (шрифт құюға арналған қорғасын, қалайы және сурьманың қосындысы) жетіспеді [117, 3-т., 567- і., 7-п.]. Осылайша, биліктің ойлағанындай әріптерді латыншаға өзгертуден, баспаханалардың жағдайы жақсарып кетпеді. «Латыншылардың ... мықты дәлелдерінің бірі – араб әрпі қымбатқа түседі, онымен басқан кітап, газеттеріміз қымбат болады дейді. Араб әрпін соңғы

өзгертілген жоба бойынша (дара түрін) алуымыздан келер шығын жоқ, өзгертілген әріптің жоғарыда айтқанымыздай, оқушыға жаттығы жоқ, мынау мынадай әріп деп ешкімге үйретіп жатпаймыз. Ал енді латын әрпін қолдануға келсек, бұған шығатын ақша есепсіз көп болмақ керек. Латын әрпін өзгертеді екеміз, корректорларды латынша үйретеді екеміз, латын әрпімен оқытатын мұғалімдер даярлайды екеміз, ел-елде мектеп ашады екеміз, қызметкерлерді үйретеді екеміз, тағы да толып жатқан шығындары болады екен. Осының бәрін есептесек, бұған миллиондаған ақша кетуінде сөз жоқ. Қазір латыншаның бұрынға әрпімізден іс жүзінде артықтығы жоқтығын көре тұра – қаншалық қаражатты, толып жатқан кемшіліктерімізді түзетудің орнына аса ділгерлігі жоқ латынды кіргізу үшін жұмсауымыздың түк қисыны жоқ» [78, 324-325 б.], - деп М. Дулатов республикада енгізіліп жатқан шаралардың тиімсіздігін дәлелдеп берді.

1928 жылдың жаз айында өткен Бүкілодақтық жаңа түркі алфавиті комитетінің жиналысында жаңа латын алфавитіне Қазақстандағы дін өкілдерінің қарсы болғандығы аталып өтеді. Дегенмен, ол туралы талқылауды төраға Агамалы-оглы да қажет деп таппайды. Ал, араб алфавитін қолданушылар туралы былай делінеді: «Арабисты вроде Байтурсынова и других чуть ли не каждый день приносят в Научный Совет НКПросы или НКПрос новые проекты усовершенствованных арабских букв с отрезанными хвостиками, с уничтожением точек и т.д. Это одна часть наших противников» [68, 85 б.]. Онда сонымен қатар, арабшылардың орыс алфавитін енгізуді ұсынған екінші бағытының бар екендігі туралы аталып өтіледі.

Билік тарапынан араб жазуы айыпталып, латын алфавитіне барынша қолдау білдірілсе де, республикада латындандыру науқаны баяу жүргізілді. 1928 жылдың 12 қарашасында жаңа латын алфавитін насихаттаудағы

атқарылып жатқан шараларға баға беру барысында Қазақ өлкелік комитетінің Бюросы бірқатар кемшіліктерді атап өтеді. Оның ішінде латын алфавитін насихаттаудың стихиялы түрде жүргізілетіндігі мен әлсіздігіне ерекше назар аударылды [68, 95-96 б.]. Осыған байланысты жаңа алфавитті насихаттау ісіне жастар да көптеп тартылды. Жоғарыдан берілген тапсырма бойынша, жастар латын әріптерінің артықшылықтарын көрсетуге күш салды. Осыдан сол жылдардағы тіл саясатын жоспарлаған биліктің қоғамның шынайы мүмкіндіктерін терең зерттей алмағандығын байқатады. Олардың ойынша аталған шаралардың дұрыс нәтижелер бермеуі, насихат жұмыстарының нашарлығынан деп танылды.

1928 жылдың 12 қарашасында Қазақ өлкелік комитеті Бюросының комсомол мүшелерімен өткізген жиналысында жаңа латын алфавитінің енгізілуі Қазақстан еңбекшілерінің КСРО-ның жалпы мәдени революциясына қатысуын жеңілдететіндігі мәлімденеді. Сонымен бірге, араб алфавитін қолдаушылардың орыс алфавитіне байланысты ұсыныстарын латыншылардың арасында жік туғызу мақсатымен жасалған әрекет деп бағалады. Ал, арабшыларды патшалық миссионерлердің рөліндегілер деп айыптады [68, 98 б.].

Қоғамдағы қарсылықтарға қарамастан, XX ғасырдың 20-жылдарының соңында араб жазуының КСРО-дағы тағдыры толығымен шешімін тапты. 1929 жылдың 1 қаңтарында Әзірбайжанда мектеп, іс жүргізу, баспа ісі толықтай жаңа алфавитке көшірілді. Ал, қалған республикалардағы араб алфавитінен бас тарту шаралары 1929 жылдың 7 тамызындағы КСРО ОАК Президиумының қаулысымен жеделдетіледі. Жалпы, сол кезеңге тән міндеттемелерді уақытынан бұрын орындауға деген құлшыныс тіл саясаты саласында да орын алды. Соның нәтижесінде, маңызды мәселелерге байланысты араб

жазуын еріксіз қайтадан пайдалануға мәжбүр болған жағдайлар де кездесті. Оны төмендегі қаулылардың мазмұнынан байқауға болады, яғни араб алфавитін пайдалану тоқтатылса да, оны әрі қарай да пайдаланушылар болған.

1930 жылдың 6-8 ақпанындағы КСРО ОАК Коллегиясының отырысында латын алфавитін енгізуді жеделдету мәселесі қаралады. Онда, Қазақстанның 20 - жылдығы қарсаңында араб алфавитін мемлекеттік, қоғамдық өмірдің барлық саласынан аластату талап етілді. Ал, Қазақстанның 10-жылдығы қарсаңында ОХК барлық бөлімдері мен мекемелеріне оқу - тәрбие, саяси - ағарту, ғылыми, кітапхана, баспа және кеңсе істерінде 100 пайызға жаңа алфавитке өтуді жеделдету міндеттеледі. Бас саяси - ағарту (Главполитпросвет) мекемесіне 1930 жылдың 1 наурызына дейін ойын - сауық мекемелері, кітапханалар, қызыл киіз үй, оқу үйлері, қызыл шайханалар және тағы да басқа қоғамдық орындардағы афишалар, плакаттар, хабарландырулар және басқа да жарнамалық материалдардың жазылуын араб әрпінен латын әрпіне алмастыру міндеттеледі. Бас әдебиет бөліміне (Главлито) 1930 жылдың 15 ақпанынан бастап газеттерден басқа араб алфавитіндегі қолжазбаларға рұқсат бермеу ұсынылады. Қазақ баспасына осы уақыттан бастап араб әрпіндегі мерзімді, мерзімсіз баспасөзді басуға тыйым салу міндеттеледі. Мәскеу қаласындағы Орталық баспадан (Центриздат) шығатын қазақ және Қазақстанның ұсақ ұлттарының тілінде араб әрпінде жазылған қолжазбаларды қабылдау мен басуды, Қазақстанға араб әрпімен басылған әдебиеттерді жіберуді тоқтату сұралды [68, 106-109 б.]. Сөйтіп, кеңестік тіл саясатында ең басты назар халықтың қажеттілігіне емес, биліктің мүддесін қайтсе де орындауға бағытталды.

1930-шы жылдардың басы тіл саясаты саласында уақытша тұрақтылығымен сипатталды. Латын жазуы араб графикасын толықтай ығыстырды. Жазу жүйесіндегі түбірлі қайта құру жобалары аяқталды. Латын жазуының бекітілуі халықтың арасында Құран оқу сауаттылығының төмендеуіне алып келді. Бұнымен бір уақытта түркі тілдері арасындағы байланыс үзілді және XIX ғ. аяғы - XX ғ. басындағы араб жазуымен жазылған революцияға дейін жарық көрген шығармаларды игеруге де кері әсерін тигізді. Т.М. Мاستюгин мен Л.С. Перепелкин сияқты ресей авторлары бұл туралы: «Сауаттылар үлесіне тәуелсіз, қандай болмасын тілдің графикаға ыңғайлану дәрежесіне қарамастан бұл халықтар өзінің халықтық мұрасынан қол үзді» деп жазады [118].

1920 жж.–1930 жж. басындағы тіл саясатында жүргізілген кеңестік тәжірибе осылайша сипатталды. Араб әріптерін латын алфавитіне көшіру туралы тәжірибе большевиктердің «әлемдік революция» туралы идеологиялық әдісімен байланысты болды. Олар латын алфавиті әлемнің барлық халықтарының жазба тілі үшін негіз болады деп болжады. Бірақ 30-шы жылдардың басында кеңестік әкімшілік өз бағытын өзгертіп, «жекелеген бір елде социализм құру» ұстанымын насихаттай бастайды.

XX ғасырдың 20 жылдары бойында көптеген пікірталастардың негізінде қабылданған латындандырудың тағдыры ұзақ болған жоқ. Бірінші бесжылдық жылдары кеңес өкіметінің ұлттық саясатындағы түбірлі өзгерістер кезені болып саналғандығы белгілі. Осы жағдай жазу саласындағы тәжірибелердің соңғы нүкесінің қойылуына себеп болды.

1930 жылдың қаңтарында ОК саяси бюросында орыс алфавитін латындандыру туралы мәселені қарастыруды тоқтату туралы нұсқау беріледі [119]. Сол уақыттағы партиялық түсінік бойынша, Кеңестер Одағы – социалистік,

яғни алдыңғы қатарлы, ал латындандырылған Батыс елдері – буржуазиялық, артта қалған болып саналды. Сонымен бірге, уақыт өткен сайын өзектілігін арттырып келе жатқан ортақ тіл мәселесі нақты шешімді талап етті. Ал, ортақ тіл тек бірыңғай жазу болғанда ғана мүмкін. Бұл жерде ортақ тіл рөліне тек орыс тілі ғана үміткер бола алғандығы белгілі. Сөйтіп, орыс тілін өзінің кирилдік жазу негізі арқылы тарату қолға алынды. Латындандыру ұлтаралық қатынас құралдарын пайдалануды тежейтін кедергі ретінде қаралды.

1933 жылдың қазанында М.Калининнің жетекшілігімен құрылған комиссия елдегі халықтардың жазуын латын әрпі негізінде унификациялау жұмысын одан әрі пайдасыз, негізсіз деп тапты. Комиссия латын алфавитін орыс алфавитімен алмастыру ұсынысын жасайды. Осыдан кейін, 1935 жылдың 1 маусымындағы ОАК Төралқасының осы мазмұндас қаулысы қабылданады [119, 257 б.]. Жалпы, КСРО құрамындағы халықтардың кириллица негізіндегі алфавитке көшу үрдісі аталған қаулыдан кейін жүре бастайды.

1928-1929 жылдардағы Қазақстандағы латын әрпіне көшіру науқаны асығыс жүргізілді. Қазақ қоғамы жазудың жаңа түріне дайын емес еді. Бірақ, оны билік басындағылар ескермеді. Олардың мақсаты – Орталық Азия мен Кавказды мұсылмандық Шығыстың әсерінен толықтай ажырату еді. Кеңес өкіметінің осы саясаты Қазақстанда қарсылық та, қолдау да тапты. Қазақтардың ішінен латындандыруды қолдағандар негізінен Ресейде білім алып жатқан жастар болып табылды. Сол сияқты республиканың басқару жүйесі де жоғарыдан түскен бұйрықтарды орындауға тырысты. Латындандыруды қолдаушы топ көп жағдайда, латын әріптерінің артық, ал араб әріптері жарамсыз деген мағынадағы насихат жұмыстарын жүргізді. Одан басқа

латыншаға қарсы топты нақты дәлелсіз, жалаң сөздермен айыптауға бейім болды.

Революцияға дейін қоғамның зиялы қауым өкілдері болып танылған оқығандар тіл саясатындағы үздіксіз өзгерістерге қарсы шықты. Олар, бір істі аяқтамай жатып, екінші бір істі бастау, қолға алынған міндеттердің орындалу мүмкіндіктерінің аз игерілуі сияқты мәселелерді алға тарта отырып, аталған шаралардың дұрыс нәтиже беретіндігіне күмән келтірді. Шындығында, алфавит алмастыру ісі халықтың әлеуметтік-мәдени жағдайының жоғары болған кезінде ғана мүмкін болатындығы сөзсіз. Ал, 1920 жылдар бойында сауатсыздық деңгейі жоғары, әлеуметтік жағдайы нашар болып тұрған қазақтар екі алфавит бойынша сауат ашуға мәжбүр болды. Дегенмен, қазақ зиялыларының дәлелді пікірлері есепке алынбай, керісінше олардың өзі «байшылдар», «алашордашылар» деп жөнсіз айыпталды.

Ал, 1930 жылдардың басындағы кеңестік биліктің өз бағытын өзгертуі, тіл саясатына да әсер етті. Бірнеше жыл бойында ұзақ пікірталастар тудырған, қаншама қаржы жұмсап басқосулар өткізілген латын алфавитін қабылдау мәселесі аз уақыттың ішінде тоқтатылды. Осының өзі сол жылдардағы кеңестік әкімшіліктің ұсақ халықтарға байланысты салмақты саясат ұстанбағандығын дәлелдейді. Билік үшін, одақ көлеміндегі ұлттардың тағдыры емес, социалистік идеяны қалайша жедел жүзеге асыру маңызды болып табылды. Сөйтіп, Қазақстандағы латындандыру жұмыстары кеңес өкіметінің нәтижесіз аяқталған көп «тәжірибелерінің» бірі болды.

1.3 XX ғ. 30 - ж. ортасындағы орыстандыру саясатының жолдары

XX ғасырдың 30-жылдары да партиялық-мемлекеттік аппарат үшін ұлттық мәдениетті, ұлттық тілді дамыту

мақсаты қойылмады. Оның ең басты мақсаты – жаңа идеологияны тарату болып табылды. Кенестер Одағының идеологиялық мазмұнына И.В. Сталин партияның XVI съездінде нүкте қойып, ұлттық мәдениетке қатысты партиялық - мемлекеттік саясаттың мәнін қалыптастырды. Ол аталған жиналыста: «Пролетариат диктатурасы жағдайындағы ұлттық мәдениет дегеніміз не? Өзінің мазмұны бойынша социалистік және мәдениеттің формасы бойынша ұлттық, ол пролетариат диктатурасын нығайту үшін, интернационализм рухында бұқараны тәрбиелеуді мақсат етеді», - деп мәлімдеді [76, 53 б.]. Бұл формула ұлттық мәдениеттің мазмұны марксистік - лениндік идеология, ал түрі өзіндік ерекшелікке ие бола алады дегенді білдірді. Бұл ұлттық мәдениет мазмұнында қандай да бір ұлттық белгінің болуын шектеп, пролетарлық идеологияның қанатын кеңейтті. 1930-шы жж. бірінші жартысында «пролетарлық мәдениет» ұғымы «социалистік мәдениет» ұғымымен толықтай шарттастырылды. Сондықтан барлық көпұлтты кенес мәдениеті үшін мазмұны бойынша социалистік және формасы бойынша ұлттық деген анықтамасы қолданыла бастады. «Бір елдегі социализм» ең алдымен Ресей социализмі дегенді білдірді. Сталиннің кезінде БК(б)П басшылығы, қарулы күштер, мемлекеттік қауіпсіздік басшылығы барлығы орыстандырылды» деп жазды Дж. Хоскинг (Ұлыбритания)[120].

«Кеңестік мәдениет – мазмұны бойынша социалистік және формасы бойынша ұлттық» формуласы социализм жағдайында ұлттық мәдениет тақырыбына қатысты кез келген сұраққа сенімді жауап табуға мүмкіндік береді деп күтілді. Бірақ, «Ұлттық мәдениет» терминінің астарында нақты нені түсінуге болады? Нақты неде ол көрінеді? Ол қандай элементтерден тұрады? деген сұрақтарға іс жүзінде жауап табылмады.

Кеңестік қоғамда болып жатқан осындай өзгерістер тіл саясатына да тікелей әсер еткендігі белгілі. Осы жылдары революцияға дейінгі қалыптасқан мәдени әлеует кеңестік ұлттық - мәдени құрылыс саласынан алшақтатылды. Зиялы қауым өкілдерінің біразы 1920-шы жылдардың өзінде-ақ «ұлтшыл - буржуазияшылдар», «байшылдар» деген сылтаулармен қуғын-сүргінге ұшырады. Жаңа даярланған кадрлар тек мәдениет, білім беру мәселелерін шешуге ғана емес, сонымен бірге ұлттық партиялық - мемлекеттік аппаратты қалыптастыру үшін де қажет болды. 1920-шы жылдардың басынан коммунистік университеттер құрыла бастады. Олардың мақсаты – партиялық мазмұндағы ұлттық кадрларды даярлау болып бекітілді.

Жаңа білім алғандар, әсіресе оның партиялық-әкімшілік сипаттағы бөлігі қостілділігімен ерекшеленді. Дегенмен, олардың ана тілін пайдаланулары тұрмыстық деңгейден аса алмады. Осыдан кейінгі кезеңдердегі халықтың оқыған бөлігі де орыстану үрдісінен сырт қала алмады. Осы жағдайға байланысты 1925-1927 жылдары халық ағарту комиссариатында жетекші қызмет атқарған С. Садуақасұлы былай деді: «Осы күні кейбіреулер өз ұлтынан өзі безіп жүр. «Мен қазақ болсам да, қазақтың ұлтын қуаттамаймын» деп қояды мақтанып кейбір ақылды жігіттер» [79, 292 б.]. Сол уақытта айтылған осындай пікірлер 20-жылдардың соңы–30-жылдардың басында қазақ қоғамындағы тілдік ахуалдың орыс тілінің пайдасына қарай ауысып, қазақ тілінің беделінің түсе бастағандығын көрсетеді.

1933 жылы Қазақстанның өлкелік комитетінің хатшылық қызметіне Л.И. Мирзоян тағайындалды. Биліктегі осындай өзгерістер республиканың дамуына, әсіресе мәдениет саласының дамуына оң әсер етті. Сол жылдары, Қазақстанның мәдени даму деңгейінің Одақ құрамындағы республикалармен салыстырғанда, неғұрлым

артта қалғандығы мәлімденеді [121]. Ал, оған себеп болған 1928-1932 жылдар аралығындағы ұйымдастыру жұмыстарының әкімшілік-әміршілдік сипат алуы деп танылды.

XX ғасырдың 20-жылдарында толық шешімін таппаған жергіліктендіру мәселесі бойынша іс-шаралар 30-жылдары да жалғасты. 1933 жылдың 4 қаңтарында республиканың Орталық Атқару Комитетінде 1932 жылдағы мемлекеттік аппаратты жергіліктендіру қорытындылары туралы жиналыс болады [68, 118-122 б.]. Е. Ерназаровтың төрағалығымен өткен бұл жиынға мемлекеттік аппараттың барлық салаларының басшылары қатысады. Онда Қазақстан аумағында жергіліктендіру шараларының өте төмен деңгейде жүргізіліп жатқандығы мәлімденеді. Іс-қағаздарын екі тілде жазудың сезілмейтіндігі, жоғары оқу орындарындағы жергіліктендіру жоспарының орындалмай қалғандығы баяндалады. Әрбір Халық Комиссариаттары атынан сөйлеген оның басшыларының ақпараттарынан сол жылдардағы қоғамдағы қазақ тілінің қаншалықты деңгейде сұранысқа ие болғандығын байқаймыз. Аталған баяндамалардағы ортақ мәселелер негізінен қазақ тілін үйренуге қаржы бөлініп, сабақтар жүргізілгенімен, нақты нәтижелердің жоқтығымен байланыстырылды. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі машинкалардың тапшылығы туралы көп айтылғанымен, шынайы сұраныстың бәрі бір орыс тіліндегі машинкаларға бағытталғандығы атап өтіледі. Ал, жалпы республика бойынша алғанда мемлекеттік аппараттардағы жергіліктендіру деңгейінің төмен екендігі анықталады.

Осы жиында Қаржы Халық Комиссары М. Орынбаев бірқатар нақты фактілерді келтіреді. Ол өзі басқарып отырған саладағы орталық аппараттың орта есеппен 24%ға ғана жергіліктендірілгенін мәлімдейді. Ол қаржы

саласындағы қағаз жұмыстарының көп екендігін алға тарта отырып, құжаттардың көп жағдайда орыс тілінде ғана дайындалатындығына, оның өзінде уақыттың тығыздығынан орыс тіліндегі құжаттардың да толықтай рәсімделмейтіндігіне тоқталады. Сонымен бірге, құжаттардың алдымен орыс тілінде жазылатындығын атап өтеді. Ол қазақтардың неғұрлым жоғары төленетін жұмыстарды таңдайтындықтарын, ал Қаржы Халық Комиссариатына мамандардың көбінесе Мәскеу қаласынан келетіндігіне ерекше назар аударады. Қазақстаннан оқуға жіберілген студенттердің оқуды бітіргеннен кейін сол жерде қалып қоятындығы, яғни республикадан тыс жоғары оқу орындарына жіберілген қазақтардан жылына 150-200 адам бітіргенімен, Қазақстанға тек тек 10-15 адам ғана оралатындықтары ерекше аталып өтті. Оларды оқытуға кеткен қаржы қайтарылмай қалған. Орынбаевтың пікірінше, Қазақстанға қарағанда Қырғызстан мен Қарақалпақстанда қызмет жасайтын біліктілігі жоғары қазақтар көп болған.

Осыдан кейін, республикада қазақ тіліне байланысты орын алған ахуалды жақсарту шаралары жүргізіле бастады. БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті 1933 жылдың 4 сәуірінде «Жергіліктендіру туралы» қаулысын қабылдап [122], төмендегі жоғарғы мемлекеттік мекемелердің қазақ тіліне көшуін жоспарлайды: ҚазОАК, Оқу-ағарту халкомы, Денсаулық сақтау халкомы, Әділет халкомы (Жоғарғы сот және прокуратура), Әлеуметтік қамсыздандыру халкомы, Жұмысшы-шаруа милициясы. Осы құжатта республикадағы жергіліктендіру шараларының нақты нәтижелер бермеуі қарастырылып, оның негізгі себебін «алашордашыл, ұлтшылдардың» іс-әрекетімен байланыстырады.

1933 жылдың 17 мамырында «Аппараттарды жергіліктендіру туралы» Қазақ Орталық Атқару Комитеті мен Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысы жарияланады [68, 134-139 б.]. Ол қаулы үш бөлімнен тұрды:

- 1) Мекемелердің жұмысын қазақ тіліне көшіру тәртібі туралы;
- 2) Қатынас тәртіптері туралы;
- 3) Аталған қаулының орындалуын қамтамасыз ететін шаралар.

Осы құжатқа сәйкес 1933 жылдың 1 маусымына дейін Қазақ Орталық Атқару Комитетін, Оқу-ағарту халкомын, Денсаулық сақтау халкомын, Әділет халкомын, Әлеуметтік қамсыздандыру халкомын, РКФСР Жоғарғы сотының қазақ бөлімін, прокуратураны қазақ тіліне көшіру белгіленеді. Ал қалған халық комиссариаттар мен өлкелік мекемелерде, шаруашылық және өлкелік ұйымдарда іс-қағаздарын қазақ-орыс тілдерінде жүргізілетіндігі мәлімденеді. Халық комиссарлар кеңесінде іс жүргізуді негізінен қазақ тіліне көшіру, ал Қазақ Орталық Атқару Комитеті, Оқу - ағарту халкомы, Денсаулық сақтау халкомы, Әділет халкомы, Әлеуметтік қамсыздандыру халкомы, РКФСР Жоғарғы сотының қазақ бөлімі, прокуратуралар қатынас қағаздары тек қазақ тілінде, ал қалған ұйымдар мен мекемелерде қатынас қағаздарының қазақ-орыс тілдерінде жүргізілуге тиісті екендігі көрсетіледі. Осылайша, аталған мекемелердің облыстық, аудандық бөлімшелері, әсіресе, басым көпшілігі қазақтар болып келетін аумақтардың барлығы іс жүргізуді қазақ тіліне көшіруі тиіс болды. Ал мүмкіндігі жоқ мекемелер уақытша екі тілде жұмыс істеуге мүмкіндік берілді. Оны, төмендегі шаралар аса қажет деп саналған пункттерден көруге болады:

- 1933 жылы: 1) мал шаруашылығы, астық, МТС пен батрактар, орман жұмысшыларының, оқу-ағарту қызметкерлерінің және медициналық санитарлық еңбек кәсіподақтарының орталық басқармасының іс-қағаздарын жүргізуді қазақ тіліне көшіру; 2) Қазақ кәсіподақтарының кеңесі мен қалған одақтардың

- орталық басқармасының іс-қағаздарын жүргізуді қазақ-орыс тілдеріне көшіру;
- Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарының облыстық атқару комитеттерін, Халыққа білім беру, Денсаулық сақтау, Әлеуметтік қамсыздандыру бөлімдерін, облыстық сот және прокуратураны қазақ тіліне көшіру;
 - қалған облыстардың шаруашылық және кооперативтік ұйымдарының іс-қағаздарын қазақ-орыс тіліне көшіру;
 - 40 пайыздан кем емес қазақтар тұратын аудандардағы барлық аудандық ұйымдардың іс-жүргізуін және олардың орталық, облыстық органдармен, ауылдармен қатынас қағаздарын қазақ, ал орыс ауылдық кеңестерімен, колхоздарымен орыс тілінде жүргізу;
 - ұйғыр, өзбек, орыс ұлттары тұратын аудандардан басқа қалған аудандардағы іс - жүргізу, қатынас қағаздарын қазақ-орыс тілдерінде жүргізу;
 - 1933 жылдың 1 тамызынан бастап, Байланыс халкомы ҚазақАКСР аумағында коореспонденциялар, аударылымдар, телеграммаларды орыс тілінен басқа, қазақ тілінде де қабылдауды ұйымдастыру;
 - 1933 жылдың соңына дейін милиция командованиясінің іс-қағаздарын қазақ тіліне көшіру;
 - Жергіліктендіру комитетіне жоғары оқу орындары, жоғары техникалық оқу орындары, техникумдары бар ведомстволарымен бірлесе отырып, 2 айлық мерзім ішінде бірқатар пәндерді қазақ тіліне көшіру мәселесін қарастыруды ұсыну.

Одан басқа республикадағы қазақ тілді халыққа тек қазақ тілінде қызмет көрсету, қазақ тілді жұмысшылармен

қазақ тілінде байланыс жасау мәселесі барлық ұйымдармен мекемелерге міндеттеледі. Еңбек халкомы мен Жергіліктендіру комитетіне 1 айдың ішінде қазақ тілін меңгерген мамандардың негізгі еңбекақыларына үстеме ақы және тағы да басқа жеңілдіктер жасау мәселесін дайындау тапсырылады. Жергіліктендіру комитетіне 3 ай мерзім ішінде қазақ тілінде іс жүргізудің терминологиясын бекіту жұмыстарын іске асыру міндеттеледі. Сонымен бірге, барлық оқу орындарында қазақ тілін міндетті түрде оқытуды бекітуге, қазақ тіліндегі қатынас қағаздарын латын алфавитінде жүргізуге нұсқау беріледі.

Аталған қаулыны бұзған немесе уақытында орындамаған қызметтік тұлғалар республикалық Қылмыстық Кодекстің 109, 111 баптарына сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығы, ал қасқана қарсылық көрсеткендердің 58, 14 бап бойынша жазаланатындықтары белгіленеді. Осындай маңызды құжат республиканың Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Е. Ерназаров, Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы О. Исаев, Орталық Атқару Комитетінің хатшысы А. Асылбековтардың қолдарымен бекітілген. Бұл қаулы көпшілікке тек «Казахстанская правда» газеті арқылы орыс тілінде жарияланды. Жергіліктендіруге байланысты қатаң талаптардың қойылуы, асығыс әрекеттердің туындауына жол берді. Мысалы, мекеме қызметкерлерін мектептердегі оқушылардың есебінен толықтыру іске асырылды. Ол туралы сол жылдардағы құжаттарда былай деп жазылды: «... безжалостное растаскивание учащихся до окончания школы не только 5-й, 6-й и 7 групп, но и из 3-й и 4-й группы на различного рода курсы и на работу в советский и хозяйственный аппарат» [123].

1933 жылдың 17 мамырында «Аппараттарды жергіліктендіру туралы» қаулысында көрсетілген шараларды жүзеге асыруды ынталандыру мақсатында Қазақ

АКСР-і Орталық Атқару комитеті мен Халық комиссарлар кеңесі бірлесіп, 1933 жылдың 1 қыркүйегінде «Қазақ тілін білетін мамандарға арналған жеңілдіктер туралы» қаулы шығарады [68, 139-141 б.].

Онда өндірістегі, халық шаруашылығының барлық саласындағы, партиялық, кәсіподақ органдарындағы мамандарға жоғары еңбекақы мен тағы да басқа жеңілдіктер тағайындау бекітіледі. Бірақ, оның күші қазақ тілі ана тілі немесе туысқан тіл (татар, өзбек т.б.) болып саналатын қызметкерлер мен жұмысшыларға таралмады. Осы қаулыны жүзеге асыру барысында әр түрлі ынталандыру шаралары қолданылды. Мысалы, қазақ тілінде еркін сөйлейтіндерге 10%, іс жүргізе білетіндерге 15% үстеме ақы төленсе, ал жоғары оқу орындарында қазақ тілінде дәріс оқитын профессор, доцент, ассистенттердің еңбекақысына 25% қосымша ақы төленетіндігі бекітілді. Ал тілді толық меңгерген мамандарға одақ көлеміндегі ғылыми іссапарға немесе 3-6 айлық мерзімде біліктілігін көтеру курстарына қатысуға жағдай жасалатындығы және осы уақыт аралығында маманның отбасын пәтермен, тағы да басқа әлеуметтік жағдайлармен қамтамасыз ету қарастырылады. Осы көлемді шараларды іске асыру үшін сол кездің өзінде Қазақ Орталық Атқару Комитеті Президиумының жанынан Жергіліктендіру комитеті, қазақ тілі курстарының мемлекеттік комиссиялары құрылып, барлық міндеттерді орындау немесе бақылау соларға жүктелді.

1934 жылдың басында Халық комиссарлар кеңесінің қазақ жазушыларының шығармаларының орыс тіліне тәжірмаланған аудармалары үшін 10 мың сом бөлу туралы қаулысы шығып [68, 144 б.], ол шығындарды сол жылдың бюджетіне енгізу ұсынылады. Жалпы, қарастырылып отырған жылдары республикада қазақ тілін дамытуға белгілі бір деңгейде назар аударылды. 1935 жылдың наурызында болған Қазақ өлкелік комитетінің III

Пленумында ақпараттық-насихат кешенінде қазақ тілін дамыту мәселесі көтеріледі [124]. Ол, әрине, кеңестік идеологияны насихаттау үшін қажет болғандығы белгілі. Дегенмен, осы іс-шаралардың өзі қазақ тілін дамытуға мүмкіндік беретін еді.

30-жылдары қазақ тілін мемлекеттік деңгейде дамыту бойынша қабылданған соңғы қаулылардың бірі - Қазақ Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің 1935 жылдың 19 қыркүйегінде жариялаған «Мекемелер, кәсіпорындар, ұйымдар, тауар белгілерінің атауын қазақ тіліне міндетті түрде белгілеу туралы» қаулысы болып табылады [68, 147 б.]. Онда мемлекеттік, кооперативтік және қоғамдық ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындарға атауларды, тауар белгілерін, көше аттарын, преysкуранттар мен кестелерді, хабарландыруларды қазақ тілінде дайындау міндеті қойылады. Осы аталған мәтіндерді екі тілде жазған жағдайда, қазақ тілді мәтінді міндетті түрде жоғары орналастыру, ал мәтіндер қатар тұрған жағдайда қазақ тілді мәтіннің сол жақта тұру тәртібі белгіленеді. Сонымен қатар, қазақ тілді мәтіннің әріптерінің көлемі мен түсінің қанықтығы жағынан орыс тілді әріптермен бірдей болуы талап етілді. Дегенмен, 30-жылдардың ортасынан қазақ тілінің мәртебесін көтеруге байланысты қаулылар азая бастайды.

Республикадағы тіл саясатына байланысты шаралардың іске асуы халық ағарту саласына тәуелді болды. 20-жылдары орын алған Қазақстанның халық ағарту жүйесіндегі мәселелер, міндеттер 30-жылдары да толық шешімін таппады. Солардың ішінде мектеп ғимараттарын салумен қатар, оқу құралдары мен қай тілде оқыту мәселелері алғашқы кезекте тұрды. Мектептердегі тіл мәселесі туралы С. Садуақасұлы: «Бұл мәселе тегінде біраз таласқа түспей болмайды. Соңғы жылдардың тәжірибесі қазақ тілі кейбір мектептерде (партия, совет мектебі, қазақ

институттары, әр түрлі курстар) пайдалы болмай шыққанын көрсетіп отыр. Бұлай болудың себебі: ең әуелі қазақ тілінде дұрыс оқу құралы жоқ. Қазақша оқыта білетін ірі білімді адамдар кем. Оның бер жағында өнербілім алу үшін жалғыз ғана оқу құралы тағы да қанағаттандырмайды. Мысалы: физика туралы бір оқу құралы болса, ол физиканы зерттеп білу үшін оқушыға тағы да қосымша әдебиет керек. Жаратылыстың бар күманын бір кітаппен ғана адам бітіре алмайды. Сондықтан қазақ балалары қазақша оқығандығының арқасында көп күнін босқа өткізеді. Не болмаса ішіндегі тәуірлері орысша учитель жалдап, шеттен білімін толтырды» [79, 321-322 б.], - дей келе, қазақ тілін тек бастауыш мектепте қолдану қажеттілігін, оның өзінде сабақтың кем дегенде төрттен бір бөлігінің орыс тілінде өткізілгендігін дұрыс санайды. Сонымен қатар, орта дәрежелі, одан кейінгі мектептердің орыс тілінде білім беру керектігін, одан қазақ орыс болып кетпейтіндігін атап өтеді.

1930 жылдың 3 қаңтарында ҚКСР Оқу-ағарту Халық Комиссариаты орыс мектептерінде қазақ тілін міндетті түрде оқыту туралы барлық округтік білім беру бөлімдеріне өкім шығарады. Онда Қазақ КСР-дің орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың міндетті екендігі көрсетіледі [68, 103 б.]. Дегенмен, қазақ тілін оқытуға орыс мектептерінде дұрыс көңіл бөлінбеді. Оқу жоспарында қазақ тілі пәні тұрғанымен қала мектептеріндегі мұғалімдер оған немқұрайлы қарады. 30-жылдардың басына дейін орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың теориялық және тәжірибелік мәселелері бойынша материалдар дайындалмады. Сондықтан, оқыту үрдісі белгілі бір нұсқаулықсыз, жүйесіз түрде жүргізілді. Арнайы әдістемелік бағдарлама болған жоқ. Қазақ тілінің жұмысшы халықтың арасында таралуына ешқандай мән берілмеді. Орыс мектептеріндегі қазақ тілі сабағын дайындығы аз, тіпті қосымша қаражат көзін іздеп жүрген кездейсоқ

адамдар тарапынан жүргізілуіне жол берілді. Мұғалімдер құрамы мен олардың біліктілігін жақсартуға көңіл бөлінбеді.

Жалпы, Қазақстанда 30-жылдардың басында қабылданған ережеге сәйкес І-дәрежелі мектептер, сол мектептегі бір мұғалімге 40-42 оқушыдан келген жағдайда ғана ашылды. Аталған ереженің талаптарын орындау, халқы бір жерге шоғырланған қала және село мектептеріне тиімді болды. Ал, шашыраңқы орналасқан қазақ ауылдарында көрсетілген ережеге сай келетін оқушы жинаудың ешқандай да мүмкіндігі болмады. Ережеде белгіленген норма, тек бірінебірі жақын орналасқан ауылдарға ортақ мектеп пен интернат салған жағдайда ғана орындалды. Алайда, 30-жылдардың басында қазақ ауылдары орналасқан аудандарда мектептер салынғанымен, олардың жанынан интернат үйлерін салу жобасы қарастырылмады. Қазақстан бойынша, жалпы, 1931 жылы мектептер жанында 11 интернат үйі жұмыс жасады [125, 8-т., 249- і., 47-п.]. Осы көрсеткіштің өзі ауылдық мектептердің интернаттармен аз қамтамасыз етілгендіктерін білдіреді.

Сөйтіп, қазақ ауылдарындағы мектептерді ғимаратпен қамтамасыз ету деңгейі, селомен салыстырғанда артта қалды. 1930-1931 оқу жылында ауыл мектептерінің арнайы ғимаратпен орналасуы 22,6%-ға, ал село мектептерінің орналасуы 60%-ға тең келген. Тіпті, мектептердің бейімделген ғимараттарға орналасу көрсеткіштері бойынша да ауыл мектептері төменгі деңгейде тұрды. 1930-1931 оқу жылында ауылдық мектептердің 29%-ы, ал село мектептерінің 36,8%-ы бейімделген ғимараттарда жұмыс жасады. Мектептердің тығыздығын 40-42 оқушы нормасында белгілеу тәртібі, ауылдық мектептердің саны мен сапасына да теріс ықпал еткендігі белгілі. Оқушылары аз ауылдық мектептерде сабақ беру жүйесіз түрде жүргізіле бастады. Тіпті, мектептердегі бір сыныптың санын талап

етілген көрсеткішке жеткізу үшін, ондағы барлық сыныптардың оқушыларын бір бөлмеде оқыту фактілері де кездесті [126, 3-т., 1082-і., 69-п.]. Осындай қиыншылықтарға байланысты, ауылдық мектептер бір-екі сыныптық деңгейде ұзақ уақыт қалып қойды. 1927–1928, 1931-1932 оқу жылдары аралығында, жалпы Қазақстан бойынша ауыл-селоардағы бастауыш мектеп оқушыларының орташа тығыздығы 58 оқушыны құраса [127], бұл көрсеткіш екі сыныптың оқушыларының көлемін ғана береді. Оның өзінде әр сыныптағы оқушылардың саны 29 оқушыға тең келіп, талап етілген нормаға жете алмады. Бұл, әрине, қазақ ауылдарының мектептерінің есебінен болған жағдай. Қарастырылып отырған жылдары қазақ тілінде білім беретін мектептердің сапа жағынан дұрыс дамымауы, қазақ тілінің де мәртебесінің жоғарылай алмауына тікелей әсер етті.

Республика мектептерінің материалдық және кадрлық мүмкіндіктеріне қарамастан, олардағы білім беру мазмұнына байланысты үкіметтік қаулылар үздіксіз қабылданып жатты. 1932 жылдың 25 қарашасында БК(б)П Өлкелік комитетінің «Қазақ АКСР мектептеріндегі ана тілі емес және шет тілдерді оқыту туралы» қаулысы жарияланады [68, 116-117 б.]. Ол қаулыда Қазақстандағы екі негізгі ұлттардың (қазақ және орыс) тілінен басқа тілдерді де меңгерудің маңыздылығын атап өтіледі. Сонымен қатар, халықаралық байланыс, оның ішінде мәдени және техинкалық байланыс, революциялық күрес тұрғысынан қарағанда мектептерде шет тілдерін оқытудың өзектілігі көрсетіледі. Осындай міндеттерге сәйкес төмендегідей шараларды жүзеге асыру көзделді:

- орыс және украиндер оқитын білім беру орындарында (мектеп, комсомол жастары мектептерінде (ШКМ), ФЗС, техникум, жұмысшы

- факультеттері, ½ жылдан аспайтын курстарда т.б.) қазақ тілін міндетті оқытуды енгізу;
- шығыс ұлттары оқитын (ұйғыр, өзбек, татар және т.б.) білім беру орындарында (мектеп, комсомол жастары мектептерінде (ШКМ), ФЗС, техникум, жұмысшы факультеттері, ½ жылдан аспайтын курстарда т.б.) орыс тілін міндетті оқытуды енгізу;
 - еуропалық шет тілі үшінші тіл ретінде барлық ұлттарға бірдей (дүнген ұлтынан басқа) комсомол жастары мектептерінде (ШКМ), ФЗС, техникум, жұмысшы факультеттері, жоғары оқу орындарында енгізу;
 - дүнген ұлттары оқитын мектептерде міндеттері түрде қазақ тілі, ал үшінші тіл ретінде (комсомол жастары мектептерінде (ШКМ), ФЗС-тың жоғары топтарында) орыс тілін енгізу;
 - неміс мектептерінде міндетті түрде орыс тілі, ал үшінші тіл ретінде (комсомол жастары мектептерінде (ШКМ), ФЗС) қазақ тілін енгізу көзделді.

Дегенмен, қазақ тілінің дамуының басты кепілі - қазақ мектептері 30-жылдардың ортасына дейін орта білім беру дәрежесіне жете алмады. Қазақстан бойынша 1934-1935 оқу жылында қазақ мектептерінің 13,6%-ы толық төртжылдық, 16,7%-ы үшжылдық, 48,3%-ы екіжылдық және 21,4%-ы біржылдық білім деңгейінде тұрды. Тек, 1935 жылы ғана алғаш рет Алматы қаласында 11 оқушыдан тұратын бір 10-сынып ұйымдастырылады [71, 92-94 б.]. Осы 10-сыныптың оқушыларының өзі республиканың әр аймағынан жинақталды. Республикада бастауыш білім беруді төртжылдық дәрежеге жеткізу жұмыстары дұрыс жүзеге аспай жатқанда, 1934 жылы РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі одақ бойынша мектептерді жеті жылдық міндетті білім беруге дайындау жайлы қаулысын жариялайды [128].

Аталған қаулы бойынша, 1935-1936 оқу жылында қалалар мен жұмысшы поселкелеріндегі, ал 1937-1938 оқу жылында селолық жерлердегі барлық бастауыш мектептерді бітірген оқушыларды 5-сыныпқа қабылдау міндеті қойылады.

Жалпы, 30-жылдардың ортасында республиканың даму қарқыны басқа жылдарға қарағанда неғұрлым қанағаттанарлық болды. Осы кезеңде қазақ тілін дамытуға арналған бірқатар міндеттер де көзделді. 1934 жылы Орталық Атқару Комитетінің Төралқасының «Қазақ тілді емес мектептерде қазақ тілін міндетті түрде оқыту туралы» қаулысы шығады [68, 145 б.]. Аталған құжатта республика аумағындағы барлық қазақ тілді емес мектептердің IV-тобынан бастап қазақ тілін міндетті пән ретінде енгізу қолға алынады. Бұл шараны жүзеге асыру 1934-1935 оқу жылына жоспарланды. Осы қаулыға сәйкес оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа көшуі, мектепті бітіруі мектеп бағдарламасының көлеміндегі қазақ тілін білу шарты негізінде ғана іске асатындығы мәлімденеді. Аталған құжат Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасының орынбасары Ә. Жангелдиннің, Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы О. Исаевтың, Қазақ ОАК хатшысы Т. Жұмабаевтардың қолдарымен бекітілді.

30-жылдардың ортасында толық емес орта мектептер мен орта мектептерді ұйымдастыруға да Қазақстанның билік орындары тарапынан көңіл аударыла бастайды. 1935 жылдың 13 қарашасында БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті мен Қазақ АКСР-ның Халық Комиссарлар Кеңесінің «Қазақстан мектептерінің құрылымын тәртіпке келтіру және қазақ орта мектебін жетілдіру туралы» [71, 95-96 б.] қаулысы жарияланады. Осы қаулыға байланысты 1, 2, 3 - жылдық мектептерді төртжылдыққа айналдыру міндеттеледі. Сол сияқты, мектеп оқушыларының саны 6-7 адамнан жоғары болмаған жағдайда да 4-10 сыныптарды құруға рұқсат берілді. Аталған іс-шаралардың қолға

алынуымен, жергілікті басқару орындары мен мекемелерге білім беру орындарын ғимарат, қаржы және қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету міндетін жүктейді.

Қарастырылып отырған жылдары мектептерді ғимаратпен қамтамасыз етуде біршама жетістіктер болды. Оның ішінде, 1936 жылы мектеп ғимаратын салу жұмыстары жоғары қарқынмен дамыды. Осы жылы қала мектептеріне арналған 15 470 орындық 37 ғимарат, ал ауыл-селолық мектептерге 8 680 орындық 57 ғимарат пайдалануға берілді. Белгіленген жоспар сол жылы 114%-ға орындалады. Ал, жоспардан тыс басталған 3 840 орындық 25 ғимарат құрылысы аяқталмай қалып, 1937 жылға өтеді [129, 4-т., 41-і., 57-п.].

Білім беру мекемелерін ғимаратпен қамтамасыз етуде, халықтың үлесі жоғары болды. Мысалы, 1936 жылы халықтың бастамасымен, колхоздарда 87 915 орындық 936 мектеп ғимараты салынады [71, 103 б.]. Бір қарағанда, ауылдық жерлердегі мектептер үшін ғимарат салуда, билік орындарына қарағанда, қарапайым халықтың күші мен қаражатының маңыздылығы нәтижелі болды.

Қазақстан билігі тарапынан қазақ тілін, қазақ мектептерін дамытуды 30-жылдардың ортасында барынша жеделдету шаралары қолға алынды. Бірақ, оған тосқауыл болған факторлар көп болды. Солардың бірі - білікті кадрлардың аздығы еді. 1920-жылдардың соңы-1930-жылдардың басында республикадағы жоғары білімді мамандарды дайындау мүмкіндіктерінің төмендігі, көршілес республикалардан 500-ге жуық педагог-мамандарды әкелу қажеттілігін тудырды. Осы жұмыстарға қажетті кететін шығын көлемі - 550 мың сомға тең келді. Дегенмен, республикалық бюджеттен оған тек 20 мың сом ғана бөлінеді [126, 90 б.]. Қазақша білім беретін мектептердің бастауыш мектеп деңгейінде қалып қоюы, қазақтар арасынан жоғары білімді мамандардың көбейе

алмауына себеп болды. Қазақ мектебіндегі 10-сыныптың 1935 жылы ғана ұйымдастырылғаны белгілі. Осының нәтижесінде, жоғары және арнайы орта оқу орындарында білім беретін оқытушылардың басым бөлігі өзге ұлт өкілдерінен құралды. 30-жылдардың басында Қазақ педагогикалық институтындағы оқытушылардың 91%-ы-еуропалық ұлт өкілдерінен құралса, ал қазақтардың үлесі 9% болды. Арнайы білім беретін орта оқу орындарындағы оқытушылардың ұлттық құрамы бойынша да қазақтардың көрсеткіші төмен тұрды, яғни ондағы қазақтардың үлесі - 21%-ға сәйкестенді [126, 3-т., 1082-і., 90-98-пп.].

Қазақ тілінде білім алуды дамытуға кеңестік қоғамның даму бағдарындағы өзгерістері де кері әсерін тигізді. 30-жылдардың басындағы И.В. Сталиннің ұлттық саясаттың міндеттеріне байланысты мәлімдемесіне сәйкес, орыс тілін білу талабы одақ көлеміндегі барлық азаматтарға міндеттелді. Дегенмен, ұлттық мектептер аталған міндетті өз мәнінде жүзеге асыра алмады. Бұл жағдай 1930-шы жылдардың ортасында көрініс бере бастады. Қазақстан басқа республикалармен салыстырғанда, тек білім беру саласы ғана емес, жалпы мәдени даму бойынша да баяу дамыды. Ол туралы, 1936 жылы Одақтағы Кеңестерінің VIII-съезінде, Татар республикасының автономиялық деңгейде қалып, Қазақстанның КСР болып өзгеруі, Қазақстанның мәдени, шаруашылық дамуының Татар республикасынан жоғары екендігін білдірмейтіндігін, оның керісінше екендігі айтылады. Қазақстанның мәдени дамуының басқа республикалардан кейін тұрғандығы туралы, Қазақ КСР-ның халық шаруашылығын есепке алу Басқармасы мақұлдады [56, 13 б.].

1936 жылы КСРО Конституциясы барлық халықтар мен тілдердің тең құқылығына, мектепте ана тілінде білім алу құқығына кепілдік берді. Дегенмен, аталған кепілдіктердің өз мағынасында жүзеге асуы түсініксіз күйде

қалды. Себебі, тек қазақ тілінде білім алумен шектелудің тиімсіздігі мемлекеттік деңгейде насихаттала бастады. Қазақстан өлкелік комитетінің VII Пленумында «қазақ мектептерінің едәуірінде орыс тілінің оқытылуы іс жүзінде ұйымдастырылмағандығы ескеріліп, қазақтың орта дәрежелі мектебін бітіріп шыққанда Кеңестер Одағындағы жоғары дәрежелі мектептің қандайына болса да түсе алу үшін, жаңа оқу жылынан бастап, барлық қазақ мектептерінде орыс тілінің оқытылуын күшейтуді қамтамасыз ететін шаралардың жоспарын жасау» қолға алынды [130]. 1937 жылы 5-12 маусым аралығында Қазақстан К(б)П бірінші съезі өтті. Онда Қаз АКСР-нің одақтас республика болып қайта құрылуы лениндік ұлт саясатының салтанат құруының жарқын бейнесі екені жарияланды. Сонымен қатар, еңбекшілер арасындағы үгіт-насихат, тәрбие жұмыстарының қанағаттанғысыз екеніне баса назар аударып, республика коммунистерінен марксизм-ленинизмді, партия тарихын, Коммунистік партияның стратегиясы мен тактикасын неғұрлым терең оқып үйрену талап етілді; ұлт кадрларын даярлауды жақсарту түсу жөнінде нақты шаралар белгіленді; марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін қазақ тілінде шығару жұмысын одан әрі жалғастырып, В.И. Лениннің 6 томдығын баспаға дайындау туралы шешім қабылдады [109, 262 б.].

Кеңестік дәуірге тән ерекшеліктердің бірі – қойылған міндет, жоспарлардың дұрыс нәтиже бермеуі немес орындалмауының себептерін жекелеген адамдардан іздеу болып табылды. Саяси қуғын-сүргін науқаны барысында Қазақстандағы орыс тілінің өз мәнінде дамуына да айыптыларды іздестіру жұмыстары жүргізілді. 1938 жылы республикалық Оқу - ағарту комиссарының орынбасары А. Аюпов «Республиканың қазақ мектептеріндегі орыс тілінің жағдайы» деген баяндама жасап, онда «халық жауларының» қазақ мектептерінде орыс тілін тек 3-сыныптан бастап қана

оқытуды ұсынып, мектептердің оқу жоспарларына нұсқан келтіргендіктерін айтады. Баяндама соңында ұлттық мектептердегі орыс тіліне бөлінетін сағаттың аздығы, орыс тілінің дамуына кедергі келтіріп отырғандығы жайлы пікір білдіреді [68, 166 б.]. Сөйтіп, орыс тілінің ойдағыдай дамымауының себептерін халық жаулары, буржуазияшыл-ұлтшылдармен байланыстырып, негізсіз айыптауларға жол береді. Ал, республикада жүзеге асырылуы тиіс жалпыға білім беру, сауатсыздықты жою сияқты ауқымды міндеттер мен оларды орындау мүмкіндіктерінің арақатынасы терең зерттелінбеді. Сол сияқты, қазақ тілінің де мемлекеттік деңгейде қолданысқа ие бола алмай отырғандығына ешқандай назар аударылмады.

Керісінше, 30-жылдардың екінші жартысында қабылданған қаулы-қарарлар мазмұны Қазақстанның тіл саясатында орыс тілінің үстемдік ала бастағандығын көрсетті. 1938 жылдың 24 қаңтарында қабылданған БК(б)П Орталық Комитетінің «Ұлттық мектептерді қайта құру туралы» қаулысы орыс тілі мәселесін мемлекеттік дәрежеде түпкілікті шешуге жасалған қадам болып табылды [41, 16 б.]. Ал, 1938 жылы 13 наурыздағы БК(б)П ОК мен ХКК «Ұлттық республикалар мен аймақтардағы мектептерде орыс тілін міндетті түрде оқыту туралы» қаулысы тіл саясаты тарихында өзінің маңыздылығымен ерекшеленді. Бұл қаулы бойынша мектептерде орыс тілін оқыту РКФСР-да – бірінші сыныптан, ал басқа одақтас республикаларда – уақытша түрде екінші немесе үшінші сыныптардан басталды. Орыс тілінің үкімет тарапынан қолдауға ие болуы, ұлттық тіл мен мектептердің беделінің төмендеуіне алып келді. Одақ көлемінде насихатталған білім беру саласындағы тілдердің тең құқылығы шын мәнінде орындалмай қалды. Осындай құбылыстың негізінде ұлттық белгіге қарамастан балаларды орыс тілді мектептерге оқуға беру әрекеттері орын алды. Осы үрдіс Қазақстан тәуелсіздік

алғаннан кейінгі жылдарда да, тіпті бүгінгі күнде де жалғасын табуда.

Қазақ КСР-і Орталық Атқару комитеті мен Халық комиссарлар кеңесінің 1938 жылы 5 сәуірдегі қаулысында: «Біріншіден, көп ұлтты Отанымыз – КСРО-да, орыс тілін білу шаруашылық және мәдени жағынан өсіп-өркендеуге мүмкіндік әперетін, КСРО халықтарының өзара байланыс және қарым-қатынасының күшті құралы. Екіншіден, орыс тілін білу ұлттық кадрлардың ғылым мен техника саласын түсініп одан әрі жетілуіне жағдай жасайды. Үшіншіден, орыс тілін білу қазақ еңбекшілерінің Жұмысшы-Шаруа Қызыл Әскері мен Әскери-Теңіз Флоты қатарында әскери борышын жақсы атқаруына қажетті мүмкіндік жасайды» [68, 152 б.], - деп орыс тілін қазақ мектептерінде міндетті пән ретінде оқыту қажеттілігін негіздеді.

1938 жылдың 13 сәуірінде Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі «Ұлттық мектептерді қайта құру туралы» қаулы қабылдады. Қаулыға сәйкес Қазақ Кеңестік социалистік республикасындағы неміс, кәріс, дүнген, түрік, чуваш, армян және басқа да ерекше ұлттық мектептерді жалпыға бірдей кеңестік мектеп етіп қайта құру, сондай-ақ жалпыға ортақ кеңестік мектептердегі ұлттық бөлімдерді де жабу белгіленеді [68, 163 б.]. Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі 1938 жылдың 4 шілдесінде «Ұлттық мектептердің орыс тілі пәні мұғалімін қайта даярлау курсының ұйымдастыру» [68, 165 б.] туралы арнайы қаулы да қабылдады. Халық ағарту комиссариатының 1939 жылы 10 сәуірдегі мәліметінде жазғы қысқа курстарда 3 156 орыс тілі мұғалімі қайта даярлау курсынан өткені көрсетілген [68, 171 б.].

Орыс тілін одақтың ортақ тілі ретінде дамыту міндеті бұрынғы қолданыстағы латын алфавитінен бас тартуға негіз болды. Қос алфавиттік жүйенің өмір сүруі ұлттық мектептерде орыс тілін оқытуға және ұлттық тілді орыс

мектептерінде меңгеруге кедергі болды. 1936 жылдың тамыз айындағы автономиялық республикалардың оқу-ағарту халық комиссариаттарының Бүкілресейлік жиналысында ұлттық тілдерді орыс алфавитіне көшірудің орыс тілін меңгеруді жеңілдететіндігі мәлімденеді. Соған сәйкес, XX ғасырдың 30-жылдарының соңына қарай Одақ бойынша алфавиттерді кириллица жазуына көшіру қарқын ала бастады.

Осы уақытта жаппай саяси қуғын-сүргін науқаны ұйымдастырылды. Революцияға дейінгі қалыптасқан ұлттық зиялы қауым өкілдері толықтай дерлік жойылды. Тіл мәселесі бойынша білікті мамандар сиреп қалды. Тіл саясатымен, оның құрылысымен айналысатын мекемелер болған жоқ. ВЦК НА (Всероссийский Центральный Комитет Нового латинизированного Алфавита) 1937 жылы таратылады. Сондықтан, кириллица алфавитін қабылдауда кеткен кемшіліктердің аз болмағандығы өзінен-өзі түсінікті. В.М. Алпатовтың мәлімдеуінше, жаңа алфавитті бекіту жұмыстарында басты пікірді мәселенің толық мағынасын түсінбеген, асығыс шешім қабылдайтын жергілікті билік өкілдері айтқан. Сонымен бірге, латын алфавитімен салыстырғанда, алфавиттердің сапасы төмендеді, унификациямен ешкім айналыспағандықтан, әр түрліліктер көбейді. Дегенмен, бір жағдай бойынша нақты унификация жасалды. Тілдің фонематикалық жүйесі ескерілмей, жаңа кириллица алфавитіне орыс графемдерінің жиынтығы толығымен енгізілді. Себебі, басқа тілден енген сөздер орыс орфографиясының нормаларына сәйкес жазылуы қажет болды. Сөйтіп, 1938-1939 жылдары РКФСР халықтарының тілдерін жаппай кириллицаға көшіру жүзеге асырылды. Ал, 1940 жылы кириллица алфавитін Кеңес Одағының түгелге жуық тілдері пайдаланды.

Латын алфавитіне өту барысында құрылған Бүкілодақтық Жаңа алфавит Комитеті жазуды кириллицаға

көшіруге қарсы шығады. 1937 жылдың ақпан айындағы отырыста алфавит ауысқанда халықтың біраз бөлігі белгілі бір уақытқа сауатсыздарға айналатындықтары туралы пікір білдірілді. Сонымен қатар, алфавит ауыстырудың тиімді емес екендігі мәлімденеді. Дегенмен, аталған өзгерістердің орталық билік тарапынан шығуына байланысты, бұл пікірлердің құны болған жоқ. Керісінше, аталған комитет таратылып, оның құрамындағылар айыпталып, қамауға алынады [28, 119 б.].

Сөйтіп, 1937-1938 жылдардағы алфавит ауыстыру жұмыстары жедел жүргізілді. Латындандыру барысындағыдай пікірталастар ұйымдастырылмады. Ал, осы науқанға өз көзқарасын білдіретін ұлттық зиялы қауым өкілдері қуғын-сүргінге ұшырады. 1939 жылы 13 желтоқсанда Жаңа қазақ алфавиті жөніндегі комитеттің «Жаңа алфавитке көшуді дайындау туралы» [68, 177 б.] қаулысы шығысымен қазақ жазуын латын әрпінен орыс графикасына негізделген жаңа алфавитке ауыстыру жұмыстары басталды да, бір жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде 1940 жылдың 2 қарашасындағы Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің «Латын әрпі негізіндегі қазақ жазуын орыс графикасы негізіндегі жаңа алфавитке ауыстыру туралы» [68, 178 б.] қаулысымен бекіді. Онда «Қазақ КСР колхозшы, жұмысшы бұқарасы мен интеллигенция өкілдерінің қазақ жазуын орыс графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиіне көшіру туралы өтініші қанағаттандырылды», - деген жолдар болды.


1937 жылы КСРО-да сауатсыздықты жоюдың ресми уақыты болғанымен, жазу жүйесіндегі реформаға байланысты, халықтың жаңа алфавит бойынша оқуды қайта үйренуге мәжбүр болғандығын көреміз. Дегенмен, Қазақстанда сауатсыздықты жою бойынша жүргізілген жұмыстарды нақты фактілердің негізінде қарастырсақ, осы шаралардың нәтижелі болғандығына күмәнмен қарауға

болады. Мысалы, 1937 жылы Қарағанды облысына қарасты Нұра ауданы бойынша бөлінген 69 000 сом толық жұмсалғанымен, ол ауданда ешқандай адам сауатын аспаған. Балқаш қаласы бойынша 21 000 сом игерілсе де, сауатсыздардың саны азаймаған. Сонымен қатар, бір сауатсызға үлкен көлемде қаржы жұмсау әрекеттері көп кездесті. Сол жылдары бір сауатсызды оқытуға орта есеппен - 36 сом 53 тиын белгіленгенімен, ол норма үнемі сақталмады. Мысалға, Ақмолада бір сауатсызға - 328 с., Сарысу ауданында - 297 с., Таласта - 151 с., Түлкібаста - 80 с. шығындалған [131, 1-т., 28- і., 123-п.]. Көрсетілген олқылықтардың салдарынан, белгіленген сауатсыздарды жою жоспары жүзеге аспай қалады. Бюджет есебінен қаржы бөлінгенімен, оның мақсатты түрде жұмсалуды төмен болды. 1939 жылы Қостанай облысы сауатсыздарды жоюға берілген қаржының 67,9%-ын жұмсағанымен, бұл облыс бойынша жоспарға енгізілген сауатсыздардың тек 16,9%-ы, ал шала сауаттылардың 17,8%-ы ғана оқуға тартылған. Сол сияқты, Торғай ауданында сабақ жүргізбеген 5 оқытушыға 4,6 мың сом жалақы төленген. Немесе, Солтүстік Қазақстан облысының бір ауданы бойынша сауатсыздарды оқыту жоспары тек 6%-ға, ал шала сауаттыларды оқыту 12%-ға ғана орындалып, ондағы мұғалімдердің жалақыларына белгіленген қаржы жоспары 148%-ға тең келген [132, 1-т., 111-і., 36-п.]. Осы мысалдардан қарастырылып отырған жылдардағы сауатсыздықты жою жұмыстарының дұрыс ұйымдастырылмағандығын байқаймыз. Билік тарапынан үлкен міндеттер қойылғанымен, оны жүзеге асыру мүмкіндіктерінің шектеулілігі қоғамның шынайы дамуына кедергі жасады. Осындай келеңсіздіктерден жоғарыда көрсетілген жүйесіздіктер орын алды.

Кеңестік билік 30-жылдардың басында баспа ісіне бақылауды одан әрі жалғастырды. 1931 жылдың 6 маусымында РКФСР-ның Халық Комиссарлар Кеңесі

«Әдебиет пен баспа істері жөніндегі Бас басқармасы және оның жергілікті органдары туралы» ереже шығарады [72, 57 б.]. Ол ереже бойынша РКФСР-ның Оқу-ағарту Халық Комиссариатының құрамында құрылатын аталмыш Бас басқарма арқылы жариялануға, таратылуға тиісті баспа өнімдеріне, қолжазбаларға, суреттерге саяси-идеологиялық, әскери және экономикалық бақылаудың барлық түрінің қолданылатындығы мәлімденеді.


Одақ көлеміндегі баспа өнімдеріне байланысты цензура Қазақстандағы кітап шығару ісіне тікелей әсер етті. 5 суреттен[133] 1940 жылғы республикада басылып шығарылған кітап өнімдерінің көлеміне қарасақ, қазақ және орыс тілінде жарық көрген кітаптар санының тең, тіпті қазақ тіліндегі кітаптардың біршама жоғары тұрғандығын көреміз. Ал, таралымы жағынан қазақ тіліндегі кітаптар бірнеше есе көп.



Сурет 5. 1940 ж. кітаптарды баспадан шығару көрсеткіштері

Дегенмен, қазақ тіліндегі кітаптардың көрсеткіші орыс тіліндегі кітаптармен тең дәрежеде басылғанымен, олардың басым бөлігі басқа тілден аударылып басылды. Жалпы көрсеткіш 382 болғанымен, түпнұсқадан басылған кітаптар саны – 150 болса, аудармалар – 232-ге тең болды. Ал, орыс

тіліндегі кітаптардың тек 17-сі ғана аударма, қалғаны түпнұсқадан басылды. Басқа тілдердің түпнұсқадан жарық көргендері 19-ға тең келсе, сол жылы 2-ақ кітап аударылып басылды. Қазақ тіліндегі кітаптардың көлемі негізінен марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектері есебінен толықты. Қазақ тіліндегі әдебиеттерді басып шығаруда марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін қазақ тіліне аудару жұмыстары бойынша айтарлықтай табыстар болды. Партия тарихы институтының құрамында 1934 жылы сәуірде аударма секциясы құрылады. Соның негізінде аудармашы кадрлар даярлау, аударма сапасын жақсарту жөнінде бірқатар шаралар белгіленеді. Осының нәтижесінде, 1930-1939 жылдар аралығында В.И. Лениннің 41 еңбегі және жеке жинақтары аударылып басылды, олардың жалпы тиражы 369 670 данаға жетті [109, 322-323 б.]. Газет шығару көрсеткіші (сурет 6) бойынша да орыс тіліндегі газеттердің басым болғандығын көреміз жетті [133, 40 б.]. Қазақ тіліндегі шыққан газеттер негізінен орысша газеттердің аудармалары сипатындағы болғандығын 30-жылдары басылған газеттердің мазмұнынан байқауға болады.



Сурет 6. 1940 ж. газет шығару көрсеткіштері

Қазақстандағы баспа өнімдерінің өзіндік мазмұнының болмауы, көбінесе орысша өнімдердің аудармалары деңгейінде қалуына, сол жылдардағы түрі-ұлттық, мазмұны-социалистік идеясы әсер етті. Жаңа талапқа сай сапалы шығармалар аз болды. Ал, ұлттық мағынадағы туындыларға шектеу қойылды. Одан қазақ тілі, қазақ тілді басылымдар, жалпы, қазақ мәдениеті үлкен зардап шекті. Қазақ тіліндегі шығармалардың жұтандығы, сол жылдары қазақ театрына да теріс әсер етті. Ол жайында Қ. Бекхожин былай дейді: «Театрдың дамуы, оның репертуарының қалыптасуы шиеленіскен идеялық күрес жағдайында өтті. Буржуазияшыл ұлтшыл және байшыл элементтер мәдениет құрылысындағы социалистік өзгерістерге өршелене қарсылық көрсетуде болды. Осылардың әсерімен театрдың репертуарына өткенді дәріптейтін, ауылдағы әлеуметтік қайшылықтарды бүркемелейтін, ұлтшылдық бағытта жазылған жеке пьесалар еніп кетіп жүрді»[134]. Келтірілген пікір кеңестік заманда қалыптасқан көзқарас негізінде жазылғанымен, оның астарынан қазақ театрының партияның қойған жаңа талаптарына бейімделіп кете алмағандығын байқауға болады. 30-жылдары Қазақ драма театрының репертуары тексеріліп, ол қатаң сынға алынады. Тексеріс қорытындысында, «Қаракөз», «Шернияз» сияқты шығармалар зиянды деп саналып, қойылым ретінде көрсетуге тыйым салынады[135, 1-т., 134-і., 102-п.].

Жалпы, 30-жылдардың соңы–40-жылдардың басында қазақ тілінде социалистік идеялар сипатында жазылған шығармалар аз көлемде болды. Бұл жағдай республикалық Жазушылар Одағында талқыланып, онда «1939-1940 жылдардағы қазақ драматургиясының жағдайы мен жағымды кейіпкер бейнесін жасау міндеттері»[136, 1-т., 74а-і., 3-п.] деген баяндама жасалады. Ол баяндамада Қазақстан жазушыларының екінші съезінен кейін туындаған шығармалардың мазмұны бағаланады. Онда 50 пьеса ұсынылып, олардың 28-жаңа заман тақырыбына

арналып, ал 2-азамат соғысы, 12-деректі-тарихи және тарихи-фольклорлық, 1-қорғаныс, 4-балалар және 3 пьеса әр түрлі тақырыпта жазылған[136, 1-т., 74а-і., 3, 25-пп.]. Ұсынылған қолжазбалардың ішінде кеңестік заман тақырыбындағы пьесалар басым болғанымен, театр репертуарына 28 пьесаның ішінде 3-4-уі ғана қабылданады. Қалған шығармалар сапасының төмендігіне байланысты репертуардан енгізілмей, ал кейбірі, тіпті, сахнаға шығаруға жарамсыз деп танылған.

Қазақ тілінің қолданыс аясының тарылуына 30 - жылдардың басындағы әлеуметтік-экономикалық салада орын алған теріс сипаттағы факторлармен (жұт, аштық, эпидемия) қатар, республикаға сырттан келушілердің ұлғаюы да ықпал етті. Қазақстанда өндіріс орындарының салынуына байланысты әр түрлі ұлттардан құралған жұмысшы күштері қалыптаса бастады. Мысалы, сурет 7-гі [97, 48 б.] Түркісіб магистралінің құрылысын салуға келген жұмысшылардың ұлттық құрамына назар аударсақ, олардың 10-нан аса ұлт өкілдері екендігін көреміз. Жұмысшылардың негізгі бөлігі славян ұлтынан, яғни орыстілділер болып табылды. Осы жағдай өндірістегі жұмысшылардың ұлттық құрамына әсер еткендігі белгілі.



Сурет 7. Қазақстанға Түркісіб магистралінің құрылысын салуға келген ұлттар

Осыған байланысты республикада өндіріс орындарын жергілікті ұлт өкілдерімен қамтамасыз ету шараларын қарастыра бастайды. БК(б)П Өлкелік комитетінің 1932 жылғы 5 шілдесіндегі «Өндірісті жергілікті ұлт өкілдерімен қамтамасыз етудің кезекті міндеттері туралы» қаулысы жарияланады [68, 109 б.]. Қаулыға сәйкес республикадағы қазақ жұмысшыларының үлес салмағына байланысты талдаулар жүргізіле бастайды. Жалпы, сол жылға дейінгі мәліметтер бойынша, жұмысшы қазақтардың саны 135 000 адамды немесе барлық өндірісте жұмыс жасайтындардың 28,4 пайызын құраған [68, 110 б.].

Жекелеген өндіріс орындары бойынша жалпы жұмысшылардың ішінде қазақтар, Қазполиметалл – 90%, Ащысай – 84,7%, Қарсақпай комбинатында – 67,8%, Ембімұнай – 58,3%, Ақтөбехимия – 56,5%, Түркісіб темір жолында - 41 %-ды құраған [68, 110 б.]. Қазақ жұмысшыларының өндіріс орындарындағы өсіміне байланысты олардың арасында біліктілігі жоғары жұмысшылар да қалыптаса бастады. Мысалы, Қарсақпайда білікті жұмысшы-қазақтардың пайызы – 45-ке тең болса, Ембімұнайда – 35,1 пайыз, Қарағанды бойынша: 1) жалпы білікті жұмысшы-қазақтар – 46,6 пайыз, 2) жер асты кәсібі бойынша білікті жұмысшы-қазақтар – 49,5 пайыз, Ащысай бойынша: 1) жоғары дәрежелі білікті жұмысшы-қазақтар – 33,3 пайыз, 2) орта дәрежелі білікті жұмысшы-қазақтар – 62,2 пайызды көрсетті [68, 110 б.].

XX ғасырдың 30-жылдары Қазақстанға Балқаш түсті металл өңдеу зауытының құрылысын салуға келген жұмысшылардың ұлттық құрамы (кесте 2) [97, 55 б.] да славян ұлты өкілдерінің негізгі үлеске ие болғандығын көрсетеді.

Кесте 2 - Қазақстанға Балқаш түсті металл өңдеу зауытының құрылысын салуға келген ұлттар

Ұлттар	Абсолютті көрсеткіш	%
Орыстар	15 171	69,2
Украиндар	4 372	20,2
Татарлар	956	4,4
Мордвалар	470	2,1
Белорустар	348	1,6
Еврейлер	106	0,5
Өзбектер	76	0,4
Чуваштар	54	0,2
Поляктар	53	0,2
Башқұрттар	40	0,2
Басқалары	304	1,0
Барлығы	21 950	100,0

Жалпы, Қазақстан бойынша республикаға келген жұмысшы күші 30-жылдардың бойында үздіксіз жалғасты. Оны, сурет 8-ден [97, 57 б.] байқауға болады. 1931 - 1940 жылдар аралығында келген жұмысшылардың жалпы саны жарты миллионға тең болды. Олардың негізгі бөлігі славян ұлты өкілдері екендігін жоғарыдағы сандық мәліметтер дәлелдейді. Осы жағдай қазақ жұмысшыларының өндіріске орналасуына кедергі болды. Өндіріс орындарына сырттан жұмысшылардың әкелінуі, қалалардағы басқа ұлт өкілдерінің үлесінің өсуіне негіз болды. Ал, қазақтар көбінесе ауылдық тұрғындардың басым бөлігін құрады. Бұл қазақ тілінің ауылдық деңгейде қалып қоюына жол берді.




Сурет 8. 1931-1940 жж. Қазақстанға келген еңбек ресурстары (мың адам)

Қазақ жұмысшыларын өндіріске тартудың өзінде де бірқатар кемшіліктер орын алды. Қазақ жұмысшыларын өндіріске тарту әлсіз жүргізілді. Мысалы, жекелеген кәсіпорындарындағы қазақтардың көрсеткіші Қарағандыда – 38,7 %, Риддерде – 25,7%, Степнякта - 28%-ға тең болды [68, 111 б.]. Ал, Жезқазған мен Риддерде қазақ жұмысшыларының кәсіби біліктілігін көтеру өте төмен болған. Сонымен қатар, кәсіби біліктілігі жоғары қазақ жұмысшыларының өз дәрежесіне сәйкес жұмыс пен еңбекақы ала алмау оқиғалары да кездескен және басқа ұлттармен салыстырғанда қазақ жұмысшыларының мәдени-тұрмыстық жағдайы төмен тұрды. Осындай қажеттіліктерге байланысты жоғарыда аталған қаулыда бірқатар шараларды жүзеге асыру міндеттері қабылданады. Онда республикадағы өндіріс орындарындағы барлық құжаттарды қазақшалау, «Техника в массе» атты қазақ тілінде журнал шығару, жұмысшы қазақтардың техниканы меңгеруіне көмектескендерге арнайы қордан материалдық жәрдем көрсету, өндірісте сауат ашу, әсіресе Ембімұнай, Қарсақпай, Риддер, Қарағанды, Прибалхашстрой, Қазполиметалл өндірістерінде, қазақ тілін оқыту жүйесін жасауды, мамандар бөлімдеріне үш айдың ішінде ұлттық мамандар

даярлаудың нақты жоспарын жасау, қазақ жұмысшыларының тұрмыстық жағдайын түзету міндеттері қойылады [68, 113-114 б.].

Дегенмен, 30-жылдардың соңында қазақ тілін дамыту жұмыстарын жүргізуден оң нәтижелер алу өте күмәнді еді. Себебі, сол уақыттағы Қазақстандағы халықтың ұлттық құрамы үлкен өзгеріске түсті. Оны, сурет 9 [97, 60 б.] арқылы көруге болады. 1926 жылмен салыстырғанда 1939 жылы қазақтар қанша пайызға (19,6) кемісе, орыстар сонша пайызға (19,3) өскен.



Сурет 9. 1926-1939 жж. Қазақстанның ұлттық құрамы

Қазақстанда басқа ұлт өкілдерінің көпшілік болуы орыс тілінің негізгі тіл болып орнығуына алып келгендігі сөзсіз. Сөйтіп, кеңестік билік жоспарлаған орыс тілін ортақ тіл ету саясаты біртіндеп іске аса бастады.

XX ғасырдың 30-жылдары кеңес өкіметінің бастапқыда қабылданған халықтардың тең құқықтығының қағидалары, Кеңес Одағындағы ұлттардың төл мәдениеті мен тілін дамыту құқықтары шектеле бастады. Ұлттардың тіл еркіндігі саясаты өзгерістерге ұшырап, оның орнына Сталиннің «біртұтас кеңес халқын жасау» саясаты орныға бастады. Бұл бағыттағы шараларды жүзеге асыру барысында әр түрлі ұлттардың өзіндік ерекшеліктері, мүдделері ескерілмей жүргізілді. Бұл көп ұлтты мәдениетке

теріс ықпалын тигізді, ал осы мәселені шешудің дұрыс жолдарын ұсынған зиялы қауым өкілдері қуғын-сүргінге ұшырады.

Репозиторий қарғу

2 1940 - 1980 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛ САЯСАТЫНЫҢ СИПАТЫ

2.1 Ұлттық тіл мен орыс тілінің даму арақатынасы

Ұлы Отан соғысы жылдарында кеңестік идеология КСРО халықтарының ұлтаралық бірлігі мен патриотизмді нығайтуға күш жұмсады. Қызыл әскер қатарына барлық ұлт өкілдері шақырылды, олар барлығына ортақ Отан үшін ерлік көрсетті. Одақтағы славян емес ұлттардың демографиялық әлеуеті кеңес әскерінің күшеюіне мүмкіндік берді. Әскерге шақырылғандардың орыс тілін нашар білулеріне байланысты ұлттық әскери құрылымдар қалыптасты. Ұлттық республикалар, оның ішінде Қазақстан эвакуацияланған өнеркәсіп орындарын қабылдап, олардың қалыпты жұмыс жасауына өз үлесін қосты. Сол жылдардағы халықтардың достығы насихат жұмыстарының негізгі тақырыбына айналды және ол нәтижелі түрде жүзеге асты.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы маңызды шаралардың бірі – экономиканы қайта құрудың құрамды бөлігі эвакуацияланған кәсіпорындарды тез арада орналастыру болып табылды. 1941 жылдың шілдесінен 1942 жылдың қазанына дейін Қазақстанға 29 халық комиссариаттары мен басқармаларға қарасты 142 кәсіпорын көшірілді. Олардың ішінде ауыр және орташа машина жасау зауыттары және тоқыма, мақта иіру, аяқ киім фабрикаларына жататын кәсіпорындар болды. Аталған кәсіпорындармен қоса 50 мың жұмысшы мен инженер-техник қызметкерлері келді. Кәсіпорындарды орналастыруға республикада 230 мың² өндіріс алаңдары босатылды [137]. Жалпы, 1942 жылдың соңына қарай Қазақстан сырттан 532,5 мың адам, ал соғыстың соңына дейін 1,5 млн. адамды қабылдады [138]. Олардың ұлттық құрамын қарастырсақ, төменде берілген кесте 3-гі [97, 93 б.]

мәліметтерді пайдалануға болады. Онда республикаға көшірілген халықтардың басым бөлігінің орыс, украин, еврейлер екендігін байқаймыз. Аталған ұлттардың негізінен орыс тілінде сөйлегендіктері белгілі. Бұл жағдай Қазақстандағы тілдік ахуалдың күрделенуіне ықпал етті. Себебі, 1940-1950 жылдар аралығында республикадағы қала халқының саны – 35,7%-ға өсіп, ал ауыл халқы – 4,9%-ға кеміді [138, 18 б.].

Кесте 3. 1941 ж. соңындағы Қазақстанға эвакуацияланғандардың ұлттық құрамы

Ұлттар	Абс.	%	Ұлттар	Абс.	%
Орыстар	51 758	32,0	Армяндар	10	1,1
Украиндар	26 635	16,5	Француздар	3	
Белорустар	3 994	2,5	Қазақтар	2	
Еврейлер	75 024	46,5	Осетиндер	1	
Поляктар	908	0,6	Испандықтар	1	
Немістер	423	0,3	Өзбектер	1	
Латыштар	339	0,2	Мордвалар	1	
Эстондар	247	0,2	Татарлар	1	
Литвандар	118	0,1	Басқалар	1857	

Қала халқының деңгейінің көбінесе эвакуацияланғандардың есебінен өскендігі белгілі. Осыған сәйкес, орыс тілі республика қалаларында одан әрі орныға түсті.

Соғыс барысында орыс халқының рөлі де жоғарылай түсті. Ұлы Отан соғысы қарсаңында КСРО халқының 51,8%-орыстар құрады. Ал, соғысқа тартылғандардың 65,4%, қаза болғандардың 66,4%-орыс ұлтының өкілдері болды [119, 341 б.]. Осы кезеңде интернационализм, таптық және социалистік құндылықтар жалпыға ортақ Отан ұғымымен алмаса бастады. 1944 жылы ресми салтанатты

шаралар мен күнделікті радио хабарлар ұлы Русьтің маңына мәңгілікке шоғырланған республикалар одағы туралы әнұранмен басталатын болды. Оған дейінгі «Интернационал» шығармасының рөлі төмендеді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында барлық азаматтардың орыс тілін меңгерудегі маңызының жоғары болғандығы анық. Әскери қызмет пен халықтардың жаппай қоныс аударулары (эвакуация, депортация) орыс тілін игеру деңгейін барынша көтерді. Соның нәтижесінде, соғыстан кейінгі уақытта да орыс тілінің рөлі одан әрі жоғарылады. Сөз жүзінде ұлттар мен олардың тілдері тең құқылы болғанымен, іс жүзінде орыс тілі мен ұлтының мәртебесі осы кезеңде жоғары сипатқа ие бола бастады. Сонымен бірге, бұл уақытта орыс тілінің тек Одақ көлемінде ғана емес, сол сияқты әлемдік деңгейде де маңыздылығы артты: Біріккен Ұлттар Ұйымының жұмыс тілдерінің бірі, социалистік лагерь мемлекет аралық бірлестіктерінің (Варшава келісім-шарты, СЭВ) жұмыс тілі, халықтық демократия елдерінің мектептеріндегі меңгерілуі міндетті тіл болып табылды.

Соғыс жылдарының бастапқы кезеңінің өзінде қазақ тіліне байланысты бірқатар қаулылар қабылданады. 1941 жылдың 14 шілдесіндегі ҚКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің «ҚКСР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің 1933 жылдың 1 қыркүйегіндегі «Қазақ тілін меңгерген мамандарға жеңілдік туралы» Қаулысының күшін жою туралы» қаулысы шықты. [68, 221 б.]. Ал, сол жылдың 19 желтоқсанында ҚКСР Халық комиссарлар кеңесінің жанындағы мемлекеттік терминологиялық комиссия таратылып, оның атқаратын қызметі мен мүлкі Ғылым Академиясының қазақ бөлімшесінің Тіл, әдебиет және тарих ғылыми-зерттеу институтына беріледі [68, 223 б.]. Дегенмен, 1945 жылдың 8 ақпанында Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысымен

мемлекеттік терминологиялық комиссия қайта құрылады [68, 223 б.].

Осы кездегі қазақ тілінің жағдайына байланысты қазақ зиялылары алаңдаушылық білдіре бастады. Соғыс жылдарының өзінде-ақ қазақ тілі мәселесінің Қазақстандағы саясатының бағытбағдарына келіспеушілік білдірген Б. Момышұлы болды. Ол сонау соғыс жылдарынан бастап үнемі тіл мәселесін өзіне тән батырлықпен, білгірлікпен көтеріп жүрді. Осы кезеңде көрнекті жазушы Ғ. Мүсірепов те қазақ тілінің үлкен жанашыры ретінде қайраткерлік танытты. Академик-жазушы өзінің сөйлеген сөздерінде, мақалаларында қазақ тілінің ана тілі ретіндегі айрықша маңызын, тіл мәдениетін, тіл тазалығын көтеріп келді. Жазушы өз заманының өскелең ұрпағына арнап: «Ана тілін құрметтемеу – ештемені сыйламау деген сөз. Жастар мұны қатты ескеруі керек»[139] - деп ескертті.

XX ғасырдың 40-жылдары қазақ тілінің жайына алаңдаған қазақ батыры Б. Момышұлы 1944 жылы сол кездегі Қазақстандағы партия хатшысы М. Әбдіхалықовқа жазған хатында былай деді: «Февральдың осы он бесінші күні кеселханаға түсе салысымен көңілімді сұрағалы көптен көріспеген бір таныс орыс әйел Сахарова дейтін келіп отырып, қазақша жазылған бір парақ қағазға көзі түсіп:

– Бауыржан, почему вы пишете по-казахский – деп таңғала сұрақ қойды.

– Вы меня удивляете, Нина Александровна, почему я не должен писать по-казахский – на родном языке,– дедім мен.

– Ведь многие казахи не пишут и не разговаривают, потому, что не выразишь свои мысли, то, что хочешь сказать не скажешь... До того говорят ваш язык бедный!.. – деп түйеден түскендей ұялмай, қызармай айтып отыр. Не дерсің? Сөзі өңменімнен өтіп кетті. Ол кісіге әлімнің келгенінше, теріс ұғымын дұрыстап түсіндірдім. Кейіннен

білдім, Сахарова осындағы бір халық комиссарының бірінші орынбасары екен. Қазақстанға келгеніне он жылдан асқанын өзім де білуші едім. Орыстың жәй шүйкебас әйел-қыздары емес, қазақ халық комиссарының орынбасарының пікірі, көзқарасы, ұғымы қазақ тілі туралы осындай екендігіне қапаланып «жарыған екен бізді» қалай айтпассың, қалай ойламассың. Осы қағаздағыларды жазуға қамшы болғанның біреуі сол он жыл тұрып, Қазақстанның нанына семіргеннен басқадан хабарсыз, ел басқарушылар қатарына кіріп қалған (не арқылы екенін құдай білсін), надан замнаркомша екендігін де жасырмаймын. Елдің сорына біткен кейбіреулердің уәкілі болған соң бүгіп қалудың қажеті не? Осы кезде аздап орысша білгеніне мәз болып, төбесі көкке жеткендей ата тіліне көңіл бөлмей, оны әліне қарамай менсінбей не орысшаны, не қазақшаны дұрыс сөйлей алмай шылдырбылдырға бөленіп, келбетсіз, тілі азғын масқараларды Алма-Атаның жауапты деген қызметкерлерінің арасында да кездестіруге болады. Балпаңбаев деген үкімет кісісі: «Мен қазаққа қарай алмаймын» дейді дегенді үш-төрт адамның аузынан есіттім. Сәбит Мұқанұлы сияқты бас жазушыларымыздың үлкен баласы қазақ тілінен құр қалған жанның бірі. Тағысын тағылар[140]. Б. Момышұлы жазған хаттың мазмұны ХХ ғасырдың ортасында кеңестік тіл саясатының нақты нәтижелер бере бастағандығын көрсетеді.

40-жылдары республиканың жекелеген аймақтарында да ұлттық мүдде, тілге байланысты зиялы қауым өкілдері бас қоса бастады. 1940 жылдың басында Қарағанды қаласында «ЕСЕП» (Елін сүйген ерлер партиясы) партиясы құрылады. Оның ұйымдастырушысы Бүркіт Ысқақов болды. Партияны құрудағы мақсат – «халық жауларының» кінәсіздігін ақтап алу. Бұл партия Қарағанды мұғалімдер институтына да өз ықпалын тигізді. Оның бір дәлелі - аталған институттың тіл - әдебиет факультеті

студенттерінің «Жас қалам» атты әдеби үйірмесінің құрылуы. Кеңестік идеология өз күшінде тұрған уақытта үйірме мүшелері Асан Қайғы, Бұқар жырау, Махамбет, Шортанбай, Дулат, Мұрат, Шернияз, Абай, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Ахмет, Жүсіпбек шығармаларын оқып, жатқа айтуға дағдыланған. Сол жылдардағы үйірме мүшесі болған О. Құдышев үйірме жұмысын былайша еске алады: «Сұлтанмахмұттың:

Алаш туы астында,
Күн сөнгенше сөнбейміз.
Енді Алашты ешкімнің
Қорлығына бермейміз.
Жасайды Алаш, өлмейміз...

Жүсіпбек Аймауытовтың «Арғы атам ер Түрік»:

Біз қазақ еліміз,
Самал тау, шалқар көл,
Сарыарқа жеріміз,
Алаштың жолында,
Жан қимақ ниетіміз.

Мағжан Жұмабаевтың «Желе бер жаным, Қаракөк»:

Желкілдеп желмен айдарың,
Қолымда найза көк болат,
Ерлігіме айғағым,
Ұлт дегенде көпіршіп,
Жарайсың қаным, қайнадың.
Ұлтымнан мен садаға,
Бекініп басты байладым.
Білгенін енді істесін,

Өлімменен ойнадым! – сияқты ең нәрлі, әсем шумақтары есімізде сақталатын да, бірден бірге ауысып, айтыла беретін»[141]. Үйірменің отырысында әдебиет мәселелерімен қатар, тарих, ұлт саясаты, мәдениет,

идеология салаларын қамтитын пікірталастар да жиі ұйымдастырылған.

1951 жылдың қазан айында Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті «Идеологиялық жұмыстың дәрежесі арттырылсын» деген қаулы қабылданып, зиялы қауым өкілдеріне қатысты тағы да қуғын-сүргіндер басталды. Қ. Жұмалиев, Х. Бекхожин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Аманжолов, Ә. Тәжібаевтардың шығармаларындағы қателіктер көрсетіліп, Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті Қ. Сәтбаевты Едігені насихаттаушы, ал ҚазМУ-дың ректоры Т. Тәжібаевты буржуазияшыл-ұлтшылдарды қорғады деп айыптады.

Сол уақытта ұлт мүддесін көздеген қарағандылық «Жас қалам» үйірме мүшелеріне де кезекті қуғын-сүргін науқаны басталады. Мемлекеттік қауіпсіздік қызметкерлері 1951 жылы үйірме жетекшісі А. Нәрешевті ұстайды. Оған қазақ ұлтшылдарының идеяларын уағыздады, оқуға тыйым салынған әдебиеттерді сақтап, оқушыларға таратты, Қазақстанның феодалдық дәуірін аңсаған, студенттерді буржуазиялық, ұлтшылдық рухта тәрбиелеу, саяси ұйым құрып, оларға теріс идеялық ықпал жасады деген айыптар тағылады. Сөйтіп, 58бап бойынша сотталады. Осы жылы Б. Ысқақов та тұтқындалады. Айыптау үкімінде «Жас қалам» әдеби үйірмесіне қатысқанына қосымша, «Үндістан ұраны» деген өлеңді С. Сейфуллиннің «Азия», І. Жансүгіровтың «Гималай» өлеңдеріне еліктеп жазған деген кінә тағылады. Б. Ысқақов ағылшын отарларына қарсы шыққан М. Ганди бастаған Үндістан патриоттарына арнап шығарған өлеңі мына мазмұнда болған:

«О, Үндістан, ұлысың,
Ұлылығың құрысын.
Құрысын демей қайтейін,
Ағылшынның құлысың.
Оят, тұрғыз ұйқыдан,

Ұлдарыңның тірісін!».

Осы өлеңді тергеу орындары С. Сейфуллиннің:

«Уа, Азия, ұлысың,

Ұлылығың құрысын.

Құрысын демей не дейін,

Европаның құлысың», - деген өлеңіне ұқсас деген сипатта айыптайды.

Үйірме мүшелері әр түрлі жазаларға ұшырайды. 1951 жылы А. Нәрсешев, Б.Ысқақов, М. Теміров 25 жылға, М. Азанбаев, Ж. Қалиев, Р. Нәрсешев, А. Аманкүлов 10 жылға сотталап, қосымша 5 жыл саяси түзеу лагеріне жіберу шешімі шығады. Тек, 1950– жылдардың ортасынан ақтала бастайды.

Ұлы Отан соғысынан кейін ақпарат құралдарында орыс халқының ұлылығын насихаттайтын материалдар көбейе бастады. Ұлт мәселесі бойынша жүргізіліп отырған мемлекеттік саясаттың көріністері ғылымда да байқалды. Тарихта Ресей мемлекетімен жауласқан елдердің барлығы теріс мағынада сипатталды. Орыс мемлекетінің осы саясаты бүгінгі күнде де жойылған жоқ. Тіпті, XIV-ғасырдағы мемлекет қайраткері Едіге батыр XX ғасырдағы кеңес өкіметінің саясатына қауіп төндіруші болды. Соның салдарынан «Едіге батыр» дастаны оқу бағдарламаларынан алынып тасталды. Ал, қазақ дастандарының ішінде «Қамбар батыр» жырынан басқаларына тыйым салынды [142]. Сонымен қатар, қазақ тарихындағы хандардың іс-қызметін зерттеу мәселесі де биліктің назарында болды. Ресейдің отарлау саясатына қарсы шыққан К. Қасымұлының ұлт-азаттық көтерілісін зерттеген Е. Бекмаханов айыпталып, 25 жылға сотталды.

Саяси-идеологиялық қысым сол кезде ұлттық мазмұнға қатысы бар барлық ғылыми саланы қамтыды. Қазақ тіліне қарсы үлкен саяси науқан Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің 1947 жылғы қаңтар айының 27-ндегі

«Қазақ КСР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы» қаулысынан бастау алды [107, 49 б.]. Бұл партиялық құжат қазақ тіліне қарсы жаңа бір «идеологиялық шабуылдың» өзегіне айналып, қазақ зиялы қауымы екінші буынының қуғын-сүргінге ұшырауына себеп болды. Қаулыда тілге байланысты атап көрсетілгендей: «шын мәнінде Ұлы Октябрь революциясынан кейін туған және Қазақ КСР өнеркәсібінің, ауылшаруашылығының, мәдениетінің өсуімен бірге үнемі байытылып келген қазіргі қазақ әдебиет тілінің мәселелерін талдау жөнінде де саяси елеулі қателер аз емес. Кейбір тіл мамандары әлі де болса, іс жүзінде жалпы интернационалдық терминдері, оның ішінде орыс терминдерін қазіргі қазақ тіліне енгізуге қарсы бағытталған теріс көзқараста болып келді. Мұның салдарынан бірсыпыра әлеуметтік-экономикалық терминдер қазақ тіліне жалпы жұрт таныған мағынасынан өрескел бұрмаланып аударылған (Н.Т. Сауранбаевтың, І.К. Кеңесбаевтың, М.Б. Балақаевтың жалпы редакциясымен шыққан «Орысша-қазақша сөздік») деп белгілі тіл зерттеуші қазақ ғалымдарына «түркішілдік бағытты ұстағаны үшін» айып тағылды». Осы қаулыны көпшілікке түсіндіру мақсатында Алматыда ғылым, әдебиет және өнер қызметкерлерінің қалалық жиналысы өткізілді, онда БК(б)П Орталық Комитетінің идеология жұмысы жөніндегі қаулыларын, Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің жоғарыда аталған қаулысын жүзеге асыру міндеттері туралы Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Ж. Шаяхметов баяндама жасады. Тіл және әдебиет институтының еңбектерін «большевиктік рухқа сай келмейтін ғылымға жат дүниелер» ретінде сынға алды. 1947 жылдың ақпан мен қазан аралығындағы сегіз ай ішінде институттан 23 адам, оның ішінде 9 адам «саяси жағынан жағымсыз қылықтары үшін» жұмыстан шығарылды [143].

Ғылым саласындағы осындай қуғын-сүргін тек астана ғана емес, жекелеген аймақтарға да таралды. Оны Орталық Қазақстан өңірінің негізінде қарастырсақ, ұлттық мүддені көтергені үшін ғалымдардың қуғынға ұшырауы Қарағанды мұғалімдер институтында да орын алды. Оған Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Қ. Жұмалиевтың идеологиялық қысымның әсерінен Қарағандыға келуі себеп болды.

Осы жылдары «Абай поэтикалық мектебіне» және оны зерттеуші М.Әуезовке байланысты іс қозғалады. Ал, Қ. Жұмалиев 1948 жылы «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» деген күрделі әдеби зерттеу еңбегін жазған болатын. Сонымен қатар, 1951 жылы «Казахстанская правданың» «Қазақ батырлық эпосын зерттеудегі қателіктерге қарсы» деген мақаласында газет ауыз әдебиетін таптық күрес тұрғысынан қарастыруды талап етеді. Оған 1944 жылғы БК(б)П ОК Татарстанда феодалдық пиғылдағы деп танылған «Едіге» жырын әшкерелеген қаулы негіз болады. Қазақ халқының фольклорын зерттеп жүрген Қ. Жұмалиев осы мақалаға байланысты «буржуазиялық-ұлтшылдығы» үшін сынға алынады. Осындай себептермен Қарағандыға келген ғалым институтта қазақ тілі, әдебиеті кафедрасында 2 жыл жұмыс жасады. Әдебиет тарихын зерттеудегі ұлтшылдығы және антикеңестік әрекеттері үшін 1953 жылы ұсталып, «халық жауы» ретінде 25 жылға сотталады.

Қ. Жұмалиев ұсталғаннан кейін оның жақтастарын айыптау жұмыстары басталады. 1953 жылы қазақ тілі, әдебиеті кафедрасының меңгерушісі Ф.Кенжебаеваға, марксизм-ленинизм негіздері кафедрасының меңгерушісі А.Айтжановқа және оқытушы К. Жолымбетовке Қ. Жұмалиевпен байланыста болды деген айып тағылып, жиналыс өткізіледі [144, 57-і., 66-72 пп.]. Орыс және шет ел

әдебиеті кафедрасының меңгерушісі А. Спасибенко А.Айтжановтың әдебиет факультетінің қазақ бөлімдерінде дәрістерді оқуды орыс тілінен қазақ тіліне көшіруді талап еткенін айта келе, көпшілікке оның іс-әрекеті теріс әсер етуі мүмкін дегенді алға тартады. Ғылым-оқу жұмыстары жөніндегі директордың орынбасары В. Усик жоғарыдағы аталған мәселелерге тоқтала келе, А. Айтжановтың оқыту үрдісіндегі көптеген қателіктерге жол беріп, ал, Ф. Кенжебаеваның партия ұйымының хатшысы бола тұра, саяси қырағылығын жоғалтқандығын баяндайды. Басқа ұлт өкілдерімен қатар, ұлттық мүддені қолдаған ғалымдарға қазақ оқытушыларының өзі де қарсылық көрсетті. С. Баймұрзиннің сөзін сол қалпында келтірсек, былай деген: «Нам ясно кто такой националист, это-алашординец, враг сближения казаха с русским народом. Связь это идейная, кровная, близкая сочувственная. Первая заповедь у алашординцев была: «Не бери русскую книгу в руки». Не отсюда ли выступление Айтжанова по завещанию Джумалиева, о протесте преподавания на русском языке для казахской секции литфака». Осы тектес пікірлерді сол жиналыста қазақ оқытушылары басқа ұлттардан да асыра білдірген. Тек, Е. Юдина, М. Гришиналардың көзқарастары өзгешелеу болады. Олар жиналыста сөз алушылардың бір мәселенің төңірегінде дәлелді фактілерге жүгінбей, байланысы жоқ болжамдарды сөз еткендіктерін айта келе, қарастырылып отырған мәселе бойынша дұрыс шешім қабылдаудың қажеттілігін ескертеді. Дегенмен, жиналыс соңында Ф. Кенжебаева, А. Айтжанов, К. Жолымбетовтерге саяси қырағылықтарын жоғалтқандары үшін сөгіс жариялайды.

XX ғасырдың 40-жылдарының соңы – 50-жылдарының басында Кеңестер одағы шеңберінде тіл білімі мәселесі бойынша белсенді пікірталастар ұйымдастырылды. Жалпы, кеңестік ғылым әлемдік тіл ғылымына теориялық

тұрғыдан жаңалықтар енгізбеді. Ол негізінен батыстық мектептер қалыптастырған әр түрлі әдіс-тәсілдерді қайталағандығы белгілі. Бірақ, осындай деңгейіне қарамастан кеңестік билік, ғылым батыс елдеріндегі жаңалықтарды мойындамады.

Кеңестік ғылымның тіл саласында бірінші қолға алған мәселесі - тіл білімінің философиялық негізі, тілдің әлеуметтік мәні жайындағы мәселе болып табылды. Бұл отан ғылымының, солардың ішінде тіл білімінің де негізі - марксистік диалектикалық материализм деп жарияланды. Сөйтіп, осы негізде Кеңестік жаңа тіл білімін қалыптастыру талабы қойылды, оны қалыптастырушылардың жолбасшысы, көсемі болып, Н.Я. Марр Кеңестік тіл білімі әлеміне көтерілді. Н.Я. Марр - иберий-кавказ тілдерінің маманы. Ол алғашқыда бұл тілдердің туыстық төркін, олардың семит тілдерімен байланысын зерттеді де, келе-келе өз теориясын "яфет теориясы" деп атады. "Яфет" деген терминді басында Н.Я. Марр бүкіл Кавказ, Жерорта теңізі бассейндеріндегі толып жатқан тілдердің бәріне ортақ шартты атау ретінде қолданған да, артынан осы тілдерді зерттеуден туған өз тұжырымдарын "Яфет теориясы" деп атаған. Бұл атау бертінірек келе "Тіл туралы жаңа ілім" деген атаумен ауыстырылды. Бірақ әдебиеттерде бұл екі атау кейде бірінің орнына бірі қолданыла берді. Н.Я. Марр бастаған "Тіл туралы жаңа ілім" өз қадамын революциядан бұрын үнді-еуропалық тіл білімі деп аталатын ғылымды кеңестік дәуір талабы тұрғысынан қайта қарап, үнді-еуропа тіл біліміндегі сол кездегі қайшылықтардың, тоқыраушылықтардың біразын дұрыс көре білді. Бұл бағыттың буржуазиялық тілдерде бірсыпыра мәселеде реакциялық, нәсілдік бағытта болып, отар елдер мен аз ұлттарды, олардың тілдерін кемсітіп, қорлайтындықтарын ашық айтты. Шынында да, әсіресе XX ғасырдың бас кезінде үнді-еуропа семьясына жататын тілдерде сөйлеуші халықтарды жоғары бағалау, бүкіл

мәдениетті, ғылымды жасаушы солар, прогресс соларға тән қасиет, басқа халықтар жараталысынан дамуға икемсіз, кері-тартпа дейтін шовинистік бағыт едәуір етек алды. "Тіл туралы жаңа ілімнің" негізгі бағдарламалық концепциялары болып есептелетін бұл тұжырымдардың қай-қайсысы да қоғам жөніндегі ілімнің мәніне жете түсінбей, оны тіл мәселелеріне теріс қолданудан туған жаңсақ қорытындылары еді. Бірақ осы қате тұжырымдар 1950 жылға дейін отан тіл білімінде үстем болып келді. Кеңес тіл ғалымдары өз зерттеулерінде оларды басшылыққа алуға міндетті саналды. Лингвистикалық бұл мектепті қалыптастырушы, бұрыннан да ғылыми беделі, ұйымдастырушылық тәжірибесі бар Н.Я. Марр 20-жылдар ішінде-ақ көрнекті маркстіл тіл ғалымы ретінде танылды. 20-жылдардың аяқ кезінен бастап оның ілімін жақтаушы тіл ғалымдарының тобы құрыла бастады. Бұл топ өздерін Н.Я. Маррдың шәкіртіміз деп санады. Елдегі тіл білімін басқару органдары біртебірте "Тіл туралы жаңа ілімді" жақтаушылардың қолына көшті. Олар кеңестік тіл біліміндегі істің жайын аздап та болса сынауға, тіпті тіл біліміндегі "жаңа ілім" дегенді сынау жөніндегі болмашы әрекеттің өзіне тыйым салып, Н.Я. Маррдың мұрасына сын көзімен қараған, оның ілімін мақұлдамаған зерттеушілерді қуғындап отырды. Бұл кеңес тіл білімінің дамуын кенжелетіп, тұйыққа тірей бастады [145].

Партиялық мерзімді басылымдар беттеріндегі тіл мәселесіне қатысты мақалалар легі «Правда» газетіндегі үлкен «ғылыми» айтысқа ұласты. Оның негізгі ұйытқысы И.Ф. Сталиннің өзі болды. Партияның орталық органы "Правда" газеті 1950 жылдың 5-мамырдағы санында сын және өзара сын арқылы кеңес тіл біліміндегі тоқыраушылықты жойып, бұл саладағы ғылыми жұмысқа дұрыс бағыт сілтеу үшін еркін айтыс жариялайтынын хабарлады. «Правда» газетінің 1950 жылғы 9 мамырдағы саны А. Чикобаваның «О некоторых вопросах советского

языкознания» деген мақаласымен баспасөздегі «ғылыми» айтысты ашып берді. Газет редакциясы мақалаға берген түсінігінде кеңестік тіл білімі саласындағы тоқырауды жою және осы саладағы ғылыми жұмыстардың болашағына дұрыс бағыт беру мақсатымен сын және өзара сын жолымен айтыс ұйымдастыруды қажет деп санайтындығын айтады. [41, 39 б.]. Айтыс мақалалары "Правда" газетінің 4-шілдеге дейінгі 9 санында жарияланды. Осы пікірталас бүкіл кеңес интеллигенциясының, әсіресе барлық кеңес тіл ғалымдарының назарын аударды. Айтысқа өздерін Н.Я. Маррдың шәкірттеріміз дейтіндер де, оларға қарсылар да бірдей дәрежеде қатысты. Пікірлер таласы тіл білімінің ең негізгі, өзекті мәселелерінің айналасында болды. Ол тіл білімінің ең маңызды мәселелері жөніндегі көзқарастардағы жөнсіздіктерді, оны әшкерлеуге талаптанушылардың "жаңа ілімді" жақтаушылар тарапынан қысым көргендігінің бетін ашты [145, 62-63 б.].

Тіл біліміндегі айтыстан кейін кеңес тіл білімі ұйымдық, басқарушылық жағынан қайта құрылды. Бұл кезде тіл зерттеуші ғалымдарымыздың ерекше назар аударған мәселесі «Тіл туралы жаңа ілімнің» қателіктерін, оның тигізген зиянды зардаптарын жан-жақты ашып көрсету болды. Бұл іс мақалалар жариялау арқылы да, орталықта болсын, одақтас республикаларда болсын тіл мәселелеріне арналған кеңестер өткізу арқылы да жүргізілді. Осы жұмыспен қатар қолға алынған тағы бір маңызды мәселе "Тіл туралы жаңа ілім" үстем болып тұрған кезде көпшілікке теріс түсіндірілген салыстырмалы-тарихи әдістің шын сипатын, тіл зерттеуде тигізетін пайдасын, оны қолданудың жолдарын саралап түсіндіру болды. Айтылғандарға қоса ұлттар мен олардың тілдері туралы мәселе де күн тәртібінен түспеді [145, 63 б.]. Осындай өзгерістерден кейін Одақ бойынша орыс тілінің ортақ әрі негізгі тіл ретінде орнығуына бұрынғыдан да кең

жол ашылды. Бұл мемлекеттік дәрежедегі қолданыстан шет қалып келе жатқан қазақ тілінің дамуын одан әрі тежеді.

Дегенмен, 50-жылдардың басында И.Ф. Сталиннің өлімінен кейін бірден ұлт мәселесіне байланысты бірқатар қаулылар қабылданды. 1953 жылдың 26 мамыры, 12 маусымындағы қаулылардың мазмұны партияның лениндік-сталиндік ұлттық саясатындағы бұрмалаушылықтарды толығымен жоюға бағытталды [119, 477 б.]. Оның ішінде партиялық-мемлекеттік аппаратты түпкілендіру және одақтас республикалардағы іс жүргізуді ана тілінде жүргізу мәселелері де қаралды. Бұл ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы тіл саясаты шараларының жалғасы сияқты болды. Қазақ тілінің сәл де болса қайыра жандануына әсер еткен шара - 1953 жылы Қазақстанда өткен VIII өлкелік партия конференциясының ұйымдастырылуы болды. Аталған конференцияның шешімі бойынша, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілді үйренуін жеделдетуді барлық партия ұйымдарына міндеттеді [145, 59-60 б.]. Осындай әрекеттің негізінде 50-60-жылдары одақ көлемінде көптеген ұлттық үйірмелер мен топтардың пайда болуына әсер етті. Оны көбінесе жастар ұйымдастырды. Осы оқиғаларға байланысты Т. Кәкішев өзінің естелігінде былай дейді: «1956 жылдың 24 тамызында Орталық партия комитеті жанындағы Партия тарихы институтында қызмет атқаратынмын. Осы институттың сегіз ғылыми қызметкері қазақ тіліне жасалып жатқан қиянаттарды тізіп мақала жаздық. Қазіргі академик Р. Бердібаев көтерген мәселені қатты талқылады. Партия қатарында бола тұрып, партияға қарсы шыққандар деп бізге шоши қарады. Қысқасы, 1956 жылы 10 желтоқсан күні «қазақ мәдениетін одан әрі өркендету туралы» қаулы қабылдады. Біз мақаламызда оқу орындарында қазақ бөлімдерін ашу, қазақ мектептерінің санын көбейту және т.б. туралы бірқатар мәселелерді атап көрсеткен едік. Билікке қарсы шыққанды қалт жібермейтін

заман бізді де сын тезіне салды. Қаулының кіріспесінде біздің мақаламызда ащылау айтылған жайттарды жеке-жеке атап көрсетіп, қорытындысында, яғни жүзеге асырылуы қажет ойларды біз айтқан деңгейде атап өтіп, осы қаулы негізінде 29 қаңтарда «Социалистік Қазақстан» газетінде айыптағыш мақала жарияланды. Оны қазақшадан аударған болып «Казакхстанская правда» газеті 31 қаңтарда жариялап, идеологиялық айыптауларды күшейтіп жіберді. 1957 жылы 8 ақпан күні Нұрымбет Жангелдин партия жиналысын өткізді. Сегіз жігіттің ішінде Әдиет Мұхтаров пен мен ғана аталдым. Қазақтардың арасынан жас ұлтшылдар шықты деп айыптады»[146]. Дегенмен, басқа республикалармен салыстырғанда Орта Азия мен Қазақстанда ұлттық қозғалыстар белсенді түрде дамымады.

КОКП XX създінен кейін «Вопросы философии» мен «Дружба народов» журналдарының беттерінде 1957-1958 жж. басқа басылымдардың да беттерінде жалғасын тапқан әдебиет пен өнердің ұлттық спецификасы туралы пікірталастар жүрді [147, 148]. Пікірталасқа шығарылған сұрақтардың мазмұны мәндік жағынан әдебиеттанулық және өнертанушылық сипатқа ие болды. Аталған ғылыми айтыстың соңы КСРО халықтары мәдениетінің мазмұны мен формасы мәселесіне алып келді. Осы мәселенің әдебиет материалдарында талқылануы кездейсоқ болған жоқ. Тәжірибе көрсеткендей, кеңес өкіметі құрылғаннан бергі үш онжылдықтардың бойында насихатталған «кеңестік мәдениет – мазмұны бойынша социалистік және формасы бойынша ұлттық» деген формуласы ең алдымен әдеби-көркем үдеріске жатқызылған еді. Берілген формуланы тікелей қолдану кеңестік әдебиеттану үшін барынша қиын болды. Осы жағдай әдебиеттанушыларды КСРО халықтары мәдениетінің мазмұны мен формасы туралы пікірталасты бастауға итермеледі. Пікірталас мынадай сұрақтарды талқылады: 1) «кеңестік мәдениет – мазмұны бойынша

социалистік және формасы бойынша ұлттық» формуласының» тарихи мәні қандай? 2) бұл 0формасындағы байланыстардың барлық көпбейнелілігін айқындай ала ма? 3) мәдениеттегі мазмұн мен форманың, жалпы мен ерекшенің, интернационалды мен ұлттықтың арақатынасы қандай? 4) социалистік мәдениетте жекелеп алғанда форма мен мазмұн деген не? 5) социализм жағдайындағы ұлттық мәдениет деген нені білдіреді? 6) социализм жағдайындағы ұлттық мәдениеттердің өзара әрекеттесуі қалай жүреді? Пікірталас барысында ортақ негізгі сұрақ туындады: ұлттық мәдениеттің мазмұнында ұлттық болуы мүмкін бе жоқ па? Бұл сұраққа жауап берушілер жікке бөлінді. Пікірталасқа қатысушылардың бір бөлігі бұл формуланы догматикалық және әдебиет пен өнерде ұлттық белгіні анықтауға ықпал етпейді деп есептеді. Олардың ойынша, ол ұлттық көркем мәдениеттердің мазмұны мен формасы сұрақтарын өңдеуге кедергі келтіреді.

Басқалары формуланы дұрыс, өмірмен және кеңестік ұлттық мәдени құрылыс тәжірибесімен тексерілген деп есептеді. Олар оның кеңестік мәдениеттің сипатына тән ұлт туралы маркстік-лениндік көріністерге негізделуіне, оның әмбебап сипатқа ие екендігіне сілтеме жасады. Саяси ұран ретінде ол бүгін де партияның ұлттық саясатына сай келетін сенімді болып қала береді, бірақ эстетикалық категория болып табылмайды деп есептелінді [149, 150].

Формуланы сынаушылар мен оған түсініктеме берушілер мазмұн мен форма туралы сұрақты өнерге ауыстыру тек мәселені шатастырады деген ойға бірікті. Пікірталасқа қатысушылар өнердің мазмұнындағы ұлттықты мойындауды жақтағандар, сонымен қатар тек тілмен ғана байланыстырылған мәдениеттің ұлттық формасы деп түсіну шынайы мәнінен айырылған деп есептеді. Олар мұндай түсіндірудің дұрыс еместігіне

тоқталды: тіл айқын формада әдебиеттің ерекшеліктерін көрсете отырып, сонымен қатар ұлттық форманы бірегей алып жүре алмайды деп көрсетті. Пікірталас барысында өнердің «ұлттың өзіндік бейнесі» ұғымын енгізу ұсынылды. Тек осы ұғым арқылы ғана мазмұндағы ұлттықты ашуға болады деп саналды. Сөйтіп, көркем мазмұндағы ұлттықты мойындау, өнердің формасы мен мазмұнына ұлттық өзіндік бейненің тән екендігі туралы қорытынды пікірталастың жағымды жағы болды. КСРО халықтарының өнерінде ұлттықты мойындауды жақтайтындардың қарсыластары, мысалы буржуазиялық және социалистік мәдениет өзінің мазмұны бойынша әртүрлі, бірақ бірегей ұлттық формаға ие және социализм жағдайында бұрынғы ұлттық форма өзгерістерге ұшырамады, тек жаңа социалистік мазмұнмен байытылуда деген позицияны ұстанды. Пікірталас барысында мәдениеттің ұлттық формасы түсінігі мен мағынасын кең тұрғыдан түсіндіру ұсынылды. Ұлттық мәдениет «халықтың көркемдік қуатының көрінісі, ұлттық мәдениеттің өмір сүруінің табиғи және органикалық мүмкіндігі» деген қорытынды шығарылды [151].

1950 жылдардың соңы - 1960 жылдардың басында, осылайша, әдіснамалық ұстанымдардың тар шеңберлігіне қарамастан, ұлттық мәдениеттің мазмұны мен формасы мәселесінің мәні барынша анық айқындалды, оның түрлі көзқарастар көрсетілетін сюжеттері анықталды.

Сталин өлімінен кейін ұлт мәселесіне байланысты ғылыми пікірталастар туындағанымен, оларда ұлттық дамуға қатысты таразыланған ойлар айтылғанымен, шынайы өмірде орыс ұлтының, орыс тілінің басымдылығы сол қалпында қалды.

Қазақстандағы тілдік ахуалдың орыс тілінің пайдасына шешілуіне 50-жылдардың ортасында қолға алынған тың және тыңайған жерлерді игеру науқанының да ықпалы зор болды. Партия белгілеген ұлан-ғайыр істерді


жүзеге асыруға Қазақстанға П.К. Пономаренко, Л.И. Брежнев, Г.А. Малехоньков (бұрын – Смоленск облыстық партия комитетінің 1-хатшысы), С.М. Новиков (бұрын – Одесса облыстық партия комитетінің хатшысы) т.б. басшы партия қызметкерлері келді. 1954 жылдың ақпанында өткен Қазақстан КП 7-съезі республикадағы тың және тыңайған жерлерді игерудің бағдарламасын бекітеді. Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшылары болып П.К. Пономаренко мен Л.И. Брежнев сайланады. 1955 жылдың тамыз айында Л.И. Брежнев Қазақстан КП Орталық Комитетінің 1-хатшысы болды. КОКП Орталық Комитеті тарапынан партияның аудандық буынын күшейту мақсатында Қазақстанға Мәскеу, Ленинград, Украина, Белоруссия сияқты славян текті республикалардан 176 партия қызметкерлерін жібереді. Жалпы, екі жыл ішінде республикаға 26 мың коммунист келген [109, 504-505 б.].

1954 жылдың мамыр айы қарсаңында Қазақстанның тың өлкелеріне 130 мың адам, ал 1954-1955 жылдары 360 мыңнан астам механизатор, құрылысшы, инженер-техник қызметкерлері, ауыл шаруашылық маманадары келді. Мәскеуліктер тың жерлерде 46 совхоз құрса, оның 40-ы Қазақстанда құрылды, ленинградтықтар–30-ға жуық, украиндықтар–94, белоруссиялықтар–24, грузиялықтар–4, ал Армения мен Әзірбайжан республикасының өкілдері үш-үштен совхоз құрды [109, 505 б.]. 1954-1956 жылдар аралығында Қазақстанға шамамен 650 мың адам келген. Соның нәтижесінде, 1954-1958 жылдар аралығында республика халқы 24%-ға, ал тың игерілген аймақтарда 40-50%-ға өсті [138, 19 б.].

Қазақстан тыңында жаңадан құрылған совхоздардың «Москва», «Ленинград», «Минск», «Киев», «Днепропетровск», Армавир», «Полтава», «Тагиль», «Сочи», «Пермь», «Ярославль», «Воронеж» және т.б. деп аталуы қазақ халқының өзінің мемлекетіндегі басты

орнынан одан әрі төмен ығысқандығын көрсетеді. Бірақ, қазақ халқының аталған науқандағы орны сол жылдары басқаша бағаланды [137, 248 б.]: «Тың жер интернационалдық тәрбиенің шын мәніндегі мектебіне, еліміздегі барлық халықтар өкілдерінің дана тәжірибесінің, еңбек дағдылары мен жеңіске құлшыныстың жиынтығына айналды. Ақселеулі тың жерлерді игеру жөніндегі партия шешімін тұтас алғанда қазақтардың басым көпшілігі зор шабытпен мақұлдап қарсы алғанын атап өтуге тиіспін. Тыңды көтеру қазақтар үшін оңай міндет болған жоқ, өйткені қазақ халқы жүздеген жылдар бойы мал шаруашылығымен айналысып келді ғой, ал енді болса олардың көбіне-ақ сахараның байырғы тұрмыс ғұрпын бұзып, егінші, механизатор, астық шаруашылығының мамандары болуына тура келетін еді. Дегенмен, жергілікті тұрғындар тың көтеруге қаһармандықпен, барынша белсене қатысып, даналық пен ерлік көрсете білді. Қазақ халқы тарих биігіне көтеріле білді, бүкіл елдің қажетін түсініп, өзінің революциялық қасиетін танытты».

Сурет 10-дағы [97, 106 б.; 152] Қазақстандағы ауыл халқының ұлттық құрамына назар аударсақ, 1959 жылы ауылда тұратын қазақтардың үлесі 40 пайызға дейін түсіп, ал орыстардың 31 пайызға жеткендігін көре аламыз. Ал, XX ғасырдың 20 жылдары ауылдық тұрғындардың жартысынан астамын қазақтардың құрағандығын білеміз. Сөйтіп, қазақ тілінің сақталуына басты кепіл болып тұрған ауылдың өзіне қарастырылып отырған жылдары орыс ұлтының өкілдері шоғырлана бастады.



Сурет 9. 1920, 1926, 1959 жж. Қазақстандағы ауыл халқы

Ауылдық жерлердегі қазақтар мен орыстардың үлесінің теңеле бастауы, жергілікті халықтың ұлттық болмысының сақталуына теріс әсерін тигізді. Қоғамның барлық саласында қазақ тілінің қолдану аясы тарыла бастады. 1950-1970 жылдар аралығында қазақ мектептерінің жабылуы осы науқанмен байланысты болғандығы белгілі.

Ауылдық жерлерде тұратын қазақтардың басым бөлігі мал шаруашылығымен айналысты. Бұл да қазақ тілінің дамуына үлкен шектеу болды. 1959 жылдағы республика бойынша мал шаруашылығымен айналысқан қазақтардың сандық динамикасына назар аударайық. Бұл кезде мал шаруашылығымен айналысқандар саны 97 042 адам болса, оның 83 614-і қазақтар, яғни барлық малшылардың 86,2 %-ын құраған. Мемлекеттің мал шаруашылығы саласындағы негізгі еңбек күші қазақтардан тұрған. Малшылар арасынан 9 жастан асқан 41 018 адам немесе 60 % қазақтардың ешқандай білімі болмаған, оның ішінде 14 904 адам немесе 21,8 %-ы хат танымаған. Сауатсыздық балалардан бастап, жас өспірімдер, жастар, орта жастағылардан жоғары ересектер арасында болды. Егерде, сауатсыздар арасынан тек 9 жастан 49 жас арасындағыларды алатын болсақ, жалпы халық ішіндегі үлес салмағы 7,6%-ға тең. Ал, республика бойынша 9-49 жастағылар арасындағы

сауатсыздардың жалпы үлестік салмағы 1959 жылы 2,8% болғанын ескергенде, қарастырылып отырған жылдардағы қазақ малшыларының негізгі бөлігінің оқымағандығын көруге болады. Қазақ малшыларының 13 жасқа дейінгі балаларының – 36%-ы, 14 жастағыларының - 56 %-ы, 15 жастағылардың – 73%-ы оқымай қалған [153]. Сөйтіп, қазақтар арасындағы сауатсыздық 1950-1960-жылдары да жалғасты. Республикадағы қазақтардың басым бөлігі малшылық деңгейден шыға алмай, ал олардың білім сапасы айтарлықтай болмай тұрған кезде қазақ тілінің де дамымай қалуы заңды жағдай болды.

Қазақ тіліне байланысты шектеулер қазақ халқының рухани күйзелуіне алып келді. Тілдік орта әлсіреген тұста ұлттың салт-дәстүрі жоғала бастады, ұлттық санаға үлкен нұсқан келтірілді. Тың игеру науқаны барысында бұрын құрылған ұсақ колхоздар ірілендіріліп, совхоздарға айналды. Қазақ ауылдары да жаңа құрылған совхоздарға көшірілді. Соның нәтижесінде қазақтар көпшілікті құрайтын орыстілді ортаға еріксізден тәуелді болды. Соның бір дәлелін Б. Момышұлы былай деп келтіреді: «Өткен жылдың декабрь айының аяғында, Жуалы ауданындағы Ошақбай, Қыстаубай деген орта жасқа келген колхозшылар әңгіменің аяғында: «Шырағым-ау, біз уәкілдер мен оқымысты балалардың сөзіне түсінбейміз... тіліміз не болып бара жатыр» деді. Бұған қарағанда жоғарыдағы айтылғандар аудандарда молға ұқсайды» [140, 23 б.]. Сонда, қазақтардың көбісі күнделікті өмірдің мәселелерімен айналысып, ал саяси сауаттылықтары төмен күйінде қала берген.

XX ғасырдың 50-жылдарының соңында ұлттық саясаттың социалистік мақсатына бағытталған лениндік тұжырымдамасы қайта жандана бастады. Оның мәні тек ұлттардың жақындасуы ғана емес, сонымен бірге олардың бірінебірі құйылуында болды. 1959 жылы Н. Хрущев осы тұжырымдаманы негізге ала отырып, халықтардың біртұтас

коммунистік семьяға бірігу үдерісінің жүретіндігін атап өтті. Ал, М.А. Суслов КОКП-ң жаңа бағдарламасының жобасына «КСРО-да ұлттар мен олардың тілдерінің құйылуы, бір тілді, бір мәдениеті бар бір халықтың қалыптасуы» туралы ережені енгізді [119, 497 б.]. Дегенмен, осындай утопиялық мағынадағы міндеттер партиялық бағдарламаға енбей қалды. Себебі, одан кейінгі Н. Хрущевтің мәлімдемелерінде «жаңа тарихи қауымдастық» туралы сөз қозғалды. Бұл қауымдастық ең алдымен, жұмысшы табы психологиясының адамгершілікке бай жақсы қасиеттері нәтижесінде және социалистік қатынастардың тікелей әсерінің негізінде кеңес адамдарының жан дүниесінде қалыптасқан бұл қасиеттер олардың таптық тегіне, ұлттық сипатына қарамастан, бір-бірімен мықтап жақындастыруымен, әлеуметтік мінез-құлықтарды, дүниеге көзқарастары жағынан көп жағдайда бірбіріне ұқсас болуымен ерекшеленуі тиіс болды. Осыған байланысты ХХ ғасырдың 50-60-жылдары аралығында аяқталған социализмнің толық және түпкілікті жеңу сатысының тамаша жемістерінің бірі ретінде, кеңес халқының болаттай беріктігі, ішкі біртұтастығының кепілі ретінде адамдардың жаңа тарихи қауымының пайда болғандығы жарияланды.

Жалпы, «кеңес халқы» деген ұғымға анықтама беретін болсақ, сол уақыттағы әдебиеттерде» [109, 451 б.] былай деп көрсетілген: «Совет халқы – кемелденген социализм заманына тән, барлық таптар мен әлеуметтік топтардың жақындасуы негізінде, барлық ұлттар мен халықтардың заң жүзінде де, іс жүзінде де тең праволылығы және туысқандық бірлесуі негізінде қалыптасқан жаңа тарихи әлеуметтік және интернационалдық қауым. Оның саяси негізі – Коммунистік партия басқарып, жұмысшы табы жетекшілік ететін халық өкіметі, ал экономикалық негізі – өндіріс құралына қоғамдық меншік. Ұлы Отан соғысы

жылдарында ауыр сыннан мүдірмей өткен жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың және халық интеллигенциясының одағы – совет халықтарының достығы мен туысқандық ынтымағы дамудың жаңа сатысына көтерілді. Бұл жаңа сатының өзгешелігі – еліміздің барлық таптары мен әлеуметтік топтарына бірдей ортақ жаңа әлеуметтік-психологиялық және моральдық қасиеттердің басым шығып, ерекше деңгейге көтерілуі болып табылады». Ресми мәлімдемелер осындай мазмұнда болғанымен, шынайы өмірдегі қазақ ұлтының, тілінің мүддесінің жағдайы дамудың кері бағытында тұрды. XX ғасырдың 50-жылдарындағы тіл саясатының қоғамға әсерін Д. Қамзабекұлы былайша сипаттайды: «50-жылдары да қазақ тілінің, оны қадір тұтатындардың көрген қорлығы аз емес. Академияның тіл-әдебиеті институтының, Жазушылар одағының, әдеби басылымдардың жұмысынан «ұлтшылдық» тапқан Компартия Орталық Комитетінің қаулылары ашық күнде ойнаған найзағай әсер берді. Қазір айтсақ ертек сияқты, бірақ сол шақтың шындығы: өз тілінен, дәстүрінен, тарихынан жерігендер байқалып қалды. Міне, осылар «домбыра қажет емес», «қазақ тілі мәдениетке жарамсыз тіл» деп ұялмай сөйлейтін болды. Мәңгірттік пен көзқамандықтың жаңа дәуірі осылай туды» [108, 11-12 б.].


Кеңестік дәуірдегі Қазақстан халқының ұлттық құрамының жағдайында қазақ тілін дамыту шараларының оң нәтиже беруі күмәнді еді. Жоғарыда аталған мәселелермен қатар, қарастырылып отырған кезеңде сырттан республикаға жұмыс күшінің келуі тоқтаған жоқ. Жұмысшылардың негізгі бөлігін, әрине, славян ұлтының өкілдері құрады. Оны мысалы, кесте 4-е көрсетілген Қарағанды металлургиялық комбинатына келген жұмысшылардың ұлттық құрамына қарап анықтауға болады [97, 115 б.]. Жұмысшылардың 64 пайызынан астамы орыс,

украин, белорустардан тұрды. Ал, қазақ жұмысшылары 23,4 пайызға ғана тең болды.

Кесте 4 - Қарағанды металлургиялық комбинатына келген жұмысшылардың ұлттық құрамы

Республикалар	Абс.	%	Республикалар	Абс.	%
Одақтық РКФСР	21 159	48,5	Молдава	180	0,4
Украина	5 067	11,6	Латыш	28	0,1
Белорус	1 699	3,9	Қырғыз	256	0,6
Өзбек	241	0,6	Тәжік	52	0,1
Қазақ	10 200	23,4	Армян	26	0,1
Грузин	57	0,1	Түркімен	37	0,1
Әзірбайжан	134	0,3	Эстон	6	0,0
Литва	237	0,5			
17 автономиялық республикалар	4 234	9,6	2 ұлттық округ	4	0,0
4 автономиялық облыстар	36	0,1	Барлығы	43 653	100,0
			оның ішінде	33 453	76,6
			сырттан келгендер		

Сөйтіп, XX ғасырдың 60-жылдарының басында Қазақстанға келген орыс тілді халықтардың деңгейі ең жоғарғы шегіне жетті. 1959 жылы қазақтардың республика халқының ішіндегі үлесі 1939 жылмен салыстырғанда 38,2-ден 30%-ға дейін төмендеген [сурет 11]. Осы жылы Қазақстанның ұлттық құрамындағы ең жоғарғы үлес орыстарға (42,7 пайыз) тиесілі болды [152, 184 б.].




Сурет 11. 1959, 1970, 1979 жж. Қазақстан халқының ұлттық құрамы

1961 жылы КОКП-ң жаңа бағдарламасы қабылданды. Бағдарламаның қабылдануы елдегі ұлтаралық қатынастардың дамуындағы жаңа кезеңнің басталуымен байланыстырылды. Оның ерекшелігі халықтардың одан әрі бірігуі мен ұлттардың «толықтай біртұтастығына» қол жеткізуі болып саналды [119, 569 б.]. Ұлттық саясаттың басты мақсаты бұрынғыдай ұлттардың теңдігі деп танылды. Коммунистік құрылысты жасау барысындағы қол жеткізілген игіліктер барлық ұлттардың арасында әділетті түрде бөлінетіндігі уәде етілді. Дегенмен, коммунизмді белсенді түрде құру идеясы ұзаққа созылмады. 1967 жылы Л. Брежнев КСРО-да кемелденген социалистік қоғамның орнағандығын мәлімдеді, ал коммунистік мағынадағы мақсаттар белгісіз мерзімге шегерілді. Бірақ, хрущевтік кезеңде қалыптасқан жаңа тарихи қауымдастық идеясы өз мәнін жоғалтпады.

Одақ көлемінде осындай идея насихатталғанымен, шынайы өмірде көптеген ұлтаралық немесе ұлттық мәселелерге байланысты қайшылықтар көрініс беріп жатты. Соның бір мысалы ретінде, Қазақстандағы немістерге байланысты туындаған жағдай. 1976 жылы КОКП ОК Саяси бюросының Қазақстанда неміс автономиясын құру туралы

шешімі қабылданады. Оған қарсы Целиноград педагогикалық институтының студенттері қарсы шығады.

Ұлттық мектептермен салыстырғанда орыс мектептерінің үлесі өсе бастады. Соғыстан кейінгі жылдары 1930-шы жылдары бастау алған индустриаландыру мен урбанизация қарқынды дамыды. Өнеркәсіп саласындағы жұмысшылар негізінен славян текті ұлт өкілдерінен құралды, соған сәйкес қалалардың тілдік жағынан орыстануы да заңды құбылыс еді. Басқа республикаларға қарағанда Қазақстанда бұл үрдістің ерекше сипатта болғандығы белгілі. Себебі, 1940-жылдардағы жаппай қоныс аудару шараларымен қатар, 1950-ші жылдардағы тың және тыңайған жерлерді игеру науқанының орын алуы, елдегі орыс тілінің басымдығын одан әрі бекіте түсті. Этносаралық байланысты жүзеге асырушы құрал – орыс тілі болып саналды. Сурет 12-дегі көрсеткіштерге назар аударсақ, 1959 жылы Қазақстандағы қала халқының ұлттық құрамы бойынша ең жоғарғы үлес орыс ұлтына тиесілі болды. Оған украин және белорустарды қосқанда, Қазақстан қалаларындағы славян тілді ұлттардың пайыздық көрсеткіші 66,2-ге тең келді. Ал, қазақтардың қаладағы үлесі 1920, 1926 және 1959 жылдардағы мәліметтер көрсетіп отырғандай, өте баяу дамыған [97, 120 б.].



Сурет 12. 1920, 1926, 1959 жж. Қазақстандағы қала халқы

1959 жылы қалалық қазақтардың 16,7% деңгейінде тұрулары, жалпы ұлттық болмыстың да төмен деңгейде қалуына алып келді. Қазақтардың қалаларда аз, ал ауылдық жерлерде басым тұруының ұлттық мүддені көтеруде зиянды екендігі белгілі. Себебі, қалада кез-келген тұрғыдан алғанда дамудың жоғары тұратындығы анық. Осыған орай, Б. Момышұлының мына пікірін келтіру орынды: «Орыс, украин және басқа Еуропа халықтарының тілін, негізін таза сақтап, өсіріп дамытқан солардың оқымыстылары (интеллигенция), әйтпесе олар деревняларындағы, әр аудан мен өлкелерінің бұрмалауына, бұзуына, жаргондарына жол беріп, тізгінсіз жіберіп, стихияға өз бетімен қоя берсе, шымшытырық болып, осы уақытқа дейін әдеби тілінен айырылып шыққан болар еді. Балық басынан шіридінің кері келіп, бізде, ант ұрғанда, алдымен оқымыстыларды ант ұрып, балдырбатпаққа солар салып, тілді сақтап, тұлға, үлгі болудың орнына, әдеби тілімізден айырылуға себепкер болып барады» [140, 22 б.]. Қазақ ұлтынан шыққан интеллигенция өкілдерінің басым бөлігінің орыс тілінде сөйлеуі, ғылым саласының орыстануына, ал қазақ тілі үшін бұл саланың бөтен болып қалуын қалыптастырды.


Қазақстанда орыс тілі ғылым, өндіріс саласында қазақ тілін кең көлемде ығыстырды. КСРО көлеміндегі орыстандыру саясатының мәні – барлығына түсінікті бір тілдің функционалдық мүмкіндіктерін барынша жан-жақты кеңейту болды. Басқа ұлттық тілдердің тағдыры Орталықты алаңдатқан жоқ. Оларды қолдау мәселесі республикалық және жергілікті биліктің қолында болды. 1970 жылдардағы республикадағы қос тілділіктің астарында жаңа тарихи қауымдастық – кеңестік адамдар шеңберіндегі идеологияны бекіту жатты. КСРО Конституциясында кемелденген социализмге сипаттама бере келіп, былай делінген: «Бұл – толысқан социалистік қоғамдық қатынастар қоғамы, мұнда барлық таптар мен әлеуметтік топтардың жақындасуы,

барлық ұлттар мен халықтардың заң алдындағы және іс жүзіндегі теңдігі, олардың туысқандық ынтымағы...» [109, 451 б.].

Кеңестік саясат Қазақстанның баспа ісі саласына да тікелей әсер етті. Партияның алға қойған міндеттеріне сәйкес, баспа ісін ұйымдастыру бойынша XX ғасырдың 40 жылдарынан бастап бірқатар өзгерістер орын алады. 1941 жылдың 23 қаңтарында Қазақ КСР-ның Халық Комиссарлар Кеңесінің «Баспа және баспасөз істері жөніндегі Басқарманы қайта ұйымдастыру туралы» қаулысы жарияланады [70, 250-251 б.]. Осы қабылданған қаулыда республикада қалыптасқан баспасөз саласын басқару жүйесінің, қоғамда қалыптасқан талаптарды қанағаттандыра алмайтындығы мәлімденеді. Сол жылға дейін, Қазақ полиграфия тресті мен Қазақкітап орталығы баспасөз және баспа істері жөніндегі Басқармадан бөлек жұмыс жасады. Аталған жүйеге басқару орындары тарапынан кітап сату, баспа кәсіпорындарының баспалардан алыстауын, басқару аппаратына көп қаражаттың жұмсалуды, жұмыс қарқынының төмендеуін, өндірістік мүмкіндіктерді толық пайдаланбады деген баға береді. Осыдан кейін баспа ісі саласында бірқатар өзгерістер енгізіледі. Республикадағы баспа ісі бойынша барлық іс-шаралар, материалдық-техникалық базасы және ұйымдастыру жұмыстары бір орталықтан басқаруға бейімделе бастады. Соның ішінде ұлттық және тіл мәселесіне тікелей әсер еткен өзгерістер де болды. Қазақ КСР-ның Халық Комиссарлар Кеңесінің тарапынан жаңа құрылған полиграфия және баспа Басқармасына баспаларда қолжазба авторларымен келісім-шарт жасасу тәртібін жою тапсырылады. Соған сәйкес, қолжазбасына оң баға алған авторлармен ғана келісім-шарт жасалатын болып шешілді.

Осындай өзгерістер қазақ тіліндегі басылымдардың шығуына өз қолтаңбасын қалдырғаны сөзсіз. Оны сурет 13-

тегі кітаптарды баспадан шығару көрсеткіштерінен байқауға болады [133, 11-14 б.]. Аталған жылдардағы қазақ тіліндегі шыққан кітаптардың өсу қарқыны үздіксіз болғанымен, олардың жартысына жуығы аударма сипатында жарық көрген. Осы үрдіс 1979 жылға дейін жалғасқан. Осыған ұқсас жағдай республикадағы басқа ұсақ ұлттарда да болды. Ал, орыс тіліндегі кітаптардың түгелге жуығы керісінше түпнұсқада басылды. Баспа саласындағы осы көрсеткіштің өзі Қазақстандағы авторлардың негізгі бөлігінің орыс тілді екендігін білдіреді.



Сурет 13. XX ғ. 40-70 жж. Қазақстандағы кітаптарды баспадан шығару көрсеткіштері

Қазақ тіліндегі кітаптардың көбісі аударма болғанымен, олардың сапалық жағы сын көтермеді. Б. Момышұлының қазақ тіліндегі кітаптарға байланысты айтылған пікірі мынадай: «Олардың іс-нәтижесіне қарағанда ішінде қазақ ана тілін қадірлеп, оны жақсы біліп, қазақша ойлап, сөз құрылысы, сөйлемдерін үйлестіре сөйлеп, жазып тырыспағандықтарының сирағы сорайып көрініп-ақ тұр. Әсіресе, аударма жағында ондай сорақылықтардан бас көтеруге болмайды. Солардың әлде

қазақша сөз, сөйлем ырғағынан, икемдерінен хабарсыздығынан ба, әлде халық жауы болып кеткен Ілияс Жансүгіровтің бұрынғы «Социалистік Қазақстан» газетіне редактор болған Бәйішов тастап кеткен жасқаншақтық – жауапкершіліктен қашып, мазмұнын бұзып алмайын деп қорқып, іздеп-тауып, түсінікті етіп жазудың орнына «өлмесен тұрма» деп орысша айта салу оңай, қауіпсіз көргендік. Олардың аударма зиянды әдістері мұра болып қалғандықтан ба, әйтеуір орысшадан аударғанда соның орысшасындағы негізін бұзбай, құрылысын бұлжытпай, сөзін санап отырып, тыныс белгілерін толық санап, сонымен қазақ тілінің беделін түсіріп, қасиетін кетіріп, жалпыға түсініксіз қазақша орысшаланғандықтың салдарымен ел кітап оқуға әуес болмай, осы кезде кітапханаларда өтпей жатқан қазақ тіліндегі икемсіз, әсерсіз, миға қонбайтын кітаптар мол көрінеді» [140, 21-22 б.].

Марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін қазақшаға аударып, басу шаралары жоғары қарқынмен дамыды. 1940-1949 жылы В.И. Ленин шығармаларының 55 кітабы жарық көрді, олардың жалпы тиражы 924 200 дана болды. Қазақстан КП ОК-нің 1946 жылғы сәуір айындағы шешімі бойынша В.И. Ленин шығармаларының 45 томдық жинағының қазақ тіліне аударылып басылуы, республика партия ұйымының идеялық өміріндегі аса елеулі оқиға деп танылды [109, 323 б.]. Қазақстан КП ОК Бюросының «В.И. Ленин шығармалары толық жинағын қазақ тілінде басып шығару туралы» 1972 жылдың 22 наурызындағы қаулысы негізінде 1973-1983 жылдар аралығында В.И. Ленин шығармаларының 55 томдық 5басылуы қазақ тіліне аударылып, жарық көрді. Сонымен қатар, В.И. Лениннің жекелеген 92 кітабы 1 103 370 дана болып басылды [109, 323 б.].

Кеңестік дәуірде кітап шығару саласында қазақ әдебиеті бойынша жарық көрген өнімдердің саны орыс әдебиетіне қарағанда жоғары болды. Оны сурет 14 арқылы көре аламыз [133, 33 б.]. Әрине, аталған кітаптардың қатаң цензурадан өткендіктері белгілі.



Сурет 14. 1960-70 жж. көркем әдебиет шығару көрсеткіші


Егер көркем әдебиет эстетикалық құндылықты негіздесе, ал мерзімді басылымның міндеті – халықты ақпаратпен қамтамасыз ету мен идеологиялық тәрбиені жүзеге асыру болды. Ұлттық тілде мерзімді басылымдарды шығару көрсеткіштері жоғары тұрды. Халық пен биліктің арасындағы негізгі байланыс құралы қай тіл болса, мерзімді басылым да сол тілде басылып, таралды. Сурет 15-те қазақ тіліндегі журналдардың саны орыс тіліндегілерге қарағанда төмендеу болғанымен, олардың таралымы жағынан жоғары екендіктерін байқаймыз [133, 83-84 б.]. Ал, орыс тіліндегі журналдар керісінше, саны көп болғанымен, таралымы аз болып басылды.



Сурет 15. 1960-1970 жж. журнал шығару көрсеткіштері

Жоғарыдағы журналдардың мазмұны идеологиялық тәрбие берумен тікелей байланысты болғандығы белгілі. Дегенмен, кеңестік тіл саясатының бір көрінісі - қазақ тілін насихаттайтын басылымдарға немқұрайлы қарағандығы. Мысалы, Қазақ КСР Оқу министрлігінің мұғалімдерге арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» ғылыми-әдістемелік журналы 1958 жылдың наурызынан 1959 жылдың қарашасына дейін айына бір рет шығып тұрды. Ана тілі мен әдебиетті оқытып үйретудің әдістемесіне жете көңіл бөліп, оның теориялық, тәжірибелік мәселелерін жан-жақты талқылайтын бірденбір басылым болды. Дегенмен, қоғамдағы қазақ тіліне деген қатынастың салдарынан журналдың шығуы тоқтатылып, ол тек 1990 жылы ғана қайтадан шыға бастады [143, 215 б.].

Сурет 16-да [133, 40-41 б.] республикадағы газет шығарудың 1946 және 1950 жылдардағы көрсеткіштеріне назар аударсақ, аталған жылдары қазақ және орыс тілдеріндегі газеттердің саны мен таралымы бойынша біршама тең дәрежеде дамығандығын байқаймыз.



Сурет 16. 1940-1960 жж. газет шығару көрсеткіштері

Дегенмен, ХХ ғасырдың 60-70 жылдарына қарай газеттердің тілдік арақатынасында өзгерістер болды. Оны сурет 17-дегі көрсеткіштерден көруге болады [133, 40-42 б.]. Қазақ тіліндегі газеттердің саны орыс тіліндегілерден төмендеді. Осы көрсеткіш 1979 жылға дейін сақталды. Бұл, Қазақстанда орыс тілді халықтың көбейгендігін білдірді. Қазақ тіліндегі газеттердің саны қандай төмен болса, олардың сапасы да сол деңгейде тұрды. Оны тағы да Б. Момышұлының пікірімен бекітеміз: «Газетті оқығанда сөз, сөйлем құрылыстарына тілі күрмеліп, булығып, маңызына, айтайын дегеніне жуығырақта түсіне алмайтын болғандықтан оқудан елдің көбі қашатын болыпты. Бір нәрсені орауға қағаз керек болса «ана қазақша газетті бере тұршы, ақыры оқылмайды ғой» деген масқара, беделсіз, қадірсіздігін көзіммен көріп, бірнеше рет құлағыммен естідім. Бұның барлығын туғызған түбін, ақырын толғана ойламай «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» кеткен жан аярлығы мол ұятсыз, жауапсыз шығармаларының қазақша ана тілде болып жалпыға түсінікті болу жағымен ісі жоқ, ол жағын қиындық ойлап, қабырғаларына батпаған Фамусовтың «подписал с рук долой» деген ережесінің жетегіндегі газет-радио қызметкерлерінің салдары» [140, 21-22 б.].



Сурет 17. 1960-1970 жж. газет шығару көрсеткіштері

Қазақ тіліндегі газеттердің өсу қарқынына тың игеру шараларының қолға алынуы да теріс әсер етті. Тың өлкесіндегі бес облыста қазақ тіліндегі барлық облыстық, аудандық газеттер жабылып, олардың орнына бір ғана «Тың өлкесі» газеті пайда болды. Сонымен қатар, орыстілділердің қазақ тіліндегі газеттерге менсінбей қарау әдеттері қалыптасты. Бұл құбылысқа байланысты М. Әбжанов мынадай пікір айтады: «1954 жылы республиканың бас газеті «Социалистік Қазақстан» Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Соколов ауданындағы қысқа әзірлік жайы туралы сыни мақала жариялаған екен. Аупартком хатшысы М. Ташев деген біреу сынға оң жауап бермек түгілі аупартком аппаратында қазақша білетін кадр жоқ деген резолюциямен мақаланы редакцияға қайтарып жіберіпті» [143, 214-215 б.].

Республикада жүргізілген тіл саясатының зардабынан қазақ тіліндегі бірнеше басылымдар жабылып қалды, тіпті олардың бір бөлігі Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қалыпына келді. Екі тілде өз алдына бөлек шығып келген облыстық газеттердің редакциялары біріктірілді. Қазақ журналистикасының байырғы өкілі К. Сейілханов бұл туралы былай деп жазды: «Сонау он тоғызыншы жылдардан бері дәстүрлі тарихы бар, тіпті Ұлы Отан соғысының қиын-

қыстау жылдарының өзінде дербес шығып келген Семей облыстық «Екпінді» газеті (қазіргі «Семей таңы») 50-ші жылдардың аяғынан бастап орыс тілінде шығатын «Иртыш» газетінің аудармасына айналды» [143, 215 б.]. Оның айтуынша, осы өзгеріс қазақ оқырмандарының көпшілік бөлігінің «Иртыш» газетіне ойысып кетуіне себеп болған. Семей облысында жергілікті халықтың үлесі басым болғанына қарамастан «Иртыш» газеті 1990 ж. – 83 650 дана, ал «Семей таңы» - 27 360 дана болып қана тараған.

Сөйтіп, кеңестік биліктің соғыстан кейінгі жылдары қолға алған тіл саясаты ХХ ғасырдың 50-70 жылдары өз жемісін бере бастады. Қазақстанда орыс тілінің мемлекеттік мәртебесі нық орнығып, ал қазақ тілі күнделікті өмірде қолданатын деңгейде тұрды. Оның өзінде ол тіл негізінен ауылдық аймақтарда ғана қолданылды. Кеңестік орыстандыру саясаты тек қана тіл емес, жалпы, қазақтардың ұлттық болмысына да терең әсер етті. Сол кезеңдегі ұлттық мазмұндағы ахуал былайша сипатталды: [108, 133 б.] «Ғылыми-зерттеу институттары мен шығармашылық одақтары саяси экзекуция алаңдарына айналды. Ғылыми-шығармашылық ортаға өзара өшпенділіктің, алауыздықтың, жікшілдік пен бақталастықтың дерті жабылды. Астанадағы жақпай қалған азаматқа ұлтшыл, ауылдағы жақпай қалған азаматқа рушыл деген айдар тағылды. Мұндай қаралай секемшілдік азаматтарды қойып, ұлттық мектептер мен ұлттық басылымдарға бас салды. Тың көтерген жылдары жүздеген қазақ мектептері, одан кейінгі «экономикалық екінші майдан» тұсында жүздеген аудандық газеттер жабылып қалды. Руханият саласындағы жалғыз «Қазақ әдебиеті» газеті әзер аллалап қайта ашылып отырып, әлгідей ала сүргін тұсында «тіл кеспекке» қарсы шығамын деп қайта жабыла жаздағаны мәлім. Мемлекет астанасында ана тіліміздегі жалғыз мектеп кілең түртпекке ұшырап,

қаланың бір бұрышынан бір бұрышына қырық қуаланып, көшпенді күн кешіп жүрді».

Кеңестік дәуірдегі тіл саясатының орыс ұлтынан басқаларға қаталдығы, олардың тіліне деген немқұрайлылығы қазақ тілінің дамуына үлкен кедергі болды. Қарастырылып отырған кезеңде Қазақстан үкіметі тарапынан тілге жанашырлық өз дәрежесінде көрсетілмеді. Республиканың негізгі тілінің толық мәнінде ресми тіл ретінде статус алу жолдары ойластырылмады. Қазақ тілінде, газет-журналдар, оқулықтар, кітаптар шыққанымен, олар тұйық ауыл халқының сұранымын ғана қанағаттандырды. Ал, қала халқына оның қажеттілігі болған жоқ. Ауылдан шыққан қазақ тілін жақсы меңгергендер қалаға келіп, орысша білім алғаннан кейін ана тілін тұрмысқа қажетті деңгейде ғана біліп, оның ғылыми деңгейіне қол жеткізе алмады. Осының негізінде, қазақ тілінің дамуы бір орнында қалып қойды.

2.2 Білім беру жүйесіндегі тілдік реформа және оның жүзеге асуы

Соғыстан кейінгі жылдары республикада орыс тілін өмірдің барлық саласына жан-жақты енгізуге партия, үкімет тарапынан айрықша көңіл бөлініп, есесіне қазақ тілін оқыту мектептерде нашарлай бастағанын ерекше атап өту маңызды. Жалпы, патша өкіметі немесе Кеңес Одағы билігі кезінде ұлттық тілдерді әлсіретудің және қоғамды орыстандырудың ең ықпалды құралы білім беру мекемелерінің болғандығы белгілі.

Соғысқа дейін, орыс тілінің күшеюіне мүмкіндік берген 1938 жылы қабылданған БК(б)ПОрталық Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің «Ұлттық мектептерде орыс тілін оқыту туралы» қаулысын Қазақстан КП Орталық Комитетінің 1948 жылдың 3 тамызында қабылдаған

қаулысы одан әрі жалғастырды. 1948 жылы Қазақ К(б)П Орталық Комитеті «Қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту туралы» жаңадан қаулы алды. Осы қаулыға сәйкес Оқу министрлігі қазақ мектептерінің І-сыныбынан орыс тілін оқытуды енгізді. Қазақ мектептеріне арналған орыс тілінің оқулықтары қайтадан қаралды. Тәжірибе ретінде 5 қазақ мектебінің 8-10 сыныптарында математика, физика, химия пәндері орыс тілінде оқытылатын болды [41, 16 б.].

1948 жылы Қазақстан КП Орталық Комитеті іс қағаздарын ішінара қазақша жүргізу туралы шешім қабылдап, ауыл шаруашылығы, медициналық, педагогикалық, дене тәрбиесі орта арнайы оқу орындарында оқитын басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету үшін оқу жоспарына 300 сағаттан уақыт бөлуді тапсырды. Бірақ, осы шараны жүзеге асыру үшін Мәскеудегі тиісті министрліктің рұқсаты алынатын болсын, делінді шешімде. Ал, орталықтан нақты жауап болмады. 50-жылдардың аяғына дейін институттар мен университетке қабылдау емтихандары негізінен орыс тілінде жүрді. Қазақ мектебін бітіргендер үшін бұдан артық қиыншылық болған жоқ. 1954 жылы Алматыдағы мал дәргерлік, ауыл шаруашылық, медициналық институттарға Гурьев облысындағы қазақ мектептерін бітірген 174 талапкер құжат тапсырғанымен, орысша білмегендіктен олардың 17-сі ғана сынақтан өткен [143, 214 б.].

Білім беру саласындағы қазақ тіліне деген немқұрайлылық, сол уақыттағы жастардың ұлттық мүдде, намысқа деген немқұрайлылықты тудырды. Оны тағы да Б. Момышұлының атақты хатынан үзінді келтіру арқылы дәлелдеуге болады: «Қазақ мектебінде оқымағаннан кейін, қазақ балалары көшеде ойнап жүргенде де, орысша былдырласып, осы кезде ана тілінен мүлдем құр қалған жастар қалада көбейіпті. Жас балалар былай тұрсын, менің

майданда қайтыс болған жолдасым Рахимовтың 22-дегі інісі үйіме келіп отырып:


– Я по вашему не умею разговаривать, – деп орысша сөйлесті.

Бір жігіттің үйлену тойында бес-алты 20 жастан асқан қазақ қыздары, жалпы қазақтың ішінде өн бойы орысша сөйлеп отырысты.

– Қыздар, қазақша сөйлемесеңдер, мен орысшаларыңа түсінбеймін, – деген соң жым-жырт үндемей отырысты. Себебі қазақша сөйлей білмейді екен. Біреуіне сөз бергенде (жоғары кеңесте істейді екен): – Жолдастар, конечно мен қазақша не говорю, сондықтан извините меня, я по русский буду говорить,– деп орысша сөйлегенде қайран орыс тілін тағы да әбден былықтырды. Осы кезде қазақша тілі шыққан жас балалар кездесе оған таңғалып қарайтын болыпты» [140, 22 б.]. Осы хатында Б. Момышұлы жоғарғы оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиеті, тарихы міндетті пән болу керек деп ұсыныс айтады.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің V съезіне арналған есепті баяндамасында орыс тілін оқыту дәрежесінің төмен болып отырғандығы айтылып, «орыс тілін білмейінше сауатты, озат, барлық жағынан мәдениетті адам болуға болмайтындығын ұмытпау керек» деп атап көрсетілді [143, 212 б.]. «Республикалық мерзімді баспасөз беттері мен мұрағат құжаттары қазақ мектептерінде орыс тілінің оқытылуы туралы материалдарға толы болып, қазақ тілінің жайы тасада қала берді, аракідік қазақ тілі оқулықтарының сапасы ғана тілге тиек етілді. Осылайша қазақ тілі отбасы, ошаққасы тіліне айнала бастағандықтан көптеген ата-аналар балаларын орысша оқытуға мәжбүр болды» [143, 213 б.]. Қазақстандағы оқушылардың санына байланысты қолда бар статистикалық көрсеткіштерге назар аударсақ (сурет 18), 1952-1953, 1954-1955 оқу жылдарында барлық облыстар бойынша оқушы қазақтардың санының

бірқалыпты дамығандығын көреміз [158, 1-т., 2619-і., 199-п.; 159, 1-т., 2278-і., 111-п.]. Дегенмен, жалпы оқушылардың ішіндегі үлес салмағының төмен болғанын байқауға болады. Сонымен қатар, қарастырылып отырған деректерде қазақ оқушыларының өзінің қай тілде білім алғандықтары жіктелмеген.



Сурет 18. 1952-1953, 1954-1955 оқу жылдарындағы Қазақстандағы оқушылардың саны

Орыс мектептерінде төмен дәрежеде тұрған қазақ тілі пәнінің дамуында көптеген кедергілер кездесті. 1953 жылы Оқу-ағарту министрлігі тарапынан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне өтініш жазылып, орыс мектептерінің бағдарламасынан қазақ тілі пәнін алып тастауға ұсыныс білдіріледі. Осы өтінішке орай, 1953 жылдың 16-21 қарашасында Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің хатшысы Сужиковтың қатысуымен арнайы кеңес өтеді. Мәселені талқылай келе кеңеске қатысушылар пікірі екіге жарылады. Бір топ – Министрліктің өтінішін қолдап, орыс мектептеріндегі қазақ тілін оқытуды тоқтату керек деген пікірді ұстанса, екінші топ – қазақ тілін оқытуды жалғастыра беру керек деген пікірде болады.

Жоғарыда келтірілген фактілердің барлығы осы кеңес барысында мәлім болады. Қазақ тілі пәнін оқытуды жақтаушылардың «орыс мектептерінде қазақ балалары оқитынын, ал олардың қазақ тілін өтпесе ана тілінен ажырайтынын баса айтып, болашақта халықпен тікелей араласатын дәрігер, агроном, зоотехниктердің ауылды жерге барғанда түсінісуі қиындық тудырады» деген пікірлері орынды еді. Кеңеске қатысушылар ортақ бір шешімге келе алмай, «әлі де ойлануды қажет ететін мәселе» деп аталған мәселені кейінге қалдырады [50, 70 б.]. «Қазақ баласы орыс тілінде әдеби сөйлей білуі шарт» деп қатаң талап қойып отырған Оқу-ағарту министрлігінің Кеңестер Одағының орталық бөлігінен қоныс аударушылардың балаларын қазақ тілі пәнін оқытудан босатып, үлкен қолдау білдіргендіктері сол уақыттағы тіл саясатының мәнін анық көрсетті.


XX ғасырдың ортасында Қазақстандағы қазақ тілінде білім беретін мектептердің өсу қарқынында белгілі бір деңгейде төмендеу бағыты байқалды. 1952-1953, 1954-1955 оқу жылдарындағы Қазақстандағы мектептер санын салыстырмалы түрде қарастырсақ (сурет 19), Ақмола, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай және Оңтүстік Қазақстан облыстарынан басқа аймақтарда қазақ мектептерінің азаю бағыты байқалды [158, 199 б.; 159, 1-т., 2619- і., 199-п.]. Осы жылы жалпы республика бойынша мектептер саны 70-ке өскенімен, қазақ мектептері 4-ке қысқарды. Облыстардағы қазақ мектептері негізінен ауылдық, аудандық мектептердің есебінен толықты. Ал, қалалық қазақ мектептерінің санының аз болғандығы сөзсіз. Мысалы, осы жылдары Алматы қаласындағы қазақ мектебінің саны 2-ден аспады. Осы көрсеткіштің ұзақ жылдар бойында сақталғандығы белгілі.



Сурет 19. 1952-1953, 1954-1955 оқу жылдарындағы Қазақстандағы мектептер саны

XX ғасырдың 50 жылдары қазақ тілінің дамуына тежеу салатын шешімдер қабылданады. Бұл орыс тілінің мәртебесін жоғарлату үрдісінің күшейгендігін көрсетті. 1955 жылдың 4 маусымында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің «Орыс мектептерін қазақ тілін міндетті оқытудан босату туралы» № 450 бұйрығы жарық көреді [68, 225 б.]. Онда орыс тілінде білім алатын бастауыш, жетіжылдық және орта мектептердің оқушыларының қазақ тілін міндетті түрде оқудан босатылатындығы мәлімденеді. Ал, қазақ тілін оқуға ынта білдіргендер үшін қазақ тілін үйретуді ұйымдастыру тапсырылады. Сөйтіп, республика мектептерінің оқу жоспарларына өзгерту енгізу мәселесі қойылады. Осы бұйрықты негізге ала отырып, орыс мектептерінің 1955-1956 жылғы оқу жоспарынан қазақ тілі пәні алынып тасталынады. Бұл қазақ тіліне үлкен соққы болып тиді. Орыс тілінің мәртебесін көтеру шаралары қазақ мектептерінің біртіндеп азая бастауына негіз болды. Сурет 20-дағы сандық мәліметтер, 1951-1952–1965-1966 оқу жылдары аралығында республика бойынша мектептердің санының өсіп, ал қазақ тілінде білім беретін оқу орындарының азайғандығын көрсетеді [160, 1-т., 2086-і., 230-п.; 161, 2-т., 1277-і., 4-п.]. 1951-1952–1954-1955 оқу

жылдарында қазақ мектептеріне байланысты біршама тұрақтылық болғанымен, 1954-1955 оқу жылынан кейін үнемі төмендеу қарқынын ала бастады. Сөйтіп, 1951-1952–1965-1966 оқу жылдары аралығында мектептер саны 514-ке өсіп, ал қазақ мектептері 1308-ге кеміп кеткен.



Сурет 20. 1951-1952 – 1965-1966 оқу жылдарындағы Қазақстандағы мектептер саны

Жалпы білім беру саласындағы қазақ тілінің жағдайы төмен дәрежеде тұрғанда, жоғары білім беру саласы да осы деңгейден асып кетпеді. Жоғары оқу орындарында бұдан бұрын оқытылып келген қазақ тілі оқу бағдарламаларынан алынып тасталды. Соның айқын дәлелі КСРО мәдениет министрілігі оқу орындары басқармасының 1955 жылғы 24-қарашасындағы №20-5425/5 директивалық хаты мен КСРО жоғары білім министрілігі бойынша 1955 жылғы 21-қыркүйектегі «Жоғары оқу орындарында шет тілдерді оқытуды жақсарту туралы» № 953 бұйрығы негізінде мемлекеттік консерваторияның сол уақыттағы ректоры И. Круглыхин 1955 жылдың 12-желтоқсанында қол қойған бұйрығының мазмұны былайша сипатталды: «Бұйырамын:

1. 1955 жылғы 13 желтоқсаннан бастап барлық курстар мен топтарда қазақ тілі сабақтары алынып тасталсын;

2. 3-курс студенттерінің 2 жыл бойы қазақ тілін өтуіне байланысты қазіргі үлгерімі негізінде осы курс бойынша сынақ өткізілсін;

3. 1 және 2 курстарда қазақ тілінен сынақтар алынып тасталсын;

4. Қазақ тілінің оқытушысы К.Б. Байқадамова жолдас қазақ тілін оқытудың тоқтатылуына байланысты, штаттың қысқаруы себепті осы жылдың 13 желтоқсанынан бастап консерваториядағы жұмыстан босатылсын» [143, 216 б.].

Жалпы, кеңестік дәуірдегі Қазақстанда жүргізілген тіл саясаты өзінің құбылмалылығымен сипатталады. Онда бірде қазақ тілінің дамуына теріс ықпалды шешімдер шығарылса, бірде оны қолдағандай шаралар қабылданды. Соның бір айғағы - 1957 жылдың 2 ақпанында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің «Орыс тілінде білім алатын оқушы-қазақтардың ана тілін міндетті түрде оқуы туралы» №45 қаулысы қабылданады [68, 226-227 б.]. Онда 1957 жылдың 1 қыркүйегінен бастап орыс тілінде оқитын оқушы-қазақтарды міндетті түрде қазақ тілін оқуға міндеттеу, сол сияқты қазақ тілін үйренуге ниет білдірген басқа ұлт өкілдерінің оқушыларына қазақ тілін үйретуді қолға алу Оқу-ағарту министрлігіне тапсырылады. Осы құжат бойынша қазақ тілін оқыту қазақ оқушыларына II-VII сыныптар аралығында, ал басқа ұлттардың оқушылары үшін V-VII сыныптар аралығы болып белгіленеді. Сонымен бірге, орысша оқитын VIII-сыныптың қазақ оқушылары үшін ана тілі мен әдебиетінен сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастыру қарастырылды. Одан басқа, аталған шараларға байланысты оқулықтар дайындап, шығару көзделеді.

Қазақ тілімен қатар, республикадағы ұсақ ұлттардың тіліне байланысты да оң шешімдер қабылданады. Алғашқы болып, 1957 жылдың 2 ақпанында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің «ҚазКСР мектептеріндегі неміс ұлтының

балаларына ана тілін оқытуды енгізу туралы» қаулысы шықты [68, 227-228 б.]. Онда 1957-1958 оқу жылының екінші жартысынан бастап неміс ұлты көп шоғырланған аймақтардағы мектептердің II-IV сыныптарында аптасына 2 сағат неміс тілін оқыту шешімі шығарылады. Осы мағынадағы қаулы 1958 жылдың 11 шілдесінде корей ұлтының оқушыларына да арналып, қабылданды [68, 232 б.]. Ол «ҚазКСР мектептеріндегі корей ұлтының балаларына ана тілін оқытуды енгізу туралы» деп аталды. Онда 1958-1959 оқу жылында Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Талдықорған, Оңтүстік Қазақстан облыстарының корей ұлты көп шоғырланған аймақтардағы мектептердің II-IV сыныптарында аптасына 2 сағат корей тілін оқыту қарастырылды. Ал, 1960 жылдың 10 желтоқсанында дүнген тілін оқыту туралы қаулы қабылданды [68, 233 б.]. Ол «Жалпы білім беретін мектептердің V-VIII сыныптарында дүнген ұлтының балаларына дүнген тілін оқыту туралы» деп аталды. 1957-1960 жылдардың аралығында ұсақ ұлттардың тілін мектептерде оқыту туралы қаулылардың қатарында қазақ тілінің де қамтылуы, оның дәрежесінің Қазақстандағы неміс, корей, дүнген тілдерінің қатарында тұрғандығын көрсетеді.

XX ғасырдың 50-ші жылдарының екінші жартысында тіл саясатына тікелей қатысы жоқ, бірақ тілдік ахуалға әсер еткен заңнамалық жоба қабылданды. Ол Кеңес Одағындағы ортақ тіл - орыс тілін одақ құрамындағы республикалардың барлығында мәртебесін жоғарылатуға бағытталған жоспарлы шаралардың бірі болды. 1958 жылы қабылданған заң «Мектептің өмірмен байланысын күшейту туралы» деп аталды [119, 467 б.]. Аталған реформаның негізгі идеясы – оқушыларды еңбекке, қоғам үшін қажетті мамандықтарға мектепте оқып жүргенде бейімдеу болғанымен, осы заңдық құжаттың негізінде ата-аналар мектептерді таңдау еркіне ие

болды. Бұл жерде білім беру мекемесінің тілдік ерекшелігі есепке алынбады. Ал, осы уақытта жоғары білім беру саласында орыс тілі басымдық таныта бастады. Тек жоғары оқу орындары ғана емес, жалпы қоғамда орыс тілінің беделін көтермелейтін саяси, әлеуметтік, моральдық жағдай жасалған болатын. Сондықтан, ата-аналар балаларының болашақтағы карьерасы мен олардың әлеуметтік ортадағы белсенділігін қамтамасыз ету мақсатында орыс тіліне үлкен мән берді. Жоғарыда аталған заң осы үрдістің жылдам әрі белсенді жүруіне себепші болды. Оны 1958 жылдан кейінгі уақыттағы мектептердің көрсеткіштерінен байқаймыз.



Сурет 21. 1959-1960 оқу жылындағы Қазақстан мектептерінің тілдік жіктелісі

Сурет 21-де көрсетілген 1959-1960 оқу жылындағы Қазақстан мектептерінің тілдік жіктелісіне назар аударсақ, мемлекеттің тіл саясаты саласында жүргізіп отырған іс-шараларының нақты нәтижелер бергендігін байқаймыз [162, 2-т., 248-і., 6-п.]. Қазақ және орыс мектептерінің арақатынасы жақын болғанымен, оларда білім алатын оқушылардың арақатынасында үлкен алшақтық жатты. Қазақстан оқушыларының 18 пайызын қазақ тілінде оқитындар, ал 79 пайызын орыс тілінде білім алатындар құрады. Осы мәліметтің өзі кеңестік дәуірдегі қазақ тілін дамытуға деген немқұрайлылықты білдіреді.

Одан басқа, қазақ балаларының орыс тілінде оқуға ұмтылысына республиканың ұлттық құрамына байланысты өзгерістері де әсер етті. Қазақстанға соғыс жылдарынан - тың игеруге дейінгі аралықта сырттан келгендердің есебінен орыс тілінде сөйлеушілердің саны артты. Аталған өзгерістер қазақ мектептерінің азайып, орыс тілінде білім беретін мектептердің санының ұлғаюына ықпал етті. Қалалық жерлердегі қазақ мектептерінің аздығы да қазақ балаларының орыс тілінде білім алуларына басты себеп болды. Қазақстан қалаларындағы қазақ мектептерінің санының тапшы болғандығын, сурет 22-де берілген 1960-1961 оқу жылындағы мәліметтер арқылы байқауға болады [163, 2-т., 419-і., 2-п.]. Қарастырылып отырған жылдағы қазақ мектептерінің қалалардағы үлесі 5 пайызға де жеткен жоқ. Маңғыстау, Петропавл, Целиноград қалаларындағы қазақ мектептері 1-ден аспаса, сол кезеңдегі республика астанасы – Алматы қаласының өзінде 2-ақ мектеп болды.




Сурет 22. 1960-1961 оқу жылындағы Қазақстандағы қазақ тілінде білім беретін мектептер саны

Қазақ мектептері көп қалалар Қарағанды, Гурьев, Қызылорда және Шымкент қалалары болып табылды.

1958 жылы 12 ақпанда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің “Республиканың қоғамдық және кооперативтік ұйымдарында мемлекеттің аппаратта іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуді жақсарту шаралары туралы” қаулысы шықты [68, 228 б.]. Қаулының негізінде орыс мектептерінде 8-сыныпқа дейін қазақ тілі аптасына 2 рет 4 сағаттан оқытыла бастады.

Сонымен, XX ғасырдың ортасында білім беру саласында орыстандыру үрдісі күшейе түсті. Ұлттық мектептердің саны өсудің орнына, төмендеу бағытын алды. Аталған мектептердің білім беру сапасы да нашарлады. Себебі, оған оқу құралдары мен педагогикалық кадрлар мәселесінің дұрыс шешім таппауы немесе қолға алынбауы теріс әсер етті. 1950-ші жылдарда орын алған қоғамдағы осындай өзгерістердің нәтижелері одан кейінгі жылдары нақты көрініс бере бастады. 1960-1961 оқу жылындағы жалпы республика бойынша мектептердің білім беру тілі

бойынша көрсеткіштері былайша сипатталды: 3018 – қазақ, 4460 – орыс, 56 – өзбек, 19 – ұйғыр, 2 – тәжік, 1621 – екі немес бірнеше тілде білім беретін (оның ішінде 1514 – орыс-қазақ аралас мектептері) болды [164, 2-т., 603-і., 4-п.]. Бұл мәліметті сурет 23-те көрсетілген 1960-1961 оқу жылдарындағы Қазақстандағы оқушылардың саны тереңірек ашады. Ондағы қазақтардың үлесін қарастырғанда, олардың барлық облыстар бойынша деңгейлерінің төмен тұрғандығын байқауға болады. Сонымен бірге, аталған оқушылардың қай тілде білім алғандығы туралы мәліметтер жоқ. Ол оқушы-қазақтардың шамамен алғанда жартысына жуығының орыс тілінде білім алғандықтары сөзсіз. Сонда, қазақ тілінде оқитындардың деңгейі одан да төмен болғандығын болжау қиын емес.



Сурет 23. 1960-1961 оқу жылдарындағы Қазақстандағы оқушылардың саны

Қазақ тілінде білім беруді барынша тежеу мысалдары көптеп кездесті. Алматы қаласының Медеу ауданының Қабанбай батыр және Пушкин көшелерінің қиылысында орналасқан қазақ орта мектебі 1960 жылы бір-ақ күнде себепсізден-себепсіз жабылып, орнына орыс тіліндегі мектеп-интернат ашылды. 1924 жылдан бері білім беріп келе жатқан қазақ мектебінің жабылуына қарсы ешкім

қарсылық көрсете алмады. Тек, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана Алматыдағы жұртшылықтың талабы қанағаттандырылып, 1991 жылы бұл мектеп Б. Алтынсарин атындағы №159 қазақ орта мектебі болып қайта ашылды [143, 216 б.].

1961-1962 оқу жылында Қазақстанда 3018 – қазақ, 4460 – орыс, 56 – өзбек, 19 – ұйғыр, 2 – тәжік, 1621 – екі немесе бірнеше тілді мектеп (оның ішінде 1514-орыс-қазақ мектебі) болды [164, 4-п.]. Қарастырылып отырған жылдары республикадағы қазақ оқушыларының үлесі алдыңғы жылдармен салыстырғанда ұлғаймады (сурет 24). Жалпы оқушылардың ішіндегі қазақтардың пайыздық деңгейі 32-ге тең болды. Оның өзінде олардың басым бөлігі орыс тілінде білім алғандықтары белгілі [165, 2-т., 771-і., 4-п.].



Сурет 24. 1962-1963 оқу жылдарындағы Қазақстандағы оқушылардың саны

XX ғасырдың 60-70 жылдары тіл саясатында білім беру мекемелерінде шет тілдерін оқуға қатысты өзгерістер болды. 1961 жылдың 9 қазанында «Республикадағы шет тілдерін оқытуды жақсарту туралы» қаулы қабылданады [68, 234 б.]. Онда Қазақ КСР Министрлер Кеңесі білім беру мекемелеріндегі шет тілдерін оқыту белгілі бір деңгейде

жолға қойылғанымен, әлі де күрделі жетіспеушіліктердің бар екендігін мәлімдейді. Әр түрлі дәрежедегі білім беру орындарын бітірушілердің көпшілігінің шет тілдерін өте әлсіз меңгеретіндіктері айтылады. 1975 жылдың 29 сәуірінде Қазақстанның КП Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесінің «Кейбір жалпы білім беретін мектептерде араб тілін оқыту мен сол мектептер үшін педагогикалық кадрлар даярлау туралы» қаулысы қабылданады. Онда 1977-1978 оқу жылында 10 жалпы білім беретін мектептер мен мектеп-интернаттарда 2 сыныптан бастап шет тілі ретінде араб тілін енгізуді ұйымдастыру тапсырылады. Соған байланысты атқарылатын шаралардың кешені құрастырылады. Оны іске асыру Қазақ КСР-нің Бас жоспар, Ғылым Академиясы, Оқу-ағарту министрлігі мен Жоғары және орта арнайы білім беру министрліктеріне тапсырылады. 1970 жылға қарай ұлттық өңірлерден келген талапкерлерді Ресей, Белорусия, Украина мемлекеттеріндегі педагогикалық институттарындағы «орыс тілі және әдебиеті» мамандығына конкурстан тыс қабылдау тәжірибесі қолға алынды.

Ұлттық интеллигенция өкілдерінің арасында да өзінің ана тіліне қарағанда, орыс тілін өте жақсы меңгерген және де қызмет бабында, шығармашылық жұмыста орыс тілін жоғары қоюшылардың саны артты. Соның нәтижесінде ұлттық тілде кітап басу санының, радиохабарлар тарату көлемінің, ұлттық театрлардағы репертуарлардың қысқару құбылыстары байқалды. Ал, осындай өзгерістер өз кезегінде ұлттық мәдениеттің беделін түсірді, одан әрі ұлттық тілде сөйлеуге, білім алуға деген қызығушылықты түсіріп, немқұрайлылықты қалыптастырды.

XX ғасырдың 60-жылдары Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі қазақ тілінде оқытатын мектептердің азаю бағыты одан әрі жалғасты. Мысалы, 1964-1965 оқу жылында республика бойынша 2587 - қазақ, 4629 - орыс, 52

- өзбек, 20 - ұйғыр, 1667 – екі немесе бірнеше тілде білім беретін мектеп (оның ішінде 1567 – орыс-қазақ, 23 – қазақ-өзбек, 16 – қазақ-ұйғыр) болды [63, 4 б.]. Ал, 1965-1966 оқу жылындағы Қазақстандағы мектептердің тілдік жіктелісі былайша бейнеленді: 2496 – қазақ, 4771 – орыс, - 48 – өзбек, 20 – ұйғыр, 1677 – екі немесе бірнеше тілде білім беретін мектептер (оның ішінде 1579 – орыс қазақ, 25 – қазақ-өзбек, 20 – қазақ-орыс-ұйғыр, 19 – орыс-өзбек, 13 – қазақ-ұйғыр) [166, 2-т., 1277- і., 4-п.]. Бір оқу жылының өзінде 91 қазақ мектебі жабылып қалса, орыс мектептері 142-ге көбейді.

XX ғасырдың ортасынан бастап, қазақ мектептерінің өсу қарқынының төмен немесе кері кетуі салдарынан, 70-жылдары ұлттық мектептермен салыстырғанда орыс мектептерінің басымдылығы артты. Одақтас республикалардың ішінде Қазақстан алдыңғы орында тұрды. Республикадағы оқушылардың 68 пайызы орыс тілінде білім алды. Қарастырылып отырған кезеңде Партия тарихы институтында қызмет атқарған ғалым Т. Кәкішев қазақ мектептерінің кеңес дәуіріндегі жағдайына байланысты былай пікір білдіреді: «Қазақ мектептерінің трагедиясы тым әріден басталады. Қазақ мектептерінің жабылуы жығылғанға жұдырық болды. Хрущев «патша заманында жасай алмаған дүниелерді біз кеңес заманында жасаймыз» деп ұрандатты. Сондықтан орыс тілі арқылы 1980 жылға дейін коммунизм орнатамыз деп жанталасуының астары сол еді. «Қазақ мектептері жабылып жатқан жоқ, біз ірілендіріп жатырмыз» деп өздерін ақтап алғысы келді. Шындығында, Сталиннің тұсында төрт орысы бар ауылда орыс мектебін салды. Қара домалағы көп қазақ ауылдарындағы қазақ мектептері жабылды. Олар қазақты ана тілін ұмыттырып, тәуелді етудің төте жолын іздеді. Ахмет Байтұрсынов айтқандай, «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалатынын» нақты жүзеге асырмақ болды» [146, 46 б.].

Білім беру саласындағы тіл саясатын жүргізу барысында қазақ тілін кешенді түрде дамыту шаралары қарастырылмады. Оның орынына ұсақ немесе жанама шешімдер қабылданып отырды. Мысалы, 1978 жылдың 27 ақпанында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі қазақ және ұйғыр тілдерінде білім беретін мектептердің оқушылары үшін оқулықтарды тегін пайдалануға көшіру туралы шешім шығарады [68, 241 б.]. Бірақ, осы шарадан кейін қазақ мектептерінің жағдайы жақсарып кетпеді.

XX ғасырдың 60-70-жылдарында қазақ мектептеріне байланысты жаңа өзгерістер енгізілді. Қазақша білім алған бала болашақта күнін көруі қиынға соғады деген теріс ұғым қалыптасып, орыс тілін терең меңгерудің әрі интернационалдық тәрбиенің бірденбір дұрыс жолы аралас мектептер жасау деген пікір қолдауға ие болып, республикада аралас мектептер пайда бола бастады. Қазақ КСР Оқу министрлігінің сол жылдардағы бірінші орынбасары А.В. Щербаков «Интернационалдық тәрбиені күшейтуде аралас мектептердің ролі» деген тақырыпта диссертация қорғаған мәжілісте С. Мұқанов, Ә. Шәріпов, І. Жарылғапов сияқты белгілі жазушылар бұл зерттеуге ашық түрде қарсы шықты. Олар бұл диссертациядағы идеялар іске асқан жағдайда қазақ мектебінің, қазақ тілінің жағдайы мүлдем қиындайтындығын айтты. Дегенмен, қарсылықтарға қарамастан диссертацияға оң баға беріліп, оны Мәскеу бірден бекітеді [143, 217 б.].

1979 жылдың 13 шілдесінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесі орыс тілін оқытуды енгізу туралы қаулы шығарады [143, 242-243 б.]. 1980 жылдың 1 қыркүйегінен мектепке дейінгі мекемелердегі орыс тілін білмейтін балалар үшін, ал 1979-1980 оқу жылынан жалпы білім беретін дайындық сыныптарында аптасына 3 сағат көлемінде орыс тілін оқыту көзделеді.

Білім беру жүйесі – орыстандыру саясатының ең басты нысандарының бірі болды. Осыған байланысты орыс тілін оқытуға арналған оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар мен бағдарламаларды сапалы түрде жазып, үнемі жетілдіріліп отырды. Кеңестік дәуір жылдарында барлық білім беру мекемелерінде орыс тілін міндетті пән ретінде біртіндеп енгізу жүзеге асырылды. Ал, қазақ тілін оқытудан, керісінше, орыс мектептері босатылды. Орыс тілі мен әдебиетінің оқытушыларын мақсатты түрде даярлау, қайта даярлауға көңіл бөлінді.

Қазақстандағы орыстандыру саясаты славян тілді халықтардың миграциясы есебінен де жүзеге асырылды. Үздіксіз жүргізілген көші-қон үрдісінің нәтижесінде, Қазақстандағы қазақтардың деңгейі төмендеп, өз елінде аз этносқа айналды. Соғыс жылдарында республикаға шамамен алғанда он мыңдаған, тіпті жүз мыңдаған басқа ұлт өкілдерінің көшіп келулері, 1950 жылдардың ортасынан басталған тың игеру науқаны қазақ халқының үлес салмағының азаюына, басқа ұлт өкілдерінің (әсіресе, славян тілділердің) көпшілікке айналуына, соның нәтижесінде қоғамның барлық саласында орыс тілінің басымдық танытуына, оның ішінде, биліктің орыстілді болуына, қоғамда осы тілді жоғары санайтындардың санының өсуіне алып келді. Тіл саласында қалыптасқан ахуалға байланысты, Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында, Қазақстанның қалаларында қазақ мектептерінің жабылып, жоғары оқу орындарында мамандарды тек қана орыс бөлімдерінде дайындау құбылысы байқалды. Қазақстанның астанасы болған Алматы қаласында бір қазақ орта мектебі ғана жұмыс жасады. Жоғары оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиетінен басқа мамандықтардың барлығы тек орыс тілінде оқытылды. Республиканың жоғары оқу орындарына түсу үшін талапкерлер орыс тілінен емтихан тапсыруға

міндетті болды. Білім беру саласының орыстануы жалпы қоғамның орыстануына тікелей әсер етті.

Бүгінгі күнде кеңестік дәуіріндегі білім беру саласындағы тіл саясатының салдары әлі де сақталуда. Солтүстік аймақтарда оқушылардың көпшілігін орыстілділер құрайды. Ақмола, Қарағанды, Павлодар облыстарында тәуелсіздік тұсында ғана қазақтардың саны көбейе бастады. Ал, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарында қазақтардың саны әлі күнге дейін азшылық болуда. Осы жағдай мемлекеттік тілдің қолданыс аясын осы өңірлерде кеңейтуге айтарлықтай кедергілер келтіруде. Кеңестік дәуір жылдарынан қалған қалған психологиялық қысым, қазақтардың ана тіліне деген селкостығы мен немқұрайлылығы, Қазақстанда тұратын ұлттардың қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін сезінбеуі немесе мойындамауы - кеңестік тіл саясатының білім беру жүйесінде барынша терең жүргізілгендігінің көрсеткіші болып табылады.

3 1980 Ж. – 1991 Ж. ТІЛ САЯСАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

3.1 XX ғ. 80-жж. Қазақстандағы тілдік ахуал

XX ғасырдың 80-жылдарында тек Қазақстанда ғана емес, жалпы Одақ көлемінде ұлттық мағынадағы қайшылықтар өршіді. Осындай ахуалдың қалыптасуының өзіндік себептерінің болғандығы белгілі. Қоғамның барлық саласында ұзақ уақыт бойы жүргізілген бюрократиялық әрекеттердің этномәдени жағдайға да теріс әсерін тигізді. «Социалистік интернационализм» ұранының астарында жатқан ұлыдержавалық космополитизм, бар ұлттардың заңды наразылығын тудырды. Ұлттардың түгелге жуығы кеңестік дәуірде әр түрлі мағынадағы әділетсіздіктерді басынан кешірді. Дегенмен, орталық билік кеңестік қоғамда болып жатқан шынайы өмірдің өзекті мәселелерін анықтап, оны шешудің жолдарын қарастырмады. Шиеленісіп тұрған ұлттық қарым-қатынастарға байланысты 1983 жылғы КОКП Орталық комитетінің маусым Пленумында «туысқан халықтардың одан әрі идеялық жақындасатынына бірлік сезімінің нығайып, тарихи тағдырлар ортақтасып, мәдени игіліктер алмасу кеңейе беретініне біздің көзіміз кәміл жетеді» [109, 455 б.] деп, жағдайды одан әрі ушықтырды.

Одақ құрамындағы басқа республикалармен салыстырғанда Қазақстанда қарастырылып отырған кезеңде қазақ тілінің жағдайы өте төмен дәрежеде тұрды. Қазақ тілінің мемлекеттік дәрежеге көтеріле алмауының басты себебі – қала мен қазақ тілінің өзара байланысының әлсіздігі болып табылды. Осы себепті таратып көрсететін болсақ: республика қалаларында тұратын қазақтардың үлесінің төмендігі, қазақ тілінің ортасының әлсіздігі, қалада қазақ мектептерінің аздығы және т.б. Керісінше, қазақтардың арасында орыс тілінің беделі жоғары тұрды. Бұл кеңестік тіл саясатының нәтижесі еді. Оны сандық

көрсеткіштермен толықтырсақ (сурет 25), қазақтар Одақ көлеміндегі ұлттардың ішінде орыс тілін меңгеру бойынша ең басты орынды иеленді. Олар, тіпті, 1970 жылдың өзінде орыс тілін білуден 41.9%-ды құраса, 70-жылдардың соңында жартысынан астамы орыс тілінде сөйледі [156, 156 б.].



Сурет 25. 1970, 1979 жж. КСРО ұлттарының орыс тілін меңгеру деңгейі

Қазақстандағы қазақтардың орыс тілін меңгеру көрсеткіші 80-жылдары одан әрі өсті. 1989 жылғы халық санағының мәліметтері бойынша, республикадағы қазақтардың ішінде орыс тілін меңгергендердің пайыздық деңгейі 60,5-ке теңесті. Ал, осы уақытта орыс тілін меңгергендердің көрсеткіші Қырғызстанда 35,2%, Өзбекстанда 23,8%, Тәжікстанда 27,7%, Грузияда 33,1% ғана болды. Тіпті, славян тілдес республикалардағы орыс тілін меңгеру деңгейі Қазақстаннан төмен тұрды: украиндардың 56,2%, белорустардың 54,7% орыс тілінде сөйлей алды [60, 37 б.]. Сөйтіп, Қазақстан кеңестік тіл саясатының ең нәтижелі жүргізілген республикаларының бірегейі болып табылды. Халықтың түгелге жуығы сауатты деп саналғанымен, олардың өз ана тіліндегі сауаттылығы түсініксіз күйде қалды. Осы тұрғыда М. Мағауин мынадай

пікір білдіреді: «80-жылдардың соңындағы біз байқаған бір деректе елдегі барлық қазақ ұлтты оқушылардың есебіне шаққанда, қазақ мектебінің шәкірттері – бір жарым миллионға тақау екен де, орыс мектептеріне баратын қазақ балаларының ұзын саны небәрі жарты миллион ғана екен. Яғни, қазақтекті барлық жеткіншектің ширегі, жиырма бес пайыз мөлшерінде ғана. Бұлардың бәрі бірдей қазақша білмейді деп айту қисынсыз. Сонда осы бақытсыз «қырық пайыз» қайдан шықты? 1989 жылғы, советтік ең соңғы халық санағының қорытынды деректеріне қарағанда, республикадағы қазақ жұртының 62,8 пайызы орыс тілін еркін игерген. Сәйкесінше, қалған 37,2 пайыз орысшаға онша емес, немесе, мүлде білмейді, яғни, тек қазақша ғана сөйлейді. 37,2 – дөңгелектеп, 40 деп қойыңыз, әйгілі қырық пайыздың түп төркіні, міне, осыдан шықса керек. Бұл ғажайып логика бойынша, алпыс пайыз қазақ қазақша білмеуі керек. Алпысыңыз да айтылып қалып жүрді, бірақ біздің дарақыларға көбірек көрінсе керек, кері айналып, қырыққа тоқтаған» [167].

Қоғамды орыстандыру саясаты 80-жылдары да жалғасын тапты. Кеңестік тіл саясатындағы ауқымды іс-шараларға негіз болған қаулылардың бірі - 1983 жылдың 23 мамырында жарық көрді. Онда КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесі одақтас республикалардағы жалпы білім беру мектептер мен басқа да оқу орындарында орыс тілін оқытуды жақсарту шаралары туралы қаулы қабылдайды. Осыдан кейін республикалық КП Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесі де Қазақстанда орыс тілін оқытуды жетілдіру туралы қаулыға қол қояды [68, 244-251 б.]. Онда республикада жыл сайын орыс тілін оқып жатқан адамдардың деңгейі өсіп келе жатқандығы, бұл тілдің ұлтаралық байланыс құралы ретінде ерікті түрде таңдалып алынғандығы атап көрсетілді. Сонымен бірге, орыс тілінің мектепке дейінгі мекемелерде, жалпы білім беретін

мектептердің дайындық сыныптарында да таралғандығы айтылды. Осындай орыс тілін оқытудың жетістіктерімен, қатар, оның кемшіліктеріне де ерекше назар аударылды. Қаулыдағы ақпарат бойынша барлық жалпы білім беретін мектептер мен басқа да білім беру мекемелерінде терең меңгеру мен оны оқытуда әлі де жағдай жасалмаған. Одан басқа кадрлардың аздығы, біліктілікті жоғарлату түрлерінің әлсіздігі, оқу жоспары мен бағдарламаларының жаңа талаптарға сәйкес келмеуі, сапалы оқулықтар, әдістемелік құралдардың, сөздіктердің, көркем әдебиеттердің жеткіліксіздігі баяндалды. Осы кемшіліктердің нәтижесінде қазақ тілінде білім алатын, әсіресе республиканың алыс аудандарындағы мектептерді бітірген түлектердің орыс тілін меңгерулерінің төмендігі атап көрсетіледі.

Аталған кемшіліктерді жою шаралары қарастырылады. Ана тілімен қатар орыс тілін еркін меңгеру кеңес адамдарының еңбек және қоғамдық-саяси белсенділігін арттыратындығы КСРО Қарулы Күштерінің қатарындағы қызметті сәтті атқаратындығына мүмкіндік беретіндігі көрсетіле келіп, орыс тілін еркін меңгеру әр бір жастың азаматтық міндеті (қарыз) болу қажеттілігі белгіленді. Аталған қаулыға сәйкес, республикалық жоғары оқу орындарындағы орыс тілі мұғалімдерін дайындау сапасын жақсарту шаралары қарастырыла бастады. 1984-1990 жылдары Қазақ КСР Оқу-ағарту Министрлігіне қазақ жастарының РКФСР-дың педагогикалық институттары мен университеттерінің орыс тілі мен әдебиеті факультеттеріне конкурстан тыс жыл сайын 50, ал Украинаға – 150 адам қабылдануын қамтамасыз ету тапсырылады. Сонымен бірге, республиканың педагогикалық институттарының студенттерін 1 жылға дейінгі мерзімге тәжірибе жинақтаудан өтуі қарастырылып, ол жыл сайын РКФСР-дың жоғары оқу орындарына 20 адам, Украинаға – 50 адам болып белгіленеді.

Оқу орындарындағы оқу жоспарларына өзгерістер енгізіліп, орыс тілін оқыту сағаттары ұлғайтылып, ол таңдау немесе шет тілдері пәндерінің сағаттарынан алынды. Педагогикалық институттарда «ұлттық мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті» пәні енгізілді. Одан басқа орыс тілін оқытуды жақсартудың өте кең ауқымды шаралары белгіленді:

- педагогикалық оқу орындарының оқу бітірушілері орыс тілінен мемлекеттік емтихан тапсыру;
- аталған мамандық бойынша талапкерлерге және дайындық курсына келушілерге үлкен жеңілдіктер жасау;
- жоғары оқу орындарындағы орыс тілі мұғалімдерінің біліктілігін жоғарылату курсын ұйымдастыру;
- Ресей, Украина, Беларусь жоғары оқу орындарындағы біліктілікті жоғарылату мақсатындағы іссапарларды қаржыландыру;
- 1983 жылдың 1 қыркүйегінен Орталық институтта орыс тілі мен әдебиеті кафедрасын ашу;
- 1985-1988 жылдары облыстық мұғалімдерді жетілдіру институттарының тыңдаушыларына арналған оқу ғимараттары мен жатақханалар салу;
- барлық оқу орындарында орыс тілін оқытудың тиімді әдістерін енгізу;
- орыс тілін үйренушілерге арналған сағат сандарын ұлғайту;
- орыс тілі мен әдебиетін оқыту барысында 25 адамнан жоғары сыныптар мен топтарды бөліп оқыту;
- орыс тілінде білім беретін мектептерді көбейту;
- балабақшалардың ересек топтары мен дайындық сыныптарда орыс тілін оқытуды ұйымдастыру;
- орыс тілін зерттеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын кеңейту;
- жергілікті халықтан орыс тілінен ғылыми мамандарын дайындау;

- аспирантураға қабылдау және одан кейінгі кандидаттық минимум тапсыру бағдарламасына орыс тілі мен әдебиетінен емтихан енгізу;

- 1984-1990 жылдары орыс тілі мен әдебиеті бойынша оқу құралдары, әдістемелік әдебиеттер, сөздіктер, көркем әдебиет материалдарын басу жоспарын бекіту;

- оқушылар мен студенттерге радио мен теледидениеден орыс тілі бойынша оқу және қоғамдық-саяси бағдарламалар циклын ұйымдастыру;

- орыс тілі мен әдебиеті бойынша оқу кинофильмдерін шығаруды жалғастыру;

- барлық оқу орындарында орыс тілі мен әдебиеті кабинеттерін ұйымдастыру;

- оларды лингафондық аппаратурамен, басқа да техникалық құралдарымен және көрнекіліктермен жарақтандыру және тағы да басқа шаралар [68, 244-250 б.].

Орыс тілін кешенді түрде дамытуға барлық мүмкіндіктер жасалды. Сонымен қатар, орыс тілін насихаттау ісін қаржылық тұрғыдан қолдауға да көңіл бөлінді. 1983 жылдың 26 мамырында КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысымен республиканың педагогикалық институттары мен университеттеріндегі «Ұлттық мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім алатын студенттерді шәкіртақымен қамтамасыз ету бекітіледі. Сонымен бірге, 1984 жылдан бастап барлық оқу орындарындағы орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін мұғалімдердің еңбек ақыларын 15 %-ға көтеру мақұлданды [68, 250 б.].

Орыс тіліне қатысты ауқымды іс-шаралар кешені ұйымдастырылып жатқанда, қазақ тіліне байланысты шаралар ұсақ қаулылармен ғана шектелді. 1983 жылдың 3 маусымында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің «Қазақ әдебиеті оқулығын жазуда жабық конкурс өткізу туралы»

қаулысы қабылданды [68, 243-244 б.]. Онда Қазақ КСР Оқу-ағарту Министрлігі мен Қазақ КСР баспа ісі, полиграфия және кітап саудасы мемлекеттік комитетінің ұсынысы бойынша 1983-1985 жылдары жалпы білім беру қазақ мектептерінің 10 сыныптарға арналған қазақ әдебиеті оқулығына жабық конкурс ұйымдастыру қолға алынды. Бұл шара әрине, КСРО Оқу-ағарту министрлігімен келісілді. Оқулық авторларына сыйақылар да тағайындалды.

Білім беру саласындағы қазақ тілі мен орыс тілін дамыту арақатынасындағы алшақтық, республиканың қазақ тілді мектептерінің қысқаруына алып келді. Жалпы, XX ғасырдың 60-80-жылдары республикадағы қазақ тілінде білім беретін мектептердің қысқаруына байланысты әр түрлі сандар айтылады. Мысалы, 1990 жылы Қазақстанның Білім беру министрі болған Ш. Шаяхметов қарастырылып отырған жылдар аралығында бес жүзден аса қазақ мектептерінің себепсіз жабылғандығын айтса [168], республикадағы тіл саясатын зерттеген Н. Жанақова 700-ден аса қазақ мектептері жабылды деген қорытындыға келеді [39, 26 б.]. Сонымен қатар, Х. Әбжанов негізсіз жабылған мектептердің санының 1314-ке сәйкес келетіндігі туралы пікір білдіреді [143, 214 б.]. Сөйтіп, қазақ тілі қосымша, қажеттілігі шамалы тіл деңгейінде қалды.

Қоғамда соңғы орындардың бірінде тұрған қазақ тілі үшін, орыс-қазақ аралас мектептерін ашу тәжірибесі тиімді болған жоқ. Жаппай ашыла бастаған орыс-қазақ аралас мектебінің бұлжытпас заңдылығы «көстілділік» болып, олардағы оқу-тәрбие жұмысы орыс тілінде жүргізілгендіктен, орыс тілі үстемдік құрды. Қазақ тілінің қолдану аясы тарылды, қазақ тілінде білім алушылардың саны азая түсті. Қазақстанда 1980-1981 оқу жылында барлық оқушылардың 64%, ал 1988-1989 оқу жылында 67% сабақтарды орыс тілінде оқыған. Сондай-ақ сабақтар қазақ тілінде оқытылған мектеп оқушылары 1980-1981 оқу

жылында 33% болса, 1988-1989 оқу жылында 30% құраған [143, 217 б.].

Ал, Қазақстан халқының ұлттық құрамына келетін болсақ, бұл салада 80-жылдары біршама өзгерістер байқалды. Оны сурет 26-да берілген 1979, 1989 жылдардағы халықтың ұлттық құрамының көрсеткіштерін салыстыру арқылы анықтауға болады [97, 125 б.; 169]. Сандық мәліметтер, қарастырылып отырған жылдарда республикадағы қазақтардың үлесінде өсу (3,7%-ға), ал орыстардың (3%-ға) кему бағытын ұстанғандығын көрсетеді.



Сурет 26. 1979, 1989 жж. Қазақстан халқының ұлттық құрамы

Сонымен қатар, украиндар, немістер, татарлар, белорустардың да пайыздық үлесі кеміді. Қазақтардың санының өсу бағытын алуы, тілдік ахуалға оң әсер етті. Дегенмен, Одақ құрамындағы басқа республикалармен салыстырғанда, Қазақстандағы қазақтардың деңгейі қанағаттанарлықсыз болып табылды. 1989 жылғы санақ бойынша өз республикаларында армяндар – 93,3, әзірбайжандар – 82,6, орыстар – 81,5, литвалдар – 78,6, белорустар – 78,1, украиндар – 72,8, түркімендер – 71,8, грузиндер – 70,2, өзбектер – 68,7, молдавандар – 64,4,

тәжіктер – 62,2, эстондар – 61,7, қырғыздар – 52,4, латыштар – 52,1 пайыз болды. Осы сандық көрсеткіштер, орыс патшасының заманынан бергі орыстандыру саясатының қазақ жерінде ауқымды әрі нәтижелі түрде жүргендігінен хабар береді [82, 133 б.].

Кеңестік тіл саясатында қазақ тіліне көңіл аударылған сала – баспа ісі болды. Оның себебі де түсінікті. Коммунистік партияның идеяларын қазақ тілді ортаға насихаттау мақсатында қарастырылып отырған жылдары қазақ тілінде кітаптар жеткілікті түрде жарық көрді. Әсіресе, К. Маркс, Ф. Энгельс, В. Ленин шығармаларын қазақ тілінде басуға ерекше мән берілді. Оны сурет 27-дегі кітап саны мен таралымдарының сандық көрсеткіштерінен байқауға болады [133, 4 б.]. 1917-1980 жылдар аралығындағы шыққан кітаптардың 87 пайызы қазақ тілінде басылды.



Сурет 27. 1917-1980 жж. К. Маркс, Ф. Энгельс, В. Ленин шығармаларын баспадан шығару көрсеткіштері

Ал, нақты 1980 жылғы Қазақстандағы кітап басу көрсеткіштеріне келетін болсақ, сурет 28-дегі мәліметтер қазақ және орыс тілдеріндегі кітап басу ісінің арақатынасын сипаттайды [133, 9-10 б.]. Осы жылғы шыққан қазақ және орыс тіліндегі кітаптардың жалпы санындағы қазақ кітаптарының үлесін есептесек, ол 36%-ға тең келеді. Ал,

олардың таралым көлемі бірдей деуге болады. Осындай ерекшелік сол кезеңдегі тіл саясатының бағыты туралы ақпарат береді. Қазақ тіліндегі кітаптардың орыс тіліндегілерден аз басылуы, 30-жылдарда енгізілген қолжазбаларға бақылау ісінің күшінде тұрғандығын білдіреді.




Сурет 28. 1980 ж. кітаптарды баспадан шығару көрсеткіштері

Дегенмен, қазақ тілінде көркем әдебиет шығару (сурет 29) деңгейі басқа тілдерге қарағанда саны мен таралымы жағынан да жоғары тұрды [133, 33 б.]. Әрине, жарық көрген кітаптар жан-жақты талқылаудан өткен, заман талабына сай жазылған еңбектер болғандығы белгілі.




Сурет 29. 1980 ж. көркем әдебиет шығару көрсеткіші

1980 жылғы газет-журнал шығару көрсеткіштерінде де орыс тілінде шығатын баспа өнімдері басымдық танытты (сурет 30, 31)[133, 40-42 б.; 83 б.]. Мысалы, осы жылы республика бойынша қазақ тілінде 158 газет, 11 журнал шығарылса, орыс тіліндегі газеттердің саны – 259, ал журналдар – 17-ге сәйкес келді. Қазақстандағы басқа ұсақ ұлттардың тілінде шығатын баспа өнімдерінің саны 10-нан аспады. Осы сандық көрсеткіштер Қазақстанда орыс тілінің үстемдік құрғандығын тағы да дәлелдейді. Осы кеңестік дәуірден қалған орыс тілді баспасөздің, әсіресе газеттердің көп болуы бүгінгі күнде де сақталуда.



Сурет 30. 1980 ж. газет шығару көрсеткіштері



Сурет 31. 1980 ж. журнал шығару көрсеткіштері

XX ғасырдың 80-жылдарының ортасына дейін қоғамның барлық саласында орыс тілі шын мәнінде жетекші сипатқа ие болды. Қазақстанда қазақ тілінің мәртебесі тұрмыстық, қарапайым деңгейге дейін төмендеп,

қосымша тіл ретінде қабылданды. Республикадағы тілдік ахуалға байланысты Қамзабекұлы былай деп жазды: «Қазақстанда жүргізілетін жұмыстардың бәрі элиталық маңыз иеленіп, жоғарғы деңгейдегі мамандарды тартқан болып, бүкіл жұмысшы контингенті түгелге жуық сырттан әкелінетін. Сондықтан, мұнай мен балық өнеркәсібі болмаса, қалған өндіріс объектілерінде жергілікті ұлт өкілдері саусақпен санарлық еді. Түсті, ауыр, металлургия, машина жасау, энергетика сынды салалардағы қазақ өкілдері 10 пайызға жетпейтін. Құрылыс, байланыс, темір жол салаларында, шауып шыққанда 15-30 пайыз аралығында болатын» [82, 130 б.].

Қазақстанда жүргізілген кеңестік тіл саясатының ең басты нәтижесі – қазақтардың қазақ тілінде сөйлеуге немқұрайлылық танытуы еді. Тіл саласының ғалымдарының мәліметтері бойынша жергілікті ұлттың 40 пайыздан астам жасөспірімдері ана тілін білмеді. Барлық республикалық және облыстық ұйымдарда іс жүргізу қазақ тілінде жүргізілмеді. Мысалы, республикадағы 205 ауданның тек қана 23-інде (ресми мәліметтерде – 38) іс жүргізу жергілікті ұлт тілінде жүзеге асырылады [170]. Нәтижесінде саны жағынан 70-орынға ие болатын қазақ халқының тілі өзінің тарихи атамекенінде қоғамдық өмірден ығыстырылып, жойылу қаупінде тұрды. Осындай және басқа да ауытқушылықтар ұлттық мәдениеттің, баспаның, ғылым білімнің және салт-сананың құлдырауына әкеп соқты.

1985 жылдың сәуіріндегі КОКП ОК Пленумында қабылданған қоғамды қайта құру тұжырымдамасынан соң, елде шын мәнінде өзгерістер жүре бастады. Академик А. Сахаров қайта құруға байланысты өз пікірін білдірді: «К счастью, в СССР нашлись здоровые силы, осознавшие, что дальше так продолжаться не может. Лозунги перестройки, ее идеология известны. Это экономическая реформа, гласность, демократизация, социальная справедливость,

новое политическое мышление, провозглашающее приоритет общечеловеческих целей выживания и общемирового развития над всеми государственными, классовыми, национальными, ведомственными и частными интересами»[171].

1985 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Жазушылар Одағында «Соңғы жылдардағы қазақ көркем шығармаларының тілі» атты тақырыпта отырыс ұйымдастырылып, онда жазушы Ғ. Мүсірепов тіл туралы жасаған баяндамасында тілді – ең бірінші, ұлттың ұлттық белгісі, халықтың тарихы мен тағдыры, әдебиеті мен мәдениеті, дәстүрі мен салты, ән мен күйі, жаны мен тәні, тіпті мінез-құлқы деп танып, тілден айрылу – бәрінен айрылу екендігін, сол себепті ана тілін сақтап қана қоймай, оны одан әрі дамыту шараларын жан-жақты ойластыру қажет екендігін баса айтты [172]. Жазушының айтқан пікірі қазақ зиялы қауымына қозғау салды. Дегенмен, осы отырыста көтерілген мәселелер мемлекеттік деңгейге дейін жетпеді. Қазақ тіліне байланысты қолдау белгілері байқалмады. Қазақ қоғамы орныққан тіл саясатын өзгертуге құлшынғанымен, кеңестік билік жүйесінде бұл тұрғыда айтарлықтай жаңалықтар болмады.

Тек қана Қазақстан емес, жалпы Одақ көлеміндегі ұлттық-тілдік ортада әділетсіздіктің орын алғандығы, осы мәселені шешудің тиімді жолдарын тез арада қолға алмаса, одақтас республикалардағы ұлттық, ұлтаралық қатынас салаларында дағдарыстың күшейетіндігі анық байқалды. 80-жылдардың ортасында басталған қайта құру кезеңіндегі Алматы қаласындағы желтоқсан оқиғасы тоталитаризмге қарсылықтың бастамасы болды. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы кеңестік билікке ұлттық саясатта ұстанған бағыттарын түбірлі түрде өзгертіп, оны демократтық мағынада жүргізу қажеттігін көрсетіп берді. Осы тұрғыда жастар және рухани тәрбие мәселелерін зерттеген Г.С.

Жүгенбаева біртұтас кеңестік-орыстық ұлт, кеңестік-орыстық мәдениет жасау жемісті нәтижесін бере бастаған кезеңнің өзінде халықтың ұлттық өр мінезділігін сақтай білгендігін ерекше атайды [173].

Желтоқсан оқиғасынан кейін Қазақстанда тұратын ұлттардың бірбіріне деген көзқарастары өзгерді. Әсіресе, орыс ұлты өкілдеріне байланысты теріс пікірлер қалыптасты. Осы мәселеге назар аударған ғалымдардың пікірін қарастырсақ, Б. Аяған былай дейді: «Тұрғылықты халық наразылығын орыс тілінің, не мәдениетінің өзі емес, тәжірибеге енгізілген орышшандыру саясаты тудырды. Қоғамдық ортадан орыс тілінен басқа тілдерді, әсіресе қазақ тілін ресми органдардың әдейілеп ығыстыруы – наразылықтың негізгі себебі» [174]. Ұлтаралық қайшылықтардың қалыптасуына жол берген кеңестік ұлт саясаты оны шешудің жолдарын көрсетуде әлсіздік танытты. Жаңа басшы М.С. Горбачев одақ халқын жаңаша ойлауға шақырғанымен, іс жүзінде бұрынғы әрекеттерді қайталады. Мемлекетті дағдартып отырған социалистік жүйе мен империялық құрылымды сақтап, бірақ қоғамды қайта құруды ұсынды. Бірақ, халық қоғамды қалай қайта құруға болатындығын түсінбеді. Оған 1986 жылғы XXV партиялық съезі, 1989 жылғы бүкілодақтық партиялық конференция, 1991 жылғы XXVI партиялық съездері дұрыс жауабын бере алмады. Жетпіс жыл бойында билікті жеке-дара иеленіп келген партияның осылайша дағдаруы қоғамда жаңа ұлттық саясаттың бекуі деп қабылданды.

Ұлттық қайшылықтың шегіне жеткендігін Одақ көлемінде алғашқылардың бірі болып 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы көрсетті. Осыдан кейін басқа республикаларда да ұлттық қозғалыстар легі орын алды. Ә. Қайдар мен Ө. Айтбайұлы сол жылдарға байланысты мынадай естеліктер айтады: «Бұл қозғалыстың түпкі негізінде өз тілінде сөйлейтін тәуелсіз елдің еңсе көтеруі

тәрізді мақсат жатты. Ел мен тіл үшін күрес бұдан кейін тіпті үдей түсті. Зиялы қауым ұлттық тіл мен ұлттық мәдениетті дамыту мен қалыптастырудың әр қилы жолдарын қарастыра бастады. Әсіресе, 1988-1989 жылдардағы майданға бергісіз оқиғалар әлі күнге естен кетпейді. Республиканың басшылығына Г.В. Колбин келіп ұлттық мүдделер қыспаққа алына бастаған сайын қазақ зиялылары сана биігіне көтеріле түскен еді. Бұл кезде Ұлттық Ғылым академиясы, Жазушылар Одағы ана тіліміздің тағдырын сөз еткен келелі жиындар мен басқосулардың мекеніне айналды. Қазақ баспасөзі мен ақпарат құралдары ұлт намысын қозғайтын тамаша материалдар бере бастады» [69, 14-15 б.].

1986 жылдың 24 желтоқсанда Ғылым академиясында КОКП Орталық комитеті Саяси бюросының мүшесі М. Соломенцев пен Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Г.В. Колбинмен кездесу болып, оған бірқатар академиктер, ғылыми институттардың директорлары мен партия ұйымының хатшылары қатысады. Мәскеуден келген қонақ жиналыс үстінде қазақ ұлтына қара күйе жағып, қайдағы бір ұлтшылдықты таңып, қазақ жастары орыс балабақшалары мен мектептеріне қарақшылық шабуыл жасап, ғимараттарын қиратып бүлдірді деген жалған айыптаулармен ұзақ сөз сөйлейді. Бұдан кейін төрағалық етуші – Академияның президенті М. Айтхожин С. Зимановқа сөз береді. Ол мынадай пікір білдіреді: “...Ашығын айтайық, болған оқиғаға бәріміз кінәліміз, қазақтар да, орыстар да. Біз шын мәнінде жастардың, қазақ жастарының қалыптасуы мен идеялық көзқарастарына қатысты мәселелерді сырт қалдырып келдік. Ұлттық тілдің тәрбиелік күшін ескермедік. Біз, қоғамтанушы ғалымдар қазақ тілінде жазбаймыз, жастардың алдында қазақ тілінде сөйлемейміз. Бұған белгілі бір дәрежеде Орталық Комитеттің насихат және үгіт бөлімі

кінәлі, олар мұны өз жауапкершілігімен мойнына алуы керек. Осы уақытқа дейін мен ОК Бюро мүшелерінің бірде біреуінің қазақ жастары алдында қазақша сөйлеп, әңгімелескенін көрмеппін... Ұлттық және ұлтаралық қатынастар зерттелмеген, жете танылмаған күйінде қалды. Бұған жүйелі түрде әлеуметтік зерттеулер жүргізілген жоқ. Қазақ мектептері жаппай жабылуда, қазақ балалары үшін балалар бақшасы жоқтың қасы... 17-18 желтоқсан оқиғасына кінәлілерді жазалау шараларымен құқық қорғау органдары айналысуда. Заңгер ретінде мынаны баса айтқым келеді. Тек бірыңғай айыптауға құрылған әрекеттерге жол беруге болмайды. Бұл — құқық қорғау органдары үшін дағды тәсіл. Жаппай қуғын-сүргіннің рельсіне түсіп кетуден сақтанған жөн” [175].

Кеңестік тіл саясатының дағдаруы қазақ тілінің дамуына оң әсер етті. Орыс тілін қолдау шаралары 1983 жылдан басталса, қазақ тілін дамыту тек 1986 жылғы оқиғалардан соң, 1987 жылы ғана қолға алынды. 1983 жылғы орыс тілін дамытуға арналған қаулы 8 бетті құрады. Ал, 1987 жылы қазақ тілін дамытуға байланысты қаулы бар-жоғы 3 жарым бетті алып жатты. Бір қарағанда, осы салыстырудың үлкен маңыздылығы жоқ сияқты, дегенмен аталған қаулылардың көлемін көбейтіп тұрған пункттер сол кезеңдегі биліктің орыс тілін барынша дамытуға күш жұмсағандығын көрсетеді. 1987 жылы 3 наурызда Қазақстан КП ОК мен Қазақ ҚСР Министрлер кеңесінің «Республикадағы қазақ тілін үйренуді жақсарту туралы» қаулысы қабылданды [68, 251-252 б.]. Онда ең алдымен партияның XXVII съезінде қабылданған КОКП бағдарламасындағы КСРО халықтарының ұлттық тіліне қамқорлық жасау, ұлттық тілдердің еркін дамуы мен тең құқылығына сілтеме жасалды. Сонымен бірге, республикада кеңес үкіметінің билігі жылдарында қостілділіктің лениндік қағидасының орныққандығы, ал қазақ тілінің мәдениетті

танудағы шынайы қару болғандығына тоқтала келіп, қазақ тілінде 2535 мектептің білім беретіндегі көрсетілді. Дегенмен, осы мемлекеттік деңгейдегі құжатта қазақ тілінің республикадағы даму бағытының әлсіз екендігі де мойындалды. Әсіресе, соңғы жылдарда қазақ тілінің мәртебесінің қоғамда, оның ішінде қазақтардың арасында төмендеп кеткендігі, қалалық қазақтардың ана тілін білмейтіндігі, қазақ тілін оқытудың мектептерде өз деңгейінде жүргізілмейтіндігі аталып өтті.

Кеңестік өкімет құрылғаннан бергі ұлттық мәдениет, тіл, тарих, жалпы ұлттық сананы дамытуға қарсы қуғын-сүргіндердің тоқтаусыз жүргізілгендігін есепке алмай, қарастырылып отырған қаулыда қазақ тілін дамытудағы кемшіліктер үшін республиканың Ғылым Академиясы, жалпы және арнайы орта білім беру Министрілігі, Оқу-ағарту Министрліктері айыпталды. Қазақ тілінің мәртебесінің төмендеуінің себептері коммунистік партияның жүргізіп келген тіл саясатының нәтижесі екендігі есепке алынбай қалды. Қазақ тілінің әлсіз дамуының басты себептері былайша анықталды: қазақ тілін жеделдетіп оқытудың заманға сай әдістемелерінің дайындалмағандығы; қазақ тілін өздігінен оқып-үйрену құралдарын, сөздіктерін құрастыру жұмыстарының қанағаттанарлықсыз деңгейде қалуы; қазақ тілін оқып-үйренуге ынта білдірген басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретудің ортақ бағдарламаларының жасалмағандығы.

Ұзақ уақыт бойында қозғаусыз жатқан қазақ тілін дамытуға арналған 80-жылдардың екінші жартысында еріксіз қабылдауға мәжбүр болған осы қаулыда мынадай мәселелерді жүзеге асыру көзделді [68, 253-255 б.]:

- қазақ тілін оқып-үйрену туралы ұйымдастыру-саяси жұмыстарын жүргізу;
- қоғамдық-саяси, мәдени-көпшілік шараларға синхронды аудармалар жасау;

- еріктілік қағидасын қатаң сақтай отырып, қазақ тілін оқып-үйренуге тілек білдірген аппарат қызметкерлеріне қазақ тілі курстары мен үйірмелерін ұйымдастыру;

- қазақ тілі курстары мен үйірмелеріне білім беру жүйесіндегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін тарту;

- университеттер мен институттардың базасында қазақ тілін үйренуге тілек білдірушілерге кешкі курстар ашу;

- жалпы халық арасында қазақ тілін оқып-үйрену курстарын ақылы негізде ашу;

- 1987 жылдың 1 қыркүйегінен бала бақшалар мен мектептердің 1-8 сыныптарында еріктілікке негізделген қазақ тілін оқытуды енгізу;

- ерікті негізде жоғары оқу орындары мен орта арнайы оқу орындарында қазақ тілін оқып-үйрету топтарын құру;

- 1987 жылдан қазақ тілінің сөздіктерін, қазақ тілін өздігінен меңгеру бойынша оқу құралдарын шығару;

- 1987-88 жылдары конкурстық негізде қазақ тілі мен әдебиетінен оқулықтар мен оқу құралдарын, қазақ тілі мұғалімдеріне ғылыми-әдістемелік материалдар дайындау;

- қазақ тілі бойынша республикалық, облыстық, қалалық және аудандық олимпиадалар өткізу;

- жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілі кабинеттерін ашу, оны қажетті техникалық және оқу құралдарымен жабдықтау;

- 1987 жылдың мамыр айынан қазақ тілін оқып-үйренуге арналған тұрақты оқу бағдарламаларын ұйымдастыру, қазақ тілі сабақтары жазылған грампластинкалар мен магнитті таспалар жинағын шығару;

- педагогикалық институттарда «орыс мектептерінде қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша кадрлар даярлауды ұйымдастыру.

Қазақ тілін дамыту қаулысымен бір уақытта республикадағы орыс тілін дамыту туралы қаулысы да

қабылданады [68, 255-258 б.]. Бұл құжаттың да мазмұны қазақ тілін дамыту қаулысына ұқсас болды. Дегенмен, онда «орыс тілін үйрену республикадағы әрбір жастың азаматтық борышы болуы қажет» деген 1983 жылғы қаулыдағы жолдар сақталып қалды. Сонымен бірге, Қазақстанда орыс тілі мен әдебиеті институтын ашу мүмкіндіктерін қарастыру көзделді. Қазақ тілімен қатар, орыс тілі туралы екінші қаулының қосарлана қабылдануы – сол кезеңдегі билік жүйесінің әлі де болса коммунистік идеялардан бас тартпауының көрінісі ретінде қабылданды. Осындай олқылықтардың орын алғандығына карамастан, «Республикадағы қазақ тілін үйренуді жақсарту туралы» қаулысы ұзақ жылғы үзілістен кейін, қазақ тілін дамытуды қолға алуға негіз болған алғашқы мемлекеттік шара ретінде құнды болып табылды.

Кеңестік жүйе дағдару кезеңінде тұрғанымен де, халықтардың ұлттық болмысын дамытуға барынша тежеу салды. Желтоқсан оқиғаларына байланысты КОКП Орталық Комитетінің 1987 жылғы шілде айында қабылданған «Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы» қаулысында «қазақ ұлтшылдығы» жайлы орынсыз айыпқа жол беріліп, ол қазақ тілі мен қазақ мектебінің дамуына тежеу салды. Бұл қаулы тек 1990 жылы күшін жойып, жіберілген қателер мойындалды [143, 217-218 б.].

Қайта құру тұсында ұлттық республикаларда ондаған жылдар бойы қордаланған мәселелер көтеріліп, ұлттық тарих, мәдениет және тіл мәселесіне айрықша көңіл бөлінді. Оған КОКП Орталық Комитеті Саяси бюросының 1987 жылдың 28 қыркүйектегі «1930–1940 жылдары және 50-ші жылдардың басында репрессияға ұшырағандарға байланысты құжаттарды зерттеу комиссиясын құру» туралы қаулы шығаруы себеп болды. Ал келесі жылы 11 шілдеде

«30, 40-шы және 50-ші жылдарда сотсыз қудаланғандарды ақтау туралы» КОКП ОК Саяси Бюросының қаулысы шықты.

1988 жылы 20 ақпанда М. Шаханов Қазақстан КП ОК бірінше хатшысы Г. Колбинге Наурыз мейрамын республикада бүкілхалықтық мейрам деңгейіне көтеру туралы хат жолдайды [80, 67 б.]. Соның нәтижесінде сол жылдың 23 наурызында Қазақстан КП ОК үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі А. Устиновтың қолымен бекітілген жауап келеді. Онда М. Шахановтың Наурыз мейрамын жаңғырту туралы хатының жан-жақты қаралып, наурыз-сәуір айларында Шымкент және Қызылорда облыстарының жекелеген аудандарында дайындық жұмыстарын бастау жөнінде хабарланады. Мейрамның кейіннен басқа аймақтарға таралуы жайы да ескертіледі. Осыдан кейін республикада Наурыз мейрамын тойлау дәстүрге айналды.

Қазақстандағы қазақ тілін дамытуды қолға алуға байланысты іс-шараларды ұйымдастыру жандана бастады. 1988 жылдың 11 мамырында республикалық КП Орталық Комитетінің ұлттық және ұлтаралық қатынастар жөніндегі комиссиясы ұлтаралық қатынастар мәдениетіне тәрбиелеудің көкейкесті мәселелеріне арналған конференция ұйымдастырады. Онда тіл мәселесі, соның ішінде қазақ тілін оқыту, дамыту және оның мемлекеттік мәртебесін көтеру мәселесі де қаралды. Белгілі қоғам қайраткері Ө. Жәнібеков сол уақыттағы қазақ тілінің қоғамдағы алатын орынына былайша тоқталады: «...Соңғы кезде баспасөзде, оңашада және халық арасында республиканың қоғамдық және мемлекеттік өмірінде қазақ тілінің атқаратын рөлі мен алатын орны туралы пікірталас жүріп жатыр, мұны негізінен соңғы көптеген жылдар бойы қазақ тілін оқып-үйренуге назардың әлсіреп кеткенімен түсіндіруге болады... Орталықта да, жергілікті жерлерде де қазақ тілінде іс жүргізумен ешкім айналыспайтын болды»

[176]. Ө. Жәнібеков өз сөзінде В.И. Лениннің «Міндетті мемлекеттік тіл қажет пе?» деген мақаласының негізінде марксистердің мемлекеттік тілге қарсы болып, оны енгізудің іс жүзінде белгілі бір тілді бүкіл халыққа мәжбүрлеу деп түсінгендіктерін мысалға келтіреді. Бірақ, оның ойынша жергілікті тілді, бұл жағдайда қазақ тілін оқып-үйренуді барынша көтермелеп отыруға болатындығын, себебі тіл туралы мәселе – мәдениеттің ғана емес, сондай-ақ саясаттың да мәселесі, мұның өзі аса әдептіліктің, республикаға ат берген ұлтқа, оның тіліне құрметтің табиғи көрінісі болып табылатындығын атап өтеді. Өзінің баяндамасының соңында республика конституциясында мемлекеттік тіл мәртебесі туралы ереженің жоқтығын айта келе, мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілінің мәртебесі туралы мәселенің әлі де анықталуын талап ететіндігін мәлімдейді. Сөйтіп, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру туралы мәселе алғаш рет көтеріле бастады.

Қазақ тілін дамыту үкімет тарапынан қолға алынғанымен, ол сол кезеңдегі мәжбүрліктен туындаған еді. Себебі, билік басында отырғандардың шынайы пікірі басқаша болды. Мысалы, 1988 жылдың желтоқсанында Г. Колбиннің М. Шахановқа қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесіне көтеру туралы ұсынысына берген жауабы мынадай мағынада көрінді: «Сіздер қанша тырыссаңыздар да, қазақ тілін мемлекет тілі жасай алмайсыздар. Бәлкім, қазіргі қайта құру идеясының бір тетіктерін пайдаланып, ойларыңызды іске асырып қалуларыңыз да ғажап емес. Бірақ, ол уақытша ғана. 250 жылдан астам уақыт бойына өзге ұлттармен бірге Ресейдің қол астында келесіздер ғой. Қашан ұлт ретінде жойылып, өздеріңіз түгел орысқа айналып кеткенше осылай қаласыздар. Құрсаудан шығуға ұлы орыстық шовинизм жібермесі айдан анық. Өйткені сіздер орыстарға өте тиімдісіздер. Мұхиттарда, теңіздерде

үлкен балықтардың кіші балықтарды корек ететіні сияқты... Желтоқсан оқиғасын тудырған басты факторлардың бірі – тіл екенін мені білмейді дейсіз бе? Тіпті Қазақстанда өздеріңіздің Қонаевтарыңыз билік құрып тұрған кезеңде неге 700-ден астам қазақ мектебі жабылды? Неге Қазақстанды соңғы 70 жыл ішінде үш-ақ қазақ басқарды? Ойланыңыз. Енді ана тілін жеке басында немесе жанұясында жойып алған, әр салада билік басында жүрген қазақтарыңыздың өзі-ақ сіздерге ана тілдеріңізді мемлекеттік тіл жасауға жол бермейді» [80, 55 б.].

Г.В. Колбин республикадан кеткеннен кейін, 1989 жылы тамыз айында қабылданған «Республикада орыс тілін оқып-үйренуді жақсарту туралы» қаулысын орындау жөніндегі қосымша шаралар туралы» деп аталатын қаулыда:

- қазақша балабақшаларда орыс тілін топқа бөліп, жеделдете оқыту, оған қажетті оқулықтар мен әдістемелік нұсқауларды ғылыми негізде жасау;

- қазақ мектептерінде орыс тілін тереңдете оқыту ісін үлкен қалаларда ғана емес, шалғай ауылдарда да өрістету;

- Абай атындағы педагогикалық институтта қазақша оқытатын оқу орындарына арналған орыс тілі мен әдебиетін үйрету мәселесін зерттейтін оқу-әдістемелік орталық ашу;

- іс-қағаздарын қазақша жүргізетін аудандардағы әрбір ұжымда орысша үйрететін топтар, семинарлар ұйымдастыру;

- орыс тілін насихаттауға телеарналар мен радиохабарларын кеңінен пайдалану;

- тұрақты түрде орыс тілін насихаттайтын олимпиадалар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізу [80, 59 б.] сияқты міндеттерді жүзеге асыру көзделді.

1980-жылдардың соңына дейін қоғамдағы қазақ тілін құрметтеу дәрежесі сын көтермеді. Әсіресе, зиялы қауым өкілдері мен мемлекеттік қызметкерлердің 1986 жылдағы

Желтоқсан оқиғасы мен республиканы Г. Колбин басқарған уақытта ұстанған позициялары ұлттық мүдде мен ұлттық тілді қорғауда әлсіз болды. Абай өз заманындағы қазақтарды былайша сипаттаған болатын: «қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ, қорқақ ақылсыз, надан келеді, әрбір ақылсыз, надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады. Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтеміннен басқа ойының жоқтығынан, өзге: егін, сауда, өнер, ғылым – солар секілді нәреселрге салынса, бұлай болмас еді. Әрбір мал іздеген малым көп болса, өзімдікі де, балаларым да малды болса екен дейді. Ол мал көбейсе, малшыларға бақтырмақ, өздері етке, қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ. Қыстауы тарлық қылса, арызы жеткендік, сыйы өткендік, байлық қызметімен біреудің қыстауын сатып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ. Ол қыстауынан айырылған және біреуге тиіспек, я болмаса орынсыздығынан елден кетпек – әр қазақтың ойы осы» [102, 440-441 б.].

Дегенмен, XX ғасырдың 20-жылдарынан, тіпті патшалық дәуірден бастап жүргізілген орыстандыру саясаты қазақ тілін толығымен ығыстырып шығара алмады. 1989 жылғы санақ деректеріне жүгінсек, қазақ тілін ана тілі ретінде есептейтін қазақтар 98,6 пайыз құрады [60]. Бұл 80-жылдардың соңы үшін аса жоғары көрсеткіш. Орыс тілін ана тіл санайтын қазақтардың деңгейі 1,4 пайызға тең болды. Жоғарыда көрсетілген 98,6 пайыз қазақтардың барлығының қазақ тілін меңгергендігі күмәнді. Тіпті, олардың арасында қазақ тілін білмейтіндер де болуы

мүмкін. Дегенмен, қоғамның барлығы орысша сөйлеп, орысша ойлап тұрғанда, олардың ана тілін қазақ тілі деп белгілеуі қазақтық тектің әлі де жоғалмағандығын білдірді.

3.2 Тіл мәселесін шешудегі үкіметтік ұстанымдар

1989 жылдың 6 қаңтарда М.С.Горбачев СОКП Орталық Комитетінде ғылым және мәдениет қайраткерлерімен кездесуінде: «Біз, әрине, тіпті аз халықтың да жойылып кетуіне, тіпті ең аз халықтың өз тілін жоғалтып алуына жол бере алмаймыз. Біз үлкен де, кіші де халықтардың мәдениеті, дәстүрлері, тарихы жөніндегі нигилизмге жол бере алмаймыз» [177] – деген мәлімдеме жасайды. Оның осы пікірі Кеңестер Одағының ұлт саясатының бағытын өзгертуіне негіз болды. Одақ құрамындағы республикаларда тіл туралы заңының жобасын дайындау үрдісі басталады. Тіл мәселесіне байланысты пікірталастарға Қазақстан халқы да белсенді қатысты. Осының өзі бірнеше онжылдық бойында мәртебесі төмен болып келген қазақ тілін жандандыруға деген құлшынысты білдірді.

Тіл мәселесіне байланысты Орталық биліктің тарапынан оң пікірлер білдірілгеннен кейін, халық арасында да батыл ойлар айтыла бастады. Алғашқылардың бірі болып Ә.Қайдаров өз ойын ортаға салды [178, 6 б.]. Ол тіл тағдырының ел тағдырымен тығыз байланыстылығын айта келіп, «жан-жақты дамып, өркендеп-өскен тілдердің ғылымда 30-дан 50-ге дейін әлеуметтік қызметі бар екенін анықтайды. Ал қазақ тілінде көркем әдебиет, баспа, радио, телевидение, театр, бала оқыту тілі, өзара қатынас құралы тілі ретіндегі қызметтері деп жүйелегенде, олардың саны бар-жоғы 10-нан аспайтындығына» тоқталады. Қазақ тілінің қоғамдық қызметінде балабақша тілі, маман дайындау тілі, ғылыми-техника тілі т.б. дамымай қалғандығын атап өтеді.

Осы мақалада халықтың балаларын қазақша оқуға бермеулері, себебі қазақ тілінің болашағына сенбеу сияқты әлеуметтік құбылысты тек қала емес, сол сияқты ауылдан да кездестіруге болатындығы қарастырылады.

Сол жылдардағы баспасөз материалдарында жарияланған пікірлерге назар аударсақ, қазақ тілді тұрғындардың арасында саясаттағы өзгерісті жылдам пайдаланып, қазақ тілінің тез таралуына деген тілектерді көруге болады. Олардың бірқатарын сөзбе-сөз келтірсек, «Кейбір жолдастардың сөздерінен, мақалаларынан «анау республика, мынау республика ана тілдерін мемлекеттік тіл деп жариялағанға еліктемейік, желікпейік» деген емеурін байқатады. Ойларын «біз көп ұлтты елміз» деген уәжбен ақтағысы, дәлелдегісі келеді. Біздің ойымызша бұл да жалтақтықтың көрінісі. Қазақстанға туысқан, көршілес халықтар өкілдерінің көп келуі, сонымен байланысты қазақ халқының саны – яғни проценті азайып көрінуі – біріншіден И. Сталин ұшыратқан апаттың салдары болса, екіншіден, халқымыздың қанына сіңген қайырымдылық, бауырмалдық, интернационалдық қасиеттерінің нәтижесі» [179, 3 б.] немесе «Ұлы көсемнің өсиеттері ескеріліп, демократия қайта оралған жағдайда, Прибалтика мен Кавказдағы туысқан республикалар мемлекеттік тіл статусына қол жеткізіп отыр. Орта Азия мен Қазақстан да бұл әділеттілікті орынды пайдалана алуға тиіс. Тек бұл жерде республикада тұратын халықтар санының проценттері емес, ар-ождан, бар халықты тең санау принципі үстем болу керек болар. Егер қазақ тіліне мемлекеттік статус берілсе, бұл үкімет пен партияның ленинидік ұлт саясатын әділетті жүргізіп отырғанын паш етер еді» [180], деген пікірлерден қоғамда қазақ тілінің мәртебесін көтеруде неғұрлым қатаңдау іс-әрекеттің қажеттілігін талап ету байқалды. Осындай хаттардың санында есеп болған жоқ.

Баспасөз бетінде көтерілген мәселелердің ішінде іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізуге байланысты мәселе де болды. Мысалы, «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған Ш. Бөлекбаевтың хатында: «... біз ұзақ жылдар бойы ұлттық кадрларымыздан «Орысшаң қалай?» деп сұрап келдік. Яғни, оларды қызметке аларда, я өзге жұмысқа ауыстырарда орыс тілін қалай меңгеріп-игергендігін қадағалап отырдық. Сөз жоқ, орынды талап. Ал енді осымен қатар біз ұлттық кадрларымыздан «Қазақшаң қалай еді?» деп неге сұрамадық? Неге сұрамаймыз? Жоқ әлде, қазақ тілінің сұрауы жоқ па?... Бұдан біраз жыл бұрын осындағы бір туысымның үлкен баласы аудандық комсомол комитетіне қызметке тұрды. Кейін онан да жоғарылады. Енді осы інімнің қазақша сөйлегенін естігенде, көрген де емеспін. Ана тілінде сөйлей алмайтын, ана тілінде жазып-сыза алмайтын кадрлар басқарған мекемелер мен сондайлар көбірек отырған орындарда кеңсе істерінің, іс қағаздарының қазақ тілінде де жүруі мүмкін бе?» [181]. Осының өзі бірнеше онжылдық бойында шындықты, әділеттілікті айтуға тыйым салған кеңестік билік дәуірінің аяқталуға жақын екендігін көрсетті.

Қоғамда тіл мәселесі аясында үлкен әсер берген, «Қазақ әдебиеті» газетінде 1989 жылдың 26 мамырында республиканың әдебиет, өнер және ғылым қайраткерлерінің қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде тану қажеттігі туралы республика жұртшылығына арналған ашық хаты болды. Ашық хатқа қол қойған қайраткерлердің ішінде тек қазақтар ғана емес, сонымен қатар, Қазақстанды мекен еткен ұлттардың да өкілдері болды. Олар, дүние жүзінің басқа халықтары сияқты қазақ халқының да ең асыл, ең киелі рухани игілігі болып табылатын ана тілі өзінің тарихи тағдырының шешілетін кезеңінде тұрғандығына тоқтала келе: «Қазақ халқының ең жарқын қасиеті ретінде соңғы төрт–бес ғасыр бойында Батыс пен Шығыстың небір озық

ойлы адамдары тіліміздің байлығын, сөзге шешендігімізді алдымен ауызға алып, сөз етіп келсе, бұл күнде қазақ тілі қарабайыр тұрмыстық тіл деңгейінде ғана тұтынылуда. Ең өкініштісі – ана тілін білмейтіндер негізінен жастар. Мұның өзі, енді бір ұрпақ алмасса, қазақ халқы өзінің тарихи-мәдени сабақтастығын үзіп алады деген сөз» [182], - деп, қазақ тілінің болашағына алаңдаушылық білдірді.

1989 жылдың 6 маусымында болған съезде ұлттаралық мәселелерді барынша тиімді түрде шешу ұмтылысы байқалды. КСРО аумағындағы халықтар осы съезден оң өзгеріс, жаңалықтар күтті. Одақтағы ұлт мәселесі күрделеніп тұрған уақытта, КСРО билігі одақтас және автономиялық республикалардың тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін, ал орыс тіліне бүкілодақтық жалпы мемлекеттік дәреже беруді жоспарлайды. Аталған съезге депутат болып барған М. Шаханов сол жиналыста одақтық және автономиялық республикалардың, автономиялық облыстардың, ұлттық округтардың және ұсақ халықтардың мемлекеттік тілі статусы туралы декрет қабылдау қажеттілігін ұсынады [80, 67 б.]. Сонымен қатар, өз елдерінде әлі де шет қалып жүрген кеңестік түріктер мен қырым татарларының тағдырын шешуді алға тартады. М. Горбачев билігі кезінде ұлттық тіл мәселесіне барынша қолайлы жағдай туғандығын осы маусым съезінің мазмұнынан байқалды. Дегенмен, Қазақстан билігі осы жағдайда аса белсенділік танытпады. Сол жылдардағы республикадағы тіл мәселесі жөніндегі ахуалға М. Шаханов былайша баға береді: «Одақтық теледидар арқылы сөйлеген сөзінде М. Горбачев бұл мәселеге арнайы тоқталып өтсе де, біздің билік басындағы қазақтардың басым бөлегі екі тілге бірдей мемлекеттік мәртебе беру жағында еді. Тіпті олар алғашында Горбачевтың пікіріне сай басқа республикалар сияқты өз баба тілін мемлекеттік тіл жасағысы келгенімен, ұзақ жылдардан бері дағдыланған әсіре

интернационалдылық мінезі жеңіп кеткен сыңайлы» [80, 67 б.].

1989 жылдың 2 тамызында «Қазақ КСР-індегі тіл саясаты мен тіл құрылысының концепциясының» жобасы баспасөзде жарияланды [183]. Қайта құру, жариялылықты және демократияландыруды одан әрі дамыту, бұқара арасында жанды ұйымдастырушылық жұмысты тереңдету талаптарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Идеологиялық комиссиясы республикадағы идеологиялық қызметтің мейлінше өзекті мәселелірене: тіл саясаты мен тіл құрылысына; жеткіншек ұрпаққа адамгершілік-эстетикалық тәрбие беруге; жұмыстың саяси әдістерін меңгеру жолдарына; бұқаралық ақпарат құралдарының тиімділігін арттырудың түрлері мен әдістеріне; жанартылған қоғамда мәдениеттің рөлін күшейтуге қатысты тұжырымдамаларды жасады.

Идеологиялық жұмысқа жаңа талаптар белгілейтін осы тұжырымдамаларды жасау қажеттілігі қоғамдық өмірге саяси және адамгершілік сипаттың берілуімен, адамдардың әлеуметтік белсенділігінің өсуімен байланыстырылды. Жергілікті жерлердегі қалыптасқан ахуал, кейінгі жылдары жинақталған тәжірибені қорыту ғана емес, сонымен қатар, оған сүйене отырып, қоғамның осал тұстарын анықтап, болашаққа арналған шаралардың қағидаларын жасауды талап етті. Қазақ КСР-індегі тіл саясаты мен тіл құрылысының тұжырымдамасының жобасын алғаш рет жариялай отырып, Идеологиялық комиссия осы және одан кейінгі талдауларға көпшіліктің және барлық партия ұйымдарының назарын аударуды көздеді. Талқылау аяқталғаннан кейін тұжырымдамалар Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің пленумында қаралатын болып шешілді.

Аталған тұжырымдамада Заң жобасының мақсаты – республикадағы қазақ тілі мен басқа да ұлттық тілдердің әлеуметтік тұрғыдағы мәнін арттыру болып табылды. Оның негізгі қағидалары ретінде қазақ тілінің ҚазақКСР-інің мемлекеттік тілі; орыс тілінің республикадағы ұлтаралық қатынас тілі; Қазақ КСР-інде тұратын ұлттық топтардың тілдеріне халық депутаттары тиісті Кеңестерінің шешімімен аймақтық (жергілікті) тіл мәртебесін беру мүмкіндіктері қамтылды [183, 2 б.].

Қарастырылып отырған тұжырымдамада «...қазақ тілінің мемлекеттік органдарда, қоғамдық ұйымдарда, ғылым, мәдениет, білім беру мен денсаулық сақтау мекемелерінде, қызмет көрсету саласында кеңінен қоданылуына және барынша дамытылуына қазақ тілінде арнаулы орта және жоғары білім алу үшін жағдай жасау, оны үйренгісі келетін жұрттың бәріне мүмкіндік туғызу туралы қамқорлықты республика өз мойнына алуы үшін қазақ тілін қорғау және дамыту мақсатында оны Қазақ ССР-інің мемлекеттік тілі деп ресми түрде, конституция жүзінде тану керек» – деп, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру ұсынылды. Қазақ тілінің мәртебесін көтеру мәселесі қойылғанымен, басқа тілдерді әсіресе, орыс тілін де дамытуға көңіл бөлінетіндігі айтылды. Мысалы, тұжырымдамада мынадай жолдар бар: «...орыс тілі өзінің мәртебелі қызметін одан әрі лайықты түрде жалғастыра беретін болады, еліміздің біртұтас халық шаруашылығы комплексіндегі, оның мәдени өміріндегі республиканың позицияларын нығайтуға көмектесетін болады» [183, 2 б.]. Тұжырымдаманың осындай мазмұнында жазылуы, үкіметтің қоғамда қалыптасқан тілдік ахуалды қайшылықсыз шешуге деген талпынысын байқатты.

Тұжырымдама жарияланғаннан тіл білімі институтының директоры, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Ә. Қайдаровтың тіл

тұжырымдамасына арналған мақаласы жарық көрді [184]. Онда автор аталған құжатқа жан-жақты түсініктеме береді. Сонымен қатар, «қазақ тіліне мемлекеттік статус керек пе, керек емес пе» деген сұрақтың сол уақытта мерзімі өткен анахронизм сияқты екендігін, ендігі мәселенің «мемлекеттік тіл не үшін керек» төңірегінде болудың маңыздылығын атап өтеді. Ол: «қазақ тіліне мемлекеттік статус беру – оны әр түрлі кінәраттан сақтап қалудың мызғымас кепілі болатын заң қабылдап, конституциялық негіз жасау деген сөз» - деп, он миллионға жуық халық сөйлейтін қазақ тілінің ел-жұртқа аян болып отырған жағдайының – оның қасіреті болып тұрғандығына ерекше назар аударды. Одан әрі Ә. Қайдаров ұсынылып отырған тұжырымдаманың демократиялық сипатына тоқтала келіп, қостілділік мәселесіне байланысты ойын былайша білдіреді: «Ұлтаралық қатынас құралы – орыс тілін меңгеру бәрімізге қажет. Оны қазір қазақтардың 52,3 проценті жақсы біледі. Ал орыс тілдес азаматтардың қазақ тілін білетіндері 1 процентке де жетпейді екен. Арғы жағын айтпаса да түсінікті: басқаларға қазақ тілін білудің қажеті болмай келді» [184, 4 б.]. Автор тұжырымдамаға алғашқы болып пікір білдіруші ретінде республиканың болашақтағы тіл саясатына байланысты көптеген парасатты және құнды ойлар айтты.

Заң депутаттар талқысына ұсынылмас бұрын Жоғарғы Кеңесте депутат емес әр түрлі мамандық өкілдері, зейнеттегі партия, кеңес қайраткерлері шақырылған арнайы комиссия отырысы өткізіледі. Сол отырысқа қатысушылар қазақ тілінің қоғамдағы өте төмен дәрежесіне ерекше назар аударады. Мысалы, Қазақстанның КП ОК идеология бойынша бұрынғы хатшысы К.К. Қазыбаев талқыланып жатқан Заңға былайша қолдау білдіреді: «Этот закон нужен, прежде всего, казахам, 40% из которых сегодня не могут говорить на родном языке, когда дед не может объясниться со своими внуками... Посмотрите, сегодня в

общеобразовательных школах учится 3 млн. учащихся, из них 1,5 млн. – казахи. Внешне все нормально, но на казахском языке обучается только 1 млн., а 0,5 млн. в русских школах оторваны от своих корней» [80, 63-64 б.]. Осы отырыста Б. Данышпанов, З. Нұрқаділов, Е. Серкебаев сияқты қайраткерлер қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе дәрежесіне көтерілуіне көптеген дәлелдер келтіреді.

Республикада Қазақ КСР-інің Тіл туралы Заңының жобасы талқыланып жатқан уақытта, 1989 жылдың 20 қыркүйегінде СОКП Орталық Комитетінің Пленумы өтіп, ол партияның қазіргі жағдайдағы ұлт саясаты мәселелеріне арналды. Осы отырыста ұлттық-тіл құрылысы мәселелеріне баса назар аударылып, оған ерекше маңыз берілді. Аталған пленумда «Партияның қазіргі жағдайдағы ұлт саясаты» атты СОКП платформасы қабылданып, осы саяси құжаттың Одақтағы ұлт тілдерін жандандырудағы маңыздылығы жоғары болды. Қабылданған платформаның «Ұлттық мәдениеттер мен тілдер туралы» тарауында: «Одақтас немесе автономиялы республикаға аты берілген ұлттың тілін мемлекеттік тіл деп тану – республикалардың өздері шешетін мәселе. Мемлекеттік тіл статусы тілді кемсітуге бастамауға тиіс, ол мұның қоғамдық және мәдени функцияларын кеңейтуді, бұл үшін қажетті материалдық-техникалық, кадр, педагогикалық немесе басқа да мәселелерді шешуді, басқа ұлт өкілдерінің жергілікті тілді оқып-үйренуін көтермелеп, оған көмектесуді көздейді» [185], - деп көрсетіліп, ұлттық тілдердің мемлекеттік мәртебесін көтеруге мүмкіндіктер берілді.

Ұлттық мәселелер КОКП ОК Пленумында жан-жақты талқылау тақырыбы ретінде тек 1989 жылдың қыркүйегінде ғана қарауға алынды. Дегенмен, осы пленумда қабылданған «Қазіргі жағдайдағы партияның ұлттық саясаты туралы» құжатында ешқандай жаңа тұжырымдамалар енгізілмеді. Тек, 1990 жылдың сәуір-мамыр айларында КСРО-ның

Жоғарғы Кеңесі ұлтаралық және федеративтік қатынастарды реттеуге бағытталған бірқатар заң жобаларын қабылдайды [119, 615 б.]. Бірақ, бұл заңдар орталық биліктің әлсіреген кезінде, ал одақтас республикалардағы жағдайдың жедел шешімі қабылдау қажеттілігін талап етіп тұрған жағдайында кеш жарияланды.

Кеңес үкіметінің тіл саясатын горбачевтік қайта құру кезеңінде бірден өзгерту мүмкін емес еді. Демократия, жариялылық деген ұғымдар жиі айтылғанымен, олардың қазақ тіліне байланыстылығы аз болды. 1987 жылы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер кеңесі «Республикада қазақ тілін оқып-үйренуді жақсарту туралы» және «Республикада орыс тілін оқып үйренуді жақсарту туралы» екі қаулы, ал сол 1989 жылы Қазақ КСР Министрлер кеңесі осы қаулыларды орындау жөніндегі қосымша шаралар туралы қаулы қабылдады. Осы қаулылардың негізінде «көстілділік» мәселесі пайда болды. Дегенмен, аталған қаулы қазақ тілінің жағдайының біршама жақсаруына мүмкіндік берді. Х.М. Әбжанов былайша пікір білдірді: «Әрине, бұл қаулылар қазақ тілін ұшпаққа шығармаса да, көңілге медет еді: қазақ тілін үйренушілерге арналған үйірмелер ашылып, мерзімді баспасөз беттерінде екі тілде сабақтар ұйымдастырылды, орысша-қазақша сөздіктер шығарыла бастады» [143, 217 б.]. Ә. Қайдаров Қазақстандағы көстілділікке байланысты 1989 жылы мынадай пікір білдірді: «біз айтып жүрген шын мәніндегі көстілділік – кез келген екі тілді білу емес, екі халықтың бірінің тілінде бірі сөйлесе білуі, екі тілдің ұлтаралық ортақ та тең қызметі. Демек, көстілділіктің идеалы оның екі жақтылығында, терезесінің теңдігінде, паритеттігінде болмақшы. Ал республикадағы біз білетін көстілділік – әзірше бір жақты. Не сыңар жақты ғана көстілділік. Мәселен, орыс тілін қазақтардың 52 проценті жақсы білсе (ал оны білмейтін

қазақ аз), қазақ тілін орыстардың 0,7 проценті ғана игеріпті. Осыдан келеді де біздегі орысша-қазақша қостілділік қос қанаттың біреуін ғана қағу, қос ескектің біреуімен ғана есу, көшенің бір жағымен ғана жүру сияқты жартыкеш қостілділік болып шығады» [69, 70 б.].

Сөйтіп, қайта құру жылдары Қазақстанда қос тілділік саясаты жүргізілді. Қазақ және орыс тілдерін қатар дамыту туралы үгіт-насихат жұмыстарына жол берілді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесінің 1987 жылдың 3 наурызында қабылдаған орыс тілі мен қазақ тілін оқытуды жақсарту туралы және 1989 жылдың 15 тамызындағы 1987 жылдардағы қаулылардың орындалуы туралы қаулылары осы саясаттың ресми құжаты ретінде көрінді. Аталған қаулылардың мазмұнынан қазақ тіліне қарағанда, орыс тіліне деген басымдық байқалды. Үкіметтің тіл саясатындағы осындай ұстанымы қазақ тілінің қолданыс аясын тарылтып, оның кең түрде дамуына мүмкіндік бермеді.

1989 жылдың 22 тамызы күні республикалық басылым беттерінде бес тараудан тұратын «Тіл туралы заңның» жобасы жарық көрді. Заң жобасы бір ай бойы оқырмандар арасында қызу талқылаудан өтті.

Орыс тілді басылымдарда да «Обсуждаем проекты Законов» айдары дүниеге келіп, заң жобасы талқыға салынды. Жалпы баспасөздегі талқылау барысында пікір екіге жарылды. Бір топ – қазақ тіліне мемлекеттік статус берілуін қолдады, қолпаштады, екінші топ түрлі сылтау айтып, қарсылық танытты. Қазақстандағы қазақ халқының саны аздығын пайдаланып, қазақ тіліне статус беруді дауысқа салу жолымен шешейік дегендер де табыла кетті.

Қоғамда тіл мәселесіне байланысты талқылаулар, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына қарсы топтар пайда болып тұрған кезде, басқа ұлт өкілдерінің тарапынан қазақ тіліне қатысты қолдаулар білдірілді. Солардың ішінде,

жазушы И. Щеголихиннің «Казахстанская правда» газетінде жариялаған «Язык ...до востребования?» мақаласы қазақ тіліне байланысты айтылып жүрген теріс пікірлерге біршама тойтарыс берді. Жазушы республикадағы тіл саласында қалыптасып отырған ахуалға талдау жасай отырып, тіл мәселесін талқылауда сабырлылықты сақтауды талап етті. Ол барлық тілдердің тек қана байланыс құралы ғана емес, сонымен қатар, халықтың жалпы болмысының көрінісі екендігін атап өтті. Қазақтардай тіл қысымшылығын көрмеген орыстардың басқа тілде жазу, оқу, ойлану мен өмір сүрудің қаншалықты қиын екендігін түсінудің қажеттілігіне назар аударды. Орыстарды қазақтардың орынына қойып, тілдік ахуалдың қаншалықты күрделі екендігін сезінуді талап етті. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебенің берілуі, оның белгілі бір деңгейде көтерілуіне ықпал ететіндігін, өзінің, орыс адамының оны шын ниетімен қолдайтындығын білдірді [186]. И. Щеголихин мақаласының соңында қазақ тілінің мәртебе алуына қолдау көрсету туралы барлық республика халқына үндеу салады. Сонымен қатар, тіл саласындағы қайшылықтарды уақытында шешпесе, Ферғанадағы месхетин-түріктеріндегі жағдай Қазақстанда да қайталануы мүмкін екендігі ескертілді.

Басқа ұлт өкілдерінің қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуын қолдаған пікірлері барынша сабырлы сипатта болды. Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тіл білімі институтының орыс тілі және әлеуметтік лингвистика бөлімінің меңгерушісі А. Гаркавец республикадағы орыс тілінен басқа тілдердің, оның ішінде қазақ тілінің де өз құқығын қорғау мүмкіндіктеріне байланысты көзқарасын білдірді. Ол қазақ тілінің өз жерінде мемлекеттік мәртебе алуға құқылы екендігін нақтылады [187]. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Идеология бөлімінің ұлтаралық қатынастар секторының меңгерушісі А.А.

Штопель «Казахстанская правда» газетінде республикадағы ұлтаралық қатынас, қазақ тіліне байланысты сұхбат беріп, онда қоғамдағы тілдік ахуалдың өзекті мәселелеріне қатысты газет оқырмандарының сұрақтарына жауап береді. Сұрақтардың арасында ұлтаралық қатынас, тіл мәселесі бойынша өте өткір сұрақтар қойылғанымен, А. Штопельдің жауаптарында барынша байыптылық байқалды. Оның қазақ тіліне байланысты: «Наступил кризисный момент в развитии языка, возникла реальная угроза его постепенного отмирания и в последующем исчезновения. Как же можно быть равнодушным к такой трагедии? Поэтому на вопрос, почему казахскому языку придается статус государственного, вкратце можно ответить так: для его сохранения и развития, для сохранения и самого казахского народа» [188]. Дегенмен, қоғамның зиялы өкілдері тіл мәселесін барынша әділетті шешу туралы насихат жасағанымен, қазақ тіліне қарсы топтар өз пікірлерін жариялауды тоқтатпады. Тіпті, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру туралы референдум өткізуді қажет еткен талаптар болды. Осы мағынада жазылған С. Васильеваның «Нужна ли спешка?» атты мақаласы, әлі де кеңестік тіл саясатының жалғасуын қолдаушылардың бар екендігінен хабар берді. Мақалада тіл туралы заң жобасына қарсылық көрсетіліп, ұлтаралық қатынастардың шиеленісуіне жол ашатын ойлар айтылды. Автор екі ғасырдай уақыт Ресей империясының құрамында болып, кеңестік дәуір тұсында Қазақстанның құрамына кездейсоқ берілген Ертістің оң жағалауында қандай жергілікті тұрғындар мәселесінің болуының мүмкіндігін жаза отырып, жерге байланысты дауды тудыруға әрекеттенді [189]. Осы мақалаға жауап ретінде «Өркен» газетінің 1989 жылғы 9 желтоқсанындағы санында А. Нүсіпханов, М. Тәтімовтердің «Васильева не дейді, біз не дейміз?» деген мақаласы жарияланды. Мақалада ұлтаралық қатынастарға теріс әсер беретін

пікірлердің жариялануы, қоғамда осы салада қиыншылықтардың туындауына алып келетіндігін ашық түрде мәлімдейді.

Қазақстандағы тіл туралы заңның жобасын талқылауда халық, әсіресе қазақ халқы белсенділік көрсетті. Қоғамның барлық қызмет салаларының өкілдері қазақ тіліне байланысты өз көзқарастарын білдірді. Республикалық дәрежедегі газеттерге келіп түскен хаттардың көлемі күн сайын ұлғайды. Соған сәйкес, газет редакциялары хаттардың жалпы мазмұны мен көлемін көрсету әдісіне көшті. Хаттардың басым бөлігі «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» сияқты қазақ тіліне жанашыр газеттердің редакцияларына жіберілді. Е. Смайыловтың «Түсіністік болсын. Тіл мәселесіне байланысты редакцияға келген хаттарды оқығанда» атты мақаласы осы негізде жазылды. Ол, редакцияға жолданған хаттардың мазмұнында ортақтықтың бар екендігін, ол ортақтық ең алдымен - қазақ тіліне мемлекеттік мәртебенің берілуімен байланысатындығын атап өтті [190].

Ақпарат құралдарында З. Қабдолов, Т. Кәкішев, Ө. Қайдаров, Ө. Айтбаев, М. Томанов, С. Ақтаев, Р. Бердібаев, А. Нүсіпханов, Б. Тайжан, М. Тәтімов, С. Зиманов, К.Смайылов, Ө. Кекілбаев, М. Шаханов және т.б. сияқты ұлттық зиялы қауым өкілдерінің қазақ тілін қолдауға байланысты айтылған ой-пікірлері қоғамдық көзқарасқа оң ықпал етті. Сол жылдары халық, әсіресе қазақ халқы және тілі осындай қолдауға мұқтаж болды. Жоғарыда аталған қоғам қайраткерлерінің әрекеттері - кеңестік саясаттың ұлттық санаға толықтай әсер ете алмағандығын көрсетті. Бір ғана Ш. Смаханұлының қазақ мектептерін ашу мақсатында ұйымдастырған шаралары үлкен үлгі болды [191]. Ұлттық зиялы қауым өкілдері қазақ тілінің тағдыры шешілер кезеңде бастауыш қызметін атқара білді. Бірақ, қазақ ұлтының зиялы деп саналатын өкілдерінің ішінде

орыс тілін немесе қазақ-орыс қостілділігін қолдаушылар, сонымен қатар осы мәселеде нейтралдылық танытқандар да кездесті.

Республикадағы тіл мәселесін шешу барысында екі топ қалыптасты. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру ұстанымын негізінен әдебиет, өнер, ғылым өкілдері жақтады. Оған қарама-қарсы топ, қазақ және орыс тілдеріне бірдей мемлекеттік дәреже беруді жақтаушылардан құралды. Осы екінші топ туралы М. Шаханов былай деді: «Олар қазақ және орыс тілдеріне бірдей мемлекеттік дәреже беруді жақтаушыларды үйме-үй жүріп іздеп, қол қойдырумен айналысты. Билік басындағылардың және парламенттегі депутаттардың көпшілігі солай қарай ойысты. Олардың жұмысына жасырын түрде Қазақстан КП Орталық комитетінің бөлім меңгерушісі, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты В. Ефимов басшылық етті. Бұл топ КОКП Орталық Комитеті мен Қазақстан КП Орталық Комитетін және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесін республикамыздың барлық қалаларынан келіп түскен, қалың жұрттың қолы қойылған хаттармен көміп тастады. Бәлкім осыдан болар, билік төңірегінде жүрген қандастарымыздың көпшілігі екі тілдің бірдей мемлекеттік тіл атанарына сенімді еді» [80, 60-61 б.]. Орыс тіліне мемлекеттік мәртебе беруге қолдау білдіргендердің арасында тек биліктегі қазақтар ғана емес, тіл саласындағы ғалымдар да кездесті. Солардың бірі – академик С. Кеңесбаев мемлекеттік тіл мәртебесіне қазақ тілімен қатар, орыс тілін де көтеру туралы көзқараста болды. Дегенмен, оған бірден қарсы жауаптар берілді. Қ. Мұхамеджанов «Ақиқатқа жүгінейік, аға!» деген тақырыппен С. Кеңесбаевқа ашық хат жазып, онда: «Қазіргі мерзімді баспасөз бетіндегі екі ұдай пікірлердің етек алып отырғаны да заңды. Байқасақ, мұнда екі жүйенің тайталасы бар. Бірінші, өз тілінен қол үзіп қалғандар жалғыз қазақтардан

емес. Хрущев коммунизміне асығып жүргенде корей, ұйғыр, неміс мектептері азайып кетсе, тыңға келген басым ұлттар украин, белорус мектептері атымен ашылмай қалды. Бұл да оңай шаруа емес. Екінші, сіз бен біз сияқтылар бас қамын ойлап, балаларымыздың әуселесіне бағынсақ, мен де сізді қолдай кетуім мүмкін. Бірақ, қырық процентіңізді шығарып тастағанның өзінде оның ар жағында атабабасының мұрасына еге болып, әдебиеті мен мәдениетін өркендетіп отырған төрт миллионнан аса халқымызға не бетімізбен қараймыз» [192], - деп, ғалымға бүгінгі күнді ойламай, тілдің болашағына алаңдаудың маңызды екендігін ескертті.

Бірқатар авторлар заң жобасын қолдай отырып, оны талқылау барысында кейбір республикалық және облыстық орыс газеттерінің беттерінде қазақ халқының ұлттық арнамысына тиетін сөздердің айтылғанына реніш білдіреді. Қазақстанда түбінде бір ғана орыс тілі болады деген теріс пікірдің, Қазақ КСР-і мемлекет емес, сондықтан мемлекеттік тіл жөнінде сөз болуы мүмкін емес немесе қос тіл білгеннің бәрі алаяқ деген саяси соқырлықтың көріністері, қазақ тілінің қиын жағдайды екенін және республикада орыс тілді тұрғындардың көптігін пайдаланып, референдум өткізуді сұраушылар, яғни көптігімен күштегісі келушілер жоқ емес. Сонымен бірге басқа ұлт өкілдері арасында қазақ тіліне жанашырлық танытып, қамқорлық білдірушілер де бар екенін айта кетелік [193].

«Республика тағдырындағы ең жауапты кезең», «Қазақ халқының болашағы айқындалатын сын шақ», «Түсіністік пе, дүрдараздық па - ол тілге байланысты көзқарасқа қарай шешіледі» - Тіл туралы заң жобасын талқылауға келіп жатқан хаттарда Қазақстанның қазіргі қоғамдық өміріндегі ахуалға осындай баға берілді. Ана тілінің қолданыс аясы тым тарылып, негізінің негізінен айырылып қала жаздаған

қазақ халқы үшін, сол тілінің мемлекеттік мәртебе алу, тілі ғана емес, өзінің де бүгіні мен болашағына деген сенімді орнықтыру мәселесі шешілер мүмкіндігі пайда болды.

Сол жылдардағы тіл мәселесіне байланысты пікірталастардың орталықтарының бірі болған «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясына келіп түскен хаттарда қазақ халқы өзіне тиесілісін, өзінің ана тілінде болуы міндетті мемлекеттік мәртебені алуда орыс тілді халықтардан сұрағандай болуымыз неліктен деген заңды пікірлер айтылды. Осындай пікірлердің туындауына, әрине, республикадағы орыс тілділер мен орыс тілді басылымдар тарапынан білдірілген қазақ тіліне байланысты теріс пікірлер себеп болды. Орыс тіліндегі газеттерде республикада қазақтардың абсолютті көпшілік болмай отыруын, индустриялық салада қазақ жұмысшыларының аздығы айтылып, осыны қазақ тілінің бір өзі мемлекеттік тіл болуына кедергі деген пікірлер төмен мәдениет пен қазақ халқына деген сыйластықтың жоқтығын көрсетті. Сонымен қатар, қазақ тілін дүниежүзіндегі ең қиын тіл деп көрсету мақсатымен оны үйренуші өзге ұлт өкілдерінің жалақысына 10 пайыз қосымша ақы қосу керек деген ойлар да айтылды [194]. Кейбір хаттарда қазақ халқы өзіне тиесілісін, өзінің ана тілінде болуы міндетті мемлекеттік статусты алайын деп отыр, бірақ оны орыс тілді халықтардан сұрағандай болуымыз неліктен деген пікірлер айтылады.

Республикадағы кейбір министрліктер қазақ және орыс тілдеріне қатар мемлекеттік мәртебе беруді қолдап, Қазақ КСР Министрлер кеңесіне, қазақ КСР Жоғарғы кеңесіне өз ұсыныстарын жолдады. 1989 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақ КСР Министрлер кеңесіне Халыққа білім беру министрлігінің орынбасары Ж. Азисханов қол қойған ұсыныс жіберіліп, тіл туралы Заңға бірқатар өзгерістер мен түзетулер енгізудің қажеттілігі төмендегі ретте сұралады:

«8 бапты мына редакцияда ұсыну: Қазақ КСР-ның мемлекеттік билік, басқару, құқық қорғау мекемелерінің, қоғамдық ұйымдар мен кәсіпорындарының жұмыс тілі қазақ, сол сияқты орыс тілі бола алады;

9 бапты мына редакцияда жазу: Қазақ КСР-ның мемлекеттік билік және басқару органдарының актілері екі тілде – қазақ және орыс тілдерінде қабылданып, республикадағы халықтардың тілдеріне аударылады;

12 бапты мына редакцияда жазу: Қазақ КСР-ның территориясындағы билік және басқару, құқық қорғау органдары жүйесіндегі, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар арасындағы қызметтік хат алмасулар екі тілде: қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі;

13 бапты мына редакцияда жазу: ұсыныстар, өтініштер, азаматтардың шағымдары және тағы да басқа құжаттар қай тілде жазылса, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелердің жауабы да сол тілде (орыс, қазақ, аймақтық) берілуі қажет» [80, 62-63 б.].

Сол сияқты 1989 жылдың 7 қыркүйегінде Қазақ КСР Министрлер кеңесіне Әділет министрлігі атынан, министрдің орынбасары К.Е. Мыңбаевтың қолымен бекітілген мынадай ұсыныс жолданады: «Министерством юстиции Казахской ССР совместно с Прокуратурой Казахской ССР (т. Манаев Н.Я.), Верховным Судом Казахской ССР (т. Пушечников А.Г.), Институтом языкознания АН Казахской ССР (т. Кайдаров А.), МВД Казахской ССР (т. Князев Г.) рассмотрен проект Закона Казахской ССР о языках. По отдельным положениям проекта имеются следующие замечания и предложения...

...Верховный Суд Казахской ССР высказал мнение, что ст. 17 противоречит ст. 34 Конституции СССР, ст. 2 Всеобщей декларации прав человека от 10.12 1948 г. и Итоговому документам Венской встречи 1986 г. Государств-участников совещания по безопасности и сотрудничеству в

Европе, так как по существу содержит запрет на профессию. Также в Верховном суде имеется точка зрения о целесообразности принять казахский и русский языки государственными языками» [80, 61-62 б.].

Көптеген талқылаулар, пікірталастардан кейін «ҚазКСР-індегі Тілдер туралы Заң» қабылданды. Ұлт тағдырына, қазақ тілінің тағдырына алаңдаушылық білдірген зиялылардың талаптары негізінде Заңда «Қазақ тілі – ҚазКСР-нің мемлекеттік тілі» болып жарияланды. Тіл мәселесінің мемлекеттік деңгейде талқыға түсіп, халық арасында жаппай саяси тақырыпқа айналуы республика көлемінде қазақ тілін мемлекеттік тіл деп тануға мүмкіндік берді. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сессиясы 1989 жылғы 22 қыркүйекте Қазақ КСР-інің Тіл туралы заңын қабылдап, оның 1-бабында «Қазақ тілі Қазақ ССР-інің мемлекеттік тілі болып табылады» [194, 29 б.], деп көрсетті. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен бұл заң 1990 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енгізілді. Бұл тарихи оқиға, 1980-ші жылдардың соңына қарай қоғамдық өмірде орныға түскен әлеуметтік әділет қағидаларының жеңісі, қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен көпшілік халықтың ана тілі жөніндегі талап-тілектері мен ұсыныстарын аса мұқият зерттеп қорытындылаудың нәтижесі болып табылды. Көп пікірталас тудырған орыс тіліне байланысты нүкте қойылды. 1989 жылы 22 қыркүйекте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс он төртінші сессиясында қабылданған заңның негізінде орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі болып бекітілді. Заңның 16, 19, 21, 22-баптарында әлеуметтік, ғылым, бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) саласында қазақ және орыс тілдерінің тең дәрежеде қолданылуын талап ету – кеңестік дәуір жылдары шектеліп келген қазақ тілінің беделін көтеру, мәртебесін өсіру мақсатындағы үкіметтің алғашқы шараларының бірі еді [195].

1989 жылы қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алу тарихының куәсі, сол уақыттағы Жоғарғы Кеңестің төрағасы болған академик Қ. Медеубеков былайша бейнелейді: «Жоғарғы Кеңестің төрағасы болғасын бәрі менің көз алдымда өтіп жатты. Депутаттардан түскен ұсынысқа сай қазақ және орыс тілдеріне бірдей мемлекеттік мәртебе беруді дауысқа салып жіберіп ем, қос тілді қуаттаған нұсқа өтті. Депутаттар дүркірете қол соқты. Осы шақта, көріп отырдым, Мұхтар інім түтігіп кеткен екен. Мінбеге қайта шықты да, мұның зардабы күрделі әрі қауіпті болуы мүмкін деген мағынада депутаттарға ауыр-ауыр сөз айтты. Заң көпшілік дауыспен қабылданып кеткен. Азаматтың нағыз азаматтығы сынға түсіп тұрған сәт еді. Екі тілге де мемлекеттік мәртебе берілгеніне іштей риза болмаған Назарбаев Шахановтың пікірін дауысқа қайта салмаса болмайтынын көлденең тартты. Алайда мына ақиқатты айналып өте алмаймыз. Өтіп кеткен заңды қайта дауысқа қою Жоғарғы Кеңес бекіткен заң талаптарына мүлдем қайшы. Егер мен сол сәтте Жоғарғы Кеңестің төрағасы ретінде осылай десем, оған Елбасының да қарсы тұра алмасы анық. Үндемедім. Шахановтың ұсынысын қайта дауысқа қойдым» [80, 85-86 б.].

Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруді заң жүзінде бекіту барысы шын мәнінде тарихи сәт болды. Сол отырысқа қатысқан куәгерлердің естеліктері бүгінде құнды тарихи құжат болып табылады. Солардың бірі - Ә. Кекілбаевтың естелігі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алу оқиғасын жайлы нақты ақпарат береді: «Қайта құру жылдарында жер-жердегі естияр қауым бәрін жиып қойып, алдымен ана тілімізге мемлекеттік статус алып беруге бел буды. Ақыр аяғында алғашқы тіл заңының республика Жоғарғы Кеңесінде қаралғаны есімізде. Ол рейхстагты шабулдағаннан да қиын болды. Ауызы дуалы қазақ азаматтары аянбай-ақ айқасып бақты. Бірақ, қызыл империя

ми біткенге мықтап тұрып шегелеп кеткен тоталитарлық сана мызғыр емес. Ана тілі үшін майданның алғадайы болып жүретін Мұқтар ақын Шаханов шақырылғандар ложасында отырған маған қайта-қайта келеді. «Менің депутаттық мандатым жоқ қой. Сөз алып бере алсаң, сөйлеймін!» - деймін. Ол трактор рулі шынықтырып тастаған жалпақ алақанымен маңдай шашын көлденеңінен көсей сипап қойып, қаздаңдап төрдегілерге қарай тартты. Жуырда ғана бірінші басшы болып сайланған Нұрсұлтан Әбішұлының алдына барып әлдене деп айтып жатты. Кенет кезекті үзіліске шығардың дәл алдында сессияны жүргізіп отырған академик Қилыбай Медеубеков: «Сөз сессияға қонақ ретінде шақырылған жазушы Кекілбаевқа беріледі», - деді. Зал аң-таң, мен де аң-таңмын. Өз құлағыма өзім сенбей, мінбеге беттедім. Көтерілсем – қарсы алдымда: «Бұл не дер екен?» - деп анталасқан таныс көздер мен таныс жүздер. Алуан ұлттың азаматтары. Арасында күнде көріп жүрген орыс әріптестеріміз бар екен. Әңгіме назарын әдейі соларға тіктедім. Әріден қозғауға жер тар. «Немене, кеше ел басына күн туғанда, тар үйімізден орын ығысып, төрімізді ұсынғанда, тартыңқы дастарханымызды алдарыңызға жайып, жарты күлшемізді ауыздарыңызға ұстағанда, біз күндердің күнінде, бүгінгідей демократия орнатып кемелденеміз деп жатқан заманда, өз үйімізде өз тілімізде сөйлеу үшін мына сіздерден бүйтіп жылап тұрып рұқсат сұраймыз ғой деп ойлап па едік?!» - деуге мәжбүр болдым. Жұрт жым-жырт болып қалды. Қоңырау соғылды. Үзілістен соң залға келдік. Көп ұзатпай қазақ тілінен мемлекеттік статус беру туралы ұсыныс дауысқа қойылды. Үн-түнсіз көтерілген мандаттардың қарасы көбейген сайын көз бұлдырлана түсті» [82, 134-135 б.].

Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруге байланысты айтылған Ә. Қайдаровтың пікірлері 80-жылдардың екінші жартысындағы қазақ қоғамында орын алған ахуалды анық

көрсетеді. Онда бір топ Заңның ұрымтал жанды жерлері - 17, 20, 21, 33-тармақтарына «шабуыл» жасаумен қарсы шықса, екіншілерінің мемлекеттік мәртебе алуға қазақ тілімен бірге орыс тілін қосарлағысы келгендіктері айтылады. Сол кезеңде кертартпа, тайғақ пікірлер мен кейбір жөнсіз таластардың астарынан небір айла мен астамшылық, үйреніп қалған өктемдік пен дәстүрлі амбицияның да көрініс бергендігіне назар аударып келіп, былай дейді: «Байқап қарасақ, бұлардың бірсыпырасының қолында билігі бар, енді біреулері ана тіліміздің шынайы қамқоршысы болуға міндетті, оның мүддесін қорғауға тиісті батагөй жандар болып шықты. Демек, осы тұста екеуінің де өзіндік бақай есебі болғаны ғой. Өйткені қарапайым халық тілдік жағдайды, бұл қажеттілікті олардан бұрынырақ түсінген сияқты. Олар сияқты етектен алып, аяқтан шалған жоқ. Мемлекет тіліне қарсылықтың тағы бір түрі – демократияға «сүйену» болып шықты. Демократияның тек көпшілікті ғана емес, азшылықты да қорғайтын принциптерін ұмытып, Васильева, Докучаева, Лапшина сияқты жолдастар қазақ тілін мемлекеттік тіл етіп қабылдау үшін елге жар салып, жалпыхалықтық референдум арқылы шешу керек деп даурықты. Сондағы бұлардың сеніп отырғаны – сан жағынан қазақтардың басқа халық өкілдерінен аздығы ғой. Бірақ қазақ халқының өз жерінде, өз елінде аз санды халықтар санатына енгеніне олардың өздері айыпты еместігін түсінуге болады ғой...» [69, 56-58 б.]. Ә.Қайдаров «тілі бөлек болса да, тілегі бір, түрі бөлек болса да, жүрегі бір» екенін таныта білген ұлт өкілдерін, топ алдында сөйлеп, шынайы достық пен ынтымақтың жаршысы болған жандарды қазақ халқы ризашылықпен есте сақтайтындығын ерекше атап өтті. Шешуші сәтте қазақ тіліне қолдау білдірген орыс және украин халықтарының өкілдері ақын Дмитрий Снегин мен Иван Щеголихин, ғалымдар Александар Гарковец пен депутаттар А.

Сафронов пен Леонид Левченко, неміс халқының перзенттері, саяси қайтаркерлер Александр Штопель мен Герольд Бельгер, ұйғыр халқының өкілдері ғалым Қожахмет Сәдуақасов пен ақын Ахметжан Әшіров, әзірбайжанның ғалым қызы Асылы Османова, күрд халқының өкілі ғалым Нәдір Нәдіров және т.б. еңбектері ерекше аталды.

Мемлекеттік тілді мәртебелендіру мәселесін басты мақсат етіп қойған «Қазақ тілі» қоғамы 1989 жылдың 20-21 қазанында тұңғыш Құрылтайда құрылды. Республикада «Қазақ тілі» қоғамдары ашылды. Бұл қоғамды құруға сол тұстағы зиялы қауым өкілдері ерекше үлес қосты. Қоғамның алғашқы жылдарындағы жұмыстарының нәтижелі болуына қоғамның президенті Ә. Қайдар белсенділік танытты [196]. Осы қоғамның басты құралы – «Ана тілі» газеті жарық көрді. Ол қазақ тілінің мемлекеттік тілге айналуына барынша үлес қосты. Аталған қоғам қазақ тілінде балабақша, мектеп ашуда бастамашы болды. Қазақшаға сырт қараған солтүстік, шығыс, батыс облыс қалаларында ашылған тұңғыш қазақ мектептері, мәдени мекемелері – осы қоғамның еңбегі. Сонымен қатар, республиканың жоғары оқу орындарында, оның ішінде техникалық бағыттағы оқу орындарында қазақ бөлімдері жұмыс жасай бастады. Қазақ тілінде оқулық жазу ісі қайта жанданды. Әр түрлі сөздіктер жарық көре бастады.

Республикалық «Қазақ тілі» қоғамының бағдарлама-платформасында: «Қоғамның басты мақсаты – Қазақ КСР-нің «тіл туралы» заңын жүзеге асыру; мемлекеттік тіл ретінде республикада қазақ тілінің толыққанды қызмет етуіне қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз ету» деп көрсетілді. Қоғамның президенті болып республикалық Ғылым академиясының академигі Ә.Т. Қайдаров, ал вице-президенті ретінде филология ғылымының кандидаты Ә. Айтбаев сайланады. Қоғам құрылмастан бұрын Қазақстанда қай тілді мемлекеттік тіл етеміз деген мәселе төңірегінде

көптеген талас-тартыстар түйіні Г. Колбин алдында болған арнайы комиссияның басқосуында шешілді. 26 адамнан құрылған бұл комиссия оған дейінгі пікірлерді талдай келе академик Ә. Қайдардың талабының негізінде «Қазақ КСР-інде мемлекеттік тіл тек қазақ тілі болуы керек» деген тоқтамға келді [69].

Қоғамның сол жылдардағы белсенді әрекетінің негізінде, республиканың барлық облыстары мен ірі қалаларында бөлімдері ашылды. «Қазақ тілі» қоғамы қазақ мектептері мен балабақшаларының, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында қазақ бөлімдерінің ашылуына ықпал етті. Халықтың ұлттық санасын жандандыруда, ұлттық мүддені насихаттау мен қазақ тілінің мәртебесін көтеруде маңызды рөл атқарды.

«Қазақ тілі» қоғамы құрылғаннан кейін, республикадағы тіл тағдырына тек осы қоғам ғана жауапты деген пікір қалыптасты. Осы қоғамның төрағасы болған Ө. Айтбайұлы жұмыс барысында туындаған бірқатар кедергілерге былайша тоқталады: «Тіл туралы Заң мен Мемлекеттік бағдарлама қабылданғаннан кейін тілдің барлық жауапкершілігін көпшілік те, ресми орындар да «Қазақ тілі» қоғамына артып отырған сияқты. Бұл үлкен міндеттің бәрін қоғам өз мойнына ала алмаса да, осы бағытта біршама жұмыс атқарып келеді. Өйткені аталмыш құжаттардың іс жүзінде асырылуын қадағалауға, тілге қамқорлық жасауға міндетті ресми Республикалық үйлестіру орталығы немесе арнайы Тіл комитеті қанша айтылып жүрсе де, әлі құрылған жоқ. Екіншіден, «Қазақ тілі» қоғамы ресми ұйым болмағандықтан, халықтың санасын оятып, ана тілімізге деген ықыласын арттыруға, оны уағыздауға, жандандыруға атсалысқаны болмаса, тілге қатысты алынған қаулылардың орындалуына, қаражат бөлініп оған жауапты дардай-дардай органдар мен жүздеген мекемелерге өз бетінше үстемдік жүргізіп, оларды

қадағалап, қатал талап етуге, керекті жерінде айыбын бетіне басып, жазалауға құқы жоқ. Міне, осының салдарынан қоғамның әлі де іргесі берік әкімшіл-әміршіл мекемелердің есігінен сығылап, менменшіл бастықтарына айтқанын істете алмай, қалыптасып қалған қасаң тәртіпті бұзып, өз мүмкіндігін толық аша алмай отырған жайы бар» [81, 37-38 б.].

Қарастырылып отырған кезеңде қазақ тілінің дамуына көбінесе қазақ тілді халық ерекше алаңдаушылық білдірсе, халықтың орыс тілді бөлігі бұл мәселеде белсенділік танытпады. Ал, мемлекеттік тілдің дамуы аталған бөліктің қолдауына да мұқтаж болды. Осы мәселеге байланысты О. Сүлейменов мынадай пікір білдірді: «Казахский язык нуждается в помощи русского языка и общественности. Здесь русскоязычное население, русскоязычные казахстанцы должны помогать. И тогда не будет обострений...» [197].

Тіл туралы заңның 1-бабындағы «Қазақ тілі Қазақ ССР-інің мемлекеттік тілі болып саналады» деген жолдар одан кейін мынадай анықтамамен жалғасады: «Қазақ ССР-і қазақ тілінің мемлекеттік тұрғыдан қорғалуын жүзеге асырады және оның мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарда, халыққа білім беру, мәдениет, ғылым мекемелерінде, қызмет көрсету, бұқаралық информация салалары мен басқа да салаларда белсенді түрде қолданылуына қамқорлық жасап отырады» [195, 6 б.]. Дегенмен, аталған бапта көрсетілген міндеттер өз дәрежесінде орындалмады. Мысалы, ғылым саласында Заң шыққанға дейін ғылыми еңбектердің 90%-ы орыс тілінде, 10%-ы қазақ тілінде жазылып келсе, 1990 жылы қазақ тіліндегі ғылыми жұмыстар 10%-дан да азайып кеткен [81, 41 б.]. Тек ғылым ғана емес, қоғамның көптеген саласы қазақ тіліне қажеттілік танытпады. Осы жағдай туралы «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы болған Ө. Айтбайұлы

мынадай пікір білдірді: «Мекемелерде орыс тілінде қарым-қатынас жасау, іс-қағаздарын жүргізу сияқты қалыптасқан «дәстүрлердің» әлі мұрты да бұзылған жоқ, бәз баяғы қалпы. Үкімет тарапынан тілге көрсетіліп жатқан нақтылы қамқорлықты айту қиын. Заңның орындалуына қажетті кадр, материалдық-техникалық (ілеспе аударма аппараты, жазу машинкасы т.б.) финанс және оқу-методикалық жағынан қамтамасыз ету мәселесі мардымды шешілген жоқ. Тілге байланысты азаматтардың құқығын қорғау Заңның 32 және 33-статьяларында арнайы айтылса да, бұл қағиданы әлі күнге дейін бұзушыларды ешкім айыптап, жазалап көрген емес. Мәселен, орысша жақсы білмейтін құрылысшы қазақ қызын басшылардың орысша арыз жаздырып, көпшілік алдында мазақ қылуы немесе бастықтың келген адамды қазақша қабылдамауы сияқты заңсыздықтар әлі де кездеседі» [81, 41 б.].

Тіл туралы Заң күшіне енгенімен, мемлекеттік аппараттарда, кәсіподақ ұйымдарында нақтылы бетбұрыс, түбірлі өзгерістер байқалмады. Оның орнына бюрократтық кедергілер, астыртын қарсылық әрекеттер, жұмыс жасап жатқан қалыпты көрсетуге тырысушылық көрініс берді. Қазақ балабақшалары мен мектептер үлкен қоғамдық қысыммен ғана ашылды. Бұл жерде қазақтар тарапынан жауапкершілікті алу аса маңызды болды. Р. Бердібаев тілге байланысты заң қабылдауды талқылау барысында, аталған заңды қабылдаудың үлкен жұмыстың бастамасы ғана екендігін ескерте келіп, былай деп пікір білдірді: «Алдымен қазақ қауымы осы заңның жүзеге асуы тікелей өзіне байланысты екенін, ана тілін қадірлеу, көркейту тағдыры өз қолдарында екенін жеткілікті ұғынуы шарт. Бүкіл елге үлгі болуға тиіс зиялыларымыз қарақан басының ғана мүддесін қуалап кетпей, қазақ тілі мәдениетінің келешегі алдында жауапты екенін сезетін болсын. «Не ексең, соны орасың» деген нақыл бар. Балалары не тілін, не жақсы салтын

білмей, үлкендерді сыйламай, бетбетімен кеткен семьялардың басындағы қасірет көпшілікті ойландыруға тиіс. Ана тілінде тәрбиеленген балалардың әдебі де, адамгершілігі де артық болып шығатыны өмірде сансыз рет дәлелденген» [198].

Қазақ тілінің өз мәртебесіне лайық жұмыс істеуінің қажетті шарттарын – қоғамдағы қатынас құралы ретіндегі қажеттігін түбегейлі анықтау, қолданыс аясын кеңейту, тілдік ортаны қалыптастыру, қызмет салаларын толық іске қосу – «Қазақ тілі» сияқты қоғамдық ұйымдар емес, тек ресми мемлекеттік органдар ғана орындап, оған күнделікті бақылау жасағанда ғана мүмкін болды. Қарастырылып отырған уақытта қабылданған Заңның орындалуын бақылайтын комитет құрылмай, тілге байланысты мәселелер Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің құзырындағы «Ұлтаралық қатынас, мәдениет және тіл» деп аталатын комиссияға тапсырылады. Ал, 1990 жылдың 2 шілдеде қабылданған «Қазақ тілі және Қазақ КСР-індегі басқа да ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылғы дейінгі мерзімге арналған Мемлекеттік бағдарламасында» Тіл туралы Заңның орындалуын қадағалайтын Республикалық арнаулы үйлестіру орталығын құру туралы ұсыныс жасалған болатын [81, 42 б.]. Дегенмен, оны бірден жүзеге асыру мүмкін болмады.

Тіл туралы Заң күшіне енгеннен кейін республикада қазақ тілінің дамуы байқалмады деген пікір, әрине, қате. Себебі, 80-жж. соңынан бастап жабылып қалған мектептердің орынын толтыру ісі қолға алынды. Мысалы, 1988-1989 оқу жылында қазақ мектебінің жалпы саны 2530 болса, 1990-1991 оқу жылында 2766-ға жетті, яғни бір оқу жылында 236 қазақ мектебі қалпына келтірілген. Алматыда 1988-1989 оқу жылында не бары 3 қазақ мектебі болса, 1992-1993 оқу жылында 19 қазақ мектебі білім берген [143, 218 б.]. 1988-1989 оқу жылында Алматыда қазақ тілінде 7

балабақша, 48 топ, бастауыш сыныптары бар 14 аралас және 3 орта мектеп жұмыс істесе, 1989-1990 оқу жылында жаңадан 9 балабақша, балабақшаларда 59 топ, бастауыш сыныптары бар 3 аралас және 3 орта мектеп іске қосылды. Дегенмен, сол жылдардағы зерттеулер бойынша Алматыдағы балабақша мен мектеп жасындағы 18 218 қазақ баласының 12 422-сінің ата-аналары оларды қазақша тәрбиелеуге бергісі келмеген көрінеді [69, 67 б.]. Қазақ тілінің мәртебесін көтеруге байланысты іс-шаралар қолға алынғанымен, кеңестік тіл саясатының салдарын бірден жою мүмкін болмады. Егер 1958 жылы қазақ мектептеріне қазақ балаларының 75 пайызы барса, 1991 жылы олардың деңгейі 34,4 пайызды ғана көрсетті [199]. Қазақ тілін оқытуға мемлекет тарапынан қолдау білдірілгенімен, оны бірден қанағаттанарлық деңгейде іске асыру мүмкін болмады. Әсіресе, орыс мектептерінде қазақ тілін оқытатын оқытушыларда үлкен қызығушылық байқалмады. Себебі, олар қазақ тілінің шын мәнінде болашақта қажеттілігіне сенімді емес еді. Пән бойынша білімдері терең болмады. Сондықтан, мысалы, орыс мектептеріндегі 9 сынып оқушыларына қазақ әдебиетін оқытуға аптасына бір сағат бөлінсе, ол сабақта негізінен орыс әдебиеті оқытылды [200]. Сөйтіп, кеңес дәуіріндегі тіл саясатының салдары қазақ тілін дамытуда тежеу болды. Оның зардаптары бүгінгі күнге дейін жалғасуда.

Қазақстандағы жоғары оқу орындарының бірқатар факультеттерінде басқа ұлттардың тілдерінде маман даярлау тәжірибесі де енгізілді. Мысалы, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих, физика факультеттерінде неміс тілінде оқытатын арнайы бөлімдер жұмыс істей бастады. Аталған университеттің журналистика факультетінде ұйғыр, неміс, корей ұлттарынан шыққан студенттерге арналған топтар ашылды. Сол уақыттағы Целиноград педагогикалық институты неміс

тілінде оқытатын мұғалімдерді даярлауды қолға алады. Ал, Абай атындағы ҚазПИ-де музыка мамандығы бойынша ұйғыр бөлімі ұйымдастырылады [168, 46 б.].

Республикада Тіл туралы заң қабылданғаннан кейін, Кеңестер Одағының аумағында 1990 жылдың 24 сәуірінде «КСРО халықтарының тілдері туралы» заңы қабылданып, онда тілдердің құқықтық мәртебесі нақтыланады. Осы заңның 4-бабында: «Одақтас, автономиялы республикалар тілдерінің праволық статусын анықтауға, соның ішінде оларды мемлекеттік тілдер ретінде белгілеуге праволы» [201], - деп көрсетілді.

1990 жылдың 2 шілдеде қабылданған «Қазақ тілі және Қазақ КСР-індегі басқа да ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылғы дейінгі мерзімге арналған Мемлекеттік бағдарламасы» қазақ және басқа тілдерді дамытудың экономикалық негізі, Тіл туралы Заңның нақтылы орындалуына кепілдік беретін беделді құжат болып табылды. Дегенмен, аталған бағдарламаның жүзеге асуы көптеген кедергілерге кезікті. «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Ө. Айтбайұлы: «Өткен жылдың шілдесінде бағдарлама қабылданарда оның орындалуына үкімет тарапынан 2,5 миллиард сом ақша бөлінді деген сөзді естігеніміз бар. Байқап қарасақ, бұл қауесет болып шықты. Бағдарламада қабылданған міндеттер мен шаралар жайында оқып көрген адамның соншама игі істердің, орындаймыз деп үкімет мойнына алған міндеттердің ауқымдылығынан басы айналады, көңілі толқиды. Онда ана тіліміздің көсегесін көркейтуге қажетті жағдайдың барлығы тарау-тарауға бөлініп, тәптіштеліп көрсетілген болатын. Амал нешік, ол қазірше тек қағаз жүзіндегі тамаша құжат болып қана отыр. Ең бастысы – «қаражат қайда?» деген сұраққа жауап жоқ» [81, 42 б.], - деп, қазақ тілін дамытудағы кедергілерге тоқталып өтті. Қазақ тілін дамыту заң жүзінде

қабылданғанымен, оны орындауға қоғам толыққанды дайын болмады.

1990 жылдың 3 шілдесінде Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесінің ұлттық саясат, мәдениет пен тілді дамыту бойынша тұрақты комиссиясының «Тіл туралы» заңының орындалуына байланысы отырысы өтеді [68, 285-288 б.]. Онда комиссия мүшелері республикадағы 10 министрліктер мен ведомстволардағы, сонымен қатар 9 облыстағы аталған заңның орындалу жағдайымен танысады.

1990 жылдың 6 шілдесінде Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңес Президиумының қаулысы жарияланады [68, 289 б.]. Ол қаулы 1989 жылдың 22 қыркүйегіндегі «Тіл туралы» заңын күшіне енгізу тәртіптеріне байланысты қабылданады. Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесінің ұлттық саясат, мәдениет пен тілді дамыту бойынша комиссиясының төрағасы Ә. Кекілбаевтің «Тіл туралы» заңын жүзеге асыру барысы туралы берген ақпаратын тыңдағаннан кейін, Президиум бұл саладағы жұмыстарды одан әрі жалғастыруды мәлімдейді. Жоғарғы Кеңестің ұлттық саясат, мәдениет пен тілді дамыту бойынша комиссиясына «Тіл туралы» заңның орындалуын тексеретін кешенді бағдарлама дайындау тапсырылады. Сонымен бірге, жалпы Жоғарғы Кеңестің комитеттері мен комиссияларына аталған заңның орындалуына үнемі бақылау жүргізу міндеттелді.

Жалпы, республикалық ұлттық саясат, мәдениет пен тілді дамыту бойынша тұрақты комиссиясының келтірген мәліметтері негізінде қарастырсақ, «Тіл туралы» заңы қазақ тілін дамытудағы алғашқы қадамдарға жол ашты. Білім беру жүйесінде педагогикалық кадрларды даярлау, жалпы білім беру мектептері мен бала бақшалардың қазақ тіліндегі жұмысын жетілдіруде үздіксіз шаралар атқарылды. 1989-1990 оқу жылында техникалық, медициналық, ауылшаруашылық және тағы да басқа жоғарғы оқу орындарында қазақ тілін оқыту аясы кеңіді. Білім беру

министрлігі 13 пән бойынша қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын дайындап, шығару бойынша эксперттік-координациялық топтар құрады. Ал, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында тілдер бойынша оқу-әдістемелік бірлестік ашылып, оған басшылық жасауға проректор мен қосымша қызметкерлер жұмыс орны қарастырылады. Аталған бірлестіктің мақсаты - республикадағы оқу-әдістемелік жұмыстарға жетекшілік жасау болып белгіленеді.

Қазақ тілінің ғылыми-тәжірибелік мәселесі өзекті болды. Тілдің өзіне тән даму заңдылығы, өткен тарихы, мемлекеттік мәртебедегі әдеби тілдің ауызша айтылуы, жазылуы, лексикалық-грамматикалық мағыналық нормалары стиль жағынан жіктелуі, терминология, диалектология, ономастика, тіл мәдениеті, тіл шеберлігі, тіл қызметі сияқты мәселелердің сол уақытта ғылыми тұрғыдан зерттелуіне мұқтаж еді. Өйткені тілдің мемлекеттік мәртебеге ие болуы, оның қоғам талаптарына жауап бере алу міндетін тудыратыны сөзсіз. Қазақ тілінің республикадағы негізгі тіл ретінде қабылдануына байланысты терминология мәселесі ең алғашқы болып күн тәртібінде тұрды. Ол мәселе, әсіресе термин жасаудағы «тілдің өз байлығын сарқа пайдалану» мен «басқа тілдерден сөз қабылдау» қағидасының төңірегінде туындады. Дегенмен, термин жасау үрдісінде байқалып отырған жүйесіздікті ретке салатын Мемлекеттік терминология комиссиясы өз міндетін дұрыс атқармады. Оған әр түрлі себептер әсер етті: комиссия төрағасының жиі орын ауыстырулары, арнайы штаттың бекітілмеуі және т.б [81, 45 б.]. Қазақ тілінің ғылыми-тәжірибелік мәселесі бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтқан жоқ.



Сурет 32. Қазақ терминологиясының зерттелуі

Қазақ КСР-ның баспа ісі бойынша мемлекеттік комитеті жүйесінде де қазақ және республиканың басқа да тілдерінде оқулықтар мен оқу құралдарын шығаруға көңіл бөліне бастады. Осы мақсатта «Қазақ университеті» және «Ана тілі» баспалары ашылады.



Сурет 33. Терминология мәселелері бойынша жарияланған еңбектер

Қазақ КСР-ның теле және радио хабарлар тарату бойынша мемлекеттік комитеті республикадағы тілдерде хабарлар тарату көлемін ұлғайту мен олардың жүйелілігін қамтамасыз ету жұмыстарын бастайды.

Тіл саласындағы ұлт саясатының адамгершілік-құқықтық принциптері заңды жолмен осылайша қайта жаңғырды. Қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтіп,

күнделікті өмір дағдысына айналдыру үшін кең көлемді, аса ауқымды істерді жүзеге асыруға тура келді. Осы ретте 1990 жылы мамыр айында Алматыда «Қазақстандағы тіл саясаты және оны жүзеге асыру жолдары» деп аталатын республикалық ғылыми-практикалық конференция болып өтті, оның қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамыту ісінде маңызы орасан зор болды. Конференцияда республикадағы тіл саясаты мен ұлт тілдері дамуының теориялық және практикалық мәселелері талқыланып, республикада қазақ тілін және басқа ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы құпталды. Сонымен бірге, негізгі бағдар қазақ тілі мәселесіне арналып, оның мемлекеттік тіл ретінде дамуы жан-жақты қарастырылды. Тіл туралы заңдағы қазақ тіліне байланысты баптарды жүзеге асыру ғылыми және әдістемелік тұрғыдан негізделіп, оны дамытудың бағыттары белгіленді.

